



Бекжан Кәленұлы Бейсенбай 1957 жылы 1 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында дүниеге келген. 1983 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялары институтының механика факультетін бітірген. Мамандығы – инженер-механик.

Содан бері туған жерінде – Отырар ауданында өндіріс саласында түрлі басшылық қызметтер атқарып келе жатқан техниканың білікті маманы.

Көне дүние тарихына қызығушылықпен бұл тақырыпта бірнеше ғылыми-танымдық мақалалар жариялады. Әсіресе, атланттар тарихына қатысты ой-пікірлері өте құнды. Басқа саланың маманы бола тұра тарих пен мәдениетке қатысты сан алуан мақалалары республикалық басылымдарда жарық көрген.

ISBN 978-601-292-828-0



9 786012 928280

FOLIANT

Б. Бейсенбай Атланттар туралы аңыз бен ақиқат

Бекжан Бейсенбай

Атланттар

туралы

аңыз бен ақиқат



63.3(5/903)
Б-38.

Бекжан Бейсенбай

Айланттар

туралы

аңыз бен ақиқат

Зерттеу

711.6
- 798274 - 442862

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2014

Отырар аудандық орталық
кітапхона

Абонемент

УДК 821.512.122.0

ББК 89.3 (5 каз)

Б 38

Ғылыми кеңесшілер:

*филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей
Жоғары мектеп ғылымы академиясының академигі,
белгілі қоғам қайраткері, дипломат*

Әділ Ахметов

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік және
«Күлтегін» сыйлықтарының иегері, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері, ғалым-жазушы*
Қойшығара Салғараұлы

Б 38 Бейсенбай Б.

Атланттар туралы аңыз бен ақиқат. *Зерттеу.* – Астана:
Фолиант, 2014. – 248 б.

ISBN 978-601-292-828-0

Кітаптың басты тақырыбы – қаншама ғалымдардың зерттеуіне өзек болған Атланттар. Автор көне грек, мысыр аңыздары мен қазіргі заман ғылымының деректерін салыстыра отырып, атланттарды гректердің Гипербореясына теңестіреді.

Кітапқа автордың атланттар туралы еңбегінен басқа бұрын баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары да енді.

Еңбектің танымдық дерегі мол, тілі шұрайлы. Өз халқының тарихына немқұрайлы қарамайтын азаматтарға, барлық оқырмандарға арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 каз)

© Бейсенбай Б., 2014

© «Фолиант» баспасы, 2014

ISBN 978-601-292-828-0

ІЗДЕНИС ТҮБІ – ІЗГІЛІК

Шымкенттен Әлімжан інім қоңырау шалып, қысқа қайырым амандық-саулықтан соң: «Аға, мынау Отырар ауданының Шілік ауылында кезінде мектепте бірге оқыған сыныптас досым бар еді. Аты – Бекжан, тегі – Бейсенбай. Мамандығы – инженер-механик. Өзі бала кезден тарихқа қызығып, ізденіп жүретін. Сол жақында Атланттар туралы бір кітап жазып бітірген. Оқып көріп едім, маған қатты ұнады, танымдық дерегі мол. Бірақ мұндағы тарихшы ғалымдарға көрсеткен екен, олар азаматтың меселін қайтарып: «Әркімнің өз шаруасымен айналысқаны жөн ғой» деген тәріздес пікір айтыпты. Өзінің сізге барып, жолыққысы келеді. Арнайы іздеп бармақ, қабылдаңызшы», – деп өтініш білдірді. Мен келісімді бердім.

Көп ұзамай Әлімжанның досы да Астанаға жетті. Таныстық. Қазақы тәрбиенің бесігінен шыққан биязы мінез, баяу сөйлейтін орнықты жігіт екен. Қысыла отырып, өзінің бала кезінен танымдық шығармаларды іздеп жүріп оқуды әдетке айналдырғанын, кейде ерекше әсер еткен, толғандырған тақырыптарға қалам тартып, онысын газет-журналдарға ұсынып қоятынынан хабардар етті. Оларының кейбіреуі республикалық, облыстық басылымдарда жарық та көріпті. Мынау маған көрсеткелі келген еңбегі өзін тылсым құпиясымен ерекше баурап алған Атланттар жөнінде ұзақ жылдар бойы ізденіп, тірнектеп жиған материалдары негізінде жазған алғашқы көлемді дүниесі екен.



Қолжазбаны алып қалдым. Қазіргі айналысып жатқан ісімді тез бітіруім керектігін ескертіп, біраз уақыт беруін сұрадым. Ол келісті. «Қанша болса да, сіздің жауабыңызды күтіп жатамын» деді де, сыпа қоштасып, шығып кетті.

Ауылдағы атқарып жүрген жұмысының барлығына, мұндағы қаланың қымбатшылық қиындығына қарамай, ең болмаса, «мүмкіндігінше тездетсеңіз жақсы болар еді» деп емеурін танытпай, «қанша болса да күтемін» деген ауыл азаматының қылығы маған қарапайым көнбіс сыпайгерліктен гөрі қалайда жазғанының бағасын білуге деген ішкі ынтызарлықтың басымдығын айқындап тұрғандай болды. Мұндай күтудің салмағының қандай болатынын кезінде өзіміз де бастан өткердік қой, Бекжан шығып кеткен соң, көп ойланып жатпай, жазып жатқан жұмысымды былай ысырып қойып, ол тастап кеткен қоңыр папканы қолға алдым.

Мыңдаған жылдардан бері тылсым түйінін шештірмей әлемнің белгілі талай ғалымдарын тұйыққа тіреген әйгілі атланттар жайында ауыл баласы «не жаңалық аша қойды дейсің» деген ішкі керітартпа ойдың жетегінде қолжазбаны оқуға кірістім.

Зерттеуші еңбегін «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» деп атапты. Осыны оқығанда: «Аңыз белгілі ғой, мұның ақиқаты не екен» деген ой жаңағы қолжазбаны қолға алғандағы пенделік керітартпалықты кері серпіп, білуге деген ынтамды оятқандай болды. Шығарманың тақырыптан кейінгі алғашқы сөйлемінен басталатын танымдық деректер тізбегі осы оянған ынтама қайта қалғуға мүмкіндік бермей, алға дектетіп жетелей жөнелді. Бейне салқын судан тітіркеніп, жағада кібіртктеп тұрып қалып барып, тереңге бір-ақ ырғыған жан секілді мен де оқуды ықылассыздау, марғау бас-



тағаныммен, деректер теңізіне қалай тереңдеп сүңгіп кеткенімді аңғармай да қалдым. Қанша уақыттың өткенін де білмеймін, қолжазбаны оқып бітіп, соңғы бетін жапқанда барып бір-ақ дем алғандай болдым. Көптен дерекке бай мұндай мазмұнды дүниені оқыған жоқ едім. Рахаттанып қалдым. Ең ғажабы, шығарма әдеттегі жазуға жаңа машықтана бастағандарда болатын «көркемдеймін» деп көпіртіп алатын көбікті көпсөзділіктен ада екен. Көрмеге қойылған көздің жауын алатын көненің асыл мұраларындай бірінен-бірі өтетін айтары мол қызықты да құнды деректер тізбегі бір-біріне ұласа алға жетелеп, әрқайсысы берер мағлұматымен таным көкжиегін кеңейтіп, қазіргі ресми тарих қалыптастырған санаға кәдімгідей салмақ артып, беймәлім жұмбақ әлемнің сиқырлы сәулесі сыздықтап көкірек сарайыңа құйыла бастайды. Артық-ауыс бір сөйлем жоқ. Бәрі орнымен. Әлқиссасы бірден христиан эрасына дейінгі VII ғасырда өмір сүрген грек ғұламасы Солонның бір кезде Египеттің өулие абызының ауызынан естіген әңгімесін кейін хатқа түсіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген сол Солонның атасы бір туысы, әлемге әйгілі ақылман Платонның (х.э. дейінгі 428-348 жж.) Атлантида жөніндегі деректерінен басталған зерттеу еңбек тұтастай осы египеттік абыздың айтқандарының жалаң қиял, жайдақ аңыз емес, тарихи деректік негізі бар бағзы заманның өзіндік бір шындығы екенін дәлелдеуге арналышты. Көне аңыздың деректері мен кейінгі ғылым ашқан жаңалықты материалдар кезек алмасып, зерде таразысына салыстырыла тартылады. Қазіргі жетілген ғылымның жетістіктері нәтижесінде соңғы кезде қол жеткен, жалпы көпшілік біле бермейтін археологиялық, лингвистикалық, картографиялық, тарихи толып жатқан жаңа мәліметтерді бір-бірімен са-



бақтастыра салыстырып зерделеу арқылы түйінделген автордың тың тұжырымдары бұрынғы қиял-ғажайып ертегі деп қабылданып келген аңыз-әңгімелердің мифтік қауызын аршып, оның халықтың көдімгі ауызша тарихы дерегінің есте жоқ ескі заманның шынайы болмысын танытар дереккөзі екеніне көз жеткізе түседі. Қызығасың, таңданасың, солай болғанына сенесің. Деректі айғақтар соған мәжбүрлейді. Мысалы, бұрын «уақытты жеңген алып» аталып, әлемнің жеті ғажайыбының бірі деп танылған Египет пирамидаларын ғана білсек, енді мұндай пирамидалардың Америкада да, Қытайда да, Қырымда да, Испания жағалауында да бар екенін, тіпті, Куба жағалауындағы теңіз астынан табылған қаладағы төрт пирамиданың кристалл шыныдан жасалғанының атақты Хеопс пирамидасынан әрі биік, әрі көлемді, әрі әсем де сәнді екендігін біліп, қайран қаласыз. Автор мұнымен де шектелмейді. Енді ол осынау толып жатқан көп пирамидалардың бір-бірінен тым шалғай орналысқанына қарамастан, осылардың бөрінің сонау есте жоқ ескі замандарда өркениеттің шырқау бигіне көтеріліп, мейлінше дәуірлеген, кейін табиғаттың сұрапыл апатының салдарынан құрып кеткен атланттардан қалған мұра екенін жан-жақты дәлелдеумен бірге осы ғажайып халықтың ататегінің түріктөктес халықтардан екенін айғақтайтын мәліметтерге сүйеніп жасаған өз тұжырымын ұсынады. Батыл да тосын тұжырым. Сенейін десең, ресми тарих ғылымының: «түріктерді христиан әрасынан кейінгі VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық» деп мойындатып қойғаны қаша-а-ан! Бұл бойынша түріктердің ежелгі халық болуы мүмкін емес! Сенбейін десең, автор сол тарих ғылымының өзі анықтап берген, бірақ әлі жалпы көпке бірдей мәлім емес небір



деректерді бірінен кейін бірін алға тартып, өз айтқанының шындығына еріксіз мойынсұндырады. Танымың қабылдас кереметтілікті көріп тұрып, амалсыз иланасың. Қалай иланбасқа?!

Айталық, бәріміз жақсы білетін мәңгілік мұздың құрсауында жатқан Антарктиданы зерттеудің авторы «көкорай шалғыны жайқалған бір кезде Атланттар жайлаған жерұйықтың бірі болды» дейді. Сену қиын. Бірақ автор осыдан бір ғасыр бұрын табылған, 1513 жылы түрік флотының адмиралы Пири Рейс пайдаланған картаны алдыңызға жаяды. Картада Африканың батыс жағалауы, Оңтүстік Американың шығыс жағалауы және қазіргі мәңгілік мұз басып жатқан Антарктиданың солтүстік беті бейнеленген. Осында Антарктиданың жасыл желек жамылған көркем өлке. Қазіргі ғылымның анықтауынша Антарктиданың өзі. әлгі карта жасалғанынан үш ғасыр өткеннен кейін барып қана ашылған. Сонда шумерлер мен египеттіктерден мың жыл бұрын әлемдік мұндай картаны кім жасаған, түрік адмиралы оны қайдан алған? Антарктиданы зерттеген ғалымдар әлгі Пири Рейстің картасында көрсетілген өлкені осыдан 6000 жыл бұрын Мод корольдігі мекендегенін анықтап, сол кезде бұл өңір расында да жасыл желегі желбірегін жанға жайлы мекен болғанын айтады. Ал америкалық және еуропалық ғалымдар қалың мұздың астында қолдан тұрғызылған ғажайып көне пирамидалар тауып, суретке түсірген. Табылған динозаврлар мен ежелгі заман жануарларының сүйегі өз алдына. Осыларды көріп, біліп, зерделеген сайын бұрынғы өзіңнің «атланттар қайда, түріктер қайда» деген күдікті ойыңнан адасып, автор жағына еріксіз ойыса бастайсың. Осыны ішкі түйсігі арқылы сезгендей зерттеуші енді сізді лингвистикалық айғақтардың қор-



шауына алады. Христиан эрасына дейінгі 3100 жылы пайда болды делінетін шумер жазуының да, х.э. дейінгі 1800 жылдары Египетті билеген гиксостар жазуының да, х.э. дейінгі 1500 жылдары Италия жерінде өркениетке қол жеткізген этрускілер жазуының да, х.э. дейінгі VII ғасырдағы сақтар жазуының да, х.э. кейінгі VI ғасырдағы түріктер жазуының да 26 әріптен тұратынын және олардың бір-біріне егіз қозыдай ұқсап жататынын нақты фактілер арқылы дәлелдейді. Ұзақ жылдар бойғы тынымсыз ізденістің нәтижесінде түріктестес халықтардың ресми тарих мойындатқандай VI ғасырда пайда болған жас халық емес, бастау тарихы адамзат баласының жаратылу кезеңінен тамыр тартатын ежелгі халықтардың бірі екенін дәлелдеу барысында ескі дереккөздерінің талайын парақтаған біз үшін де осынау деректердің бәрі еуропалық таным-түсінікте жазылған әлем тарихының сыңаржақтығын тағы бір жаңа қырынан айқындай түскендей. Зерттеу авторының сөзіне дәйек ретінде пайдаланған Орталық Азия түріктерінің христиан эрасына дейінгі екімыңжылдықтың өзінде Еуропамен тығыз байланыста болғанын дәлелдейтін Германия жерінен табылған қазына жайындағы дерегі де осы орайда біраз жайды аңғартқандай. Алтын мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды арнайы зерттеуден өткізген неміс ғалымдары олардың бұдан 3300 жыл бұрын қазіргі Қазақстан жерінде жасалғанын дәлелдеп берген. Осыны растағандай Қазақстан археологтары осыдан бірер жыл бұрын ғана Торғай даласынан «Үштоғай төрттағаны» мен «Торғай свастикасы» деп аталатын көне ғимараттардың орнын тапты. Әлі зерттеліп, бар құпиясы толық ашылмаған көне заманның осы мұрасын Гарвард университетінің профессоры А. Клесов «ежелгі Атлантиданың құрдасы» деп танып, оны зерттеуге қатысуға ықылас білдірген. Тоқсан ауыз сөздің тобық-



тай түйіні: құндылығы жағынан бірінен-бірі асатын, деректігі жағынан бірін-бірі толықтыратын осынау толып жатқан тарихи мәліметтер арқылы өзіндік батыл тұжырым жасай білген зерттеуші Бекжан Қаленұлы Бейсенбайдың бос қиялдың жетегінде кетпей, ғылыми маңызы бар іргелі іс тындырып, Атлантида ақиқатын ашуға өзіндік үлес қосқаны даусыз. Оның осынау шағын зерттеу еңбегі жұмбағын шештірмей, талай тарландарды тығырыққа тіреп, құпиясы мол тылсым әлемге айналған Атлантида проблемасының мәселелерін түгел шешіп тастамаған күннің өзінде кейінгі зерттеушілердің ескі түсінік шеңберінен шығып, жаңаша пайымдауына жол ашып, жаңа ізденістерге бағыт беруге көмектесері анық. Оған көз жеткізу үшін оқып көріңіз, өкінбейсіз.

*Қойшығара Салғараұлы,
ғалым-жазушы, ҚР Мемлекеттік және
«Күлтегін» сыйлықтарының иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.*

АВТОРДАН

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ ұй бола алмайды һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, ол немене, бұл немене деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. ...Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, ұйқы, тамақ та есімізден шығып ке-



тетұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?»

Абай. Жетінші сөз

Біз советтік құндылықтармен тәрбиелендік. Біз өз халқымыздың тарихынан гөрі орыстың тарихын, коммунистік партияның тарихын көбірек оқып өстік. Бізге жалпы түрік халықтарының тарихын оқытпады десе де болады. Түріктің тарихы туралы аузын ашқандарды жазалап, «пантуркист» деген айдар тағып, түрмеге қамағандарын кейіннен білдік. Есесіне, Еуропа халықтарының тарихын көбірек оқытатын. Бізге барлық өркениет батыстан бастау алған, ал қазақтар-түріктер малдың соңында жүріп, барлық мәдениеттен кенде қалған деп үйретті. Бірақ, сол тарихты оқып отырып түсінбей қалатын, жауабы көңілге қонбайтын мәселелер жиі кездесіп тұратын.

Мысалы: қазір өздерін ақсүйек санайтын арийлер-немістер, француздар әлі отаны да жоқ, римдіктердің тілінде «жабайы» атанып жүргенде Рим империясын талқандап, германдықтарға еркіндік әперген біздің бабаларымыз Еділ (Аттила) патша бастаған ғұндар екен. Германдықтар содан кейін ғана қоныс тауып, ел бола бастаған.

Қазіргі Қазақстан жерінде Отырар, Сығанақ, Баласағұн сияқты көптеген қалалар болғанын, Отырарда кітап қоры жағынан әлемде екінші орын алатын кітапхана болғанын кейін білдік.

Жазу-сызуы болмаған дейтін түрік халықтарынан арасынан Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи,



Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашғари, т.б. ғұлама ғалымдар шыққанына еңбектерін оқып, көз жеткіздік.

Қазір «әлемнің кіндігі» саналып жүрген Рим қаласын бастапқыда түрік тектес этруск халқы салғанын, Рим қаласының символы саналатын «Капитолий қаншығын» Вулка есімді этруск ұстасы мәңгілікке сыйлағанын, тіпті Рим қаласының аты этруск королінің немересі Ромулдың атымен Ром-Рим деп аталғанын да кейін ізденіп, оқу барысында танып, білдік.

Қазаққа өркениетті үйреткен деп келген орыстардың алғашқы астанасы Киевті де түрік тектес хазарлар салғаны да қазір бәрімізге мәлім. Тіпті қаланың аты да, ағайынды үш хазар жігітінің бірі Кийдің атымен «Кийдің қаласы» Киев аталғанын, орыстардың содан кейін ғана бірігіп, ел бола бастағаны қазір көпке аян.

Осылайша сұрақ көп те жауап жоқ болып жүргенде Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» атты кітабы жарық көргенін, бірақ кезінде бұл кітаптың тәркіленгенін, қазір қолда қалған бірлі-жарым даналарын қолдан қолға тигізбей, сұрап алып оқитынын естідік. Іздеп тауып оқыдық, оқыдық та қайран қалдық. Орыстар мен еуропалықтар айтуға ауыздары да бармайтын, жер бетіндегі ең алғашқы өркениеттердің қатарында тағы да түрік тектес халық шумерлер жүр.

Осылайша, шөлде жүріп бір тамшы суға зар болғандай күйде жүріп, жылт еткен жаңалық болса қомағайлана бас салатын болдық. Газет-журнал болса сақтап қойып, кітап болса керекті бетін дәптерге көшіріп, кітаптың бетін көрсетіп, түртіп қоюға үйрендік. Осылайша материалдар жинала берді. Әсіресе, Совет Одағы тарап, егемендік алғалы бірінен-бірі асып түсетін таң қаларлық жаңалықтар қарша борады, тек оқып, ой таразысынан өткізіп, қорытып үлгер.



Бірақ осы кезде тағы бір кедергі пайда болды. Бұрын советтік цензураның сүзгісінен өтетін, әрбір сөзін абайлап айтатын совет ғалымдарының еңбектері арасынан қажетті материалды аз болса да табу оңай болатын. Енді сөз еркіндігін басқаша пайдаланған небір жазғышбектер шықты дағы, ақпарат қарша борады. Соған орай оның қайсысы шын, қайсысы өтірік екенін мұқият саралауға қажеттігі туды. Бұл, қытайдың жасанды синтетикалық терісінен нағыз таза елтіріні ажыратқан сияқты, өтірік пен шынды ажырата білу, білетін адамға мұқият болуды қажет етті.

Енді, бұрын қолға түсе бермейтін атақты орыс тілді ғалымдар Н.Я. Бичурин (Иакинф), Л.Н. Гумилев, Муррад Аджи сияқты ғалымдардың еңбектеріне қол жетті. Әсіресе, қазақтың біртуар ғалымдары Болат Жандарбеков, Тұрсын Жұртбаев, Ислам Қабышұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы секілді ғалымдардың еңбектері көп жұмбақтың шешілуіне көмегін тигізе берді. Олар, Қойшығара Салғараұлы айтқандай, үш бірдей «центризмнің» – еуроцентризмнің, азияцентризмнің, русоцентризмнің тауқыметін тартып, әбден титықтаған қазақ тарихын жаңа белестерге көтере бастады.

Осылардың ықпалымен мен де қызық деп тапқан тақырыптарға қалам тарта бастадым. Алғашқы мақалам 1993 жылы аудандық газетте жарық көріп, оқырманның жақсы бағасын алды. Кейіннен облыстық, республикалық басылымдарда жариялана бастады. Оқығандар ылғи да жақсы деген баға беріп жүрді. Тіпті кейде басылым редакторы өзі қоңырау шалып, тағы да мақалаларым болса жіберіп тұруымды сұраған кездері де болды. Осылайша жазған әрбір мақалам, газет-журналдарда еш кедергісіз жарық көріп жүргенде соңғы мақалам «Атланттар туралы аңыз бен ақиқатқа»



келгенде маңдайым тасқа тигендей болды. Рас, мақаланың тақырыбы өте күрделі. Соған орай келтіріп отырған дәлелдерім де аз емес әрі салмақты. Мен де бұл ойымды бәрі бірдей оп-оңай қабылдай қояды деп ойлаған жоқпын. Басылым бетінде жарық көрсе, көпшілік ғалымдардың талдауынан кейін дәлелдеп шығамын деп ойладым. Бірақ, басылым редакторлары, арнайы маман ғалымдардың қолдауынсыз жариялай алмайтындарын айтып сыпайы бас тарта берді.

Мен материалдарымды тағы да бір рет тексеріп шықтым. Дереккөздерін ақтарған сайын жаңа материалдар қосыла берді. Белгілі журналист, саясаттанушы және сарапшы Сейдахмет Құттықадам өзінің «Дао Алтая» атты еңбегінде былай дейді: «Поисками Духовной Родины человечества занимались давно и очень многие. Ее искали везде. Те, кто опирался на отголоски древних мифов разных народов, называли эту священную и загадочную страну по разному – Атлантида, Лемурия, Арктида, Гиперборея, Гренландия, Шамбала, Му, Пацифида и даже древняя Антарктида.

Особенно долго и упорно искали платоновскую Атлантиду, вначале за Геракловыми столпами в Атлантическом океане, потом помещали ее: то на остров Крит, то на Санторин в Средиземном море, а то и вовсе на остров Пасхи в Тихом океане. Но так ничего и не нашли. Впрочем, мы считаем, что ее плохо искали. Атлантида действительно существовала, но только в качестве вторичной цивилизации, как и все другие известные древние цивилизации.

...Источник первичной мудрости был один, и находился он в центре Земли-на Алтае.

Это утверждение подтверждают археологи.



«В отношении древнейших археологических находок Алтай оказался настоящей палеолитической сокровищницей Сибири, хотя его серьезное изучение началось относительно недавно — в середине XX столетия. Благодаря планомерным археологическим исследованиям, в течение многих лет проводимым Институтом археологии и этнографии Сибирского отделения РАН под руководством академика А.П. Деревянко, на Алтае была обнаружена серия уникальных поселений древнекаменного века, расположенных в карстовых пещерах и на речных террасах. В этой природной археологической экспозиции, прежде всего, заслуживают внимания находки в долине реки Ануй на северо-западе Алтая.

Более 20 лет Институт археологии и этнографии СО РАН (г. Новосибирск) под руководством академика А.П. Деревянко и доктора исторических наук М.В. Шунько ведет в пещере раскопки. Памятник уникален — он содержит 22 культурных слоя, мощностью до 14 м, причем самые нижние слои имеют возраст около 200 тысяч лет.

...В 11 культурном слое, который датируется от 30 до 48 тысяч лет до н.э., обнаружены сенсационные артефакты. Это коллекция украшений (на сегодняшний день самая древняя в Северной и Центральной Азии!), в которой содержатся подвески из различных материалов — поделочных камней, бивни мамонта, зубов медведя и марала, из ракушек (бусы). Самое замысловатое украшение выполнено из скорлупы некоей птицы, похожей на страуса («гобийский палеолитический страус»).

...Но больше всего удивляет ученых находка половины браслета из хлоритолита (минерал темно-зеленого цвета): в нем высверлено отверстие, куда вставлялся кожаный шнурок с кольцом из розового мрамора, и



браслет этот изготовлен около 48 тысяч лет назад. Способ изготовления браслета и колечка также повергает ученых в шок — сначала заготовка шлифовалась с обеих сторон, затем в центре высверлилось отверстие (станковое сверление), которое затем расширилось расточным каменным инструментом (и это в начале палеолита!!!).

Судя по тем технологическим приемам, которые использовались при изготовлении браслета, «человек алтайский» был более развитым по сравнению с неандертальцем и даже ранним «хомо сапиенсом». Основным выводом, сделанным на основе анализа огромного количества материала, найденного в пещерах Алтая, таков: на протяжении 300-20 тысяч лет тому назад здесь существовали и как-то взаимодействовали между собой предковые формы человека — неандертальцы и «человек алтайский».

Академик А.П. Деревянко, таким образом, сформулировал суть открытия: «Принципиальнейший вывод, который был сделан нами по результатам раскопок, следующий: культура сапиенса, то есть человека современного типа, формировалась на территории Алтая автохтонно, то есть была местной, на эту территорию не проникали какие-либо миграционные потоки древних популяций человека.

Таким образом, можно предположить, Африка не является единственным центром, откуда вышли и расселились по миру «хомо сапиенсы», с большой вероятностью таким центром также мог быть и Алтай» [9] (38-44).

Бұдан 48 мың жыл бұрын (алғашқы палеолит заманында) Алтайдан табылған өркениет іздерінің жалғасы араға 25 мың жылдай уақыт салып барып б.д.д. 22-24 мың жылдары Сібірдегі Ангара мен Белый өзен-



дерінің арасынан табылады. Осындағы Мальта, Бурет тұрақтарынан табылған зіл (мамонт) тісінен істелген ғажайып әйел және құс мүсіндері, неше түрлі моншақ, салпыншақ, қару-жарақтарды зерттеген академик А.П. Окладников, Аврамовтар бұл өркениет иелерін «түріктер» деп мойындаған.

Ал б.д.д. 20-21 мыңжылдықтарға жататын Сібірдегі Сунгурь өзені бойындағы мөйітханадан табылған бұйымдарды, Сунгур адамының бас сүйегін зерттеген ғалымдар бұдан 22-23 мың жыл бұрын өмір сүрген бабамыздың ақыл-ойы, сезім қабілеті бойынша қазіргі адамдардан кейін болмағанын анықтаған. Қабірден зілдің тұмсығындағы мүйізді түзетіп жасаған найза шыққан. Былғарыдан тігілген киімі қандай: бас киіммен (күләпара) қоса тігілген сырт киім (куртка), етікпен қоса тігілген шалбар. Бұл киім зіл сүйегінен істелген моншақтар мен аңдардың азу тістерінен істелген ілмешектермен сәнделген.

Якутиядан бұдан 10 мың, 14 мың, 30 мың жыл бұрынғы адамдардың мәдени ошақтарының орындары табылды.

Солтүстік поляр шеңберіне жақын Печорадан бұдан 20 мың жыл бұрынғы адамдардың тұрағы табылды.

Щпицберген аралында тасқа ойып салынған киттің суреті және бұдан 6 мың жыл бұрынғы адамдардың тұрағы табылған.

Бұдан әрі Эрнст Мулдашев басқарған Уфа офтальмологтарының адамдардың көз құрылысын зерттеу арқылы жасаған тұжырымдары, адамдардың жер бетіне таралу жолын айқындауға құнды бағыт сілтейді.

Алтайдан басталып Сібірге таралатын оңтүстіксібір тобы үш топқа бөлінеді:

Манчжур-корейлік топ. Бұл топқа солтүстік қытайлықтардың бабалары, корейлер мен жапондар кіреді.



Эскимостар тобына Чукотка мен Алясканың, Канаданың солтүстік жағалауларының және Гренландияның халықтары ғана кіреді.

Ал **орталықазиялық топқа** Қазақстан мен Моңғолияның, Сібірдің, Солтүстіктің көптеген халықтары (ненецтер, якуттер, чукчалар, т.б.) жатады. Және осы топтан Америка құрлығына өткен солтүстік америкалық үндістер де тарайды.

Генетик ғалымдардың деректері бойынша, Қиыр шығыс халықтарының ДНК-лары мен америкалық үндістердің ДНК-лары сәйкес келмеген. Оның есесіне, орталықазиялық түріктер мен америкалық үндістердің ДНК-лары тура келген. Қазір қиыр солтүстікте Таймырда мекендейтін халықтардың түрік тектес екені, олардың адам төзуі қиын осы өлкеде есте жоқ ерте замандардан бері тұрып келе жатқаны белгілі. Таймырдан археологтар бұдан 6-7 мың жыл бұрынғы мәдениет іздерін тапқан. Жылына 280 күн қар астында жататын осы Таймырдың тұрғындары долғандар мен нғанасандардың америкалық үндістерге тұрмыс тіршілігінде ұқсастықтар көп.

Таймыр мен Америка құрлығындағы Канаданың арктикалық архипелагының өсімдіктер дүниесін зерттеген ғалымдар жердің екі бөлігіндегі өсімдіктер дүниесінің өте ұқсас екендігін анықтаған.

Қазір ғалымдар Арктикада мәңгі бақи осындай суық болмағанын, ара арасында жылы климат та болып, адамдардың өмір сүруіне қолайлы кезеңдер болып тұрғанын анықтаған. Атақты мұхит зерттеушісі Я. Гаккель Арктида аралдық құрлығының болғандығын айтқан. Арктикадағы Менделеев су асты шыңы бұдан 9300 жыл бұрын, ал Ломоносов су асты шыңы бұдан 12000 жылға жуық уақыт бұрын арал болған екен.



Германиядағы үңгірлердің бірінен неміс ғалымдары Еуропаның алғашқы тұрғындарының (сүйекке 7500 жыл) сүйегін тауып зерттегенде, олардың ДНК-сы қазіргі еуропалықтарға сәйкес келмеген. Сүйектің ДНК-сы Түркия мен Таяу Шығыс халықтарына сәйкес келген.

Ғалымдар Солтүстік Африка жағалауларынан, Еуропаның Атлант мұхиты жағалауларынан жоғары палеолит кезеңіне жататын ертедегі жоғары өркениет іздерін тапқан. Бұл таң қаларлық өнер туындыларында негізінен жан-жануарлар бейнеленген. Бұл туындылар Орталық Азия түріктерінің «скифтердің аң стилі» деп аталатын өнер туындыларын еске түсіреді.

Мұның бәрі менің ертедегі грек және египет халықтарының және басқа да дүние жүзі халықтарының аңыздарына сүйеніп жасаған болжамым шындық екенін дәлелдеп тұрды.

Осылардың бәрін зерде сүзгісінен өткізе келіп байқағаным «атланттар» дегендердің түріктер екенін батыс ғалымдары көптен бері білетін сияқты. Себебі: «дәстүршілдік» бағыттағы Рене Генон, Юлиус Эвола, Фриц Хоффман сияқты ғалымдар «Біз татар әулетіне, адамзаттың ұстаздары болып саналатын татар данышпандарына, татар нәсіліне сатқындық істедік» дейді. Мұндағы татар дегені қазіргі түріктер екеніне дау жоқ.

Америкалық үндістердің шыққан тегі деп түрлі ғалымдар ұсынған халықтарды байқап қарасаңыз, олардың тегіннен тегін айтпағанын байқайсыз: америкалық үндістерді палестиндіктерден, финикиялықтардан, карфагендіктерден, шумерлерден, Африка берберлерінен, мысырлықтардан тарататын болжамдар айтылған. Қарап отырсаңыз, бұлардың бәрі біз айтып отырған атланттарға қатысты. Ал татарлар мен Латвияда тұ-



ратын байырғы қарайымдардың тегі түрік екені ғылым мойындаған шындық.

Үндінің тұңғыш президенті Джавахарлал Неру: «Еуразия даласында жауынгерлігімен мақтана алатын жалғыз халық бар, олар – түріктер», – деп жазыпты.

Француз ғалымы Рене Груссе: «Тюрки... были... созданы для правления. ...Стрелки на седлах из степей правили над Евразией до XVI века», – деп жазды.

Түрік қағанатының дана абызы Тоныкөк: «Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың өкеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласына менің ата-бабаларым үстемдік құрған», – деп тасқа жазып кетіпті.

Ежелгі еврейлердің қасиетті кітабында Пайғамбар өз ұмбеттеріне: «Мен сендерге сонау алыстағы аса күшті халықты жіберемін. Олардың бәрі шетінен ержүрек.... Сен сеніп отырған қамалмен қоршалған қалаларыңды күл-талқан етеді», – дейді.

Ежелгі гректер мен парсылар болса: «Еркін сақтарды-скифтерді ешкім жеңіп көрген емес», – дейді.

Солар сияқты египет абызы да «Атлантида деп аталатын осы аралда басқа да аралдарға және құрлықтың жартысына билігі тараған таңданарлық ұлы патшалардың одағы пайда болды» дейді.

Грек аңыздарында құдайлар мекені аталған (ол замандарда құдайлар мен билеуші патшалар бір мағынада айтылған сияқты) Гиперборея елінің абыздары ғылым-білімнің шырғау шегіне шыққан.

Қазір медицинаның атасы деп дүние жүзі Әбу Әли ибн-Синаны (Авиценна) мойындаған. Оның өзі ұстазым деп әл-Фарабиді атайды. Ал б.д.д. VII ғасырда гректердің арасында болған жалғыз скиф Тоқсары балгер, әулие аталып, ұлттық қаһарман ретінде жыл сайын гректер оған арнап құрбандық шалатынын Лукиян жазып кет-



кен. Қазір дүниежүзіне медицинаның символы ретінде белгілі жыланның бейнесі Асклепийден қалған. Асклепий болса грек аңыздары бойынша гиперборейлық Аполлонның ұлы, сәби кезінен кентавр Хиронның тәрбиесінде болған. Асклепийдің балаларының асқан емші болғаны туралы Геродот та жазған.

Орыстар мен арийлер әлі тарихта да жоқ заманда, гректер үшін жердің қиыр шеті саналатын, «Прометейдің мекені» Кавказда темір өндіретін «Халибтер» туралы аңыз, ертедегі грек ақыны Эсхилдің (б.д.д. V ғ.) жырларында айтылады. Ал гректер тіпті Александр Македонскийдің заманында да темірді игермеген болатын. Темір қару-жарақпен қаруланған дорийлердің б.д.д. XI ғасырда гректерді қалай талқандағаны тарихтан белгілі. Гавгамель қыстағы қасындағы Ескендір Зұлқарнайын мен парсы патшасы Дарийдің арасындағы соғыста мыспен қаруланған грек әскерлерін темірмен қаруланған екі-ақ мың сақ сарбаздары қалай топаңаң шығарғанын Еуропа тарихшыларының өздері жазып қалдырған.

Гректердің арасында болған екінші скиф Анақарыс (б.д.д. 620-555 ж.) өзінің ақылдылығымен гректерді мойындатып, «жеті ғұламаның бірі» атаныпты. Грек ғалымдары Анақарыс дөңгелекті, кеменің зәкірін, құмыра жасайтын жозыны, көрікті, т.б. ойлап тапқан дейді. Шын мәнісінде бұл бұйымдарды Анақарыстан бірнеше ғасыр бұрын Орталық Азия түріктері күнделікті өмірде пайдаланып жүрген болатын. Анақарыс тек соларды гректерге үйретуші болды. Гректер көрікті енді көріп жатса, Орталық Азияда түріктер темір қорытатын пештерді қолданып, темір өндіріп, темірді күнделікті өмірде қолданып жүрген.

Қай салада болсын: жазу-сызуда болсын, құрылыс саласында болсын, өнер-музыкада болсын, поэзияда



болсын түріктер Еуропаның ең көне өркениеті делінетін гректерден әлдеқайда жоғары болғаны даусыз.

Осының бәрін қорытындылай келе, мен өз ойымның дұрыстығына тағы да көз жеткіздім. Тек... өмір бойы ауылда ат-есекпен жүрген адамды бірден джиітің руліне отырғызсаң сасқалақтап қалатыны сияқты бұған дейін «өркениеттен артта қалған халық» деп жүрген қазақты бірден адамзат өркениетінің алдына шығару қазіргі қазақ азаматтарына көдімгідей күдік тудыруы да мүмкін.

Бірақ, бұл – ШЫНДЫҚ!

Осының бәрін таразылай келе, қазақ «құласаң нәрден құла» деген ғой деп, мемлекеттік хатшы Марат Тәжинге хат жаздым (*Хаттың мәтіні еңбектің соңында беріледі*). Соның алдында ғана Марат Тәжин тарихты қайта зерделеу мәселесін көтеріп, тарихшыларымызға тапсырма берген болатын. Көп ұзамай Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінен хат келді. Хатта «елімізде ұлттық тарихты зерделеу мәселесі көтеріліп жатқанда жұмбақты мәселелерді көтергеніңіз үшін алғыс білдіреміз» дей келе, «Өз тарихымызда әлі де болса нақты ғылыми бағасын алмаған, зерттейтін тұстары көп тақырыптарымыз баршылық. Сондықтан өз еңбектеріңізді Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының мамандарымен талқылауды жөн деп санаймыз», – деп аяқтапты.

Бір өкініштісі, осы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының мамандары мақаланы талқылауға уақыт таппай қойғаны болды. Мамандар ылғи да жолсапарда жүреді екен, бастары қосылуы қиын дейді институт директорының орынбасары.

Күте-күте шаршаған соң, ғалым досым Әлімжан Құртаевпен ақылдастым. Ол мақаланы оқып шығып, «мынауың дайын ғылыми еңбек қой, мұны кітап қы-



лып шығарайық», – деді. Мен кітапты шығарардан бұрын түріктің көне тарихына қатысты еңбектерімен танылған, үлкен азаматтардың алдынан өтіп, пікірлерін білгім келді.

Астанаға келіп, бірінші жолыққан адамым қазаққа тамаша тарихи еңбектерімен танымал ғалым-жазушы Қойшығара Салғараұлы болды. Менің материалдарыммен танысып шыққан Қойшығара аға: **«Мынауың дайын ғылыми еңбек. Мұны тез кітап қылып шығар. Алғысөзін мен жазып беремін»**, – деп, өзі құлшыныс білдірді. Мен сөз арасында «Аға, бұған дейін ғалымдар, «Америкалық үндістер Еуразиядан Америка құрлығына Беринг бұғазы арқылы өткен» деп келген болатын. Ал менің ойым басқаша, солтүстікпен, Таймыр арқылы өтіп тұр. Бұрынғы ғалымдардың ресми пікірінен бөлек. Сіз қалай ойлайсыз?» дегенімде, Қойшығара аға: **«Мен де бұрын ДНК-ның қорытындысы неге тура келмейтінін түсіне алмай жүр едім. Мына сенің еңбегіңді оқығаннан кейін барып түсіндім. Сенікі дұрыс. Сен енді осы еңбегіңді кітап қылып шығар. Содан кейін біз сенің кітабыңа сілтеме жасайтын боламыз»**, – дегенде, төбем көкке бір-ақ елі жетпей қалды.

Екінші жолыққан адамым – америкалық үндістер туралы жазған белгілі ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Әділ Ахметов болды. Ғылымда атақ-дәреженің ең биігіне қол жеткізген, көптеген шетелде болып жоғары қызметтер атқарған, қазір де биліктің жоғары сатысында жүрген ағаның ауылдың қара баласының өтінішіне құлақ асып, уақытын бөліп қабылдағанына алғысымды білдірмек болғанымда: **«Мен неге қабылдамаймын. Сен мемлекеттік хатшыға хат жазып, сонша жерден мені іздеп келіп, қабылдауымды сұранғанда өзіңе сенімді болған соң келіп тұрсың ғой. Ал материалдарыңды асығыстау қарап шықтым. Жақсы**



еңбектенген екенсің. Енді сен бұл еңбектеріңді әркімге бір көрсетіп әуре болма, кітап қылып шығар. Өзі де дайын болып қалыпты ғой», – деді.

Одан әрі кітапты қалай дайындау керектігі туралы біраз ақыл беріп, соңынан осы тақырыпқа қатысты өзі білетін көптеген мәліметтерді жайып салды. Бір ыңғайы келгенде, «Әділ аға, бұған дейін ғалымдар «Америкалық үндістер Еуразиядан Америка құрлығына Беринг бұғазы арқылы өткен» деп келген болатын. Ал менде солтүстікпен Таймыр арқылы өткен болып тұр. Бір-біріне тура келмейді» деп едім, ол кісі: «Байқадым», – деді. Одан соң Әділ аға бетіме қарап тұрып қалды. Онсыз да үлкен адамның алдында, ұстаздың алдындағы шәкірттің күйін кешіп отырған маған бұл кідіріс ұзаққа созылғандай болды. Менің осы еңбегімдегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы жауапқа байланысты болған соң ба, шыдай алмай, «Сіз қалай ойлайсыз?» деп сұрадым.

Сонда барып Әділ аға күлімсіреп, «Сенікі дұрыс-ау деймін» дегенде иығымнан зіл-батпан жүк түскендей жайланып сала бердім. Содан соң Әділ аға портфелінен «Код Евразии» деп аталатын кітабын алып шығып, «Мынаны саған арнайы алып келдім. Ішінде саған керекті біраз қызықты материал бар. Барғасын оқып шық. Сенің еңбегіңдегі Таймыр туралы осында мынандай мәлімет бар» өзі ашып, бір бетін көрсетті. Екі суретте Таймырдағы бұғышы халық долғандар мен америкалық үндістердің тұрмыстарындағы ұқсастық әдемі көрсетілген екен. Кейін бұл кітаптан Әділ аға айтқандай осы еңбекке қатысты бірнеше тамаша материалдар таптым.

Астанаға келерде Әнес Сарай ағаға да көрсетіп, пікірін білсем деп едім. Бірақ, Әнес аға сырқаттанып жатыр екен, жолығудың сәті түспеді.

Қойшығара аға да, Әділ аға да **«мынауың дайын еңбек, әркімге бір жүгіріп көрсете бермей-ақ қой, енді**



тездетіп кітап қылып шығарып жібер» деп сенім білдіріп тұрған соң, Әнес ағаның сауығуын күтіп жатпай, осымен үйге қайтайын деп ұйғардым.

Қойшығара ағамен екі кездескенімде барлығы 5 сағат, Әділ ағамен кездескенімде 3 сағат сөйлескенімде, ол ағалар сөйлеуші, мен негізінен тыңдаушы болдым. Бірі көне түріктер тарихы мен түрік-қытай байланысының білгірі, екіншісі көне түріктер мен америкалық үндістер тарихының, лингвистиканың білгірі – екі ғалымды тыңдап отырып, мен қытайдың атақты философы Конфуцийдың «ғылым дегеніміз теңіз болса, менің бар білетінім сол теңіздегі тамшыдай ғана» деген сөзінің мағынасын енді түсінгендей болдым.

Мен осы еңбегімді жазғанда, осы ағалардың еңбектерін көп пайдаландым. Шынын айтсақ, осы ағалардың еңбектері болмаса, бұл еңбек те болмас еді. Сондықтан да, бұл еңбектің жазылуына ағалық көмек көрсеткен Қойшығара Салғараұлы, Әділ Ахметов, Әнес Сарай ағаларыма шын ниеттен алғыс білдіремін.

Мен мектептен кейін тарихты оқыған кәсіби тарихшы емеспін. Маған тарихты үйреткен – осындай ұлтшыл ғалым ағалардың тамаша еңбектері. Мен мектепте де, институтта да тамаша ұстаздардың шәкірті болдым. Мен үшін қымбатты да қастерлі, осындай ізгі жандардың қатарында, өздерінің тамаша тарихи еңбектерімен мені тарихқа еліктіріп, маған тарихты үйреткен Қойшығара Салғараұлы, Әділ Ахметов, Әнес Сарай ағаларымды да ұстаздарым деп есептеймін.

Осы елге танымал жазушы-ғалым ағалардың еңбегіме берген жоғары бағасы менің тырнақалды еңбегіме берген ақ батасы деп есептеп, өз халқының тарихына немқұрайлы қарамайтын оқырманға осы еңбегімді ұсынамын.

Бірінші бөлім

АТЛАНТТАР ТҮРІКТЕР



Бірінші бөлім

АТЛАНТТАР – ТҮРІКТЕР



Төменгі кітап жазылған кезеңге «Бере» деп сөзіміз білдіріліп тұрған соң, Әнес ағаның қаулының күшін жоғалтып, осымен үйге қайтатын деп ұсынамын.

Қосшығара ағамен әлі кездескенімде баллағым 5 ел еді. Оған шайқас кездескенімде 3 саяси сөздерімде ол ағалар сөздерін, мен өзгінмен талқылауым болды. Бірі және үлкендер ағамен мен туралы-қатын бағалауымды білдіріп, өзімені және тұлғалар мен асеріңділік үнділер тарихында, дін-қияметінің білдіріп – әлі елденің тұлғаларынан, мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды.

Мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды.

Мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды.

Мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды. Қосшығара ағамен мен өзгінмен талқылауым болды.

Төменгі кітап жазылған кезеңге «Бере» деп сөзіміз білдіріліп тұрған соң, Әнес ағаның қаулының күшін жоғалтып, осымен үйге қайтатын деп ұсынамын.

Бірінші тарау

АТЛАНТТАР ТУРАЛЫ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Атлантида туралы ең алғашқы жазба дерек б.д.д. 428-348 жылдары өмір сүрген ежелгі грек философы Платонның «Тимей» және «Критий» атты еңбектерінде кездеседі. Платон өз кезегінде бұл деректі Солон айтып кеткенін айтады. Ал Солон шамамен б.д.д 640-559 жылдары өмір сүрген. Афинаның көрнекті саяси қайраткері болған. Жас кезінде теңіз саудасымен, саяхаттаумен айналысқан. Солон – Платонның бабасы Доридтің туған ағасы. Солон бұл аңызды египеттік абыздан естігенін айтқан.

Абыздың айтуынша сол кезде (Солонның кезінде) Афина қаласының тұрғызылғанына 9000 жыл болған, ал Сайс қаласына 8000 жыл болған. Египет абызының сөзі: «Біздің жазбаларға сай сіздердің мемлекеттеріңіз бастауын Атлантикалық теңізден алып, бүкіл Еуропа мен Азияны басып алуға аттанған саны шексіз оскери күшке тойтарыс берген. Ол кезде теңіз арқылы жүзуге болатын. Сіздің тіліңізде Гераклдің бағаналары (қазіргі Гибралтар бұғазы) деп аталатын шығанақтың алдында арал болған. Бұл арал өзінің өлшемі жағынан Ливия (Африка) мен Азияны (ол кездің түсінігі бойынша Сырдария өзенінен Жерорта теңізіне дейін) бірге қосқанда олардан асып түсетін. Ал ол аралдан



басқа аралға өту, ал ол аралдан сол теңізді қамтитын қарама-қарсы құрлыққа (қазіргі Америка құрлығы) өту, өзінің атына сай, сол кездегі саяхатшыларға оңай еді. Осы аталған бұғаздың бер жағындағы теңіз оған өтетін тар жолы бар шығанақ болып табылады. Ал бұғаздың арғы жағындағы теңіз теңіз деген атқа сай. Оны қоршап тұрған жерді де нағыз құрлық деп атау әділетті болады.

Атлантида деп аталатын осы аралда басқа да аралдарға және құрлықтың жартысына билігі тараған таңданарлық ұлы патшалардың одағы пайда болды. Сөйтіп олар бұғаздың бергі жағында Ливиядан Египетке дейін, Еуропадан Тирренияға дейін иеленді. Бұл топтасқан күш-қуат бір соққымен сіздердің және біздің елдерді құлдыққа айналдырмақ болды. Дәл сол кезде, Солон, сіздердің мемлекеттеріңіз бүкіл әлемге өзінің қажыр-қайраты мен күш-қуатының тамаша үлгісін көрсетті. Әскери істе басқаларды рухының қажырлылығы мен тәжірибелілігімен асып түсіп, ол алдымен элладалықтарға бас болды, бірақ одақтастарының сатқындығынан өзі жалғыз қалды. Жалғыздықта көптеген қауіптерге кездесті, бірақ сонда да жаулап алушыларды жеңіп, жеңістің олжасын көкке көтерді.

Әлі құлдыққа түспегендерді ол құлдық қаупінен құтқарды. Гераклдің бағаналарының осы жағын мекендеген біздің барлығымызды сол азат етті.

Бірақ кейінірек көз көрмеген жер сілкіністері мен топан су уақыты келген кезде бір ғана сұм тәуліктің ішінде сіздердің бүкіл әскери күш-қуаттарың жігі ашылған жердің құшағына енді. Сөйтіп дәл солай Атлантида да тұңғыыққа батып, жоқ болды. Осыдан кейін ол жердегі теңіз осы күнге дейін саяздығымен, шөгіп қалған тұнбаның әсерінен пайда болған аралдың кесірінен кеме жүзбейтін теңізге айналды».



Бұл – Платонның қалдырған дерегі.

Атлантида туралы енді энциклопедияны қарап көрейік. «Атлантида – Платон қалдырған ертедегі грек аңыздарына сәйкес Гибралтар бұғазының батыс жағындағы Атлантикалық теңіздегі өте үлкен арал. Арал бұдан 10-12 мың жыл бұрын болған. Аңыз бойынша Атлантидада өркениеті өте жоғары дамыған қуатты атланттар тайпалары қоныстаған. Олар батыста да, шығыста да соғыстар жүргізген, үлкен қалалар салған. Платонның айтуынша Атлантида сұмдық жер сілкінісінің кесірінен мұхит түбіне батып кеткен» [17].

Атлантида мен Атланттар туралы деректерді қалдырған – грек ғалымдары. Сондықтан, біз гректердің халық аңыздарында бұл туралы не айтылады, соларды талдап көрейік:

Ежелгі грек аңыздары бойынша адам баласының шежіресі былай баяндалады:

Алдымен жер-ана – Гея жаралды. Гея аспан әке Уранды жаратты және оған қосылады. Уран мен Гея өмірге алты титанды (Океан, Кой, Крий, Гиперион, Иапет, Кронос) және алты қыз титандарды (Тефида, Феба, Мнемосина, Тейя, Фемида, Рея) өмірге әкелді. Бұлардан басқа жер-ана Гея Ураннан үш киклопты және үш жүзқолдыларды өмірге әкелді. Бірақ олардың түрлері ұсқынсыз, құбыжық болғандықтан, Уран әке ашуланып, оларды жер бетіне шығармай, жер астына қамап қояды.

Жер-ана Гея мен Уранның алты ұлы мен қызы өзара тұрмыс құрып, құдайлардың үшінші ұрпаған өмірге әкеледі.

Жер-ана Гея құрсағындағы Уран-әке шығармай қойған балаларының ауырлығынан азап шегіп, ұрпақ көбейтуді тоқтату үшін ең кіші ұлы титан Кроносты үгіт-



тейді, Кронос әкесі Уранды орақпен жаралап тастайды. Осыдан кейін Кронос әкесі Уранның орнына титандар арасында бас құдай болды.

«Әкеңе не істесең, алдыңнан сол шығады» деген мақал ертеден қалса керек. Өз кезегінде Кронос өз балалары тағымды тартып алып қояды деп ойлап, әйелі Реядан туған балаларын жұтып қоя береді. Зевс туылғанда Рея күйеуін алдап, Зевстің орнына жаялыққа оралған тасты жұтқызып, Зевсті Крит аралына тығып қояды.

Зевс ер жеткен соң өз бауырларын әкесі Кроностың асқазанынан босатып алады. Бұл үшін ол әкесіне әйелі Метиданың жасаған дәрісін ішкізеді.

Сол дәріні ішкен Кронос өзі жұтып қойған балаларын – Зевстің бауырларын құсып тастайды. Енді Зевс бауырларымен бірігіп әкесі Кроностың тағын тартып алып, құдайлардың екінші ұрпағы титандарды құлатып, құдайлардың жаңа ұрпағын – олимпиялықтарды билікке әкелу үшін титандарға қарсы соғыс ашады.

Титандар Офрий тауынан түсіп соғысқа шықса, Зевс бастаған Кронос пен Реяның балалары Олимп тауынан түсіп соғыс ашады. Грек құдайларының Олимпиялықтар деп аталуы содан шыққан.

Титаномахия (Титандарды құлату) деп аталған соғыс 10 жылға созылды. Ақырында жер-ана Геяның ақылы бойынша Зевс жер-ананың құрсағынан Гея мен Уранның құбыжық ұрпақтарын – жүзқолдылар мен үш киклоптарды (Бронт – «гром»; стероп – «молная», Арг – «перун») босатады. Енді Зевс оларды босату арқылы табиғаттың дүлей күштеріне ие болады.

Осы жер-ананың құбыжық ұлдарының дүлей күштерінің көмегі арқылы титандарды жеңген Зевс Титандарды тартарға (тартар – өлілер мен тірілер патшалықтарының арасындағы кеңістік) жіберіп, оларды жүзқолдыларға күзеттіріп қояды.



Ағайынды үшеуі билікті өзара бөлісіп алады. Зевс аспанды, Посейдон теңізді, Айд өлілер патшалығын билейді.

Осыдан бастап Зевс ең жоғары құдай, құдайлар мен адамдардың әкесі, олимпиялық құдайлардың басшысы болып саналады [14][15].

Енді бастапқы тақырыбымызға – Атлантқа қайта оралайық. Жер-ана Гея мен аспан-әке Уранның алты ұлының бірі – Иапет (бесінші бала).

Иапет Океан қызы Асиямен (Азия) қосылып, 4 ұлды өмірге әкеледі. Атланта, Менетия, Прометей және Эпиметия.

Титандар жағында Титаномахия соғысына қатысқан Иапет пен оның ұлдары басқа да титандармен бірге жеңіліс табады. Иапеттің өзі мен екінші ұлы Менетия тартарға тасталады (өлтіріледі).

Ал Эпиметей кем ақыл болады. Ол Зевстің алдауына түсіп қалады. Ол Зевс жіберген зұлым әйел Пандораның арбауына түсіп қалып, соған үйленіп кетеді (Эпиметей – «ойланбай іс жасайтын», «ақылы кем» деген мағына білдіреді) [15].

Біз үшін Иапеттің екі ұлы Прометей мен Атлант туралы аңыз қызықты мәлімет береді. Прометей – «ақылмен іс жасайтын» немесе «алдын болжайтын» деген мағына білдіреді.

Ол өз ата-анасынан берілген ақылдылығын, қулықпен де астасып кететін батылдығын өз халқының пайдасына жұмсап, негізін өзі қалаған еліне қорған болады.

Грек аңыздары бойынша құдайлардың мекенінен от ұрлап, оны адамдарға берген Прометей, сол үшін Зевстің бұйрығымен скифтер мекендейтін Кавказ тауына бұғауланып тасталады.

Грек аңыздарында Прометейдің қулығы мен ақылы гректердің бас құдайы Зевстен де асып түседі. Зевстің



өзі де Прометейді өз жағына тартып, ерекше ақылын пайдаланғысы келеді.

Грек аңыздарында дүлей, қара күштерді пайдаланған Зевске қарсы, адамдардың пайдасы үшін өзін құрбан еткен ақылды Прометейді «азап шегуші» етіп көрсетеді.

К. Маркс Прометейді «...адамзат тарихында ең ізгі ниетті әулие әрі азап шегуші» деп атаған. Эсхилдің «Бұғауланған Прометей» трилогиясында Прометейдің образы адамзат өркениетінің дамуының символы ретінде суреттеледі [17].

Эсхил шығармаларында Прометей адамзат дамуындағы барлық жетістіктерге мүмкіндік беріп, барлық мәдени құндылықтарға алғашқы жол ашушы ретінде бейнеленеді. Прометей адамдарды үй салуға, металл өңдеуге, егін егуге, суда жүзуге, жазу-оқуға, есеп-қисап жүргізуге, жұлдыздарды зерттеуге, т.б. үйретеді. Адам баласына жасаған жақсылығы үшін жазаланған Эсхилдің Прометейі өзінің қатты азап шеккеніне қарамастан, өзінің ісі дұрыстығын алға тартып, Зевстің өзіне батыл қарсы шығып, алған бетінен қайтпайды.

Прометей әкелген от адамдарға техникалық прогреске жол ашады [14, 15, 16].

Атлант – грек аңыздары бойынша ғаламат күш иесі. Титаномахия соғысында Зевс бастаған Олимп құдайларынан титандар жеңілгеннен кейін Атлант қиыр солтүстікте, Гесперидтер бағына жақын жерде аспанды иығымен тіреп ұстап тұруға жазаланған.

Грек аңыздары бойынша жердің қиыр шетінде, мұхиттың жағалауында өмір сүретін Гесперидтер – алтын алма бағының қорғаушылары, бағбандары – Атланттың қыздары. Олар – «мәңгілік жастық алмасын» күтіп бағушылар [14].



Осы жерде ежелгі грек аңыздарының бірнешеуін келтіре кетейік.

Грек аңыздары бойынша Зевстің ұлы Гераклдың 12 ерлігі баяндалады.

Оның он бірінші тапсырмасы Гесперидтер бағынан алтын алма алып келуге тиісті болатын. Геракл Гесперидтер бағына баратын жолды білу үшін көп әрекеттеніп, ақырында бәрін білетін теңіз құдайы Нарейден біліп алады. Грек аңыздары бойынша Геракл алдымен Ливияға (Африкаға) өтіп, онда бірнеше оқиғаны басынан өткеріп, Кавказға өтеді. Скифтер елінде – Кавказда Геракл Зевстің жазалауымен тауға бұғауланып тасталған, азаптанып жатқан Прометейге кездеседі. Ол бұғаулаулы Прометейдің бауырын тесіп жеп жатқан бүркітті садағымен атып өлтіріп, Прометейді бұғаудан босатады.

Осыдан кейін Геракл Рифей (қазіргі Орал) тауларынан асып өтіп Гиперборейлер еліне келеді. Осы жерде ол Зевстің бұйрығы бойынша аспанды иығымен тіреп тұрған Атлантқа жетеді. Прометейдің ақылы бойынша Геракл Атланттың орнына аспанды көтеріп, Атлантты босатады да, оны Гесперидтер бағына алтын алма алып келуге жұмсайды. Атлант өз қыздары – Гесперидтер бағының күтушілерінен үш «мәңгілік жастық алмасын» – алтын алма алып келіп Гераклге береді [14].

Аполлон мен Артемида – ежелгі грек аңыздарына сәйкес тегі Гипербореялық егіз құдайлар. Олардың аналары босанар кезде шексіз мұхитта жүзіп жүретін Астерия атты аралда болады. Кейін осы арал Жерорта теңізінің ортасында тұрақтап Делос деп аталады. Ал қолөңкесінде егіз құдайлар дүниеге әкелген Пальма ағашы мен сол жер кейін қасиетті жерге айналады.



Аңыз бойынша алдымен дүниеге келген қыз Артемида анасына Аполлонды босанған кезде көмектеседі. Аполлон да ерте ержетіп, бала кезінің өзінде Дельфияның айналасына қырғын салған айдаһарды өлтіреді. Аполлон Дельфиде храм салдырып, Дельфи көріпкелдерінің (Оракулінің) негізін қалайды.

Аполлон мен Артемида – гректерге дейінгі Кіші Азиялық халықтардың ең құрметті құдайлары. Кейіннен гректер де оларды грек құдайларының қатарына қабылдайды.

Аполлон мен Артемиданың аттары грек сөздігімен түсіндіріле алмайды. Сондықтан оларды қасиетіне қарай түсіндіреді.

Аполлон – оқ атушы, қиратушы, көріпкел, болжағыш, космос пен адамзаттың үйлес әрекетін (гармонияны) қадағалаушы деп түсіндіреді.

Аполлонның образы аспан, жер, жерасты әлемін байланыстырады.

Троян соғысы кезінде Аполлон оқ атушы мен Артемида трояндықтарға көмектеседі. Ол гректердің бас батыры Гераклмен де күреседі. Дельфинің ұшаяғын тартып алмақ болған Гераклдің бетін қайтарады.

Артемиданың сүйіктісі керинайлық алтын мүйізді киікті өлтіргені үшін Геракл Аполлон мен Артемиданың алдында кешірім сұрауға мәжбүр болады.

Аполлон тек қиратушы ғана емес, сонымен қатар оған емшілік қасиет те тән. Ол – дәрігер, ол көмек беруші, ауру-сырқаудан қорғаушы.

Аполлон-Феб деген атау оның тазалығын, жалтылдап тұратынын, көріпкелдігін көрсетеді.

Аполлон аққу (Жикн) кейпінде Гераклге шабуыл жасап, оны қашуға мәжбүр етсе, қарға кейпінде адамдарға қайда қала салу керектігін көрсетеді.



Аполлон адамдарға ғылым мен өнерді үйретіп, қала салуға көмектеседі.

Кей мәліметтерде Аполлон – негізін өзі қалап қала салушы, тайпалардың қорғаушысы және негізін салушы, атасы Троя қаласының негізін қалаған деген дерек бар.

Аполлон – музыкант, әншілер мен музыканттардың қорған-жебеушісі.

Аполлон Ликейлік деген теңеу (Ликей – қасқыр) оны қасқырлардан қорғаушы әрі қасқырға жақындығын көрсетеді.

Аполлонға табынудың жоғары болғаны сондай Кіші Азияда, Эгей теңізі аралдарында, Грекияда, тіпті Италия жерінде оның атында көптеген храмдары болды.

Ал ең негізгісі Дельфидегі көріпкел (Оракул) храмы болатын. Мұнда Аполлон көріпкелі алдағыға болжам жасайтын. Бұл Дельфи көріпкелдерінің болжамы осы Дельфи болжаушылар ұйымына бүкіл грек саясатына осер ететін мүмкіндік беретін.

Артемида атауының да грекше мағынасы белгісіз.

Оны гректер «аю құдайы», «билеуші», «адам өлтіргіш» деп түсіндіреді. Грек аңыздарында Артемида – аңшылық құдайы. Артемида – өте батыл, тез шешім қабылдайтын бірбеткей, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғауға байланысты тәртіп пен салт дәстүрді сақтауды қатаң қадағалайтын құдай. Тәртіп бұзғандарды садақпен аяусыз жазалайтын.

Артемида – тұрмыс құрмаған қыз құдай, ақылмен шешім қабылдауды жақтаушы, амазонкалардың қорғаушысы.

Садақ пен жебе – Аполлон мен Артемиданың ерекше белгілері.



Садақ көптеген түрік халықтарының ерекшелік белгісі болып саналады. Майялықтар мен хеттер, көптеген сибір халықтары садақты құрбандық шалу салттары кезінде пайдаланатын болған. Қазір көптеген түрік тектес Еуропа әулеттерінің әулеттік белгісінде садақ пен жебе белгісі жүреді.

Грек аңыздарына сәйкес, Аполлон киклоптарды өлтіргеннен кейін өзінің жебесін гиперборейлер еліне, күннің шығысы мен батысы бірдей қарсы жерде жатқан елге тығып қояды.

Аполлон 19 жылда бір рет жер жұмағы – Гипербореяға аққулар жегілген көлікпен күзде аттанып, келесі жазға қайтып оралатын болған [14].

Гиперборейліктердің егістің алғашқы терімінен Делос аралына, Аполлонға тарту әкелетіні туралы аңыз Геродотта айтылады.

Гипербореялық әйелдер Арго мен Онида Делосқа сый әкеліп, аса құрметпен қабылданып, осында өмір сүрген.

Олардан кейін гипербореялық қыздар Гипероха мен Лаодика да сый әкеліп, асқан құрметпен қабылданып, осы аралда қалып қояды.

Сый әкелген қыздар қала берген соң, гиперборейліктер жіберетін сыйларын өздерімен көрші елдердің шекарасына жеткізіп, олар бір-біріне өткізіп, ақырында Делосқа дейін жететін болған.

Ал Делоста қалып қойған Гипероха, Лаодиканың мүрделері Артемида мазарының ішінде, ал Арго мен Ониданың мүрделері Артемида храмының артына жерленеді.

XX ғасырдың 20 жылдары Француз археологтары гиперборей қыздарының мүрделерін Геродот көрсеткен жерлерден тапқан.

Грек аңыздары Аполлонның балалары деп Киренадан туған ұлы Аристейді, Коронидадан Асклепийді,



музалар Талия мен Ураниядан музыканттар Орфей мен Линаны атайды.

Орфей – тек адамдарды ғана емес, құдайлар мен табиғатты да ғажайып музыкасымен еліктірген әрі әнші, әрі музыкант.

Асклепий – грек аңыздары бойынша емшілік құдайы. Асклепийге сәби кезінен данышпан кентавр Хирон емшілік өнерін үйретеді. Асклепийдің өлгенді тірілтетін де қасиеті болған дейді грек аңыздары. Асклепийдің ерекше белгісі – жылан. Қазіргі заманғы медицинаның символындағы жылан осыдан шыққан. Асклепийдің асқан емші балалары туралы Гомер айтып кеткен дейді грек деректері [14, 15].

• Аристей – грек аңыздары бойынша Аполлонның ұлы. Аристейді грек аңыздары Гиперборея елінен шыққан дейді.

Гея – жер-ана Аристейді ажалсыз (құдай тектес) қылса, кентавр мен нимфтер оған түрлі өнер мен ғылымды үйретеді.

Өз кезегінде Аристей адамдарға аңшылық өнерін, емшілікті, болашақты болжауды, мал бағуды және ара өсіруді үйретеді.

Аристей – адамзаттың ең алғашқы мәдени жетістіктерін игеріп, жер ананың даналық қасиеттерін бойына сіңірген данышпандардың бірі. Ол Ливиядағы (Африкада) Кирена қаласының негізін салушы және ұсталық өнерінің негізін қалаушы (изобретатель) деп саналады [14].

Ертедегі грек жазушысы Павсаний Дельфі оракулі туралы: «Бұл көріпкелдер храмын Гипербореядан келген адамдар құдайдың құрметіне орнатқан. Сол гипербореядан келгендердің қатарында Олен де болды. Ол құдайдың бірінші пайғамбары және гексаметрде ең алғашқы болжам айтқан кісі», – дейді.



Аңыздардан шығатын қорытынды

Енді осы Платон жеткізген Египет абызының мәліметтері мен гректердің халықтық аңыздарын салыстырып көрейікші.

Египет абызының айтуы бойынша, Атланттар қазіргі Атлантида мұхитындағы аралдардан Гибралтар бұғазы арқылы Жерорта теңізіне өтіп, осы Жерорта теңізінің жағалауындағы елдерді бағындырған. Атланттар бағындырған елдер: солтүстік Африкадағы Жерорта теңізі жағалауындағы жерлер. Батысында Ливиядан Египетке дейін бағындырған.

Еуропада Испаниядан Этрурияға (қазіргі Италия) дейін өзіне қаратқан.

Олардың бастапқы өмір сүрген аралдары бір-біріне жақын орналасып, қарсы жатқан Америка құрлығына өту ол кезде оңай болған. Және аралдар айтарлықтай үлкен болған. Египет абызының айтуынша Африка мен Азияны қосқанда ол аралдардың көлеміне жетпейтін.

Атланттар сонымен қатар қарсы жатқан құрлықтың (Америка құрлығы) тең жартысын жаулап алған.

Бұл жерде айта кететін бір нәрсе – ертедегі грек географтарының географиядан білімі өте таяз болғандығы. Гректер тіпті Ескендір Зұлқарнайынның (б.д.д. IV ғ.) кезінің өзінде, Азияның шығыс шеті Сырдария өзенімен бітеді деп есептеген. Бұл қазіргі біздің түсінігіміз бойынша Алдыңғы Азия мен Кіші Азия ғана. Гректер Сырдария өзенінен шығысқа қарай ешқашан өтіп көрмеген. Сондықтан гректердің атақты тарихшысы Геродот та, атақты географы Страбон да Орталық Азия мен Шығыс Азия туралы жазғанда кейіннен гректеніп кеткен түрік текті ұлы жыраулар Гомер мен Гесиодтың мәліметтеріне сүйенетін. Олар Орталық



Азия туралы айтқанда көбінесе Гомерге сілтеме жасап, қиял-ғажайып, адам сенгісіз деректерді қосып жібереді. Геродот осындай бір мәліметті жазып тұрып, «бұған мен өзім де сенбеймін» деуі, оның басқа сүйенер дерегі жоқтығынан, шарасыздығын көрсетеді.

Ал Ескендір Зұлқарнайынның жорығы туралы жазған грек ғалымдары, Тәжікстан жеріндегі Памир тауын Кавказ тауларымен шатастырған. Ал Африканы олар Ливия деп атайды және Африка құрлығының тек солтүстік жағалауларын ғана білген. Ал грек халық аңыздарындағы гректердің бас батыры Геракл Гиперборея жеріне баратын жолды білу үшін көп әуреленеді. Ақырында ол Африкаға өтіп, онда бірнеше оқиғаларға кезігіп, одан қайтып Кавказға келіп, Прометейді босатып, Прометейдің жол көрсетуімен Гиперборея еліне жетеді.

Осы жерде бір қызықты нәрсені айта кеткен жөн. Гректер Аполлон мен Артемиданың анасы Лето шетсіз-шексіз мұхитта Астерия атты аралда жүзіп жүрген дейді. Бірақ Аполлон мен Артемиданың дүниеге келген жері – Делос аралы. Ал аралдың еш уақытта жүзіп жүрмейтіні айтпаса да түсінікті. Демек, Астерия ешқандай да арал емес, Гиперборея елінен Делос аралына дейін Атлантида мұхитымен жүзіп жете алатын алып мұхит кемесі. Аполлон мен Артемиданың дүниеге келген жері Жерорта теңізіндегі Делос аралы болса да, өздерінің тегі гипербореялық деп аталуы сондықтан сияқты.

Ал Аполлонның атажұрты Гиперборея елімен тығыз байланыста болғаны, оның 19 жыл сайын Гиперборея еліне күзде кетіп, келесі жазда оралуы оның тегін айқын дәлелдеп тұр ғой.

Аполлонның Гиперборея еліне саяхат жасайтын көлігі де қызықты. Ол арбаға ат не болмаса жер бетімен



жүретін басқа бір жануарды жекпейді. Ол көлігіне аққуларды жегеді. Ал аққулардың жер бетімен ұзақ жүрмейтіні айтпаса да түсінікті. Аққулар не аспанмен ұшады, не болмаса сумен жүзеді. Ол заманда аспанмен ұшатын аспапты адамзат әлі жасай қойған жоқ сияқты. Сондықтан Аполлон Гиперборея еліне сумен, Атлант мұхиты арқылы жүзіп баратын болған болуы керек. Тек гректер бұл жолды білмегендіктен, Аполлонның Гиперборея еліне баратын көлігін қиялға айналдырып, аққулар жегілген арба деп көрсетсе керек.

Алтайлық түріктерде аққу қасиетті құс деп саналған. Қазір ғалымдар түріктердің өркениеті деп мойындаған, б.д.д. 22-24 мыңжылдықтарға жататын Сібірдің Мальта, Бурет тұрақтарынан табылған бұйымдардың арасында аққу бейнеленген сәндік бұйымдар көп табылған. Сол сияқты Аполлонның аққу (Жикн) кейпіне еніп гректердің бас батыры Гераклді қуатыны грек аңыздарында айтылады.

Ертедегі теңізшілер кеменің тұмсық жағына қандай да бір жануардың мүсінін салып қоятын болған. Бұл біріншіден кемеге сән берсе, екіншіден тотемдік жануардың бейнесі оларды қауып-қатерден қорғайды деп есептеген.

Сол сияқты Аполлон да кемесінің тұмсығына, ұлы теңізшілер атланттар үшін қасиетті құс-аққудың ұшып бара жатқан бейнесін салғызған сияқты. Енді тұмсығында аққу бейнеленген кемені бір бүйірінен қарасаңыз, аққу сүйреген арба көз алдыңызға келеді.

Алғашқы атланттардың (солардың ішінде Аполлон да бар) Жерорта теңізі аумағына келген кезі мен гректердің қазіргі Грекия жеріне келген кездерінің арасында мыңдаған жылдар жатыр. Сондықтан гректердің Аполлон мен оның кемесін көруі мүмкін емес. Гректер-



ге Аполлон туралы тек аңыздар ғана жеткен. Гректердің заманында Гипербореяда зілзала басталып, египет абызы айтқандай «шөгіп қалған тұнбаның әсерінен кеме жүзбейтін теңізге» айналған. Геродоттың жаууына қарағанда Делостағы Аполлон храмына гиперборейліктер беріге дейін шығыс жолымен Рифей (Орал) таулары арқылы сый әкеліп тұрған.

Грек аңыздарында Рифей тауының шығыс жағына өтіп, қиыр солтүстікте жатқан Кронос теңізінің жағалауындағы Гесперидтердің бағынан алтын алма өкелетін Гераклдің ерлігі туралы айтылады. Соған қарағанда Гиперборея елінің зілзала кесірінен суға кетуі бірден емес, ұзаққа созылған процесс болса керек. Осы шығыс жақтағы жолды білген гректер Аполлонның Гиперборея еліне баратын көлігін аққу жегілген арба деп көрсеткен сияқты.

Гректердің теңізде жүзуді игергені беріде ғана. Тіпті б.д.д. XII ғасырда өмір сүрген грек батыры Одиссейдің (Гомердің атақты «Одиссея» дастанының басты кейіпкері) кішкентай Эгейда теңізінен адасып, қиялға жайып оқиғаларға тап болатыны тарихтан белгілі ғой.

Египет абызының сөзіне қарағанда, атланттар өте жоғары дамыған, өркениетті ел болған. Пирамидаларды салған сол Атланттар.

Ал грек халық аңыздары бойынша жоғары дамыған, Атлант пен бұрынғы құдайлар титандар өмір сүрген ел Гиперборейлер елі болатын.

Тіпті гректердің бас құдайы Зевстің өзі адам баласын жоғары өркениетке жеткізген Прометейдің білімін пайдаланбақ болып өз жағына тартады.

Зевс тіпті Атлант пен Прометейдің бауыры Эпиметейді алдап, өз жағына қосып алады да.



Египет абызының айтуынша, Гибралтар бұғазының батысындағы Атлантика мұхитындағы атланттар мекені табиғат апатынан жойылып, су астына кетсе, грек халықтық аңыздарында титандар тұратын атланттар елін, Зевс алдымен жер ананың дүлей күштерін пайдаланып сұмдық өртке орайды да, артынан су тасқынына алдырады. Грек аңыздары бойынша өркөкіректікке салынып, құдайларды сыйлауды ұмытқан атланттар елін осылай аяусыз қырып жояды. Бұл апаттан тек Прометейдің ұлы Девкалион мен әйелі ғана аман қалған дейді.

Тек бір айырмасы, Египет абызының айтуынша атланттар батыстан Атлант мұхитындағы аралдан Гибралтар бұғазы арқылы келсе, ал гректердің халық аңыздарындағы атлант елі Гиперборея Урал тауларынан шығысқа өтіп барып, алыс солтүстікке кетеді. Гиперборейлер елінің қайда екені туралы грек аңыздарында мынадай да дерек бар. Аполлон киклоптарды өлтіргеннен кейін өзінің жебесін гиперборейлер еліне – күннің шығысы мен батысы бірдей қарсы жерде жатқан елге тығыш қояды. Бұл – қазіргі батыс Сібірдің солтүстік жағындағы Арктика аймағы. Және бір таң қаларлығы, қазір мұз басып жатқан бұл аймақ – Гиперборейлер елі табиғаты жылы, бау-бақшасы жайқалған жер жұмағы болып суреттеледі.

Аполлон осы Гиперборейлер еліне 19 жылда бір рет күзде кетіп, қыс бойы сонда болып, көктемде қайтып оралатын болған.

Грек аңыздары бойынша Зевс Кронос пен оның одақтастары титандарды жеңгеннен кейін, оларды алыс солтүстікке жіберіп бұғаулап тастаған. Ал әкесі Кроностың денесін сонда жерлеген. Басына қасиетті храм салдырған. Бұл қасиетті жердің сопы данышпандары ғылым-білімнің шыңына жеткен.



Бір ғажабы, ертедегі үнділердің қасиетті кітабы «Ведада» да, парсылардың зороастра дінінің қасиетті кітабы «Авестада» да тура осындай мәліметтер бар.

Бұл қасиетті кітаптарда да «Тура солтүстікте, Темірқазық жұлдызының астында құдайлар мекені бар. Мұнда қозғалмайтын Темірқазық жұлдызын басқа жұлдыздар айнала қозғалып жүреді. Осы поляр жұлдызының тура астында құдайлар мекен ететін тау бар. Тауды айнала теңіз қоршап жатыр. Осы теңізде ғажайып арал бар. Осы аралда ең бақытты адамдар тұрады. Бұл жерде тұратын адамдар өте сымбатты, өте сұлу, қарулы, қулық дегенді білмейтін адал, әділ әрі өте бақытты, батыл адамдар. Бұл аралда небір ғажайып өсімдіктер мен жан-жануарлар өседі», – делінеді.

Бұл грек халық аңыздарында былай суреттеледі:

«Гиперборейліктер – алыс солтүстікте өмір сүретін халық. Осындай тамаша ізгі елге Аполлон аққулар жеккен арбамен жиі барып тұратын. Гиперборейліктер – құдайға жақын және құдайлар сүйетін халық. Олар Аполлон сияқты өте дарынды. Гиперборейліктер рахатты өмірін ән салып, би билеп, музыкамен той тойлаумен өткізеді. Аполлонды қатты құрметтейтін бұл халықтың ылғи да көңілді жүріп құдайға құлшылық етуі үйреншікті өмірі. Гиперборейліктер тіпті өлімнің өзін де ризашылықпен қарсы алады. Өмірдің бар қызығын көріп, рахат өмірге әбден тойған соң өздерін теңізге тастайды» [14].

Үнділік кітап «Шведатвипада», ал парсылардың «Авестасында» «Эранвезде», шумерлердің «Дилмунында» аталған бұл ғажайып аралды су тасқыны басып, адамдары қырылып, тек бір жанұя ғана аман қалады.

Мұсылмандардың «Құран Кәріммен» оқиғалары ұқсас еврейлердің Библиясында да тура осы оқиға баяндалады.



« Ал бүкіл әлемдік су тасқыны туралы ең алғаш болып баяндаған шумерлердің «Гилгамеш туралы аңызы». Түрік текті шумерлердің бұл аңызында бүкіл әлемдік су тасқынынан Утнапиштим есімді адам кеме жасап, барлық жан-жануарлардың тұқымын сақтап қалады. Б.д.д. 3000 жыл бұрын жазылған бұл аңыз кітап – қазіргі белгілі кітаптардың ең көнесі.

Түрік тектес шумерлердің бұл кітабы гректер мен еврейлердің, арабтардың, парсылар мен үнділердің аты аталған қасиетті кітаптарынан кем дегенде 2000 жылға «көрі».

Бұлардың бәрі аңыз десек те, «әрбір аңыздың астарында аз да болса шындық бар» дейді халық даналығы. Ал ғалымдар бұл туралы не дейді?

Қазіргі заман ғылымының деректері

Қазір жердің бұрынғы физика-географиялық белгілерін зерттейтін палеография дейтін ғылым бар. Осы ғылымның мамандарының айтуынша, Арктикадағы қазіргі мұздықтар б.ж.с. бұрынғы I мыңжылдықтың ортасында қата бастаған. Ал оған дейін Арктикада кем дегенде мың жылдай жылы өрі құрғақ климат болған дейді. Осындай Солтүстік мұзды мұхитта климаттың ауысуы тек бұл ғана емес.

Ғалымдардың айтуынша бұдан 9-дан 2,5 мың жылға дейін бұрын, ал кейбір ғалымдардың есебімен бұдан 6-дан 4 мың жыл бұрын тағы да осындай жылы климат болған. Сол сияқты Арктиканың жылынуы бұдан 10-12 мың жыл бұрын да, 32-20 мың жыл бұрын да болып тұрған.



Атақты совет мұхит зерттеушісі Я. Гаккель (1901-1965 жж.) зерттеулердің нәтижесіне сүйеніп, Арктида аралдық құрлығының болғандығы туралы болжам айтқан. Кейінірек Ломоносовтың, Менделеевтің және Гаккельдің аттары берілген ірі су асты шыңдары табылды. Менделеев су асты шыңынан алынған жауын-шашын қалдығының құрамын тексергенде оның жасы 9300 жылға жуық екендігі анықталды. Ал Ломоносов су асты шыңы бұдан 12000 жылға жуық уақыт бұрын арал болған екен. Қазіргі кезде Арктика аймағының үлкен бөлігінің тереңдігі 100 метрден 200 метрге дейін, тіпті кей жерлері 40-60-ақ метрді құрайды. Ал бұдан 12000 мың жыл бұрын басталған мұздықтардың еруі нәтижесінде әлемдік мұхит деңгейі 150 метрден аса көтерілгені қазір дәлелденген.

Қазіргі ғылым мен техниканың жетістіктері небір таңқаларлық жаңалықтарды ашып жатыр. Бұған дейін Американы 1492 жылы испандық саяхатшы Христофор Колумб ашқан деп келген болатын.

Ал өткен ғасырдың 60 жылдары табылған картада Американы ашқан скандинавиялық теңізшілер Лейф пен Бьярни болып тұр. Бұл карта Колумбтан 493 жыл бұрын, яғни 999 жылы жасалғанын ғалымдар дәлелдеген.

Тағы бір дерек. Осы X ғасырда Гренландияда қоныстанған викингтер өз мекендеріне «жасыл ел» деп ат берген екен. Бұл атау сол өңірдің бау бақшалы, ну орманды болғанына орай берілсе керек. Ал қазір осы «жасыл елдің» барлық жерін мұз құрсап жатыр.

Ал қазір АҚШ ғалымдары Американы алғаш ашқан араб теңізшілері Абдул Рахим мен Абдулла ибн Мәлік бастаған теңізшілер деген қорытындыға келген.



Белгілі ғалым Әділ Ахметов өзінің «Түбі түркі өркениет» [1] атты еңбегінде мынандай дерек келтіреді: «Америкалық ғалым Франк Ватерз «Азиядан Америкаға теңіз арқылы өту викингтер мен Колумбтан көп ғасырлар бұрын басталған. Бұл жөнінде қытай тілінде жазылған ең көне классикалық еңбектің аты – «Shan Khai King». Бұл кітап шамамен б.д.д. 2250 жылдары жазылған. Сол еңбекте «Ұлы Шығыс теңізін» кесіп өтіп, ар жақтағы 2000 мильге созылған құрлықта жасалған сапар суреттеледі. Көпке дейін аңызға баланып келген бұл еңбек осы күнгі Американың көз тартар жерлерінің нақтылы географиялық сипаттамасы екені дәлелденіп отыр».


Ал 1929 жылы табылған көне карта тіптен қызық. Бұл карта 1513 жылы атақты түрік флотының адмиралы Пири Рейстің қолданған картасы болып шықты. Картада Африканың батыс жағалауы, оңтүстік Американың шығыс жағалауы және қазір мәңгілік мұз басып жатқан Антарктиданың солтүстік беті бейнеленген. Ең қызығы бұл картада қазіргі мұз құрсауында Антарктида құрлығы көк желек жамылған, мамыражай жер болып белгіленген.

Қазіргі біздің ғылыми деректерімізше мұз жамылған Антарктиданың өзі бұл карта жасалған уақыттан 300 жылдан кейін ашылды. Сонда түрік адмиралы бұл мәліметті қайдан алған? Қазір осы Антарктиданы зерттеген ғалымдар осы Пири Рейстің картасында көрсетілген өлке (Мод королдігі) осыдан 6000 жыл бұрын мұзсыз, көкорай жасыл жер болғандығын дәлелдеді.

Қазір Антарктида – қалың мұз жамылып жатқан құрлық, алайда ол жақтан әліге дейін мұзда қатқан динозаврлар мен басқа да ертедегі жануарлар табылып жатыр. Антарктидадан америкалық және еуро-



палық зерттеушілер тобы мұз құрсауындағы қолдан тұрғызылған деуге болатын таңғажайып көне пирамидалар тауып, суретке түсірген. Бұл шынымен өнер туындысы ма, жоқ әлде ерекше формадағы тау шыңдары ма, оның тарихын ғылыми экспедициялар алдағы уақытта анықтамақ.



1587 жылы Герард Меркатор жасаған әлемнің картасы. Арктикадағы аралдар табиғи апат басталғанға дейін



Арктика табиғи апатқа дейін




Арктика табиғи апаттың бастапқы кезеңінде




Арктикадағы табиғи апаттың соңғы кезеңі

Қазіргі біздің білуімізше ең алғашқы өркениет орындары Месопотамияда Шумер, Кіші Азияда Хаттар, Африкада Египет бұдан 5000-6000 жылдардың арасында пайда болған. Негізгі дамыған өркениеттің белгілері б.д.д. 3000 жылдардың маңайынан басталады. Бірақ онда да олар жер шарын шарлап, картаға түсіретіндей деңгейге жете қоймаған секілді. Сонда шумерлер мен египеттіктерден 1000 жыл бұрын ғаламның картасын жасаған кімдер? Бұл қазіргі ғылым үшін шешілмеген жұмбақ.

Ал бүкіл әлемдік әйгілі картографтар Ян Бушмехерс (1590 ж.) пен Герард Меркатор (1590 ж.) және Оринт Финей (1535 ж.) жасаған карталар біздің тақырып үшін өте құнды мәлімет береді. Орта ғасырлардың құрметті картографтары бір-біріне байланыссыз Арктиканың картасын жасаған. Бұл карталарда сол кез үшін таңғаларлық дәлдікпен қазіргі белгілі Еуразия мен Америка құрлықтарының солтүстік жағалаулары, аралдар, бұғаздар, көлдер айна-қатесіз белгіленген.



Геродот жасаған әлем картасы



Г. Меркатор жасаған әлем картасы



Арктикадағы зілзаланың бастапқы кезеңі




Арктикадағы зілзаланың орта кезеңі



Скиф қорғанынан табылған сфинкс бейнелі алтын сырға




Пазырық қорғанынан табылған қиял-ғажайып бейнелер



Майялар салган Ай пирамидасы




Ай пирамидасынан карагандағы Күн пирамидасына баратын «өлілер жолы»




Есік қорғанынан табылған Алтын адам



Ежелгі түркілердің бөрілі байрағы



Скифтер қолданған алтын бұйымдар



Ежелгі скифтердің «Аң стилінде» жасалған бұйымдар



Ал ең қызығы, қазір қалың мұз астында жатқан Солтүстік полюс өзендері ағып жатқан құрлық болып көрсетілген.

Бұл карталарда солтүстік полюсті айнала қоршап жатқан үлкен құрлық, ортасында ішкі теңіз қоршаған биік тау бар. Картадағы жазу бойынша тау тура полюстің ортасында 70 шақырым шеңберді алып жатыр. Тауды айнала қоршаған ішкі теңізден төрт өзен ағып шығып жатыр. Өзендер құрлықты төрт бөлікке бөледі. Бір емес, бірнеше атақты картографтар бір-біріне байланыссыз жасаған бұл карталардағы деректер қайдан алынған? Ғалымдардың ойынша қазірге дейін жетпеген бір мәліметтердің болғаны анық.

Біз қазір Американы ашқан деп жүрген Христофор Колумбтың экспедициясы Америкаға келгенде Америка құрлығында тілі де, нәсілі де әр түрлі миллиондаған халық тұратын. Сонымен қатар Колумбтың серіктері Америка құрлығынан Еуразияда кездесетін жануарлар мен құстардың, тіпті балықтар мен өсімдіктердің қанша түрлерін кездестіреді.

Алғашқыда ғалымдар Америка құрлығының бұл ежелгі тұрғындары Азиядан Америкаға Беринг бұғазы арқылы өткен деп келген болатын. Бірақ кейіннен ғалымдар зерттей келе бұл пікірдің қате екеніне көздері жетті.

Егер де Азиядан Америкаға Беринг бұғазы арқылы өту мүмкін болса, бұл қатынас үздіксіз болып жатуға тиіс қой.

Ал Америка құрлығына мұқият зерттеу жүргізген ғалымдар Еуразиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін-дүркін болғанын дәлелдеген. Бірінші рет 40-35 мың жыл бұрын, екінші рет 28-25 мың жыл бұрын, ал үшінші рет 14-10 мың жыл бұрын қоныстанған дейді.



Сонымен қатар Еуразиядан Америкаға тек адамдар ғана емес, түрлі құстар, жануарлар, су жәндіктері, тіпті өсімдіктер де қоныс аударған.

Құстарды ұшып өтеді дейік.

Адамдар мен ірі жануарлар Беринг бұғазымен мұз қатқан кезде мұз үстімен өтті дей қояйық. Бірақ, бұл жерде де, жүздеген шақырымға созылатын ақ қар көк мұздан өтуге оларды не итермелеуі мүмкін?

Ал Еуразиялық тұщы суларда өмір сүретін су жәндіктері – балықтар қалай өткен? Олардың қатқан мұзбен де, не теңіздің ащы суымен де Азиядан Америкаға өтуі мүмкін емес. Өсімдіктерге мұқият талдау жүргізген ғалымдар Таймыр жарты аралы мен Канаданың арктикалық архипелагының өсімдіктерінің бір-біріне өте ұқсас екендігін, бұл осы екі жер бөліктерінің жақын уақытқа дейін жер арқылы тікелей байланыста болғанын анықтаған.

Ал Чукотка мен Алясканың өзара ешқандай да ұқсастығы жоқ екендігін анықтаған.

Бұдан ғалымдар әйгілі географтар Бушмехерс пен Меркатордың карталарындағы Арктикалық аралдар бұдан 10-12 мың жыл бұрын Еуразиядағы Таймыр жарты аралы мен Америкадағы Канаданың Арктикалық архипелагын бір-бірімен тікелей жалғастырып жатқан деген қорытынды жасайды.

Америкалық үндістердің алтайлық тегі туралы тамаша еңбектерімен танымал Әділ Ахметов ағамыз «Код Евразии» атты еңбегінде былай дейді:

«Влекомые на север непонятно пассионарной силой, протоалтайцы, в конечном итоге заложили фундамент цивилизаций трех Америк. В метаисторическом плане проникновение палеоазиатов на американский континент выглядит вполне реалистично. То, что оно было



реальным и в историческом плане, доказывает их проникновение на Таймыр-ничуть не более простое и легкое, чем переход на Аляску. И если таймырская эпопея оказалась удачной, почему не должна была стать успешной американская?

Таймыр – самый северный в Азии полуостров, полностью расположенный за полярным кругом. Это, как не удивительно, один из очагов этногенеза в Северной Сибири. Казалось бы, Таймыр совершенно непригоден для жизни: это крайне суровая тундра с редкими деревьями в речных долинах. Да и что это за деревья? Самые большие-высотой всего в полметра. Снежный покров держится 280 дней, снег сходит в июне, а спустя два месяца мелкие водоемы вновь замерзают. Толщина вечной мерзлоты – от 300 до 500 метров, средняя температура января – минус 28 градусов Цельсия (при температурном рекорде минус 69 градусов), ветры огромной силы, до 40 метров в секунду, продолжительность полярной ночи на широте Дудинки-65 суток.

Однако люди на Таймыре живут, и живут давно. Найденные археологами следы бескерамической культуры имеют возраст 6-7 тысяч лет, следы неолита – 5 тысяч лет. Коренное население относится к так называемым «малым народам», в основном, долганам и нганасакам. Долганы – оленоводы, охотники, рыбаки – предпочитают селиться в лесотундре. Нганасаны – самые азартные и самые профессиональные охотники на диких северных оленей. До XIX века они использовали луки и стрелы. Это самая северная народность в мире, самое арктическое из всех земных племен. Поразительно, но они принадлежат к соматийской этнической группе, то есть являются потомками переселенцев из куда



Таймырдағы бұғышы долгандар мен америкалық үндістердің дәстүрлі тұрағы

более теплых краев, когда-то откочевавших на крайний север ойкумены. А долганский этнос?.. Его основные этнические компоненты – русские, тунгусы, якуты. А



последние, как известно, – потомки некогда пришедших на север Восточной Сибири тюрков.

Эти неожиданные связи с Великой евразийской степью заставляют предположить, что пассионарный толчок, что выбил древнейших кочевников из привычного круга, направил одних на северо-восток, и дальше, на Чукотку и в Америку, других – в долину Лены и на Таймыр. Осмысливая маршрут «американского потока», понимаешь, что проследить его последовательно, шаг за шагом, нелегко. До дальневосточной тайги он, в принципе, ясен. Дальше – не совсем» [2] (87-88-б.).

Арктикада жылы климат орнаған кезде адамдар мен жануарлар, өсімдіктер осы аралдарға қоныс аударатырып Америка құрлығына жететін болған.

Ал Арктикада күн суытқан кезеңдерде бұл байланыс үзіліп қалып отырған.

XX ғасырдың ортасына дейін адамдардың қоныстанған солтүстік шекарасын Поляр шеңберінен оңтүстікке қарай мындаған шақырымға төмен жатқан мұзды аймақ деп есептеген.

Ал XX ғасырдағы ғалымдардың ашқан жаңалықтары бұл пікірдің қате екенін дәлелдеді. Шпицберген аралында тасқа ойып салынған киттің суреті және бұдан 6 мың жыл бұрынғы адамдардың тұрағы табылды.

Ал Солтүстік поляр шеңберіне жақын Печорадан бұдан 20 мың жыл бұрынғы адамдардың тұрағы табылды.

Якутиядан бұдан 10 мың, 14 мың, тіпті 30 мың жыл бұрынғы адамдардың мәдени ошақтарының орындары табылды.

Ал Поляр шеңберінің ішінде жатқан қазіргі мұз басқан Врангель аралынан бұдан 8 мың жылдан аса бұрынғы адамдардың тұрағын тапқанда ғалымдар қайран қалды.



Сібірдегі Сунгурь өзенінен табылған мәйітханадан табылған олжа тіптен таң қаларлық. Б.д.д. 20-21 мыңжылдықтарға жататын бұл қабірлердің бірінен екі баланың мәйіті шыққан. Олардың жанында қабірде сүйектен жасалған өте әдемі сәндік бұйымдар мен қару болған. Зілдің тұмсығындағы мүйізді түзетіп жасалған екі ұзын найза ғалымдарды қайран қалдырды. Себебі бұған дейін пілдің сүйегін түзету ешкімнің қолынан келген емес.

Ал басқа қабірден үлкен ер адамның мәйіті табылған. Оның киген киімін қалпына келтірген кезде ғалымдардың таңданысында шек болмаған. Бұдан 22-23 мың жыл бұрын тігілген бұл былғары киім өзінің әсемдігімен, ыңғайлылығымен, бәрі шебер тігілгенімен ерекше. Аяқ киім етікпен бірге тігілген шалбар және басты жабатын баскиіммен (күләпара) бірге тігілген кеудеше барлығы былғарыдан жасалған. Бұл киім зіл сүйегінен жасалған моншақтар мен аңдардың азу тістерінен жасалған ілмешектер мен оюлармен сәнделген.

Сунгур адамының бас сүйегіне зерттеу жүргізген ғалымдар бұдан 22-23 мың жыл бұрын өмір сүрген бабамыздың ақыл-ойы, сезім қабілеті бойынша қазіргі адамдардан кейін болмағанын, олардың білімі қазіргі адамдардан төмен болмағанын анықтаған.

Бұл мысалдардың бәрі біз бүгінге дейін мәңгілік мұз қабаты деп жүрген Солтүстік Арктикада бір кездерде қайнаған өмір болғанын, гректердің Гипербореясы, Египет абызының Атлантидасы, парсылардың Эранвезі, үнділердің Шведатвипасы, шумерлердің Дилмуны ерте заманда болған шындық деген ойға жетелейді.

Ғалымдардың есебінше бұдан 12 мың жыл бұрын Гиперборея елінде апат басталған. Сұмдық жер сілкі-



ністері тауларды қиратып, жанартаулар атқылайды. Жер жұмағы бау-бақшалар мен таулар қирап мұхиттың түбіне кете бастайды. Еуразия мен Америка құрлығын байланыстырып тұрған тау жыныстары – тас бөгет бұзылып, бұған дейін Арктика арқылы ағып жатқан Голфстримнің (Үнді мен Атлант мұхитының) жылы сулары бағытын кілт өзгертіп, Еуразияның солтүстік шекарасын бойлай ағып Беринг бұғазы арқылы Тынық мұхитына қайта құйылып кетеді. Гиперборея елі толығымен су астына кетіп, Америка мен Еуразия арасындағы байланыс үзіледі. Аман қалған гипербореялықтар бас сауғалап, оңтүстікке кетуге мәжбүр болған.

Атланттардың ұрпақтары

Енді «осы атланттардың бәрі бірдей жойылып кетті ме, әлде қалғандары бар ма?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Грек аңыздары бойынша бүкіләлемдік су тасқынынан тек Прометейдің ұлы Девкалион мен әйелі ғана аман қалған дейді.

Египет абызы Атланттардың бір-біріне жалғасып, Америка құрлығына дейін созылып жатқан өте үлкен аралдарда тұрғанын айтады.

Абыздың айтуынша Атланттар Америка құрлығына жеткен. Еуропадан Америкаға өту олар үшін ешқандай қиындық тудырмаған. Атланттар Жерорта теңізі жағалауындағы елдерді жаулап алардан бұрын үлкен мемлекет құрған. Египет абызының сөзі: «*Атлантида деп аталатын осы аралда басқа да аралдарға және құрлықтың (Америка құрлығы деп түсініңіз) жартысына*



билігі тараған таңданарлық ұлы патшалардың одағы пайда болды». Демек Америка құрлығының жартысы атланттарға қараған.

ССРО ғылым академиясы шығарған «Бүкіл әлем тарихында» 1-томының 82-бетінде былай дейді: «Американың байырғы тұрғындары – индеецтер өздерінің сыртқы келбетімен моңғолоидтарға жақын екені дәлелденген. Олардың тұзу және қайратты қара шаштары, денесін сирек басқан жүні, шығыңқы жақ сүйектері оларды моңғолоидтарға жақындастыра түседі.

■ Сонымен бірге Америка құрлығын қазіргі меланезиялық және австралиялықтарға туыс халықтар да қоныстанған. Бұл меланезиялық және австралиялықтарға туыс халықтардың негізінен Оңтүстік Америкада қоныстануы олардың моңғолоидтардан бұрын Америкаға келгендігін көрсетеді.

Бұдан 10-12 мың жыл бұрын Америка құрлығына солтүстіктен келген моңғолоидтар оларды солтүстіктен ығыстырып шығарып, өздері Солтүстік және Орталық Америкаға қоныс тепкен» [16].

Қазір осы моңғолоид тектес деген халықтардың түрік текті халық екендігі, олардың майя, сию, кечуя деген топтары қазіргі қазақ тіліне өте жақын қыпшақ диалектісінде сөйлейтіні дәлелденген.

Әділ Ахметов ағамыздың «Түбі түркі өркениет» атты еңбегінде мынандай дерек бар: «Бір ескі кітапта жазылған материал бойынша, б.з. 668-1175 жылдары аралығында қазіргі Мексика орналасқан жерге леклек моңғолтектестер келіп қоныстанған. ...Кейінірек ол өңір су бойына жақын орналасқандықтан Анахуак (Су бойы) болып аталып кеткен, себебі ол заманда қазіргі Мехико қаласы орналасқан жерде шалқар көл жатқан. Ал көлдің жағасын жайлаған халық өздерін



нахуатлактар деп атаған және өздерінің о баста Ацтланнан келіп қоныстанғанын, жеті тайпаға бөлінетінін тарих қылып айтатын. Нахуа тілінде сөйлейтін халық өздерін нахуатлактар деумен қатар байырғы отаны Ацтланмен байланыстырып, ацтектер деп те атаған» [1].

Ғалымдар түрік тілдерімен ұқсас сөздерді юто-ацтек тобына кіретін папаго, хоупи, тарахумара, ацтек (нахуа) және олармен туыстығы дәлелденген майя, кечуа, сию сияқты тілдердің лексикасынан да көптеп кездестірген.

Осы халықтардың тіліндегі байырғы отандары Ацтлан грек, египет тілдеріндегі Атланттың тілдік ерекшеліктеріне байланысты бұзылып айтылуы сияқты.

Ацтлан – Атлан – Атлант – Атлантида – Атланттар елі.

Атлан ежелгі түрік тілінде «аттан» деген мағына береді.

Осы түрік текті америкалық халықтардың, XV ғасырда Еуропадан жаулап алушылар барғанға дейінгі өркениетіндегі жетістіктері таңғаларлық. Олар салған ғажайып құрылыстар, пирамидалар, олардың математика, астрономия, астрология және басқа салаларда жеткен жетістіктері ғалымдарды қазірге дейін таңдай қақтырып келеді.

Майялардың байырғы өркениеті – ірі-ірі қалаларды, сәулетті сарайларды, архитектураның озық үрдістерін, мүсіндер мен зәулім пирамидаларды, қолжазбалар мен кітаптарды, ғылыми негізде жасалған күнтізбелерді, жоғары сапалы керамикалық бұйымдарды көрген Джордж Стюарт өз жазбаларында: «Еуропа орта ғасырда қара түнек замандарды басынан кешіріп жатқанда, майялар адамзат өркениетінің керемет үлгісін жасап үлгіріпті», – дейді [1].



Ал енді Египет абызының айтуынша, Атланттар жаулап алған Жерорта теңізінің жағалауындағы елдерді қарастырып көрейік.

Негізінен біздің бүгінге дейін пайдаланып жүргеніміз орыс тарихшыларының деректері. Ал орыстардың өзі де Еуропаның ең ерте өркениетке қол жеткізген елі деп гректердің деректерін пайдаланады.

Ал гректердің өзі де қазіргі Еуропаның ең көне өркениеті емес, Жерорта теңізі жағалауындағы ең көне өркениеттерден жазу-сызуы 2000 жылдай кеш пайда болған өркениет.

Сондықтан да біз қазір пайдаланатын көптеген атаулар – бастапқы түбірден бұрмаланған немесе тіптен басқа грекше атауға ауыстырылған атаулар. Жерорта теңізі жағалаулары мен Жерорта теңізіндегі аралдарда алғашқы өркениеттер б.д.д. IV-III мыңжылдықтарда пайда болған дейді қазіргі ғалымдар. Африка жағалауларындағы Египет пен Карфаген, Алдыңғы Азиядағы жағалаудан финикиялықтар мен филистимляндықтар, Кіші Азия жерінде хаттар мен троялықтар, Еуропа жағалауындағы этрускілер мен гректерге дейінгі құрлықтық Грекияны мекендеген халықтар, Батыс Еуропада Испания жағалауындағы Гадес пен Тартесс және Жерорта теңізінің аралдарындағы шағын мемлекеттер, бұлардың бәрі алғашқыда бір-бірімен өте тығыз байланыста болған өркениеттер. Бұл өркениеттердің негізін салған халықтардың осы Жерорта теңізі жағалауына келуі тіптен әріге-неолит (тас дәуіріне) кетеді десек те, олардың өздерімен көрші тұрған құрлықтың ішкі бетіндегі халықтардан өркениеті көп жоғары болғаны даусыз.



Жерорта теңізі жағалауындағы елдер

1) Хаттар мен троялықтар. Осылардың ішінде Кіші Азия жерінде мекендеген ежелгі хаттар мен троялықтардың, қазіргі Италия жерінде мекендеген этрускілердің түрік тектес халық болғаны қазір даусыз дәлелденген. Ежелгі хаттардың тілі түрік тілдерінің кавказдық тобына жатады, қазіргі абхаз-адық тіліне өте жақын дейді ғалымдар.

Б.д.д. IV-III мыңжылдықтарда хаттар мекендеген қазіргі Түркия жері экономикасы мен мәдениеті шарықтап гүлденген өлке болды. Олар металл өңдеуді өзгелерден көп бұрын игерді. Хаттар алғашқыда иероглиф жазуды қолданып, кейіннен аккад жазуына көшеді [18].

2) Этрускілер. Этрускілердің де түрік тектес халық болғаны қазір мойындалған. «Грек тарихшылары оларды тирсендер немесе тиррендер деп атап, шыққан тегі шығыстан дейді. Ал латындар оларды этрускілер не тускілер деп атаған. Эгей теңізінің Лемнос аралынан табылған көне жазу тілі мен түрі этруск тіліне келеді дейді ғалымдар. Б.д.д. XIII-XII ғасырларда Египетке шапқыншылық жасаған «теңіз халықтары» арасында турша аталатын халық болғанын айта келіп, оларды тирсен-этрускілер дейді тарихшылар» [16].

Қазір этрускілердің Апеннин жартыаралына келген уақытын ғалымдар жобамен б.д.д. 1500 жылдар деп жобалайды. Бірақ мұның өзі де күмәнді. Қалай болғанда да бұл халық осы өңірге алғашқы өркениетті өкелген халық. Этрускілердің Туран (жарылқаушы) деп аталатын құдайы «бүкіл тіршілік атаулының билеушісі» деп есептеледі. Ал Аполлонның храмдары этрускілердің көптеген қалаларында орын тепкен. Олар



көптеген қалалар салды. Қазіргі Рим қаласының негізін б.д.д. 753 жылы қалаған осы этруск ұсталары. Рим қаласындағы Капитолий храмы және Рим қаласының символы Капитолий қаншығын мәңгілікке сыйлаған да осы этрускілер.

Этрускілер метал өңдеуде, өнерде, медицинада, мәдениетте үлкен жетістіктерге жетті. Олар көптеген теңіз кемелерін жасады. Суда жүзуде үлкен жетістіктерге жетті. Этрускілер 26 әріптен тұратын әліпбиді пайдаланған [16]. XX ғасырдың басында Югославия жерінен табылған Винча жазуы Этрускі жазуының бастапқы кезеңі болуы мүмкін дейді ғалымдар. Винча жазуында 58 таңба бар. Оның 14-і дауысты. Ал этрускілердің 5 дауысты дыбысы бар 26 таңбасы осы Винча жазуындағы таңбалармен таңбалануы да, дыбысталуы да дәл келеді. Біз қазір Рим цифры деп жүргендеріміз латындар арқылы этрускілерден қабылданған. Ал Винча жазуының жасын ғалымдар б.д.д. 3470 жыл деп анықтапты. Ол тіпті шумер жазуынан (б.д.д. 3100 жыл) төрт ғасыр үлкен.

3) Финикиялықтар. Ертеде Жерорта теңізінің шығыс жағалауына орналасқан бұл елдің атауы египеттіктердің «фенех» (қазақша «қызғыш») деген сөзінен шыққан. Бұл осы Жерорта теңізінің жағалауына келіп орналасып, жоғары өркениеттің негізін қалаған халықтың, бұрынғы жергілікті халықтан түрімен бөлектеніп тұрғандығынан берілген атау болса керек.

«Көптеген зерттеушілердің жобалауынша Финикияның бастапқы халқы семит тілінен басқа тілде сөйлеген. Бірақ Египет деректерінің көрсетуінше б.д.д. III мыңжылдықта бұл елдің халқы жергілікті семит тіліне көшкен» [16].



Әділ Ахметов ағамыз «Код Евразии. На пороге пятой цивилизации» атты еңбегінде мынандай өте қызықты дерек келтіріпті:

«Английский полковник Джеймс Черчвард в 1868 году во время службы в Индии подружился со старым индуистским священником, который помог ему расшифровать каменные скрижали, так называемые «накальские таблички», многие столетия хранившиеся в самом дальнем углу храма. Древние письмена рассказали о забытой цивилизации, которая в незапамятные времена появились и расцвела на континенте в Тихом океане, а потом, погубленная грандиозной катастрофой, исчезла в его водах-задолго до повторившей ее судьбу Атлантиды.

Поиску уцелевших свидетельств об этой цивилизации Черчвард посвятил всю оставшуюся жизнь. После Индии он побывал в Бирме, на островах Южных морей, в Австралии, на Американском континенте - на Аляске, в Аризоне, в Мексике. Он изучал историю майя, геологию, древние религии, археологию, физику, лингвистику и многое другое. В конце концов он написал ни много ни мало-альтернативную историю нашего мира. (Черчвард Джеймс. Древний континент Му. Прародина человечества. Киев, «София», 1997.)

Этот континент по мнению Черчварда простираются от Гавайев на севере до острова Фиджи на юге. Континент состоял из трех отдельных массивов суши, отделенных друг от друга узкими проливами и морями.

Страна Му была родиной и центром человеческой цивилизации, но когда она достигла своего расцвета, внезапно случился страшный катаклизм, в котором соединились землетрясения и извержения вулканов. Му погрузилась в огненную пучину. Удар гигантских волн довершил катастрофу. Континент погиб.



Джеймс Черчвард утверждал, что история расцвета и гибели страны Му описана в «накальских табличках». Подтверждения существования Му встречаются и во многих древних текстах, как индийский эпос «Рамаяна» или «Троанский манускрипт». Эта древнемайянская книга, написанная на Юкатане, повествующая о «стране Му». Еще один источник — «Кодекс Кортеса», майянская книга примерно того же возраста, то и «Троанский манускрипт». Кроме того, существуют «Летописи лхасы», а также сотни других документов из Египта, Греции, Центральной Америки, Мексики и наскальных надписей в западных штатах США. Сохранились остатки культовых сооружений, планировка и декоративная символика которых рассказывают об исчезнувшем континенте Му.

На некоторых островах Южных морей, в частности, на островах Пасхи, Мангайа, Тонгапату, Понапе и на Марианских островах находятся древние каменные храмы и руины, по мнению Черчварда, напоминающие об эпохе Му. В городе Ушмаль на Юкатане стоит полуразрушенный храм, на котором высечена надпись в память о «землях на Западе, откуда мы пришли», а впечатляющая мексиканская пирамида на юго-западе от Мехико, согласно украшающей ее надписи, была возведена как памятник гибели все тех же «земель на Западе».

Черчвард обращает внимание и на сходство некоторых древних символов и преданий, обнаруженных в Египте, Бирме, Индии, Японии, Китае, на островах Южных морей, в Центральной и Южной Америке, у многих племен североамериканских «индейцев» и в других центрах древних цивилизаций. Эти символы и предания настолько схожи, что, несомненно, могли прийти из единого источника — Му.



Все эти документы и все упоминания в них о Му действительно существуют. Однако для современной науки попросту не существует сам погибший континент. Ему находится место только в альтернативной истории. Нужно подчеркнуть, что ее исследовал не один Джеймс Черчвард. Название «Му» ввел в обиход Брассер де Бурбур, ученый, предложивший в конце XIX столетия один из вариантов дешифровки майянской письменности. В «Троанском манускрипте» он нашел рассказ о вулканическом катаклизме, уничтожившем страну Му. Огюст Ле Плонжо, другой знаменитый исследователь загадок майя, подтвердил, что о разрушении страны Му действительно говорится в майянских рукописях. Ле Плонжо одним из первых начал раскапывать древние города Юкатана и пытался найти связь между майянской письменностью и египетскими иероглифами. Он был убежденным сторонником гипотезы о Му как Прародине человечества, но считал, что «Му» — это ... Атлантида!

Что касается времени появления людей в Северной Америке, то никаких достоверных сведений на сей счет не существует. Однако в преданиях «индейцев» хопи, зунья и пуэбло говорится, что они приплыли в Америку на лодках с запада.

Каждый выдвинутый тезис Черчвард аргументирует, подкрепляет фактами, но подчас толкует их предвзято, что называется, в свою пользу.

...Для Черчварда «азиатская» версия «стара и избита». Нет, говорит он, монголоиды пришли из Му. Однако туда они попали ... из Азии.

Никаких неопровержимых доказательств существования и гибели в историческое время тихоокеанской «прародины человечества» у Черчварда нет, во всяком случае, полковник их не приводит. Возможно, предметом его исследований в действительности являлось до-



историческое время, доисторическая эпоха, в которой жила и погибла страна Му, и все его аргументы не имеют отношения к историческим предкам современных «индейцев». С другой стороны, хронология появления людей в Новом Свете в «муанской гипотезе» неплохо согласуется с теми «волнами», «потоками» и сроками переселения о которых мы говорили в предыдущих главах.

Но самое удивительное и самое загадочное у Черчварда-его лингвистические изыскания. Некоторые его выводы способны вызвать настоящий культурный шок.

Черчвард утверждает, что известный всему миру с 403 года греческий алфавит, имеет еще и скрытое, эзотерическое значение, что он, в сущности, не что иное, как предание о гибели «прародины человечества» — страны Му!..

Что и говорить, это утверждение кажется, мягко говоря, совершенно фантастическим. Но отбросим эмоции и обратимся к выводам Черчварда. А он пришел к ним в результате изучения майянских языков. По разным сведениям, их насчитывается до 80, они объединены в 10 языковых групп, многие уже мертвы. Взяв один из них, язык кара-майя, полковник решил соотнести майянские лексемы с греческими буквами и установил, что они соотносятся, что современный греческий алфавит состоит из лексем кара-майя!

Греческий алфавит и лексемы кара-майя

Греческие	Лексемы кара-майя и их значение
Альфа	Аль(тяжелый); паа(ломать); ба(вода)
Бета	Бе(ходить); та(где, куда, место, равнина, земля)
Гамма	Ком (получать); ма(мать, земля)



Дельта	Тель (глубина, дно); та (где, куда и т.д.)
Эпсилон	Эп (препятствовать); зил (делать края); оном (вихрь)
Дзета	Дзэ (ударять); та (где, куда, участок земли и т.д.)
Эта	Эт (вместе, с); ба (вода)
Тета	Тэтбеба (простирается); ба (вода)
Йота	Йо (все, что живет и движется); та (где, куда, участок земли и т.д.)
Каппа	Ка (осадок, препятствие); паа (ломать, мешать)
Лямбда	Лам (тонуть); бе (идти, ходить); та (где, куда, участок земли и т.д.)
Мю	Му (Му)
Ню	Ни (точка, вершина, пик)
Кси	Кси(подниматься, показываться)
Омикрон	Ом (вращаться); ик (ветер); ле (место); он (круговой)
Пи	Пи (постепенно, понемногу размещать)
Ро	Ла (пока); бо (приходить)
Сигма	Зи (холод); ик (ветер); ма (земля, мать и т.д.)
Тау	Та (где, куда); у (дно, долина, бездна и т.д.)
Ипсилон	У (бездна, и т.д.); па (резервуар); зи (холод); ле (место); он (круговой)
Фи	Пе (приходить и т.д.); би (грязь, глина)
Хи	Хи (Отверстие рта)
Пси	Пе (приходить, уходить и т.п.); зи (пар)
Омега	О (там); мек (кружиться); ка (осадок)

Литературный перевод

Тяжело бились воды о равнины. Они покрыли низины. Там, где были препятствия, образовались изреченные берега. Земля испытала удар воды; воды скрыли все, что живет и движется, опоры расступились, и страна Му затонула. Только вершины поднимались над водой, вихри кружились вокруг, пока не пришел холодный



воздух. Там, где раньше были равнины, теперь великие глубины, холодные водоемы. У котловин возникли берега из грязи. Пасть распахнулась, и из нее вырвались пары и вулканическая лава» (Черчвард Джеймс. Древний континент Му. Прародина человечества. Киев, «София», 1997. стр. 52-55; 67-70) [2].

Ағылшын полковнигі Черчвардтың бұл жаңалығы сөз жоқ, өте құнды. Бірақ ғалымдар бір нәрсені ескермей отырған секілді. Қазіргі біздің грек алфавиті деп жүргеніміз – көне Финикия әліпбиі. Бұл әліпбиді гректер өздері жасаған емес, финикиялықтардан қабылдаған. Бұл туралы КСРО ғылым академиясы шығарған «Бүкіл элем тарихының» 1-томында былай дейді:

«Самым крупным достижением финикийской культуры было изобретение алфавитного письма. Финикийским писцам принадлежит слава доведение до конца великого открытия египтян. Последние уже в глубокой древности создали 24 алфавитных согласных знака, но вместе с тем они сохранили и сотни слоговых знаков для понятий. Дальнейший шаг к созданию алфавитного письма был сделан, как полагают некоторые исследователи, писцами гиксосских завоевателей Египта. Быть может, они создали на рубеже XVIII-XVII вв. до н.э. на основе египетского иероглифического письма первое алфавитное письмо из 26 знаков для согласных «синаяское письмо», именуемое так по месту нахождения надписей. Предполагают, что это письмо восходит к египетским иероглифам. Алфавит гиксосских писцов не успел получить своего окончательного оформления вследствие кратковременности существования гиксосского государства, но тем не менее он оказал воздействие на создание алфавитного письма Южной Финикии. На севере же, в Угарите, создавалось на той же основе



алфавитное письмо из 29 , букв , приспособленное для написания клинообразными знаками на глине.

В конце концов северный алфавит был вытеснен южным, состоявшим из 22 знаков, который и распространился по всей стране. От него впоследствии произошёл и греческий алфавит. Так, наше слово «алфавит» содержит в себе названия первых двух греческих букв алфа и бета, соответствующих названиям первых двух финикийских букв «алеф» и «бет». В основе так названных алфавитных знаков лежали соответствующие более древние знаки-рисунки. Большинство названий букв греческого алфавита находит своё соответствие в названных финикийских букв. Поскольку греческий алфавит, а также другой алфавит, происшедший из финикийского, -арамейский, являются предками большинства современных алфавитов, то и значение финикийского алфавита для истории культуры человечества огромно» (стр. 390-391) [16].

Бұдан шығатын қорытынды, қазіргі грек әліпбилеріндегі таңбалардың атауы грек сөздері емес, финикиялықтардың сөздері. Егер де грек әліпбиінің атауларын Черчвард грек сөздігімен оқып жатса әңгіме басқа. Бірақ, бұл жерде әліпбидің бірде-бір атауын грек сөздігімен түсіндіре алмайды. Сол сияқты Америка құрлығындағы қара майя халқының гректермен туыстығы туралы да сөз болуы мүмкін емес. Бұдан 12 мың жыл бұрын Америка құрлығында Еуразиядан бөлініп қалған майялықтардың гректермен жолы еш түйіспейді.

Оның есесіне осы әліпбиді жасаған финикиялықтармен Америка құрлығының байырғы тұрғындары майялықтардың тілі бірдей екенін көрсетіп тұр. Майя халқының түрік текті халық екені дәлелденген. Бұл осы әліпбиді жасаған байырғы финикиялықтардың да тү-



рік тілді халық болғанын дәлелдейді. Байырғы финикиялықтардың ежелгі египеттіктермен тығыз қарым-қатынаста болғанын, тіпті қаншама ғасыр бойы финикиялықтардың египеттіктердің теңіздегі негізгі тірегі саналғанын, тіпті алғашқыда бірдей пиктографиялық жазуды қолданғанын ескерсек ежелгі египеттіктер де түрік тілді халық болған деп жобалауға болады.

Жерорта теңізінің жағалауында Кіші Азия елдерінен төмен оңтүстікке қарай Угарит, Арвад қалалары (Кипрдің тұсында) орналасқан. Эгей теңізі елдері мен Египет, Кіші Азия, Алдыңғы Азия елдерінің теңіз жолдарының түйіскен жерінде орналасқан Угарит қаласынан археологтар II мыңжылдыңтың ортасына жататын клин жазуы әліпбиімен (29 әріптен тұратын) жазылған көптеген таблицалар тапқан.

Ал ол қалалардан төмен оңтүстікке қарай Египетке жақын Библ (грекше) (финикиялықтарша атауы Гебал «тау» деген мағына береді), Сидон және Тир (грекше) (финикиялықтарша Цур «жартас») қалалары орналасқан. Бұл қалалар Египетпен тығыз байланыста болған. Библ қаласы Египеттің теңіз жағалауындағы негізгі тірегі және сауда нүктесі болды. Библде египеттіктердің иероглиф жазуын кең қолданды. Одан басқа жергілікті ерекше буынмен жазу және төте жазу алфавиті қолданылды.

Ертедегі финикиялықтардың батыл да жүрекжұтқан теңізшілерімен атағы шыққан. Олар кеме жасаудың асқан шеберлері және тәжірибелі теңізшілер болды. Ерте дүние тарихындағы ең маңызды теңіз саяхаттарын осы финикиялықтар жасаған болатын.

Финикиялықтарда әскерде қызмет ету ерлікке бағаланды. Халық өз еркімен жаяу әскер мен әскери теңіз кемелеріне жазылды. Ақсүйектер жердегі әскердің



ең қаһарлы күші әскери ат арбада қызмет етсе, теңіз флотында басшылық қызметінде болды. Б.д.д. I мыңжылдықта Алдыңғы Азия тарихында Финикияның қала мемлекеттері өте маңызды рөл атқарды. Бұл кезеңде Египет державасы әлсіреп, финикиялықтар қайтадан еркіндікке ие болды. Б.д.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында финикиялықтар Жерорта теңізінде толық билік жүргізді.

Б.д.д. II мыңжылдықтың өзінде финикиялықтар теңіз сауда ісін қамтамасыз ету үшін Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде, ең бірінші Кипр аралында колония құрады. Финикиялықтардың негізгі колониялары Африканың солтүстік жағалауындағы қазіргі Тунистің аймағында орналасты. Бұл жағалауда олар көптеген қала салды. Олардың ішіндегі ең негізгісі Карфаген болды. Карфаген грекше аталуы, ал финикиялықтардың тілінде «Карт-хадашт» – «Жаңа қала» деп аталды. Бұл атау осындағы бұрынғы колония – Утикаға қарама-қарсы қойылған.

Карфагеннің өзі Тир қала мемлекетіне бағынышты бола тұра осындағы көптеген колонияларға иелік етті. Олар Солтүстік Африканың көптеген ливиялық тайпаларын бағындырып, үлкен аумағы бар мемлекет құрды. Карфаген ерте дәуірдің өзінде ірі сауда орталығына айналды. Африкадан құл мен піл сүйегін, Алдыңғы Азиядан мата мен кілем, Испаниядан алтын мен күміс, Британ аралдарынан қалайы, Корсикадан балауыз, Сицилиядан май мен шарап, т.б. заттар саудаға әкелінетін. Теңіз сауда ісін өркендету үшін олар батыс Жерорта теңізінде де тірек қоныстарын орната бастады. Олар Сицилия және Мальта аралдарына қоныстар орнатты. Испанияның Атлантида мұхиты жағалауларындағы жерлерді бағындырып, осында Гадес



(қазіргі Кадес) қаласын орнатты. Финикиялықтардың дәуірлеген кезінде теңіз жолы Жерорта теңізі жағалауындағы және Гибралтар бұғазының сыртындағы алыс елдермен басты байланыс құралына айналды. Бізге қазіргі белгілі тарихта финикиялықтар әлемде ең алғаш болып Англия жеріне жетіп, сонда қалайы өндіردі. Карфаген теңізшілері Прибалтика жерінен ол кезде өте жоғары бағаланатын янтарь жеткізіп тұрды. Карфагендіктер Гибралтар бұғазын Тир қаласының бас құдайының атымен Мелькарт бағаналары деп атайтын. Осы бұғаздан Атлантида теңізіне шыққан карфагендік теңіз саяхатшылары солтүстік батысқа және оңтүстік батыс Африка жағалауларына саяхаттар жасады. Осындай саяхаттардың бірін Тирдің патшасы Хирам мен Израилдің патшасы Сүлеймен ұйымдастырған. Финикиялық теңізшілер Қызыл теңізден Үнді мұхитына шығып Үндістанға дейін жеткен. «Алтынға өте бай Офир еліне саяхат» туралы Библияда жазылған. Б.д.д. VII ғасырдағы Египет патшасы Нехао ұйымдастырған экспедиция – финикиялық теңізшілердің ең үлкен жетістігі. Үш жыл ішінде олар Африка құрлығын айналып өтіп, Гибралтар бұғазы арқылы Египетке оралған. Мұндай ұлы жетістікке финикиялықтар Васко да Гамадан 2 мың жыл бұрын қол жеткізген.

Ертедегі грек рим тарихшылары б.д.д. II мыңжылдықта Оңтүстік Испания жерінде мәдениеті шарықтап гүлденген, үлкен қалалар салған құл иеленуші Тартесс мемлекеті болғаны туралы айтады. Жоғары деңгейде дамыған өз жазуы болған бұл қала орны өзiрге табылған жоқ. Әдеби жанрда кездесетін жұтаң дерек қана қалған.

4) Филистимляндықтар. Б.д.д. XIII ғасырдың екінші жартысында Кіші Азия мен Эгей теңізі аралдарынан шыққан «теңіз халықтары» аталған тайпалардың



қозғалысы басталды. Олар Египеттің Азиядағы иеліктеріне үлкен соққы берді. Б.д.д. XIII ғасыр мен XII ғасырдың арасында Палестинаның Жерорта теңізі жағалауына филистимляндықтар келіп орналасты. Палестина – грекше «филистимляндықтар елі» деген сөз. Кейіннен бұл атау тек теңіз жағалауына ғана емес, оларға жақын жатқан елге де тарады. Филистимляндықтар осында тұратын израилдықтардың Газа секілді ірі бекіністі қалаларын да басып алды. Олар бұл топырағы құнарсыз кедей елдің ішкі жағына барғысы келмеді. Олар израилдіктерді бірнеше ауыр жеңілістерге ұшыратып, қалаларын тартып алды. Солардың ішінде израил халқының басты қасиетті қаласы Сидом да бар еді. Филистимляндықтар бұл кезде темір қарумен қаруланған болатын. Ал Израил тайпаларының бар қаруы әлі де мыстан болатын. Филистимляндықтар темір қару өндіру ісін бағындырған халықтардан жасырын ұстап, олардың темір қару иеленуіне мүмкіндік бермеді.

Филистимляндықтар гректер пеласг деп атайтын халықтың бөлшектері болатын. Пеласгілердің тілі халық саны аз болғандықтан көп ұзамай жергілікті халыққа жұтылып, хананай тіліне көшіп кетеді.

5) Гректер. Б.д.д. III мыңжылдықтың аяғына дейін қазіргі Грекия аталатын жерде Кіші Азия халықтарына туыс, гректер пеласг, карийліктер, легагтар деп атаған халықтар тұратын. Олардың бұл жерге қашан келіп қоныстанғанын ғалымдар дәл айтып бере алмайды. Жобамен неолит тас дәуірінен бері осында тұрып жатқан деп шамалайды. Олардың тілі қазіргі Еуропаны мекендейтін үнді еуропалық тілдер тобына жатпайды дейді ғалымдар. Олардың тұтынған заттары, қолөнері, географиялық атаулары Кіші Азия халықтары, Троя патшалығы мен Эгейда теңізін мекендеген халықтардың мәдениетіне өте ұқсас келетін.




Б.д.д. III мыңжылдықта олар метал өңдеу ісінде үлкен жетістіктерге жетті. Олар мыс, алтын, күмістен түрліше бұйымдар, қола қару-жарақтар жасады. Ғалымдар Балкан түбегінің оңтүстік бөлігін (материктік Грекия), Эгей теңізі аралдарын, Крит аралын, Кіші Азияның жіңішке теңіз жағалауын Эгей теңізі бассейніндегі елдер деп атайды. Гректер келгенге дейінгі бұл аймақта түбі бір ағайын халықтар мекендеген. Олардың мәдениеті де ұқсас болатын. Гректердің шабуылына кештеу ұшыраған Крит аралының мәдениеті осылардың ішінде ең шыңына жеткен әрі көбірек зерттелген. Б.д.д. XV ғасырдың бірінші жартысында гректердің Ахей тайпасы жаулап алғанға дейін бір жарым мың жылдай шетел басқыншысының аяғы тимеген Крит аралының өркениеті өз бетінше дамумен болды. Криттің Египетпен тығыз байланысы болды. Гректерге дейінгі Криттің ғажайып ірі құрылыстары, кейде тіпті бірнеше қабатқа кететін үйлер мен сарайлар әсем өрнектерімен тандай қақтырады. Эгейліктердің жазуы алғашқыда пиктографиялық жазудан пайда болады да, кейіннен египеттіктерше иероглифтерге көшеді. Ал б.д.д. 1600 жылдар шамасында түзу сызықты А жазуы, кейіннен түзу сызықты Б жазуы пайда болады. Б.д.д. VII-IV ғасырларда Кипрдің буынмен жазуы пайда болады.

Б.д.д. 2500 жылдары Солтүстік Грекиядағы Фессалияда Димини деп аталған мәдениет иелері пайда болды. Бұл тайпалар төбесінде тесігі бар төрт бұрышты үйлерде тұратын. Олардың мәдениеті Эгей әлемі халықтарының мәдениетінен көп төмен болатын. Бұлар кейінгі грек тайпаларының аталары болатын.

Б.д.д. 2200-2000 жылдары Балқан түбегінің оңтүстігіндегі қазіргі Грекия жері жойқын шабуылға ұшырады. Грек тайпалары Эгей әлемі халықтарына солтүстігінен



лап қойды. Ескі қоныстарға археологиялық қазбалар жүргізген ғалымдар сол дәуірдің құрылыстарының күлге айналғанын, көптеген қоныстарды тұрғындары тастап кеткенін анықтады.



Грекия картасы.

Материктік Грекияны жаулап алған гректердің үш тайпасы – ионилықтар, ахейліктер және эолилдықтар осында жобамен б.д.д. 1100 жылдарға дейін билік жүргізді. Осылардың ішінде Эгей теңізінің мәдениеті жоғары елдеріне жақын Пелопоннеске орналасқан ахейлік гректер басқа грек тайпаларына қарағанда тәзірек дами бастады. Ахейліктердің Микен өркениеті деп аталатын бұл патшалық кейінгі Греция тарихында өте маңызды рөл атқарды. Жобамен б.д.д. 1300 жылдары ахейліктер Крит аралын жаулап алды.

Крит архитектурасының атақты ескерткіштерінің бірі Кнос сарайы б.д.д. XXI ғасырда салынған болатын. Грек аңыздарында ол лабиринт деп аталды. Бұл аңызға сәйкес сарайдың терең түкпірінде басы өгіз, денесі



адам – минотавр өмір сүріпті-мыс. Осы минотаврдың жеуіне Афина қаласы жыл сайын 7 ұл, 7 жас қызды жіберіп тұрған. Аңыз бойынша осы минотаврды Эгей патшасының ұлы афиналық батыр Тесей өлтіреді.

Бұл аңыз Афина қаласының біраз уақыт Кносқа бағынышты болғанын, салық төлеп тұрғанын көрсетеді.

Жалпы көлемі 16000 шаршы метр, жүздеген бөлмелерден тұратын күрделі құрылыс, гректерге шығар жолды табу мүмкін емес, ішінен адам адасатындай болып көрінсе керек. Содан бастап «лабиринт» сөзі бөлмелері мен дәліздері күрделі құрылыстардың синониміне айналды.

Ұлы грек ақыны Гомердің «Илиада» дастанына негіз болған Троя соғысы б.д.д. XII ғасырда басталды. Кіші Азиялық қала мемлекет Трояны бұл кезде көрі патша Приам басқаратын. Ал гректер әлеміне Микен патшасы Агемемнон басшылық жасайды. Он жылға созылған бұл соғыстың соңы Троя үшін өте қайғылы аяқталды. Аңыз бойынша, гректердің қулығына алданып қалған троялықтар қатты қырғынға ұшырайды. Ғалымдар бұл соғысты шамамен б.д.д. 1194-1184 жылдары болды деп жобалайды.

Ерте дүние тарихшыларының мәліметтеріне сәйкес, Троя құлағаннан 80 жылдан кейін гректердің өздері «жабайы дорий» тайпасы деп атаған тайпаның жойқын шабуылына ұшырайды. Ғалымдар дорийларды да бұрын келген грек тайпалары сияқты ертедегі грек тайпаларының бірі деп атайды.

Бірақ дорийліктерді гректердің негізінен оңтүстігіне орналасқан ахейліктерді талқандады. Пелопоннесінің шығыс жағындағы ионилықтардың да біраз жерін дорийліктер жаулап алып, ионилықтарды Атиканың түкпіріне ығыстырып тастады. Ал грек тайпаларының



солтүстігінде орналасқан эолилліктер тобы бұл шабуылдан аман қалды.

Бұған дейінгі грек тайпаларының ішінде Эгейда теңіздегі жоғары өркениетті елдерге жақын орналасып, жедел дамып келе жатқан Критті және Трояны жаулап алған ахей тайпалары дорийліктерден күйрей жеңілді. Микен өркениеті күйретілді. Эгей теңізіндегі бұрын ахейліктер жаулап алған Крит және басқа біраз аралдар, ахейліктердің негізгі мекені Пелопоннесінің оңтүстік бөлігі дорийліктер қолына көшті. Дорийліктер сонымен қатар Кіші Азияның оңтүстік батыс шетіндегі теңіз жағалауы жерлері мен аралдарды да иеленіп, Дорида аталған аймақты да биледі.

Дорийліктердің бұл шабуылы гректер үшін өте ауыр болды. Гректер жоғары мәдениетке ие Ерте Шығыс әлемінен бөлініп қалды. Үш ғасырға созылған бұл тоқырау гректердің тарихындағы қараңғы ғасыр болды [16].

Енді «осы дорийліктер шынында да грек тайпасы ма?» деген сұрақты талдап көрейікші.

• Олар гректерге бір-біріне ағайын халықтар мекендейтін Эгейда теңізі жақтан келді. Ал мұнда гректер қайдан және қашан келген?


• Олар гректердің жедел өркендеп келе жатқан, Эгейда теңізіндегі жоғары мәдениетті елдеріне шабуыл жасай бастаған ахейліктердің, микен өркениетінің күл талқанын шығарды.

• Гректердің «жабайы» дорий тайпасынан күйрей жеңілгенін тарихшылар, дорийліктердің темір қару-жарағы болды және ахейліктер ұзаққа созылған Троя соғысынан әлсіреген болатын деп түсіндіреді. Бірақ гректерден бұрын темірді игерген дорийліктер қалай «жабайы» болады?



• Дориліктер грек тайпасы дей тұрып, «гректерді бұл өте ауыр жағдайда қалдырды, себебі дорийліктер гректерді жоғары өркениетті Ерте Шығыс әлемінен бөліп тастады» дегенді қалай түсінуге болады?

• Тарихта мынандай деректер жазылыпты: «дорийліктердің қоныс аударуы және осыған байланысты басқа да Эгей теңізі бассейніндегі қозғалыстар б.д.д. XI ғасырда аяқталып бітті. Дориліктердің және оларға туыс басқа да тайпалардың қоныс аударуы нәтижесінде Пелопоннесті жаңа жаулап алушылар тартып алды. Сонымен бірге дориліктер Крит бастаған көптеген аралдарды басып алды. Осыдан кейін Криттің дамуы басқа да Эгей теңізіндегі иеліктердің дамуымен бірдей болды.



Ежелгі карталардың бірі

Дорийліктер ығыстырған иониліктер мен ахейліктердің аздаған бөліктері алдымен Аттикаға тығылады. Кейінірек Аттика тұрғындары «эллиндердің көпшілігіне қарағанда өздерінің дорий шабуылын тойтарып, нағыз өз ата қоныстарында отырғанын мақтан ететін» (640-б.) [16].



• Б.д.д. VI-IV ғасырларда орталығы Спарта қаласы болатын дорийліктер иелігіндегі Пелопоннес одағы және Аттика жерінде Афина мемлекеті пайда болды. Ішкі құрылымдары әр түрлі бұл екі мемлекет бір-бірімен бақталас болды.

6. Египеттіктер.

Африкадағы ең алғашқы пайда болған өркениет – Египет. Египет жерінде ең алғашқы мемлекет қашан пайда болғаны белгісіз. Белгілісі б.д.д. 3000 жылдары Египет жерінде мемлекет болған.

Египеттің ертедегі тарихы туралы б.д.д. 300 жылдары грек тілінде жазып кеткен абыз Манефеннің шежіресі 30-ға жуық әулеті көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, Манефен көрсеткен III әулетке дейін де Египетте мемлекет болған.

Манефен шежіресінде бұл әулеттердің патшаларын – фараондардың атын грекше тізіп көрсеткеннен басқа олардың қай жылдары және қанша жыл басқарғанын, тегі кім екенін көрсетпеген.

Ежелгі Египет мемлекетінің тарихы бірнеше кезеңдерге бөлінеді: Ерте (раннее), Ежелгі (древнее), Орта (среднее), Жаңа (новое) және Кейінгі (позднее) патшалық кезеңдері.

Египеттің Ерте патшалық кезеңіне Манефеннің тізіміндегі I және II әулеттер кіреді.

Ежелгі патшалық кезеңіне б.д.д. III мыңжылдықтың бірнеше ғасыры, ал Манефеннің тізімі бойынша III әулеттен VIII әулетке дейін кіреді.

Ертедегі аңыздар Египеттің бірінші патшасын «Мен» деп атайды. Манефен өзінің шежіресінде I әулетті осы Меннен бастайды. Ал бірінші патша өзінің жазбаларында өзін Тау Батыр деп атаған. Аңыз бойынша Мемфис қаласының негізін қалаған – осы Мен-Тау Батыр.



Бұдан кейінгі патшалар да өз аттарына осы «Тау» деген қосымша атауды қосып алатын болған.

Қазіргі біз оқып жүрген Египет тарихы мен атаулары кейінгі гректердің берген атаулары. Египет атауы гректің «Айгуптос» деген сөзінен шыққан. Арабтар Мысыр дейді. Ертедегі египеттіктердің өздері «Кеме» деп атаған, мағынасы «қара», Египеттегі топырақтың түсіне байланысты берілген.

Ертедегі египеттің ең ірі қаласы грекше Мемфис, көне египет тілінде Хет-ка-Птах, ал кейінгі оқылуы бойынша Хэ-ку-Птах деп аталған.

Тарихшылар Мемфистің алғашқыда «Ақ қабырға» деген де аты болған дейді.

Ғалымдардың пайымдауынша, Египеттің ежелгі пирамидалары мен алып Сфинкстің мүсінін салған шеберлер – осы қаланың тұрғындары. Қазіргі ғалымдардың сөзіне сенсек, сол заманда ежелгі Египетте сауда мен мәдениет өзінің шарықтау шегіне жеткен. Ал оның бай кітапханасы қаланы әлемнің ең ірі ғылыми ордасына айналдырған. Бірақ қала тұрғындары беріде белгісіз себептермен қаланы тастап кеткен. Ніл өзенінің суы шайып, құмға батқан қаланың жұрнағын зерттеушілер ХІХ ғасырда өзер тапқан. Сол қала қалдығының өзі сондай, бір шетінен екінші шетіне жету үшін жаяу адамға төрт сағат қажет болған. Ал ХІІ ғасырда жартылай құлаған Мемфисті өз көзімен көрген жазушы Абд әл-Латифа қаланы оңтүстігінен солтүстігіне дейін аралап шығу үшін жарты күн уақыт кеткенін жазған екен. Ол жартысынан азы ғана қалған құрылысқа «бұл құрылыстың кереметтігіне адам баласының көзі тоймайды. Тіпті, мықты деген ділмар шешен де бұл сұлулықты жеткізе алмас. Талқандалған гимараттар қараған сайын таң қалдыра түседі» деп баға берген екен.



Тарихшылар «Ежелгі Египет халқы солтүстік шығыс Африка мен кейіннен Алдыңғы Азияда өмір сүрген кейбір тайпалардың араласуынан пайда болған болуы мүмкін» деп жобалайды.



Ежелгі египеттіктердің тас мүсіндері

Ал ежелгі Египет халқының дене бітімі Африканың негізгі халқынан бөлекше болғанын ғалымдардың өзі де мойындайды. Шымыр денелі, түзу қара шашты, терілері қызғылт түсті. Ал Африканың негізгі халқы бұйра шашты, қара нәсілділер болатын.

Бұл жерде ескерте кететін бір нәрсе, моңғолоидтардың сары терісі Африканың ыстығына күйіп, біраз уақыттан кейін қоңырқай тартатыны тарихтан белгілі. Орта ғасырларда түрік текті мамлюктердің ұрпақтары Египетте көп ұзамай қызғылт түске енгеніне тарих куә.

Осы жерде мына мәліметті қараңыз: *«ІІІ және ІV әулеттер тұсындағы бейнелеу өнері өмірдегі бар нәрсені барынша дәл беруге тырысатын: көне патшалықтың алғашқы билеушілерінің сопақша беттері таңқаларлық дәлдікпен көрсетілген. Күнге күйген еркектердің бетін қызғылт түспен, ал әйелдерді сары түспен көрсету әдетке айналған, қалыптасқан»* [16].

Египетте пирамида салу ІІІ әулеттің тұсынан басталады.



Египеттің ең көрі пирамидасы – Джосер патшаныкі. Ол Каирдың оңтүстігінде Саккара ауылына жақын орналасқан. Саккарадағы осы мәйітханалардың біріне салынған суретте Египеттің ерте патшалығындағы айырбас сауда бейнеленген. Осы суреттерде шаштары түзу, үстерінде киімі бар сары түсті адамдар түрегеліп тұрып саудаласып жатса, шаштары қысқа, бұйра басты, қара нәсілді, белінен басқа жерінің бәрі жалаңаш адамдар тізерлеп отырып сары адамдармен саудаласып жатқандары бейнеленген.

Бұл жерде тізерлеп отырған қара нәсілділер бұрынғы жергілікті халықты білдірсе, түрегеліп тұрған сары нәсілділер жоғары өркениет иелерін, елді жаулап алған билеуші тап өкілдерін білдіреді.

I әулеттің, тіпті кейбір оларға дейінгі патшалардың ескерткіштерінде қара нәсілділерді қырып тастаған, тұтқынға алған патша мен құс бейнесіндегі патшалардың бейнесі беріледі,

Алғашқы египеттіктердің тілдері Африканың негізгі халқы сөйлейтін семит-хамит тілдерінен бөлекше болған. «Көне египет тілі семит-хамит тілдері тобының шекарасындағы ерекше топты құрайды», – дейді ғалымдар.

«Египеттен батысқа қарай Солтүстік Африканың Жерорта теңізі жағалауын тілдері семит-хамит тобының бербер-ливия тармағына жататын тайпалар мекендеді. Олардың терілерінің түсі египеттіктерден де сарғыштау болатын. Олар Атлантика мұхитына дейінгі жағалауда мекендейтін.

Ливиялықтар аңшылар, көшпелі малшылар және енді отырықшылыққа бейімделе бастаған жер өңдеушілер болатын.

Қазір семит-хамит тілдер тобына жататын халықтар Жерорта теңізінің халқы – европидтардан



қара негрлерге дейінгі түрлі антропологиялық топтарға жатады. Бұл осында келіп қоныстанушылардың санының аз болғанын, олардың жергілікті негізінен отырықшы халыққа жұтылып кеткенін, бірақ осы жергілікті халық пен кейіннен келіп қоныстанушылардың тілдері араласуы нәтижесінде өзгеріске ұшыраған жаңа тілдер тобында жергілікті халықтың тілі басымдыққа ие болғанын көрсетеді» (138-б.) [16].

Африканың басқа елді мекендерінің IV-III мыңжылдықтардағы халқы туралы дерек өте аз. Көптеген Африка тайпалары әлі көпке дейін тас дәуірінде өмір сүрді.

Ал Египет жерінде алғашқы өркениеттің негізін қалаған халықтың жалпы адамзат дамуына қосқан үлесі өлшеусіз.

«I әулетке жататын бір бай мәйітханадан мыс бұйымдардың үлкен қазынасы табылды. Табылған заттардың саны 600-ден асады. Ең ғажабы ондағы бұйымдардың түрлері өте көп (ара, пышақ, кескіш, тескіш, қалақша, біз, ине, т.б.).

Бұл Египеттің алғашқы патшалық кезеңінің өзінде олардың мыс бұйымдарды дайындау мен пайдалануда көптен келе жатқан үлкен тәжірибесі бар екенін көрсетеді.

Осында көрсетілген бұйымдар, тура осы күйінде, Египеттің кейінгі Ежелгі патшалық деп аталатын дәуірінің аяғына дейін кездеседі» (148-б.) [16].


Ертедегі египеттіктердің бүгінге жеткен ғажайып туындыларының бірі – «әлемнің жеті кереметінің бірі» атанған пирамидалары. Бүгінде олардан белгілісі Египетте 118 дана. Ніл өзенінің солтүстік батыс жағалауына шашырай орналасқан бұл пирамидалардың ең көнесі – Джосер пирамидасы. Бұл пирамиданың негізі осыдан 5000 жыл бұрын қаланған. Бұл пирамиданың құрылы-



сын Имхотеп атты шебер басқарған. Пирамиданың биіктігі 60 метр. Джосер перғауын – III әулеттің өкілі.

Ал Египеттегі пирамидалардың ең үлкені – Гиза даласында орналасқан Снефрдің ұлы Хеопс (египетше Хуфу) перғауынның пирамидасы. Бұл пирамида 20 жыл салынып, пирамидаға салмағы 2,5-3 тоннаға жететін 2 млн. 300 мың тас кірпіш жұмсалған. Ал оның ішінде орналасқан «патша бөлмесінде» салмағы 80 тоннаға жететін алып кірпіштер де бар. Бұл пирамиданың биіктігі 146,6 м, әр қырының ұзындығы 230 метрді құрайды.

Ал Хеопстің ұлы Хефреннің (египетше Хафра) пирамидасының сыртқы бетінің әсемделуі Хеопстің пирамидасынан да сәнді. Осы пирамидалардың жанында көптеген патша жақындарының тастан салынған мазарлары орналасқан. Ал Хефрен пирамидасының қарсы алдында тастан жасалған, биіктігі 20 метрге жететін Сфинкс бейнеленген. Бұл Сфинкстің денесі арыстан бейнелі де, басы осы Хефрен перғауынның өзі дейді ғалымдар.




Пирамидалар



Енді ертедегі Египеттіктердің құрылыстан басқа да салалардағы жетістіктерін қарастырып көрейік.

Ғылым мен өнерді үйрену туралы былай дейді: «Мемфис қаласының «Птаха құдайы» алғашқы пайда болған су мен топырақтың, әлемдік ақылдың (жүректің) және ойыңды жеткізудің (тілдің) қосындыларынан тұрады. Птаха құдайдың бас абызы әдетте түрлі өндірістердің «жүрегі» мен «көзі» болып саналатын мемлекеттік ұстаналардың жоғарғы басшылары болатын. Өз ілімін түсіндіру үшін абыздар әдетте адамның іс әрекетін мысалға алатын; «көз көреді, құлақ естиді, мұрын иіс сезеді; олар жүрекке жеткізеді; жүрек ойлап шешім қабылдайды; тіл жүректің шешімін жеткізеді; осылайша жүректің шешімімен, тілдің жеткізген бұйрығымен барлық жұмыс, барлық ұсталық, қолөнер, жүру, дене мүшелерінің қозғалысы іске асырылады» [16].»

Египеттіктердің емшілік саласындағы жетістіктері өте жоғары: оларда «ішкі құрылыстың», көздің, тістің, т.б. дәрігері болды. Ежелгі патшалықтың тіс емдеу саласындағы жетістіктері мына мысалдардан белгілі; бір тіс екінші тіске алтын сыммен бекітілген, операция кезінде жақ сүйегі тесілген.



Сфинкс



Күнтізбесі. Жыл 3 мезгілден, мезгіл 4 айдан, ай 30 күннен тұрады, жыл $3 \times 4 \times 30 = 360$ күнге жылына 5 күн қосылып, ежелгі египеттіктердің 1 жылы 365 күннен тұратын.

Ежелгі патшалық кезіндегі египеттіктердің әдебиеті туралы кейінгі ұрпақтар естеліктер қалдырған. Олар III және V әулеттің жоғары қызметкерлері шығарған өмір даналықтары туралы ұлы шығармалары болғанын айтады. Олардың аттары да белгілі: «Кагемен» және «Птаххатеп». Бірақ, бұл шығармалар бүгінгі күнге жетпеген.

Саккарадағы VI әулеттің қабірханасының қабырғасына қазіргі заманғы балерина қыздардың биі сияқты қимыл жасап билеп жүрген қыздардың үйлесімді қимылы өсем бейнеленген.

Ежелгі египеттіктер ең алғашқы болып жазуды ойлап тапқан деп есептеледі. Бірақ олардың ең алғашқы жазуы қашан пайда болғаны ізірге белгісіз.

Египеттіктер алдымен иерогиф жазуын қолданған. Кейіннен иератикалық жазу өмірге келеді. Онда иерогиф жазудың суреттерінің орнына ұқсас оңай жазу белгілері қолданылады.

Осы Египеттің иероглиф жазуының негізінде б.д.д. XVIII-XVII ғасырларда Египетті жаулап алған көшпенді халық Гиксостар 26 әріптен тұратын әліпбилік жазуды өмірге әкелді. Ол қазір Синай тауының жартасына жазылған жерінен табылуына байланысты «Синай жазуы» деп аталады. Гиксостардың билігі ұзаққа созылмағандықтан олардың жазуы Египетте қалыптасқан жоқ деп есептепті ғалымдар. Мал баққан көшпенді халық Гиксостар Египетті жүз жылдан аса билеген.



Санкара қабірханасының

Сондықтан да Египеттің жазуы ең соңында 24 әріппен бірге жүздеген буындарды білдіретін жазумен жазылатын дейді ғалымдар [16].

Жерорта теңізі аумағындағы елдердің тегі мен тілі

Енді осы Жерорта теңізі жағалауындағы және Жерорта теңізінің ішкі аралдарындағы алғашқы жоғары өркениетке қол жеткізген елдерді зерттеп көрейікші.

Қазіргі Еуропаның ең ерте өркениетке қол жеткізген деген гректерінің өзі қазіргі Грекия жеріне кейіннен, б.д.д. 2000 жылдары келіп қоныстанған. Ал оған дейін ол жерде Кіші Азия халықтарымен туыс, жоғары өркениетті халықтар тұрған.

Жерорта теңізінің еуропалық жағалауларында, Кіші Азия жерінде, Жерорта теңізінің аралдарында, Жерорта теңізінің шығыс жағалауларында негізінен бір-бірімен туыс, тілдері ұқсас, өркениеті өте жоғары,



өздерінен кейінгі халықтарға жоғары өркениетті үйреткен халықтар шамамен б.д.д. IV мыңжылдықта пайда болған, келіп қоныстанған. Шумерлердің де Месопотамияға келіп қоныстанған кезеңі осы шама.

Ол жерлерде алғашқы орналасқан халықтардың атаулары әр түрлі, ал кейбіреулері тіптен белгісіз. Бірақ олар бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Материктік Грекияны неолит дәуірінен гректер келгенге дейін мекендеген халықтар – пеласгілер, карийліктер, легагтар деп аталады. Бұл, әрине, гректер берген атаулар. Осындағы пеласгілерді Этруск мемлекетінің негізін қалаған халықтардың құрамынан да, филистимляндықтардың құрамынан да көреміз. Ал карийліктер Кіші Азия халықтарының құрамында да, «теңіз халықтары» атанған аралдардың халықтары арасында да кездеседі.

Троя қаласына жақын орналасқан, Эгей теңізінің Лемнос аралынан табылған көне жазу тілі мен түрі этруск тіліне келеді дейді ғалымдар. Б.д.д. XIII-XII ғасырларда Египетке шапқыншылық жасаған «теңіз халықтары» арасында турша аталған халық этрускілер дейді тарихшылар.

Қарап отырсаңыз, бұл көрініс XIII ғасырдағы Шыңғысханның сойқанды шапқыншылығынан кейінгі түрік халықтарының сендей соғылысқан қоныс аударуларын еске түсіреді. Бір кездері Дешті-Қыпшақты мекендеген қыпшақтар Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін қазақтың, ноғайдың, татардың, Қырым татарларының құрамына кіріп, тіпті Прибалтика, Венгрия, ал шеті Египетке дейін шашырап кеткен. Ал Шыңғыс шапқынына дейін Моңғолия жерінде мекендеген қоңыраттар қазір қазақтың, өзбектің, қарақалпақтың, ноғайдың, т.б. халықтардың құрамында жүр. Бірақ



бұлардың бәрі – түбі бір түркі халықтарының ру тайпалары.

Сол секілді Жерорта теңізінің жағалауларына неолит дәуірінде келіп орналасқан халықтар да атауы әр түрлі болғанымен, тілі бір, түбірі бір халық болғаны даусыз. Тек Египет жеріндегі алғашқы өркениеттің негізін қалаған халықтардың атаулары мен тілі белгісіз. Ежелгі египеттіктердің түрі Африканың негізгі халқы семит-хамит халықтарынан бөлек, дене бітімі түрік халықтарына өте ұқсас. Ежелгі египеттіктердің тілдері де семит-хамит халықтарының тілдерінен бөлек болған. Еуропалық ғалымдар олардың тілін семит-хамит тілдер тобының шегіндегі ерекше топты құрайды дейді. Бірақ, Платонның жазуынша Египет абызының «біздің көне жазуларға сәйкес, Атлант мұхитының аралдарынан келіп, Египетті жаулап алған бөтен халық – атланттар» туралы дерегі ескерілмеген.

Египеттіктердің алғашқы жазуы таза пиктографиялық суретпен жазу болғандықтан да, ол жазулар арқылы олардың ең бастапқы тілін айқындау мүмкін болмаса керек. Ал арада біраз уақыт өткен соң ежелгі египеттіктердің тілі сол жердің бастапқы тұрғындары семит-хамит тілдерімен араласып, танымастай болып өзгеріске түскені даусыз. Египеттіктер ең алғашқы жазуды ойлап тапқанымен де, өздерінің тарихында сол бастапқы пиктографиялық жазудан әліпбилік жазуға толық көшпеген.

Ал шумерліктер ерте бастан әліпбилік жазуға көшкендіктен де, олардың тілі көп ұзамай семит халықтарының тіліне жұтылып кеткенімен, сақталып қалған жазулары арқылы олардың бастапқы тілі түркі тілдер тобына жататындығы қазір даусыз дәлелденді.



Аңызға негіздеме

Енді осы Платон жазып кеткен египет абызының мәліметін қазіргі біз білетін мәліметтермен салыстырып көрейікші. Нейт құдайын пір тұтатын Египеттің Сайс қаласы Ежелгі Египеттің I әулеті кезінде бар болатын. Демек, оған Солонның кезінде кем дегенде 2500 жыл.

Б.д.д. 2000 жылдары өздеріне дейін осында тұрып келген өркениеті жоғары халықтарды қырып-жойып жерін тартып алған гректер, арада мың жылдай уақыт өткенде өздері дорий тайпаларының жойқын шабуылына ұшырады. Темір қарумен қаруланған дорийліктердің ахейліктердің микен өркениетін қалай талқандағанын тарихшылар былай баяндайды:

«Б.д.д. XIII ғасырда микен қауымының, әсіресе сыртқы байланыстары әлсірей бастағаны анық байқалады. Микеннің өзінде тек қана қорғаныс құрылыстары жүргізіледі. Көп ұзамай микен өркениеті толық құлайды. Археологиялық қазбалар осы кезеңде құрылыс, сыртқы байланыс толық тоқтатылып, жергілікті керамика өндірісі де құлдырай бастағанын көрсетеді. Дәл осындай көрініс Тиринфте де байқалады. Тек қана Афинада б.д.д. XIII және XII ғасырларда қарқынды қорғаныс құрылыстары жүргізілген. Афинаның қорғаныс жүйесі кеңейтіліп, қорғаныс күшейтіледі. Қала астындағы тереңде жатқан су көздері ашылады. Бұл іс-шараның бәрі жалпы микен өркениетіне төнген қауіптің алдын алу үшін жасалды. Мұндай қауіп төндірген дорий тайпасының шабуылы болатын.

...Микен қауымы дорий тайпасының соққысынан құлағаны даусыз» (421б.) [16].

Дорий тайпаларының жойқын соққысы ахейлік гректерді жайпап өтіп, ионилік гректер қоныстанған



Аттика жеріне жетіп тоқтайды. Афина қаласы аман қалады. Дорийліктер бұрын ахейлік гректер басып алған Жерорта теңізінің аралдарының бәрін өздеріне қаратып алады. Бұл соғыстың нәтижесінде ахейлік гректер толыққа жуық күйретіліп, қалған грек әлемі жоғары өркениетті Эгей әлемінен бөлініп қалады. Гректердің өркениеті 300-400 жылға кері шегеріліп тасталды.

«Дорийліктер ығыстырған иониліктер мен аздаған ахейліктер алғашқыда Аттикаға тығылды. Кейінірек Аттика (орталығы Афина қаласы) тұрғындары, көпшілік эллин әлемінің халқынан гөрі өздерінің бұрынғы тарихи отанында тұратынын, дорийліктердің шабуылын тек өздері ғана тоқтата алғанын мақтан тұтып жүрді» (640-б.) [16].

Пелопоннесті жаулап алған дорийліктер Спарта қаласы бас болып Пелопоннес одағын құрады.

Ал Афина қаласы бас болған Аттикалық гректер Спартаның басты қарсыласы болды. Бұл жағдай македондықтар тарих сахнасына шығатын б.д.д. IV ғасырға дейін жалғасты. Бүкіл Македонияны қол астына біріктіріп, күшейіп алған Филипп патша афиналықтармен бейбіт келісімге келеді дағы, Спартаны жаулап алады.

Египет абызының айтуынша, бүкіл Жерорта теңізі аумағындағы елдерді жаулап алған жойқын күштен гректерге бас болып Афинаның жеңіп шыққаны туралы аңызға, тек осы дорийліктердің шабуылын тоқтатқан б.д.д. XII ғасырдың оқиғасы ғана сәйкес келеді.

Бұл жерде бірнеше қорытынды жасауға болады;

1) Жерорта теңізі аумағындағы елдермен қоса Египетті де жаулап алған осы теңіз халықтары.



2) Дорий тайпасы – қазіргі Еуропа тарихшылары айттып жүргендей грек тайпасы емес, теңіз халықтарының бірі. Оған афиналықтар мақтанып айтқан дейтін «көп-



шілік эллиндік халықтарға қарағанда, дорийліктерді тоқтатқан өздері ғана» деген сөйлемдегі эллиндік халықтарға дорийліктерді қоспай бөлектеп тұрғанының өзі дәлел.

Атланттардың Жерорта теңізі аумағына келуі

Енді Египет абызы айтқан, Атлантика мұхиты жақтан Гибралтар бұғазы арқылы келетін, жоғары өркениетке қол жеткізген атланттарды еске алайықшы.



1) Солтүстік Африкадан 2) Жылқы, бұқа, бұғылар бейнесі табылған суреттер



3) Ла Мадлен (Франция) үңгірінен табылған мамонттың суреті



Грек аңыздарында, Астерия атты аралда әлемнің шексіз мұхиттарын шарлап жүретін Аполлон мен Артемиданың анасы Летоны және оның Аполлон мен Артемиданы дүниеге әкелген аралы Жерорта теңізіне келіп тұрақтап, Делос аралына айналатынын еске алайықшы.

Ғалымдар Солтүстік Африка жағалауындағы Тунис жерінен, Еуропаның Атлант мұхитымен шектесетін батыс жағалауындағы Испания мен Франциядан ертедегі жоғары өркениет іздерін тапқан.

Ғалымдар солтүстік Африкадан жоғары палеолит дәуіріне жататын Капсий мәдениеті деп аталған мәдени ошақты тапқан. Қазіргі Тунис жеріндегі Гафсыға жақын болғандықтан осылай аталған бұл өркениет иелері аңшылықпен шебер айналысқан. Олардың леопард пен арыстандарды да қорықпай аулағандарын тұрақтарындағы сүйек қалдықтары дәлелдейді. Ал олардың түйеқұс жұмыртқасына салған өте нәзік суреттері ғажап. Бұл суреттер көпшілік жағдайда қарапайым ою-өрнек түрінде кездеседі. Ал кейбіреулерінде түйеқұстың, киіктің, бұқаның суреттері де бейнеленген.

Олар сонымен қатар тегіс жартастарға биіктігі екі метрдей ғажайып суреттер де салыпты. Бір суретте леопардтан баласын қорғаған пілдің жанталасқан әрекеті өте шебер бейнеленсе, енді бірде сүзісіп жатқан бұқаларды бейнелеген. (1.)

Ал Еуропаның Атлант мұхитымен шектесетін батыс жағалауында жатқан қазіргі Испания, Франция, Ұлыбритания жерлерінен табылған мәдениет ескерткіштері тіптен адам сенбестей. Оларда негізінен алғанда түрлі жан-жануарлардың тіршілік әрекеттерін бейнелейді. Былайша айтқанда ертедегі Қазақстан жеріндегі көне тайпалардың, еуропалықтар «скифтердің



аң стилі» деп атаған өнерінің бастапқы кезеңі сияқты. Франция жеріндегі Ляско үңгіріндегі тасқа салынған түрлі жануарлардың суреттері, Франциядағы Лортэ үңгірінен сүйектің сынығынан табылған суретте, өзеннен жүзіп өтіп бара жатқан бұғылардың суреттері асқан шеберлікпен салынған. Ал Испания жерінде Алтамира үңгіріндегі суреттерде түрлі жануарлар киік, буйвол, қабан, жылқы, т.б. бірінің үстіне бірі салыныпты. 2) Тас дәуірінің адамдары салған бұл суреттерде жануарлардың іс-әрекеті, мінезі өте көркем бейнеленген.

Әсіресе, Франция жеріндегі Ла Мадлен үңгірінен табылған сурет ғалымдарды естен тандырды десе де болады. Бұл суретте ғалымдар әлдеқашан ерте заманда жойылып кеткен деп жүрген зілдің айбат шегіп тұрған суреті, ашулы зіл мінез-құлқы дәл бейнеленген. (3).

Еуропаның солтүстік жағалауы әлі мұз астында жатқан заманда, оңтүстік Еуропаға адамдар енді-енді қоныстана бастаған заманда, ал Африканың негізгі халқы әлі қауымдық қоғамда өмір сүріп жатқан заманда, мұндай жоғары өркениет адамдарына тән суреттерді кімдер салуы мүмкін?

Әрине, бұл жерде Египет абызы айтатын атланттар, грек аңыздарындағы гиперборейлер еске түседі.

1513 жылы түрік флотының адмиралы Пири Рейстің қолданған картасында оңтүстік полюс – қазіргі мұз құрсаңған Антарктида өте дәл және жасыл жер болып көрсетіліпті. Бұдан 6000 жыл бұрын бұл жерде Мод королдігі деген ел болғандығы қазір дәлелденген. Қазіргі ең өркениеті жоғары ел деп жүрген еуропалықтардың өзі бұдан бар жоғы 500 жыл бұрын Америка құрлығына өзер жетіп, «үлкен жаңалық аштық» деп дүниеге жар салып жатқанда, бұдан 6000 жыл бұрын жердің қиыр шетіндегі Антарктидаға барған кімдер?



Бұл жерде тағы да Атланттар еске түседі. Астерия атты аралда (мұны алып теңіз кемесі деп түсініңіз) әлемдік мұхитты шарлап жүрген Атланттар, сол кездің өзінде дүниенің түкпір-түкпірін араласа керек.

Жер бетіндегі өмір сүруге қолайлы, ауа райы жайлы, топырағы құнарлы, теңізге шығар жолы бар жерлерге – Ніл өзенінің теңізге құяр сағасына, Евфрат пен Тигр өзендерінің Қызыл теңізге құяр сағаларына, Жерорта теңізінің аралдары мен жағалаудағы қолайлы жерлерге қоныстанып, алғашқы озық өркениеттің негізін қалаған атланттар сол жерлердің тұрғылықты жартылай жабайы халқы үшін жоғары өркениетті үйретуші болды. Көп ұзамай жергілікті халық та олардан көп нәрсені үйреніп дами бастады. Ал саны аз атланттардың тілдері көп санды жергілікті халыққа жұтылып, көп ұзамай бір кезде бір тілде сөйлеген халықтар бір-бірінен алшақтай берді. Шумерліктердің тілдері семит тілдеріне, Египет халқының тілі семит-хамит тілдер тобына, финикиялықтардың тілі хананай тілдеріне, материктік Грекия жеріндегі халықтар гректер тіліне көшіп кеткендіктен, қазір ерте кезден әліпбилік жазуы болмаған елдердің алғашқы тілін білу өте қиынға соғады.

Осы жерде бір мысал келтірейін: гректерде жыраулық дәстүрдің негізін қалаған, ертедегі гректің ұлы жыраулары Гомер мен Гесиодтардың шыққан тектері, кейіннен гректер басып алған жерде тұрып, гректеніп кеткен, түріктің алаш тайпасы, гректерше атауы эолий деп дәлелдейді ғалымдар (638-639-бб.) [18], [16].

Әсіресе, Гомердің «Одиссеясын» оқыған адам қазіргі қазақтың Алпамысын оқып отырғандай күйге түседі. Оғыздардың Қорқыт ата кітабындағы Алып Бамсы



Бейрек, қазақтың Алпамысы, Гомердің Одисейі бір оқиғаларды айна-қатесіз қайталайды.

Көне Тартесс туралы деректер

Тағы да Египет абызының айтқан деректеріне қайта оралайық. Абыздың айтуынша, Гибралтар бұғазының алдында жатқан аралдан басталып, қарсы жатқан Америка құрлығына дейін созылатын аралдар болып, ол аралдар кейін ғаламат жер сілкіністерінің әсерінен суға батып кеткен.

Б.д.д. VIII-VII ғасырлардағы тарихи жазбаларда Гибралтар бұғазының сырт жағындағы Испания жерінде ерте замандарда құл иеленуші Тартесс мемлекеті болғандығы туралы аңыздар сақталған.

«Металдарға бай, топырағы құнарлы Оңтүстік Испания жерінде бір кездерде өркеніеті дамыған Тартесс мемлекеті болғандығы туралы мәліметтер грек-рим тарихи еңбектерінде кездеседі. Бұл ертедегі тарихи көздердің мәліметінше үлкен қалалары болған, дамыған жазуы болған және Жерорта теңізі елдерімен, Британ аралдарымен тығыз байланыс жасап тұрған. Археологиялық қазбалар Оңтүстік Испанияның Кадисс түбегі аймағы ертедегі жоғары өркеніеттің маңызды орталығы болғанын дәлелдейді. Тарихи деректер осы жерде Тартесстің болғандығын көрсетеді. Бірақ бүгінге дейін бұл қаланың қалдығы табылған жоқ. Әдеби еңбектердегі анық емес мәліметтер Тартесстің қашан пайда болғанын, оның тарихы, мемлекеттің ішкі құрылысы туралы деректерді анықтай алмайды. Нақтыға келгенде бұл айтылған бірлестіктің нағыз мемлекет болғандығын дәлелденген деп санауға болмайды» (627-б.) [16].



Ал жақында ғалымдар спутник арқылы Испания жағалауынан суға батып кеткен қаланы тапты. Ғарыштан түсірілген суреттерде бұл суға батып кеткен аралда аса үлкен ғимараттардың сұлбасы көрінеді дейді ғалымдар. Ғалымдар «Атлантиданың астанасы Атлас қаласы мүмкін осы болар» деп зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сол сияқты, Куба жағалауындағы Бермут ұштағанының түбінен, ғалымдар алып қала құрылысын тапты. Құрылыстың ішінде төрт үлкен пирамида бар. Олардың біреуі шыныдан жасалған. Олардан басқа Сфинкс және бірнеше мүсіндер бар. Ғалымдардың пайымдауынша қаланы салған ежелгі үнді тайпалары. Ғалымдар «бұл жерде кезінде өте үлкен мегаполис болған, кейіннен қуатты жер сілкінісі мен теңіз суының көтерілуінің кесірінен, қала су түбіне батып кеткен» деп есептейді. Пирамидалар Египеттегі Гиза пирамидаларына ұқсас, бірақ көлемі одан да үлкен. Ал үлкен, кристал төріздес шыныдан салынған пирамида көлемі жағынан Египеттегі Хеопс пирамидасынан да үлкен.

Осы Испания жағалауындағы суға батып кеткен қала, Куба жағалауындағы су түбінен табылған қала, сол сияқты қазір ғалымдар дәлелдеп отырған Арктикада болған ертедегі аралдар, мұның бәрі Египет абығының айтқаны бос сөз емес, есте жоқ ерте заманда болған шындық екенін дәлелдейді.

Шежіреге сөз берсек

Грек аңыздарына қайта оралайық.

Жер-ана Гея мен аспан-өке Уранның 6 ұл, 6 қызы болады. Солардың ішінде гректер Кроностан тарайды.



Ал бесінші бала Иапеттен 4 бала болатынын жаздық: Атлант, Менетия, Прометей және Эпиметей. Менетия титаномахия соғысы кезінде әкесі екеуі қайтыс болады. Ал Эпиметейны Зевс алдап, өз тобына қосып алады. Ал Иапеттің қалған екі ұлы Атлант алыс гиперборейлер елін мекендесе, Прометейдің мекені – Кавказ тауының маңы.

Құдайлар мекенінен от ұрлап әкеліп, адамзатқа техникалық прогресті сыйлаған Прометейді Зевс Кавказ тауына бұғаулап тастап, азапқа душар болғанда, оған кентаврлар көмектескісі келеді. Кентавр Хирон Зевстен Прометейді босатып, оның орнына өз өмірін бергісі келетінін айтады. Бұл аңыз шауып бара жатып, садақтан оқ жаудыратын, жартылай адам, жартылай ат кентаврлардың Прометейге жақын екенін көрсетсе керек.

Енді өзіміздің аңыздарға сәйкес келетін еврей аңыздарын талдап көрейікші.

«Бүкіл әлемдік су тасқынынан Нұх пайғамбар кеме жасап аңдар мен құстарды, өзінің балалары Сам, Хам, Иапетті құтқарып қалады. Жер бетіндегі қазіргі барлық адам баласы Нұхтың осы үш баласынан тарайды. Жер бетіне түскен соң Нұх жер өңдеумен айналысып, жүзім егеді. Ол жүзімнен істелген шарапты ішіп мас болып, жалаңаш ұйықтап қалады. Бұны көрген Хам әкесін мазақтап күледі. Ал Сам мен Иапет теріс бұрылып, жалаңаш әкесіне қарамай, денесін жабады. Есін жиғасын, бұл оқиганы естіген Нұх пайғамбар Сам мен Иапетке батасын беріп, ал Хамды тұқымымен құл болуға қарғайды» [14].

Хамның ұрпақтары африкалық қара нәсілділер, хамиттер.

Ал парсылар өз аңыздарында, өздерін Сам палуанның ұрпақтарымыз дейді. Самның ұрпақтары үнді-еуро-



палықтар, парсылар. Ал Иапеттің ұрпақтарын түрлі шежірелерде түрліше көрсете береді. Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресі бойынша Иапеттің сегіз ұлы болады: Түрік, Хазар, Саклаб, Китай, Камари, Тарха, Манжур, Жапон.

Кейбір ғалымдар осы еврей, мұсылман аңыздарындағы Иапет пен грек аңыздарындағы Иапетті бір адам деп есептейді.

Басқаша айтқанда, грек аңыздарындағы Иапеттің ұлдары Атлант, Прометей мен гректеніп кеткен Эпиметей – қазіргі біздің түсінігімізше моңғолоидтар, түріктер.

Қазір Жерорта теңізі жағалауындағы елдерде тек қазіргі Түркия мемлекетінен басқа елдердің бөрінде бастапқы атланттар тілі – қазіргі түрік тілі жойылып кетті. Олар түгілі б.з. XIII ғасырында қазіргі Венгрия жеріне қоныстанған қыпшақтардың тілі де ұмытылған. Ал есесіне Америка құрлығының солтүстігі мен орталық Американы бұрынғы меланезиялықтардан тартып алып, тығыз қоныстанып қалған атланттардың ұрпақтары арада 10 мың жыл өтсе де, бастапқы тілдерін негізінен сақтап қалған.

Тілдер негізінен алғанда бөтен тілді халықтармен тығыз араласқа түскенде ғана қатты өзгеріске ұшырайды. Мысалы: XV ғасырда бір тілде сөйлесіп жүрген бір халық қазақ, өзбек, ноғай атанып үшке бөлініп кеткеннен кейін өзбек халқы аралас орналасқан тәжікпен байланысқа түсіп, тілі қатты өзгеріске ұшырады. Ал айнала өздері секілді түрік тектес халықтардың қоршауында орналасқан қазақ тілі сол бастапқы тілінен көп өзгере қоймаған. Сол секілді, негізінен бір-біріне туыс түрік тілді халықтар топтасып орналасқан Солтүстік және Орталық Америка халқы да арада 10 мың жыл



өтсе де, тілдерін көп өзгерте қоймаған. ХХ ғасырдың ғалымдары осы Америка құрлығындағы мая, сию, кечуя сияқты халықтардың тілдерін зерттегенде олардың тілі қазіргі қазақ тіліне өте жақын, қыпшақ диалектісінде сөйлейтінін анықтаған.

Басқаша айтсақ, Америка құрлығындағы атланттардың ұрпақтары мен Орталық Азиядағы түріктердің атақонысының қақ ортасына орналасқан қазіргі қазақ халқы баяғы атланттардың тілін сақтап қалған!

Білмейтін адамға бұл күлкілі естілуі мүмкін. Бір кездері адамзатқа өркениетті сыйлаған Прометей мен Атланттың ұрпақтары қазіргі өркениеттің соңында қалай қалып қойған?

Атланттар ұрпақтары өркениетінің құлдырауы

Бұл – соңғы ғасырлардағы тарихи оқиғалардың «жемісі».

Шыңғысхан шабуылына дейінгі орта ғасырларда түріктердің ғылым-білімі адамзат өркениетінің ең алдыңғы қатарында болатын.

XVIII ғасырда, өздерінің баяғыдан келе жатқан түрік жазуын ұмытып, бар қалалары қиратылып, жойылып, тек мал бағумен ғана айналысып қалған Орталық Азияның түрік халықтары, XIII ғасырға дейін қаншама жоғары өркениетті қалалары, жоғары мәдениеті бар ел болатын. Қазіргі қағазды ең алғаш рет Тараз қаласында жасап шығарды. Отырарда әлемдегі ең үлкен кітапхана болды. Түрік халықтарынан шыққан ғалымдар ғылым-білімнің түрлі саласында жетекші рөлге ие болды.



Әбу Насыр әл-Фараби бүкіл адамзат үшін музыканың атасы атанса, оның шәкірті Әбу Әли ибн-Сина медицинаның атасы атанды.

Әбу Райхан Бируни астрономия саласында, Мұхаммед әл-Хорезми математика саласында, т.б. түрік ғалымдары адамзат өркениетін өрге сүйреген алыптар болатын.

Орта ғасырларда:

«Аспанда да жоқ,

Жерде де жоқ,

Суда да жоқ,

Тіпті Қыпшақта да жоқ» деген мәтел «түрік қыпшақтардың өте бай, оларда бәрі бар» дегенді білдірген дейді ғалымдар.

1186 жылы Киевті шаппақ болып келген қыпшақ ханы Қонжықтың артиллериясы болғанын тарихшылар жазып кеткен. *«Нағыз отпен атылатын, бір атқанда 50 сарбазды жарақаттай алатын, өзі атын от қару»* туралы орыстардың Святослав жылнамасында жазылыпты (89-б.) [7].

Бірақ Шыңғысханның жойқын шабуылынан кейін түріктер регреске ұшырап, кері кетті. Түріктердің қаншама гүлденген қалалары қиратылып, мәдениет ошақтары отқа оранды. Оның үстіне Шыңғысханның ұрпақтарына отырықшы өмірге тыйым салып, көшпенді өмір салтын қатаң ұстануды тапсыруы түріктерді өркениеттен алыстата берді. Ал Шыңғыс ұрпақтарының өмірі бітпейтін, үздіксіз өзара соғыстары түрік халықтары үшін апатты жағдай болды. Шыңғыс ұрпақтарының бұл зардабын негізнен түрік халықтары тартты. Ал Шыңғыс ұрпақтарының тырнағына ілікпеген Батыс Еуропа халықтары мен Жапония сияқты елдер үздіксіз дами берді.



Соның өзінде де түріктер XV ғасырдың өзінде әлемдегі ең шешуші күшке ие болатын. XV ғасырдың қарсаңында Шығыс Еуропаны қалтыратып тұрған Алтын Орда ханы Тоқтамыстың әскерін талқандап, Батыс Еуропа елдерін бірінен кейін бірін жаулап алып жатқан Осман түріктерінің сұлтаны Баязит Ілдерімнің әскерін талқандаған Ақсақ Темір әлемнің билеушісі дәрежесіне жетті десе де болатын. Кіші Азия жерінде Ақсақ Темір мен Баязит Ілдерімнің арасындағы соғысты, қояндай қалтырап, сырттай бақылаған еуропалықтар «Екі аждаһаның соғысы» деп атапты. Баязит Ілдерімнің әскерін талқандаған Ақсақ Темір Еуропада өзіне қарсылас болар күшті көре алмай, *«енді жер бетінде тек Қытай ғана қалды, соны жаулап алсам бүкіл әлем менің уысымда болады»* деп есептеген.

Ақсақ Темір Еуропаның христиан халқы үшін құдайдың жіберген көмегі есепті болды. Еуропалық христиандарды қос бүйірден қысып тұрған Осман түріктері мен Алтын Орда уақытша талқандалып, еуропалықтар уақытша болса да еркін тыныстауға мүмкіндік алды.

Кейіннен, Осман түріктері қайта күшейіп, Еуропаға шабуылын қайта бастағанмен, олар бастапқы қарқынынан айырылып қалды.

Ал шығыс Еуропадағы Алтын Орда, сол ыдырағаннан қайта оңала алмай, ақырында іштей бөлшектеніп, өзімен соғысып кетті.

Ақырында, түріктердің ойлап тапқан от қаруын пайдалануды игерген Батыс Еуропалықтар күш ала бастады. Алыста жатқан Үндістан атты байлыққа бөккен ел барын естіген испандықтар Үндістанға барар жол іздеді. Үндістанға апарар тура жол оңтүстікте жатса да, олай қарай аяқ басуға жүректері дауаламады. Себебі онда түріктер бар болатын. Түріктерді айналып өтер



теңіз жолын іздеген олар 1492 жылы ойламаған жерден Америка құрлығына тап болды. Олар өздерін Үндістанға жеттік деп ойлап, жергілікті халықты «индеецтер» деп атады.

Ол кезде америкалық түріктер бейбіт ғылым саласында еуропалықтардан әлдеқайда жоғары болғанымен, от қаруды игерген жоқ болатын. Еуразия даласындағы атланттардың ұрпақтары ойлап тапқан от қару Америка құрлығындағы атланттардың ұрпақтары үшін қайғы-қасірет әкелді. Еуропалықтар Американың байырғы халықтарын от қаруды пайдаланып, аяусыз қырып-жойды. Олардың калаларын қиратып, өркениетін талқандап, жайлы қоныстарын тартып алып, құнарсыз, өмір сүруге қолайсыз жерлерге қуып тықты. Ал жергілікті халықтың өркениетін ойрандап, тонаудан түскен қисапсыз байлықты, кемелерге тиіп, Еуропаға артып жатты. Оның қаншасы қиратылып, бүлініп, суға кетіп жатса да, Еуропаға жеткенінің өзі қисапсыз байлық болатын.

Кейіннен өздерінің тағылық іс әрекеттерін жасыру үшін олар *«біз келгенде америкалықтар артта қалған, өркениеті төмен халық еді. Біз оларға өркениетті үйреттік»* деген сияқты далбасаны ойлап тапты.

Осы жерде бірнеше мысал келтірейік:

1562 жылы майялардың Мани дейтін қаласында Диего де Ланда есімді испандық епископ байырғы майялардың баға жетпес өнер туындыларын, кітаптарын, қолжазбаларын түгел жиғызып алып, түгін қалдырмай өртегіп жіберді. Олар: *«Біз өте көп кітаптар тауып алдық. Олардың ішінде адамды сеніммен еліктіріп, сайтан жолына түсіретін жағымсыз нәрселер көп екен. Сондықтан жинап алып өртеп жібердік. Үндістер бұған қатты өкінді»*, – деп данышпансыды [1]. Ал шын



мәнісінде еуропалықтардың ол кітаптарды түсінуге ол кезде өресі жетпейтін. Ол кез еуропалықтардың жаңалық ашқан ғалымдарды «сайтанмен байланысқан» деп отқа жағатын кезі болатын.

Мексика жерінде орналасқан, ежелгі майя тайпасы салған Чичен Ице қаласы б.з. V-VI ғасырларында салынған. Құрылысы ерекше қалада шағын обсерватория болған. Қабырғаларында тарихтан, ғылымнан, діннен хабар беретін жазулар мен суреттер бедерленген.

Американың байырғы тұрғындарының еуропалықтар жаулап алғанға дейінгі салған ғажайып құрылыстары, пирамидалары, математика, астрономия, астрология және басқа салаларда жеткен жетістіктері ол кездегі еуропалықтардан әлдеқайда жоғары болатын.

Осылайша от қарудың арқасында Американың байырғы халықтарының бар байлығын тонап алған Еуропа елдері бұл байлықты техникалық прогреске жұмсап дами берді. Кейін олар нағыз Үндістанға да жетті. Үнділік бір данышпан былай дейді: *«Олар келгенде олардың қолында Инжіл, ал біздің байлығымыз болды. Ал олар кеткенде біздің қолымызда Инжіл қалды да, бар байлығымыз олардың қолында кетті».*

Осылайша түріктер ойлап тапқан от қаруды пайдаланудың арқасында әлемді тонап, байып алған еуропалықтар, тонаудан түскен байлықты техникалық прогреске жұмсап, шығыс халықтарының ғылым-білімін игеріп алып, олардың өздерінен озып кетті.

Ал бұл кезде Еуропа техникалық прогрес жолына түскенде, атланттардың атақонысындағы түріктер, Шыңғыс ұрпақтарының өзара қасқырша таласып, бір-бірін талаған қан-жоса соғыс алаңына айналды. Ақырында осындай бітпейтін соғыстардан қашқан кейбір топтар, бір кездері түріктерге бодан болған орыстар мен қытайлардың қолтығына кіре бастады.



Қазан хандығынан қашып шыққан Қасым есімді ханзада 4000 түрік сарбазымен бұған дейін шағын ғана қала болған Мәскеу князінің қолтығына тығылды. Бұл барар жері қалмай, қанына қарайған топ Мәскеу князінің ең сенімді қолшоқпарына айналды. Олар Мәскеуді көтеріп, бүкіл орыс княздіктерін Мәскеудің айналасына топтастырып берді. Бұрынғы Алтын Орда иеліктерінен қашып келетіндер көбейе келе, Мәскеу князіне бағынышты Қасым хандығы деген пайда болды.

Ақырында Мамайдың туған жиені, Мәскеу князы Қаһарлы Иван 70 пайыз түріктерден тұратын әскерді бастап келіп, Қазан, Астрахан хандықтарын жаулап алды. Осылайша күшейіп алған орыс патшалығына берекесі кеткен Алтын Орда иеліктерінен қашып келуші түріктер көбейе берді. Ақырында орыс патшасы оларды ішкі орыс жеріне кіргізбей, шекараға орналастырып, орыс елін тегін күзететін шекаралық әскерге айналдырды. Оларға өз қожайындарынан қашып келген орыс мұжықтары да қосыла бастады. Олар «Еркін казактар» атанып, орыс патшасының ең сенімді әскеріне айналды.

Салық төлеуден босатылып, тек орыс патшасының бұйрығына бағынатын олар көрші жатқан түріктерге де, орыстарға да қырғидай тиді. Әсіресе, өздерінің бұрынғы бауырлары түрік халықтарына олардың жасаған жауыздығы шектен шықты. Бұрынғы Алтын Орданың астанасы Сарайшықты жаулап алғаннан кейін қаланы тонап, түк қалдырмай қиратып, тіпті мазарларды бұзып, мүрделерді шашып тастауға дейін барған. Бұл есірік топ, орыс патшалығы үшін көп пайда келтірді.

Б.д.д. 221 жылы Қытай жеріндегі алты патшалықты бағындырып, Цинь империясын құрған Цинь Ши Хуанди император, атақты қолбасшысы Мың



Тиенді 100 000 әскермен қамсыз жатқан сиуңнуларға аттандырып, сиуңнуларды Сары өзеннен асыра қуып тастайды. Сиуңнулардың шабуылынан қорғану үшін Сары өзеннің бойына 44 бекініс қала салдырып, оған кілең баскесер бұзықтардан құралған гарнизон орналастырады (195-б.) [3].

Түрік текті әскерлердің күшімен Қытайды біріктірген императордың әрекеті мен негізінен түрік текті әскерлердің арқасында Орыс мемлекетін құрған орыс патшасының әрекеті бірдей.

Орыс патшасының нұсқауымен, бай саудагер Строгановтың қамқорлығымен, Ермак бастаған зеңбірекпен қаруланған казактар тобы Урал тауын асып өтіп, Сібір халықтарын аяусыз қырды.

Орыстың ұлы жазушысы Л.Н. Толстой «Ермак» атты шығармасында былай дейді: *«К успенью пришли к Строганову казаки-человек 600 с атаманом Ермаком Тимофеевичем. Напустил их сначала Строганов на ближних татар. Казаки их побили. Потом, когда нечево было делать, стали казаки по округу ходить и грабить.»*

...Ермак обрадовался, собрал казаков и говорит; «Вы меня срамите перед хозяином-все без толку грабите. Если не бросите, он вас прогонит, а куда пойдете? На Волге царское войско много; нас переловят и за прежнее дела худо будет. А если скучно вам, то вот вам работа.»

Ұлы орыс жазушысы осылай суреттеген қаны түрік, діні христиан, ал жаны ібіліс Ермакты (Жармақты) кейбір шовинист орыс жазушысымақтары «Сібірді азат етуші» деп атап, оның «ерліктері» туралы роман да жазды. Оның тегі орыс болмаса да, «орыстың ұлттық батыры» дегенге дейін барды.

Бұл кезде нағыз қауіптің қайдан келерін ойлауға да мұршасы болмаған түріктер бір-бірімен қасқырша



таласын жалғастыра берді. Ақырында, қайтсе де биліктен айырылғысы келмеген Шыңғыс ұрпақтары, өз еріктерімен орыс патшасының қолтығына кіре бастады. Әрине, орыстар олардың арқасынан қағып, иығына шапан жапқан болды. Ал өз еркімен қосылғысы келмегендерді орыстар күшпен бағындырды. Бұл оларға қиынға түскен де жоқ.

Бір кездері түріктер ойлап тапқан от қарумен қаруланып, негізінен түрік текті әскерлердің арқасында осыншама жерді қол астына қаратқан, мұздай қаруланған орыс патшасының әскеріне *«үстімдегі киімімді жусам ырысым кетіп қалады»* деп түсінетін надан моңғолдардың билігінде бірнеше ғасыр болып, барлық техникалық прогрестен артта қалып қойған түріктер, бұдан 6000 жыл бұрынғы кентаврлар қолданған садақпен және найзамен қарсы шықты.

Осылайша көп ұзамай, бір кездері адамзатты техникалық прогреске жеткізген Прометейдің ұрпақтары бір кездері өздеріне бодан болып келген орыстар мен қытайлардың бөлісіне түсті. Түріктердің атамекені, мыңдаған жылдар бойы басқа халықтардың табаны тиіп көрмеген Ұлы Дала – Орталық Азия толық отарланды.

Енді отаршылар бір кездегі түріктердің Ұлы Тарихын ұмыттырып, бір кездері әлемді билеген Атланттардың Қасиетті Рухын қайта оятып алмас үшін тарихты өзгертуге жанын салды. Ол үшін олар жалған тарих жазып шықты.

Бұл үшін қытайлар екі мың жылға жуық хатқа түскен тарихын қайта жазып шықты (47-50 бб.) [8]. Бір кездері хунну деп оқылатын иероглифті енді сюнну деп оқып, астарлап сөйлеу дегенді қолданып қайта жазылған тарих бойынша бір кездері пирамидалар салып, ең бірінші темірді игерген, күллі адамзатқа жазу-



сызуды үйретіп, абыройын жабатын шалбарды сыйлаған түріктердің арғы аталары жабайы болып шыға келді. Ал бір кездері Ұлы Даладан келіп қытайларды жаулап алатын түріктерді енді қытайлар жаулаған болып шықты. Сонда да болса қытайдың Шэнси өлкесіндегі жүздеген пирамиданы, Тибет жеріндегі теңдесі жоқ пирамидаларды салған кім деген сұраққа жауап бере алмады. Бар болғаны Шэнси өлкесі мен Тибет шетел азаматтары үшін аяқ басуға болмайтын, жасырын, жабық өлкеге айналды.

Өздерін басқалардан жоғары етіп көрсету үшін ұлтшылдар не ойлап таппады дейсіз.

XVI ғасырдағы ағылшын епископы ағылшындарға: *«Сендер неміс, француз не италиялық болмай, дүниеге ағылшын болып келгендерің үшін құдайға күніне он рет құлшылық етіңдер. Себебі, құдайдың өзі ағылшын»*, – деп жариялапты. Бұл сөзге ағылшындар сенді ме, сенбеді ме – білмедім. Белгілісі сол, осы кезге дейін тарих сахнасында бірде-бір рет көзге түспеген ағылшындар, рас қазір құдай емес, бірақ құдайдан да былай емес.

Ал XX ғасырдағы Гитлер бастаған неміс ұлтшылдарының «таза қанды арий» идеясымен әлемді қанға бөктіргені бәрімізге белгілі.

Сол сияқты түріктердің арқасында кең-байтақ Ұлы Даланы қолына қаратқан орыс мемлекетінің тарихшылары да тарихты қайта жазып шықты. Бұл тарих бойынша XIX ғасырдың соңына дейін өз басында билігі жоқ крепостной болып келген орыс халқы «ұлы» Орыс халқы болып шыға келді де, бір кезде адамзатқа өркениетті үйреткен түріктер «ылғи да малдың соңынан көшіп жүрген, жазу-сызу өркениеттен мақұрым қалған, жабайы халық» болып суреттелді. Ал басқаша ой айтқанның бәрі «түрікшіл», «ұлтшыл» деген айдармен



жазalandы. Олар тіпті орыс халқының шыншыл тұлғаларын да аямады. Гумилев, Потанин сияқты шыншыл тұлғаларды түрмеге жапты, жер аударды.

Мысалы, Карамзиннің француз тіліне аударылған «Орыс мемлекетінің тарихы» атты жасанды тарихын оқыған Маркиз Астольф де Кюстин былай деген екен: *«Егер орыстар өздері соншалықты дәріптейтін тарихшының еңбегінде өтіріктің өріп жүргенін білсе, оны соншалықты жек көріп, Карамзиннен бастап, барлық тарихшының еңбегін оқуға қатаң тыйым салуды патшадан жалынып сұрар еді»*.

Түріктердің тарихи жадын өшіріп, рухын езіп жаншу үшін олар ештеңеден де аянбады. Тарихи ескерткіштерді жойып, әліпбиді қайта-қайта ауыстырып, діні мен салт дәстүріне де араласты. Ал «халықтар теңдігі» мен «пролетариаттың билігін» ту еткен Совет Одағы патшалық Ресейден де асып түсті. Ұлты грузин жезмұрт «бұл сары бөлелерді» деп тістеніп, қазақ халқының бар сөзін сөйлер, бас көтерер, білімді азаматтарын аяусыз қасапханаға айдатыпты. Ол, меніңше, X ғасырда Кавказды жаулап алып, көнгенін зорлап сүндетке отырғызып, көнбегенінің басын шауып Грузияны қанға бөктіріп жатқан арабтарды, қыпшақтың Артық ханы қуып шығып, атасының сүндеттелмей қалғаны үшін қапалы болса керек.

Осылайша, мыңдаған жылдар бойы өркениеттің алдында болып, басқаларға ғылым-білімді үйреткен Прометейдің ұрпақтары – Орталық Азия түріктері, біздің дәуіріміздің орта ғасырларында ғана тарих сахнасында көріне бастаған орыстардан өркениетті үйренуші болып шықты.

Әрине, бәрі бірдей осылай жалғандыққа жол берді десек, ол бүкіл адамзатқа топырақ шашқанмен бірдей



болар еді. Арасында шындықты айтып шырылдағандар да болды. Ертедегі грек ғалымдарының еңбектерінде, кейбір орыс, Еуропа зиялыларының еңбектерінде, бұлттан шыққан күннің сәулесіндей жарқ еткен, шындықты кездестіріп қаласың.

Француз ғалымы Рене Груссе өзінің «Дала империялары» атты еңбегінде: «...Тюрки будучи умными, уравновешенными, практичными людьми, были, тем не менее созданы для правления.

...Стрелки на седлах из степей правил над Евразией до XVI века» (8-9; 19-66.) [12], – деп жазды.

Ал «дәстүршілдік» деп аталатын ғылыми бағыттағы Рене Генон, Юлиус Эвола, Фритьоф Шюон сияқты ғалымдар: «Біз татар әулетіне, адамзаттың ұстаздары болып саналатын татар данышпандарына, татар нәсіліне сатқындық істедік», – дейді. Бұл жердегі «татар» дегені – Египет абызының тілінде – Атланттар; ежелгі гректерше – Прометейдің ұрпақтары, скифтер; парсыларша – тұрандықтар, сақтар; қытайларша – хуннулар, тукюлер.

Дания ғалымы Томсон жазу-сызудан мақұрым халық деген Орталық Азия түріктерінің орыстардан әлдеқайда бұрын өз төл жазуы болғанын дәлелдесе, XX ғасырда табылған ғажайып өнер туындылары «скифтердің аң стилі» деген атауға ие болып, олармен бірге жазылған жазулар орыстар түгілі Еуропаның ақсүйекпіз деп жүрген арийлерден де бұрын түріктердің төл жазуы болғанын мойындатты.

Бір ғажабы сол, б.д.д. 3100 жылдары пайда болған деп саналатын Шумер жазуы да, б.д.д. 1800 жылдары Египетті билеген көшпенді халық Гиксостар жасаған Египет жазуы да, б.д.д. 1500 жылдары қазіргі Италия жерінде алғашқы өркениетті жасаған Этруск жазуы да,



б.д.д. V ғ. Орталық Азияның сақтары да, б.д.д. I ғасыр мен б.д. IV ғасыры аралығында Орта Азияда жасаған қаңлылар да, б.д. VII ғасырындағы Түрік қағанатының жазуы да әліпбилері 26 әріптен тұрады. Қарап отырсаңыз бәрі бір-бірімен тығыз байланыста болған сияқты.

Қазақстан жерінен табылған қанша алтын адамдарға қоса, өткен жылы Германия жерінен табылған өте қымбат қазына, Орталық Азия түріктерінің Еуропа жерімен б.д.д. II мыңжылдықтың өзінде байланысы болғанын дәлелдеді. Алтын мен асыл тастардан жасалған қымбат қазынаны жан-жақты зерттеген неміс ғалымдары, бұл бұйымдардың бұдан 3300 жыл бұрын қазіргі Қазақстан жерінде жасалғанын даусыз дәлелдеп берді.

Олжас Сүлейменов «Аз и Я» атты еңбегінде ертедегі шумерлердің қорғандарын, Египет перғауындарының пирамидаларын, Кавказдағы скифтердің қорғандарын, Қазақстандағы Есік және Алтай қорғандарын зерттеген ғалымдар олардың өлікті жерлеу салт-дәстүрінде бәріне ортақ белгілер сақталғанын айтады. «Шумерде басталып, Орта Азия (Есік қорғаны) мен Алтайда «реси» түрік заманына дейін созылған металл тостаған мен моншақты көрге өлікпен бірге көму дәстүрі, кең тараған әдет-ғұрып пен мәдениеттің тұрақтылығын көрсетеді», – дейді ғалым (266-271-66.) [7].

«Американский археолог французского происхождения Лё Плонжон установил внутреннее родство древнейших религиозных обрядов Шумера, Египта, Мохенджо-Даро и майя (добавим от себя к ним Японию).


Пирамида – распространенное и известное сакральное сооружение протоалтайцев, имеет много смыслов. Установлено, что пирамиды излучают тонкие энергии, и это свидетельство того, что дух и материя неразделимы» (68-69-66.) [9].



Әлем ғалымдарын қызықтырып отырған дүние – Қазақстанның солтүстігіндегі Торғай даласында жатқан «Үштоғай төрттағаны» мен «Торғай свастикасы» деп аталатын тарихи ғимарат. Бұл ғимараттар ғарыштан қарағанда көрінеді екен.

Дүниежүзі археологтарын таң қалдырған бұл нысандардың көлемі Париждегі Елисай алаңы мен Мәскеудегі Қызыл алаңнан да үлкен. Ғалымдар бұл құрылыс бұдан 7-9 мың жыл бұрын салынған, Египеттегі Гиза пирамидасынан да екі мың жыл бұрын салынған дейді.

«Егер бұл ғимараттардың Гиза пирамидаларынан «көрі» екені дәлелденсе, бүкіл адамзаттың тарихы Қазақстан жерінен басталатын болмақ», – дейді ғалымдар.



Қорыта келгенде, біздің бабаларымыздың нағыз тарихын білсе, қазіргі өзінің ана тілі – қазақ тілін менсінбей, орысша, ағылшынша шүлдірлеп жүргендер «біз – қазақтар Атланттардың ұрпақтарымыз!», деп кеудесін кере айтатын болады деп ойлаймыз. Шындықты мәңгілік жасыру мүмкін емес. Түннен кейін күннің келетіні қандай даусыз болса, түріктің нағыз тарихы жазылатыны да сондай даусыз. Сол кезде даңқты Атланттардың көне тілін сақтаған, түрік әлеміндегі қара шаңырақтың иесі – Қазақ халқы екенін әлем мойындайтыны айдай анық.

27.04.2013 жыл.



Екінші тарау

АТЛАНТТАР ТАҚЫРЫБЫНА ҚОСЫМША

Біз «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» атты еңбегімізде Платон жазып қалдырған Египет абызының дерегін грек халық аңыздарымен салыстыра отырып, еврей, үнді, парсы аңыздарын да келтіріп және қазіргі заманғы ғылымның мәліметтерімен дәлелдеп, «атланттар дегеніміз – түріктер» деген қорытынды жасаған болатынбыз.

ҚР ҰҒА академигі, Болония Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Оразақ Смағұл былай дейді:

«Қазақ – автохтонды, текті, өзінің тұрақты атамекені бар халық.»

Қазір жиі айтылып жүрген көне протоевропид деген терминнің қазіргі еуропалықтарға қатысы жоқ, себебі қола дәуірінде орыстар, француздар, испандықтар және өзге халықтар қалыптаса қоймаған. Ал көне протевропидтар ол кезде сонау Периней түбегінен (Испания) бастап Гоби шөліне дейінгі аралықты мекендеген. Міне осы протоевропидтық тек біздің қазаққа тән болған. Осы тек өзгермеген қалпы темір дәуіріне жетеді. Содан кейін барып Орта Азиядан қандай да бір себептермен келіп қосылған тайпалардың әсерімен өзгеріске ұшырай бастаған. Бұл процесс Шығысхан шапқыншылығы кезінде тіпті күшейіп, ақырында біздің жерді мекендеген халықтың байырғы



түрі (протоеуропаид) өзгеріп, моңғолоидтық түр басымдық алған. Қазақтың биологиялық, генетикалық, антропологиялық тарихы оның денесі мен қаңқа сүйектерінде жатыр. Ол туралы қытай не айтты, орыс не деді, парсылар қандай пікір білдірді, ендігі уақытта оның маңызы жоқ. Себебі, 40 ғасырдан бері осы атамекенде тіршілік етіп, ұрпақ жалғастырып келе жатқан бізден өзге ұлт жоқ. Қазақ халқы сонау тұптамырынан бастап осы жерді мекендеп келгенін оның дене бітімі, қан құрамы, бас сүйектері арқылы жан-жақты зерттеліп, дәлелденген».

Антрополог ғалым Оразақ Смағұлдың бұл дерегін жақында жарияланған неміс ғалымдарының ашқан жаңалығы өзі дәлелдеп берді. Онда былай дейді: «Германиядағы үңгірлердің бірінен Еуропа құрлығында өмір сүрген алғашқы тұрғындардың сүйегі табылды. Сүйектің жасы 7500 жыл. Адейлайда және Майнц университетінің ғалымдары осы сүйектен ДНК бөліктерін алды. Соның арқасында зерттеушілер Еуропаның соңғы жеті мың жылдағы көші-қон тарихын қалпына келтірді. Мамандар 4500 жыл бұрын болған генетикалық өзгерістердің түпкі себебін анықтауға кіріскен. Сөйтсе, қазіргі Еуропаға алғашқы тұрғындар Түркия және Таяу Шығыстан келген екен. Алайда 4500 жыл бұрын бұл тұрғындарға еш қатысы жоқ, жаңа ДНК пайда болған. Бұл оқиға ескі еңбек құралдарын жасау тәсілінің жойылып, жаңа мәдениеттің пайда болуымен тұспа-тұс келіпті.

Міне, жоғарыда айтып өткен жаңа ДНК бүгінгі еуропалықтардың 45 пайызында бар көрінеді. Бірақ ғалымдар бұл өзгерістің шығу себебін түсіне алмады. Әйтеуір ежелгі және қазіргі еуропалықтардың арасында генетикалық ұқсастықтар өте аз».



Бұл жаңалықтар біздің «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» атты мақаламыздағы ойымызды дәлелдей түседі.

Атлант мұхитының терістік аймағындағы Египет абызының тілінде «Атлантида елі», грек халық аңыздарындағы «Гиперборея елі» апатты зілзала нәтижесінде суға кетеді. Оның байырғы тұрғындары – ұлы теңізшілер қауымының аман қалғандары оңтүстікке қарай қоныс аударады. Бір бөлігі атақоныс Сібір, Орталық Азия аймағына, бір бөлігі Америка құрлығына, енді бір бөлігі теңіз жолымен Еуропаға қоныс аударады. Еуропаның Атлантида мұхиты жағалауындағы елдерге, қазіргі Германия, Франция, Испанияға қоныстанған олар Гибралтар бұғазы арқылы Жерорта теңізіне еніп, Жерорта теңізі жағалауларындағы елдерге және аралдарында жоғары өркениеттің негізін қалайды. Ал кейбір бөліктері әлемдік мұхиттар арқылы Қызыл теңізбен Евфрат және Тигр өзендеріне жетіп, шумерлер елінің негізін қаласа, енді бір тобы Үндістанға жетіп, Хараппа мәдениетінің негізін құрайды.

Ал бұдан 4500 жылдар бұрын шамасында қазіргі Грекия жерінің солтүстігінде жаңадан пайда болған тайпа (қазіргі гректердің арғы бабалары) бастап үнді еуропалық тайпалар Еуропаға қоныс аударып келіп, ежелгі атланттарды ығыстыра бастайды. Ақырғы нәтиже қазір бөрімізге белгілі.

Генетик ғалымдардың деректері

Қазақ халқының көне тарихына қатысты тамаша еңбектерімен танымал ғалым жазушы Қойшығара Салғараұлы «Ұлы қағанат» [4] атты еңбегінде былай дейді:



«Бәрі мұхиттың арғы жағында, түрік халықтары мекен еткен жерден тым шалғайда жатқан Американың ежелгі тұрғындары – үндістердің тұқымтегі анықтауға деген ұмтылыстан басталды.

Генетика ғылымының соңғы жетістігі – ДНК тәсілінің көмегімен ғалымдар молекулада жазылған адам баласының мұрагерлік ақпарат қазынасына еніп, жаратылыстың тылсым құпиясын ашуға мүмкіндік алды. ДНК молекуласы біздің биологиялық түр ретіндегі көптеген ерекшелігімізді анықтап берді.

Бүгінгі жер бетіндегі өмір сүріп жатқан түрлі халықтардың бәрінің тегі бір, бәрі Адам ата мен Хауа анадан өсіп-өнген балалардың кейінгі ұрпақтары екені расталды. Ғалымдардың топшылауынша, Адам ата мен Хауа ананың жер бетінде пайда болғанына 200 мың жылдай уақыт өткен.

Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі И.Р. Захаров бастаған топ «Қазіргі әлемдегі барлық адамзат баласы – он еркек пен он сегіз әйелден жаралған, солардың кейінгі өсіп-өнген ұрпағы» деген тұжырымға келген.

Осы он сегіз әйелдің жетеуінен тек еуропалықтар тарағанын анықтаса, төртеуінен америкалық үндістер мен азиялық тыбалар (тувалар) мен алтайлықтардың тарағанын анықтап, ол төрт әйелге: Анай – А, Борбак – В, Чачый – С, және Дарый – Д деген есім берген.

Генетик ғалымдар Еуропа халықтарының тұқым тектік кодында (генофондында) мтДНК-ның HV, H, V, J, T, U, K, I, W, X деп аталатын он түрі, Азия халықтарының тұқымтек қорында А, В, С, Д, Е, F, G, Y, mZ, M деп аталатын он түрі, ал Африка халықтарында L деп аталатын бір түрі ғана болатынын анықтаған.



Әр елдің өкілдерінен құралған ғалымдар тобы Америка үндістерінің арғы түп аталарының жаңа құрлыққа Беринг бұғазы арқылы өткенін ескере отырып, зерттеу жұмысын Азияның Америкаға таяу бөлігі Қиыр Шығысты мекендеген халықтардың, эскимостардың, чукчалардың, коряктардың, нивхилардың, юкагирлердің, игансандардың, селькунттардың, кеттердің, эвенкілердің, удегейлердің ДНК-сын зерттеуден бастайды.

Алайда, зерттеудің нәтижесі күткендегідей болмады. Солтүстік және Оңтүстік Американың ежелгі аборигендерінде болатын мтДНК-ның негізгі төрт типі (А, В, С, Д) бұл халықтардың өкілдерінің бірде-бірінен де түгелдей табылмады, біреулерінен 3, ал енді біреулерінен 2, тіпті 1 ғана типі кездескен. Бұл нәтижеге қарап, әрине, әлгі өкілдері зерттелген халықтардың ешқайсысы да америкалық үндістермен тектес, қандас деуге болмайтын еді. Сондықтан үндістердің арғы бабаларының шыққан тегін Азияның басқа жерінен, басқа халықтардан іздеуге тура келді.

Бұдан кейін ғалымдар Шығыстың басқа халықтарының, атап айтқанда, моңғолдардың, тибеттіктердің, қытайлардың, корейлердің, вьетнамдықтардың генофондын тексерді. Нәтижесінде тибеттіктер мен қытайлықтардың (қытайдың солтүстігіндегілер) және моңғолдардың вьетнамдықтар мен корейлерге қарағанда тұқымтектік ерекшелігі барлығы анықталды. Жиынтық жиілігі 50 пайыздан төмен болғанымен, тибеттіктерден де, қытайлықтардан да, моңғолдардан да ДНК-сының «америкалық» төрт типі (А, В, С, Д) түгелдей табылды. Осыған қарап, ғалымдар америкалық үндістердің ататегінің шыққан ежелгі отаны Сібір емес, Маньчжурия немесе Моңғолия деген қорытындыға келеді.



Бірақ, зерттеу мұнымен тоқталмайды. Америка ғалымдарының зерттеу қорытындысымен танысқан белгілі орыс ғалымы И.А. Захаров бастаған генетиктер өз тарапынан ізденіс жасап, тыба халқының генофондын тексеруге арнайы экспедиция шығарады.

Осы жолы экспедиция мүшелері тыбалықтармен қатар Байкал көлінің сыртындығы буряттардың да генофондын тексереді. Жан-жақты жүргізілген тыңғылықты зерттеудің қорытындысы күтпеген жаңалықты нәтиже көрсетеді. Екі халықтың да генофондынан ДНК-ның «америкалық» төрт типі түгел табылып, олардың тыбалықтардағы жиілік жиынтығы тіпті рекордтық деңгейге, яғни 70-72 пайызға жетеді. Америкалық адам тегін зерттеу қоғамының съезіне ұсынылған И. Захаров тобының осы зерттеу нәтижесіне көп ұзамай бұларға қатыссыз, өз беттерінше зерттеу жүргізген профессор В.П. Пузыревтің тобы да қол жеткізеді. Бұл бұған дейінгі зерттеулер қорытындысында жаңсақтықтың жоқтығының айғағы еді.

Сөйтіп, мтДНК дерегі бойынша тыбалардың америкалық үндістермен тектес болуы генетиктер алдына Орталық Азияның түрік тілдес басқа халықтарының да генофондын зерттеу қажеттілігін алға тартады. Осы қажеттілікті өтеу мақсатында Вавилов атындағы жалпы генетика институты ғалымдары алтайлықтардың, хакастардың, шорлықтардың, сойоттардың генофондын анықтауға мүмкіндік беретін аса мол материал жинайды. Осыларды зерттеу нәтижесінде бұл халықтардың генофондындағы мтДНК түзілісінде үндістерге тән А, В, С, Д түрлерінің түгелдей болуымен бірге алтайлықтарда тек еуропидтарда болатын Х типінің де барлығы анықталған. Бұдан бұрын Х типі америкалық үндістердің ішінде сирек те болса америндтерден ғана кездескен болатын. Ең ғажә-



бы, компьютерлік талдау арқылы алтайлықтардағы мтДНК түзілісінің тегін қуалағанда, ондағы Х типі кейінгі қоспа емес, қазіргі еуропалықтар мен америкалық үндістерде бар Х типінің түптегіндегі нұсқасынан да бұрын пайда болған ең ежелгі типіне жататыны анықталған. Ал бұл үндістердің Азиядан кеткендігінің және түрік тектес халықтардан шыққандығының бұлтартпас айғағы еді. Осылардың бәрін таразылай келе, ғалымдар Америка үндістерінің арғы түпкі тегінің шыққан жері Маньчжурия да емес, Моңғолия да емес, Байкал сырты мен Байкал бойы және Алтай-Саян аймағы деген тұжырымға келеді. Ендігі жерде Америка үндістерінің арғы тегі түркі халықтарынан шыққанына, олардың да түрік тектес халықтардың бір бұтағы екеніне ешқандай күдік болмаса керек. Мұның солай екенін, жоғарыда айтылғандардың үстіне, бүкіл адамзат баласын он сегіз әйелден таратқанда соның төртеуінің (Анай, Борбақ, Чачый, Дарый) генетик ғалымдар тарапынан тыбалықтар мен алтайлықтардың және америкалық үндістердің ортақ арғы түп анасы деп танылуының өзі де дәлелдей түседі. Өйткені, тыбалар мен алтайлықтардың түрік халықтары екеніне ешкім күдіктенбесі анық» [4].

Қойшығара Салғараұлы келтірген бұл деректерден біз мыналарды анық білдік:

- Бұған дейін ғалымдардың, америкалық үндістердің Еуразиядан Америка құрлығына қоныс аударуы, Қиыр Шығыстағы Беринг бұғазы арқылы өткен деген пікірдің қате екендігін, біздің «бұл қоныс аудару Таймыр жарты аралы мен ертеде Арктикада болған аралдар арқылы Канада жеріне өткен» деген ойымыздың растығын дәлелдейді.

Египет абызының айтқанындай Атланттар-түріктер Орталық Азиядан шығып, Арктикадағы аралдарға



қоныс аударып, шеті Америка құрлығына жеткен. Бұл Атланттар-түріктердің Еуропаның алғашқы тұрғындары болғанын неміс ғалымдары ашқан жаңалық та, басы Алтайдан басталып Еуропаға және Америкаға жеткен ДНК-сы Х тобына жататын тектің барлығы да дәлелдеп тұр.

Атланттардың бір бөлігі ежелгі грек халық аңыздарындағы Иапеттің бір ұлы Эпиметейдің грек әйелі Пандораға үйленіп, гректердің арасында қалып қойғанын туралы аңыз да дәлелдеп тұрған жоқ па.

Ал Қиыр Шығыс халықтарының ДНК-сы Америка үндістерінің ДНК-сымен сәйкес келмеуі, Қиыр Шығыстағы Беринг бұғазы арқылы Америкаға өткен деген пікірдің қателігін көрсетіп тұр.

Археолог ғалымдардың деректері

Көрнекті жазушы, тарихи зерттеу еңбектерімен танымал Әнес Сарай ағамыз өзінің «Көнеліктер» [6] атты еңбегінде мынандай мәліметтерді келтіреді: «*Кейінгі Тас кезеңі 35-10 мыңжылдықтардың арасын қамтиды. Бұл кезең ұжымдық, қауымдық, рулық бірлестіктердің пайда болуымен ерекшеленеді.*

Кейінгі Тас кезеңі қазақ топырағында түбегейлі, терең зерттеле қойған жоқ.

Орта Азия Тас кезеңі Красноводск (Түркіменстан), Ходжагор, Шугноу (Тәжікстан), Самарқанд (Өзбекстан) мекендеріндегі қазба жұмыстарының нәтижелері арқылы байқалады.

Бұл ретте Самарқанд қаласы астынан табылған ежелгі адамдардың тұрағы айрықша мәнді.

Орыстың атақты археологы А.П. Окладников Самарқанд ежелгі мұраларының Шығыс Сібірдегі Ангара



өзені аңғарындағы Мальта, Бурет, Ачинск тұрақтарынан кездескен материалдық мәдениет жұрнақтарымен айрықша ұқсас екенін атап көрсетті.

Бұл – Сібір-Орта Азия өңірін тұтас қамтып, біріктіре қарауға мүмкіндік беретін маңызды тұжырым.

Батыс, Оңтүстік, Шығыс Сібір аймақтарындағы Мустье дәуіріне жататын адам тұрақтарының белгілері кейінгі тас дәуірінде тіпті айқындана, ажарлана түседі. Әсіресе, Мальта, Бурет, т.б. кездескен көне дәуір жұрнақтары таңқалдырмай қоймайды. Мысалы Мальта тұрағы өзен жағалай салынған «ауылға» ұқсас. Ауылдың ортасында сопақша келген үлкен жер үй. Үйдің іргетасы гранит тастармен қаланып, қабырғасы мен шатыры ірі аңдардың сүйегінен құрастырылған. Олардың шаңырақ сияқты төбелері аң терілерімен қапталған.

Ең ғажабы, Мальта, Бурет тұрақтарынан 40-қа жуық мамонттың азу тісінен жасалған мүсіндердің табылуы. Олардың дені – әйел бейнелері. Олар Дон өзені аймағынан ұшырасатын әйел мүсіндеріне ұқсас болғанымен, оларға қарағанда нәзік, әдемі, дене мүшелері де барынша сыпайы.

Мүсіндердің басым көпшілігі құлаққа тағатын сырға бейнесінде қалыптасқан. Сондай-ақ Тас дәуірі мәдениетінде баламасы жоқ құс бейнесі де молынан кезігеді, олардың көпшілігі аққуға ұқсайды. Мальтадан табылған баланы жерлеу салты да қалыптаса бастаған дәстүрлі мәдениеттің жаңғырығындай. Сәбидің бас жағында зіл сүйегінен істелген білезік, кеудесінде 120 сүйектен қашалған әдемі моншақ, оюланып өрнектелген 7 салпыншақ, белінде тоғасы оюланған белбеу, төс сүйегі үстінде ұшқан құстың бейнесі, оң иығында зіл сүйегінен істелген қарбілезік, аяқ жағында пышақ,



басқа да қару-жарақтар. Мальта жәдігерлігі б.д.д. 22-24 мыңжылдықтардың шамасы деп таңбаланып отыр.

Ангара мен Белый өзендерінің қиылысында ежелгі адамдардың көне тұрағынан кезіккен жәдігерлікке барабар жәдігерлік не Орта Азиядан, не Шығыс Еуропадан кезіккен емес. Асылы адамзаттың алтын бесігі Сумер, Египет өңірінде де көнелігі жөнінен Мальта, Бурет мұраларымен таласар дерек әзірге қолға іліге қоймайды.

Ғылым әлемі Окладников, Аврамов сынды көне дәуір мәдениетінің озық білгірлерінің Орта Азия жәдігерліктерінің Мальта, Бурет мәдениетімен жалғастығы туралы айтқандарымен жақсы таныс. Сондай-ақ Мальта, Бурет мәдениетінің Шығыс Еуропа, әсіресе Дондағы Костенко тұрақтарымен де байланысы анық аңғарылады. Олар да қабырғаларын зіл сүйектерімен қоршап, дөңгелек, сопақша үйлер тұрғызған. Үйлерінің еденіне ошақпен қатар тандыр орнатқан. Сондай-ақ, әйел мүсіндері сәл дөрекілеу болғанымен, жалпы ұқсастық табу қиын емес. Б.д.д. 22-24 мыңжылдықтармен өлшенетін аталмыш мәдени ошақтар иелерін тегі жақын нәсілдер деп қарастыруға негіз бар.

Еуропада өткен ғасырдың басында француз Рене Генонның «Атлантида және Гиперборея» (1929), неміс археологы және дін тарихшысы Герман Виттің «Адамзаттың пайда болуы», Гастон Жоржелдің «Адамзаттың төрт ғасыры» (1949) атты еңбектері жарық көрді. Атлантида аумағының өзі тарихи деректен гөрі тарихи болжамға құрастырылғандықтан, аталмыш кітаптар да осы ғылыми болжам негізінде әліптелген.

Жоржель Еуразия мәдениетінің негізін қалаған турандықтар деп біледі де, Туранның мәдени, рухани



орталығын Сібір-Гоби шөлі-Камчатка елдігінен іздеу керек деп тұжырымдайды. Ал ежелгі Туран елінің жүртын тарихшы түрік-шумерлер деп пайымдайды. Бұл айтылғандар біздің тарихи түсінігімізді жаңа деңгейге шығаратын аса маңызды жаңалық. Арада санаулы-ақ жылдар өткенде академик Окладников Ангара өзені аңғарындағы Мальта, Бурет мекенін – ежелгі мәдениеттің көзін ашты.

«Сібір археологиясының» тосын жаңалығы әлемнің ұйқысын шайдай ашты. Атақты археологтың өзі тапқан мәдени ошаққа қайран қалғаны соншалық, көпке дейін оны неге жорырын білмеді. Алғашқыда аталмыш мәдени ошақтарын түрік халықтарына жуытпай, ашықтан ашық «мұны жасаған түрік нәсілі емес, жер бетінен жоғалған халықтың мұрасы» деп жүрді де, өлерінің алдында соңғы еңбегінде: «Ежелгі түріктік Сібір шығыстан гөрі батыспен көбірек байланысты. Оның мәдениет деңгейі біз ойлағаннан гөрі көп биік болып шықты. Байкал, Ангара, Лена өзендерінің аңғарында батыс пен шығыстың ежелгі мәдениеті тоғысып, ажырасқан. Өз кезеңімен салыстырғанда аса ілгері мәдени ошақтардың болғанының басы ашық. Онымен есептеспеуімізге лаж жоқ. Табылған археологиялық айғақтардан көрініп тұрғандай, Түріктердің Дон, Дунай сапарлары Байкал қамалдарынан басталған», – деп жазып кетті.

Демек, б.д.д. 22-24 мыңжылдықтағы Сібір мәдениетін археология түрік халықтарымен байланыстыруға мәжбүр болды. Бұл ғылыми тұжырым төл тарихымызға басқаша қарауға жол ашады.

Платон Атлантиданың су астына кетуін б.д.д. 9570 жыл деп жазып кеткені көпшілікке мәлім.

Өз ізденіс зерттеулерінде радиуглерод анализ тәсілін мейлінше көп қолданған америкалық ғалым,



Нобель сыйлығының лауреаты У.Ф. Лобби «Біздің дәуірімізге дейін 10400 жылдары Америка құрлығында адам ізі кенеттен жоғалып кеткен. Жинақталған деректер осы кезде адамзат қоғамының дамуында бір үзіліс пайда болғанын айғақтайды» дей келіп, бұл кезде адамзаттың даму процесін тоқтатқандай мұз қыспағы болмағанына мән береді.

Сондай-ақ ғылым әлемі Күрдістандағы Шаньдор үңгірінің тіршілігіне көптен бері назар аударып келеді. Бұл үңгірді адам қауымы 100 000 жылдан бері үзбей мекендеген. Үңгірдегі адам тірлігі б.д.д. 10 000 жылдары кенеттен тоқтаған.

Совет дәуірінің белгілі академиктері В.А. Обручев пен Е.М. Хагемейстердің солтүстік жарты шарындағы соңғы мұз дәуірінің аяқталуын б.д.д. 10 мыңыншы жылдарға жатқызғаны бірауыздан мақұлданған дәлелді тұжырым.

Сөз болып отырған тақырыпқа қатысты әлемдік деректерді жинақтай келгенде жер шарын географиялық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшыратқан соңғы зілзала б.д.д. 10 мыңжылдықтың шамасында болды деген ой қорытуға мүмкіндік береді.

Жазбалар мен зерттеу еңбектерінен анық аңғаратынымыз зілзала бір өңірде топан су тасқыны күйінде болса, екінші бір жерде тау құлап, жер жарылған, аспаннан от бүріккен бүліншілік ретінде болғандығы. Бұл көне тас дәуірінің ақырғы аяғы еді» [6].

Енді осы келтірілген деректерді бұрынғы «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» деген еңбегіміздегі деректермен қосып қорытындыласақ. Б.д.д. 22-24 мыңжылдықтарда қазіргі Сібір жерінің климаты жылы, жан-жануарлардың өсіп-өнуіне қолайлы болса керек. Себебі, жылы жақтарды мекендейтін мамонттың сүйектері мен тістерінен істелген бұйымдар бұл кезде көп қолданыл-



ған. Осы жылы, қолайлы климатты пайдаланған түрік тайпаларының арғы аталары солтүстікке қарай қозғала отырып, орта ғасырлық картографтар Ян Бушмехерс, Герард Меркатор көрсеткен Арктикадағы аралдарға жетеді.

Мұндай аралдардың болғаны туралы көптеген елдердің халық аңыздары жыр қылып айтады:

- Египет абызының айтуындағы Атлант мұхитындағы қарсы жатқан құрлыққа дейін созылып жатқан аралдар.

- Грек халық аңыздарындағы алыс солтүстікте, мұхиттың шетінде, Крона теңізінің ар жағындағы, табиғаты өте жұмсақ, ауасы өте ғажайып, Гесперидтердің алтын алмалары өсетін, құлпырған, бақытты адамдар тұратын арал Гиперборейлер елі.

- Ежелгі үнділердің эпосы «Махабхаратада» «Ману заңдарында» айтылған Шведатвипа аралы (Ақ арал).

Бұл үнділік қасиетті кітапта: «Дәл солтүстікте, темірқазық жұлдызының дәл астында, әлемдік жаратылыстың центрі орналасқан. Қозғалмай тұратын полярлық жұлдыз Темірқазықтың дәл астында Меру тауы бар. Меру тауын Сұт теңізі шайып жатады, осы теңізде Шведатвипа аралы. Бұл аралдың тұрғындары – нағыз бақытты адамдар», – деп көрсетеді.

- Ежелгі парсылардың зороастра дінінің қасиетті кітабы «Авестаның» «Вендидат» атты бөлімінде «жер жаннаты Эранвез» туралы айтылады. «Құдайлар мекен ететін құдыретті алтын тау Хукайрьяның көк тіреген Харайти шыңын жұлдыздар, ай мен күн айналып жүреді. Жұлдыздардың ішінде Жеті Қарақшы да аталады. Таудың етегінде өте үлкен Воурукаша теңізі толқып жатыр. Ал осы теңізде Эранвез елі атанған арал бар. Бұл аралда қасиетті жан-жануарлар мен



таңғаларлық гажайып өсімдіктер өседі. Бұл аралда ауру, бақытсыз адамдар деген атымен болмайды».

5) Бұларға шумерлердің солтүстікте жатыр делінетін жер жаннаты Дильмун туралы деректі қосыңыз.

Еуразияның Қиыр Шығысында тұратын халықтар мен Америка құрлығының Аляска тұрғындары арасында ешқандай жақындық жоқ екендігі ДНК-сын тексергенде анықталған. Соның есесіне, Таймыр жарты аралы (Еуразия құрлығында) мен Америка құрлығындағы Канаданың Арктикалық архипелагының өсімдіктер дүниесі өте ұқсас екендігін ғалымдар анықтаған. Осы екі жер бөлігінің арасында бұрын тікелей байланыс болған деген қорытынды жасаған ғалымдар. Мұның бәрі Ян Бушмехерстің картасында көрсеткен Арктикадағы аралдардың болғаны шындық екенін көрсетеді.

Осы Арктикадағы аралдарға қоныстанып, өсіп-өнген түрік тайпалары өздерінің дамуында жоғары өркеніетке қол жеткізген. Жер бетіндегі басқа халықтар әлі қауымдық қоғамда өмір сүріп жатқанда, ал Батыс Еуропа әлі мұз астында жатқанда, олар теңізде жүзудің нағыз майталмандарына айналған. Олар Арктикадағы бір-біріне жалғасып жатқан аралдардан қарсы құрлыққа (Америка құрлыққа) өтіп қоныстана бастайды. Америка құрлығында бұрыннан тұрып жатқан меланезиялық топқа жататын тайпаларды солтүстіктен ығыстырып шығарып, оңтүстік және орталық Америкаға қоныстанады.

Жобамен б.д.д. 10 мыңжылдар шамасында бүкіл-өлемдік зілзала басталады. Көптеген аралдар су астына кетіп (Соның ішінде Атланттар қоныстанған Арктикадағы аралдар да, Испания жағалауындағы Атлас қаласы орналасқан арал да бар), жер бетіндегі ауа райы қатты өзгеріске ұшырайды. Батыс Еуропаның мұз құр-



сауы еріп, күн жылына бастаса, Арктика мен Сібір аймағында күн суытып, адамдар жайлы қоныс іздеуге мәжбүр болады. Бүкіләлемдік су тасқыны туралы аңыздардың қайсысын алып қарасаңыз да адамдар өте үлкен кеме жасап қашып құтылады. Еврейлердің Нойы мен мұсылмандардың Нұх пайғамбары, гректердің Прометейдің ұлы Девкалионы, үнділердің Мануы, шумерлердің Утнапиштимі бәрі де кемемен қашып құтылады. Еуразия мен Америка құрлықтарын жалғастырып жатқан Арктикадағы жер жұмағы суға кетіп, түбі бір түріктің балалары үшке бөлініп кетеді. Сібір аймағындағы ата қоныстағы түріктер суықтан қашып, оңтүстікке шегінуге мәжбүр болса, Америка құрлығына өткендер сонда қалып қояды да, Арктикадағы аралдардағылардан зілзаладан аман қалғандары кемемен қашып жан сақтауға мәжбүр болса керек. Мұны грек аңыздарындағы Астерия атты аралда (мұны алып мұхит кемесі деп түсініңіз) өлемдік мұхитты шарлап жүретін Аполлон мен Артемиданың анасы Летоның мысалынан да көруге болады. Ол ақыры Жерорта теңізіндегі Делос аралына тоқтап, сонда Аполлон мен Артемиданы дүниеге әкеледі.

Жаңа қоныс іздегендер алдымен Батыс Еуропаның Атлант мұхиты жағалауына (Германия, Франция, Испания жағалауларына) орналаса бастайды. Одан әрі олар Гибралтар бұғазы арқылы Жерорта теңізіне өтіп, сондағы аралдар мен жағалаудағы қолайлы жерлерге орналаса бастайды. Олар саны аз болғандықтан, әрі теңізде жүзуге үйренгендіктен, теңіз жағалауларына қоныстанып, құрлықтардың терең түкпірлеріне бара бермейді. Осы қоныс аударушылардың бір топтары мұхиттармен жүзіп отырып Қызыл теңізбен Ефрат және Тигр өзендерінің сағасына қоныстанып, Шумер



өркениетінің негізін қаласа, енді бір тобы Үндістанға жетіп, Хараппа мәдениетінің негізін салған болу керек.

Ал Ніл өзенінің сағасына келіп, Египетте жоғары өркениеттің негізін қалаушылар жергілікті халық тілінде «Атланттар» аталыпты.

Көне қыпшақ тілінде «атлан» деген сөз қазіргі қазақ тіліндегі «аттан» деген әскери дабыл шақыратын ұран сияқты мағына береді екен.

Қадырғали Жалайыридың «Жамиғ-ат-тауарихының» тезаурус сөздігінде «атлан десеңіз қала мен бекініс ішінен жүз мың әскер атқа қонады» дегенді келтіреді (атлан-аттан).

Ал енді осы түрік тектес атланттардың зілзала кесірінен үшке бөлініп кеткенін, қазіргі ғалымдардың ДНК арқылы жүргізген сараптамасы да дәлелдейді. «Қазіргі еуропалықтарда бар он түрлі ДНК тобының біреуі- X типі америкалық үндістерде де, ортаазиялық түріктерде де бар, әрі ортаазиялық бұл X типі еуропалық және америкалық типтерден бұрын болған», – дейді ғалымдар. Осылайша ғалымдардың «бұл ДНК-сы X типіне жататын америкалықтардың да, еуропалықтардың да Орта Азиядан шыққанын дәлелдейді» деуінің астары шындық болатын.

Пирамидалардың таралуы

Ал енді осы Атланттар өркениетінің ерекше белгісі пирамидаларды қарастырып көрейік. Атланттар туралы аңыздардан басқа бізге жеткен заттай айғақ атланттар салған дейтін осы ғажайып құрылыстар: пирамидалар, сфинкстің мүсіндері, т.б. Атланттардың астанасы болған дейтін Атлас қаласы Испания жағалауынан іздесті-



ріліп жатыр, бірақ әлі нақты анықталған жоқ. Ал Египет жеріндегі Мемфис қаласын да осы Атланттар салған дейді ғалымдар. Бұл ғажайып қаланы тұрғындары белгісіз себептермен тастап кеткен. Қазір бұл қаланың құм астында қалған қалдығы ғана бар.

Атланттар туралы ең маңызды дерек беретін айғақтар – осы пирамидалардың ішкі қабырғаларына салынған суреттер мен жазулар, пирамиданың ішінен табылған осы атланттар пайдаланған заттар. Салынған суреттер мен табылған заттар сол заман адамдары үшін өте жоғары жетістік екені даусыз.

Ал жазулары пиктографиялық жазу болғандықтан да олардың нақты қай тілде сөйлегенін анықтау мүмкін емес дейді ғалымдар.

Осы табылған заттар мен суреттер, жазулар, кей тастарының салмағы 80 тоннаға дейін жететін пирамиданың өзінің құрылысы, олардың сол заманның өзінде өркениеттің жоғары деңгейіне жеткенін көрсетеді.

Ал енді осындай пирамидалар тек Египет жерінде ғана емес екен. Қазір пирамидалар Америка құрлығынан да, Қытай мен Тибеттен де, Қырымнан да табылды. Ең негізгісі осы пирамидалардың бір-біріне ұқсастығы, өсемделуі, тіпті әлемнің түкпір-түкпірінде жатса да бірін-бірі қайталайтындай болып келетін қосымша құрылыс, мысалы, сфинкстің мүсіндері.

Бұның бәрі бұл пирамидаларды салған адамдардың бір-бірімен табиғи жақындықтары, байланысы барлығын білдіріп тұрған сияқты.

Осы пирамидалардың ішіндегі ең жасы – Америка құрлығындағы пирамидалар. Америка құрлығында мұндай пирамидалар жер бетінен де, су астынан да табылып жатыр. Салған адамдар да белгілі: түрік тілінің қыпшақ диалектінде сөйлейтін түрік тектес халықтар.



Ал одан кейінгі орында Египеттегі пирамидалар мен жасы соларға шамалас Қытайдың Шэнси өлкесіндегі пирамидалар. Олардың жасы шамамен 5 мың жылдың айналасы.

Ғалымдардың айтуынша, Қырымнан табылған жеті пирамиданың жасы бұлардан «үлкен» көрінеді.

Қазақстан жерінде де жер астында, құмға көміліп қалған, жер бетінде болғанымен қатты бүлінген пирамидалар бар дейді кейбір деректер. Ал скиф қорғанынан табылған сфинкс бейнеленген алтын сырға, Пазырық қорғанынан табылған қиял-ғажайып мақұлықтардың бейнелері қазақ даласының да Египеттегі пирамидалармен байланысы бар екенін дәлелдейді.

Ал Қазақстан жерінде Торғай даласынан табылған «Торғай свастикасы» аталған көне құрылыс пирамида болмаса да өз көлемі бойынша өте үлкен, ал жас шамасы 7-9 мың жыл деп шамалайды ғалымдар.

Ал жас жағынан қазіргі рекордқа жататын құрылыс – Қытай жеріндегі Фушиан Ху көлінің түбінен табылған ғажайып қала. Қала ғажайып үш пирамиданың айналасына шоғырлана орналасқан. Көлдің өзі екі мың метр биіктікте тауда орналасқан. Олардың тас қабырғаларына салынған суреттер мен таңбалардың кереметтігі Мысыр пирамидаларына салынған таңбалардан әлдеқайда ғажайып, көркем. Таңбаларлық бір жағдай, олардың ешқайсысы бұзылмаған, жақсы сақталған. Уақыт та, су да көне дүние суретшілерінің қолтаңбасын бүлдірмеген. Тас қабырғаларға шекілген таңбалардың үлкендігі 4-5 метр көлемінде.

Ғалымдардың есебінше Фушиан Ху көлінің жасы – кем дегенде 12 мың жыл. Ал қала одан бұрын салынған. Ғалымдардың есебінше, қаланың іргесі бұдан 15 мың жыл бұрын қаланған. Қала су астына қалай шөкті,



өзірге бұл белгісіз. Пирамидалардың тас қабырғаларының үлкендігі Мысыр пирамидаларымен шамалас, ал сәулеті жағынан Америкадағы майя тайпасы салған пирамидалармен үндесіп жатыр.

Ал Тибет жерінде бұлардан да ғажайып, бұлардан да үлкен пирамидалар бар дейді анықталмаған деректер. Ал олардың жасы, үлкендігі, көркемделуі туралы дерек жоқ.

Енді осы құрылыстар мен пирамидаларды қарастырып отырсақ, бұл жерде де пирамида салу ісі алдымен Орталық, Шығыс Азиядан басталып, содан кейін барып жер бетіне тарала бастағанын көрсетеді.

Офтальмологтардың зерттеуі

Мына дерекке қараңыз:

«Где находится прародина человечества? Уфимские офтальмологи пришли к ответу своим собственным путем. Во Всероссийском центре глазной и пластической хирургии, руководимом Эрнстом Мулдашевым, был разработан метод определения национальности и расовой принадлежности человека с применением офтальмогеометрии 22-геометрических характеристик глазной области. На основании качественных фотоконий представителей всех 35 рас из книги советского ученого А. Яхро, давшего наиболее полную и фундаментальную их классификацию, были достаточно четко определены офтальмологические различия между расами. Затем были высчитаны так называемые «среднестатистические глаза». Они абсолютно точно принадлежали тибетской расе. (Эрнст Мулдашев. От кого мы произошли? Сенсационные результаты научной Гималайской экспедиции. «АИФ-Принт», – М, 2000)



Еще в 1925-1926 годах Николай Рерих, совершив несколько тибетских и гималайских экспедиций, высказал предположение, что человечество возникло на Тибете и оттуда распространилось по земному шару. Рерих показал это, анализируя исторические и религиозные факты. Исследования Мулдашева с коллегами тоже указали на Тибет. Похоже, это не было случайностью, что и подтвердила дальнейшая работа.

Глаза различных рас мира были распределены по степени математического приближения к «среднестатистическим глазам». Ветвей распределения, и, соответственно, корней, откуда они росли, оказалось четыре, то есть четыре расы имели примерно одинаковую степень близости к глазам тибетской расы: палеосибирская, южноазиатская, памирская и арменоидная. Распределен по ветвям и корням все 35 рас, исследователи поместили фотографии их представителей в те места на карте мира, где они проживали и соединили их линиями согласно близости и корню. В результате получилось офтальмогеометрическая схема миграции человечества по планете по четырем направлениям:

- путь А: Сибирь-Америка-Новая Зеландия;
- путь В: Таиланд-Индонезия-Австралия;
- путь С: Памир-Африка;
- путь Д: Кавказ-Европа-Исландия

Нас, понятно, прежде всего интересует здесь самый большой путь-путь А, ведущий из Сибири в Америку. В него вошли после тибетской следующие расы: палеосибирская (угро-финны)-урало-алтайская, лапонидная, балтийская;

Южносибирская-центральноазиатская, эскимосская, маньчжуро-корейская;



Атлантическая-южноамериканская, палеоамериканская, патагонская, тихоокеанская, среднеамериканская и полинезийская.

Представители центральноазиатской расы широко распространились по территории Сибири и Казахстана. К этой расе относятся современные казахи и многие народы Севера (ненцы, якуты, чукчи и др.) и современные монголы.

Маньчжуро-корейская раса стала прародительницей современных северных китайцев, японцев и корейцев.

Слепая ветвь эскимосов распространилась по территории Чукотки, Аляски, северного побережья Канады и Гренландии.

Южносибирская раса, кроме того, распространилась на американский континент, где постепенно трансформировались в атлантическую расу (североамериканские индейцы)» (стр. 72-74) [2].

Осының бәрі жер бетінде ең алғашқы өркениет Орталық Азия аймағынан басталып, қалған әлемнің түкпір-түкпіріне осы жерден таралған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ал ол жоғары өркениеттің негізін қалаған халық генетик ғалымдар дәлелдегендей ДНК-лары негізінен А, В, С, Д топтарына жататын және Х тобы қосылатын Орталық Азия түріктері.

Грек халық аңыздарында Иапеттің ұлы Прометей құдайдың ұстаханасынан от ұрлап, оны адамзаттың прогресті дамуына жаратпайтын ба еді. Ал ол аңыз бойынша Прометейдің мекені – скифтер мекендейтін Кавказ тауынның маңайы. Ол заман гректері үшін Кавказ тауы – дүниенің шеті есепті, себебі оның арғы жағы олар үшін жұмбақ әлем.

Қарап отырсаңыз бәрі де:

• Дүние жүзі халықтарының ертеден жеткен халықтық аңыздары да бір кездері Қиыр Солтүстікте



жоғары өркениетті халық болғанын, олардың мекені зілзала кесірінен жойылып, аман қалғандары кемемен қашып құтылғанын баяндайды.

- Грек халық аңыздарында осы жоғары өркениетті халықтың Иапеттің ұрпақтары екені, олардың бір бөлігі Прометейдің халқы атанып шығыс жақта мекендесе, Атланттың ұрпақтары зілзала кесірінен Америка, Еуропа, Африка, Азияға шашырап кеткенін баяндайды.

- Бұл деректерді осы Иапеттің ұрпақтарынан қалған нақты жәдігерлер-пирамидалар да дәлелдеп тұр.

- Бұл деректерді қазіргі генетик ғалымдардың зерттеуі де дәлелдеп берді.

- Қазіргі археолог ғалымдардың ашқан жаңалықтары да түріктердің ата мекені Орталық Азия аймағы адамзат өркениетінің бастауы болғанын, түріктердің жер бетіндегі ең көне автохтонды халық екенін, жер бетіне өркениеттің ұрығын сепкен халық екенін дәлелдеп берді.

«Ұлын Ұрымға, қызын Қырымға қондырған» деген теңеу сөз, «Балқан, Балқан, Балқан тау, Ол да біздің барған тау» деген бабалардан қалған сөз тіркестер тегіннен-тегін айтылмағанын, бір кездері түріктердің дүниені жалпағынан басып, әлемді шарлаған жорықтарынан қалған жаңғырық екенін білдірсе керек.

«Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралған да, олардың екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласына менің ата-бабаларым үстемдік құрған. Дүниенің төрт бұрышы оларға дүшпан болған. Әскер құрып, жорыққа аттанып, олар дүниенің төрт бұрышын түгел бағындырған. Олар кемеңгер де ержүрек қағандар болған. Олардың қызметіндегілер де білгір, ержүрек болса, балалары да халықпен ынтымақты болған. Олар мемлекетті ұзақ басқарып тұрғандығы да содан». Дана Тонькөктің ескерткішінен. 716 жыл.



Осылай деп нық сеніммен тасқа қашап мәңгілікке жазып кеткен ежелгі бабалардың қолында сенімді дереккөздері болғаны даусыз. Дүниенің төрт бұрышын бағындырған, «аттан» десе түгел атқа қонатын қаһарлы жауынгер халық ежелгі египеттіктердің есінде мәңгі бақи «атлан-аттан» деген жауынгерлік ұранымен қалып қойса керек, оларды «атландар» – «атланттар» деп атапты. Түсіне білген адамға бұдан артық қандай ұлттық идеология қажет?

«XXI ғасыр түріктердің ғасыры болады» депті көріп-келдер. Шыңғысханнан басталған түріктердің басына түскен зауал, кері кету, қараңғылық дәуірі сегіз ғасырға созылыпты. Осыншама уақыт ұмыт қалған даңқты бабалардың ерлік рухы қайта оралып, жоғалтқанымыз табылып жатса, содан қазіргі ұрпақтары тиісті сабақ ала білсе, несі бар.

Бабалардан қалған кең-байтақ жер, қойны толған байлық-қазына, теңдесі жоқ ерлікке толы тарих. Бабалардың РУХЫ қолдап, қазіргі ұрпақтары ақылға келіп, даңқты бабалардың ұрпағына лайық ақылмен іс жасаса, алдыңғы қатарлы елу ел түгілі, алдыңғы ондыққа ілігу де алынбайтын қамал емес. Тек соны сезінетін жастарға сана-сезім мен халқымызға бірлік-береке берсін, құдайым!

01.08.2013 жыл.



Үшінші тарау

ПИРАМИДАЛАРДЫ САЛҒАН КІМ?

«Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласына менің ата-бабаларым үстемдік құрған. Дүниенің төрт бұрышы оларға дүшпан болған. Әскер құрып, жорыққа аттанып, олар дүниенің төрт бұрышын түгел бағындырған. Олар кемеңгер де, ержүрек қағандар болған. Олардың қызметіндегілер де білгір, ержүрек болса балалары да халықпен ынтымақты болған. Олардың мемлекетті ұзақ басқарып тұрғандығы да содан».

Дана Тоныкөктің ескерткішінен. 716 жыл.

Пирамида десе есімізге Мысыр елі түседі. Жыл сайын миллиондаған туристерді Мысырға қарай магнитше тартатын «Әлемнің жеті кереметінің» бірі бұл пирамидалар саны – Мысырда 118. Ніл өзенінің солтүстік батыс жағалауына шашырай орналасқан бұл пирамидалардың ең көнесі – Джосер пирамидасы. Бұл пирамиданың негізі осыдан 5000 жыл бұрын қаланған. Бұл ғимараттың құрылысын Имхотеп атты шебер басқарған.

Ал Мысыр пирамидаларының ең үлкені – Гиза даласында орналасқан Хеопс пирамидасы. 20 жыл салын-



ған бұл пирамидаға салмағы 2,5-3 тоннаға жететін 2 млн. 300 мың тас кірпіш жұмсалған. Ал оның ішінде орналасқан «патша бөлмесінде» салмағы 80 тоннаға жететін алып кірпіштер де бар. Бұл пирамиданың биіктігі 146,6 м, әр қырының ұзындығы 230 метрді құрайды.

2. Сол сияқты пирамидалардың Америка құрлығында барын да біз бұрыннан білеміз. Әсіресе, қазіргі Мексика жерін б.з V-X ғасырларында мекен еткен Майя тайпасының салдырған пирамидалары ерекше. Майялықтар ғажайып құрылыстар салумен бірге ғылым-білімнің шырқау биігіне көтерілген. Олардың математика, астрономия, астрология саласында жеткен жетістіктері таң қаларлық. Майялықтар бұдан 1000 жыл бұрын жасаған күнтізбенің сырын толық ашуға қазіргі заман ғылымының өзі дәрменсіз.

3. Ал енді Қытай еліндегі пирамидалар туралы біз енді-енді естіп жүрміз. Себебі, қытайлықтар бұл өлкені әлі күнге дейін жабық, жасырын ұстайды екен. Бұл өлкеге шетелдіктердің баруына тыйым салынған.

Қытайдың Шэнси өлкесінде орналасқан жүздеген пирамиданың биіктігі 25-100 метр. Тек Цзя Линь өзенінің жағалауындағы пирамида ғана ең үлкен. Оның көлемі Мысырдағы ең үлкен Хеопс пирамидасынан екі есе үлкен дейді. «Ұлы Ақ пирамида» деп аталатын бұл пирамиданың биіктігі 300 метр, ал ені 500 метр екен.

Бұл пирамидалар бұдан 5000 жыл бұрын тұрғызылған деген дерек бар.

4. Ал енді, Тибеттегі атақты Кайлас тауындағы пирамидалар ең ғажайып құрылыстар. Мысырдағы Хеопс пирамидасының биіктігі 146 метр болса, Кайлас тауындағы пирамидалардың кейбірінің биіктігі 100 метрден 1800 метрге дейін жетеді. Әрі Кайлас – әлемдегі ең көп, әрі ірі пирамидалар орналасқан өлке.



5. Ал 2012 жылы орыс зерттеушілері Қырымнан 7 ғажап пирамида тапты. Олардың жасы Мысыр пирамидаларынан да «кәрі» көрінеді. Жер серігі арқылы түсірілген суретте Севастополь қаласының маңындағы Федюн жотасында үлкендігі 795x715 болатын алаңқай табылған. Зерттеушілер ол жерді өте ерте заманда шаһар болғанын анықтады.

6. Осындай ғажайып құрылыстар мен пирамидалар тек жер бетінде ғана емес, су астынан да табылуда.

Орыс-қытай бірлескен экспедициясы Қытайдағы екі мың метр биіктікте орналасқан таудағы Фушиан Ху көлінен мыңдаған жылдардан бері мұрты бұзылмай сақталған су түбінен ғажайып шаһарды тапты. Ғалымарды таң қалдырған дүние, қала ғажайып үш пирамиданың айналасына шоғырлана орналасқан. Ғалымдар пирамидалардың биіктігі кем дегенде жүз метрден асады дейді. Өте дәлдікпен шеңбер ішінде орналасқан пирамидалардың жасы ғалымдардың есебінше, Мысыр пирамидаларынан екі есе үлкен. Ғалымдар: «Бұл – әлемдегі ең көне шаһар, қаланың іргесі бұдан 15 мың жыл бұрын қаланған», – дейді.

Қаланың тас қабырғаларына салынған суреттер мен таңбалардың кереметтігі Мысыр пирамидаларына салынған таңбалардан әлдеқайда ғажап, көркем. Таңқаларлық жағдай, олардың ешқайсысы бұзылмаған.

Ғалымдардың есебінше Фушиан Ху көлінің жасы – кем дегенде 12 мың жыл. Ал қала одан бұрын салынған.

7. Куба жағалауындағы Бермуд ұштағанының түбінен ғалымдар алып қала құрылысын тапты. Құрылыстың ішінде 4 үлкен пирамида бар. Олардың біреуі шыныдан жасалған. Олардан басқа бірнеше Сфинкс және басқа мүсіндер бар. Ғалымдардың пайымдауынша қала үнді өркениеті кезінде шамамен 1,5-2 мың жыл бұрын



салынған. Ғалымдар «бұл жерде кезінде өте үлкен мегаполис болған, кейіннен қуатты жер сілкінісі мен теңіз суының көтерілуінің кесірінен қала су түбіне батып кеткен» деп есептейді. Пирамидалар Египеттегі Гиза пирамидаларына ұқсас, бірақ көлемі одан да үлкен. Ал үлкен кристалл тәріздес шыныдан салынған пирамида көлемі жағынан Египеттегі Хеопс пирамидасынан да үлкен.

Жұмбақ құрылысшылар

Енді «осы пирамидаларды кімдер салған» деген сұрақ туатыны заңды.

Кейбіреулер ешқандай дәлелі болмаса да бұл пирамидаларды жатпланеталықтар салған дейді. Айтатын дәлелі ең кішісі 2,5 тоннадан 80 тоннаға дейін жететін тастарды мынандай дәлдікпен қалау адам баласының қолынан келуі мүмкін емес.

Ал Еуропалық ғалымдар б.д.д 359 жылы ежелгі грек ғалымы Платон жазып кеткен атланттар салған дегенді айтуға құмар. Платон және бір грек ғұламасы Солоннан естідім деп ғажайып өркениетке қол жеткізген Атлантида туралы айтады. Оның айтуынша атланттар аса зор болған. Ірі пирамидалар тұрғызған. Сонда өмір сүрген. Ғажайып технологияларға қол жеткізген. Жеті қат жердің астын һәм жеті қат көк аспанды да зерттеген. Суға сүңгіген, көкке ұшқан. Олар өмір сүрген мекен жұмақпен бірдей болған. Бірақ кездейсоқ оқиғадан кейін (табиғат апаты болуы керек) Атлантида өркениеті жойылған. Атлантиданың астанасы Атлас қаласы болған. Платонның жазуынша атланттар аралда өмір сүрген. Бірақ ол мемлекет қай жерде өмір сүрген,



ол арал мен Атлас қаласы қайда? Бұл туралы ешнәрсе айтылмаған.

Қазір Еуропа ғалымдары осы Атлантиданың қалдығын іздеп әуре.

А) Осыдан бірнеше жыл бұрын Батыс ғалымдары ғарыштан түсірілген сурет арқылы Испания жағалауынан батып кеткен аралды, ондағы аса үлкен ғимараттардың сұлбасын көрген. Мүмкін, «Атлантиданың астанасы Атлас қаласы осы болар» деп зерттеу жұмысын бастап кетіпті.

Б) Ал биыл орыс ғалымдары Қырымнан тапқан жеті пирамида мен Севастополь маңындағы Федюн жотасынан табылған алаңқай орнын Атлас қаласының орны болуы мүмкін дейді. Дәлелі Федюн жотасындағы қала орны мен Платон айтқан Атлас қаласының үлкендігі (925 м) дәл келеді. Орыс ғалымдары Атлантиданы осы жерден Қаратеңіз түбінен іздеген жөн дейді.

В) Ал Америка ғалымдары Куба жағалауындағы Бермуд ұштағанынан табылған суасты қаласының қалдығын Атлантида туралы айтылғандарға дәл келеді деп есептейді. Себебі, арал табиғи апаттан суға батып кеткен.

Енді осы түрлі болжамдар мен аңыздарды былай ысырып қойып, нақты не белгілі, соны талдап көрейік.

• Осы әлемнің түкпір-түкпірінен табылып жатқан пирамидалардың ішіндегі ең жасы – оңтүстік Америка жеріндегі майялықтар салған пирамидалар. Бұл жерде талас жоқ, пирамидаларды тұрғызған ешқандай жатпланеталықтар емес, аңыздағы атланттар да емес, тарихтан белгілі майя халқы.

Майя халқының түрік текті халық екенін дүние жүзі әлдеқашан мойындаған. Алла тағаланың түркілерге салған ерекше белгісі – жаңа туған нәрестенің құйымшағында «көкшіл таңба» басқа бірде-бір халықта болмайды. Ал майялықтарда ол бар.



Екінші майя халқының тілі түрік тілінің ішінде қазаққа өте жақын қыпшақ диалектісінде сөйлейтінін ғалымдар дәлелдеген.

• Куба жағалауындағы су астынан табылған қала да шамамен осы үнді майя өркениеті кезінде, яғни 1,5-2 мың жыл бұрын салынған дейді ғалымдар.

• Ал Қырымды атам заманнан түрік халықтары мекендеп келе жатқаны даусыз шындық.

Ал енді осы Мысыр пирамидаларын, қытай пирамидаларын, оңтүстік Америкадағы пирамидаларды зерттеген ғалымдар олардың таң қаларлық ұқсастығын көп табады.

Куба жағалауындағы су астынан табылған пирамидалардың жанынан Мысырдағыға ұқсас Сфинкстың бірнеше мүсіні табылған.

Қытайдағы Фушиан Ху көлінің түбінен табылған пирамидалардағы тас қабырғаға салынған суреттердің, таңбалардың кереметтігі Мысырдағы пирамидаларға салынған таңбалардан әлдеқайда ғажап, көркем. Фушиан көліндегі пирамидалардың тас қабырғаларының үлкендігі Мысыр пирамидаларымен шамалас, ал сәулеті жағынан Америкадағы майя тайпасы салған пирамидалармен үндесіп жатыр.

Ешқандай Қытай жазбаларында пирамида, мұндай қала туралы ештеңе айтылмаған. Ал Қытайлар Шэнси өлкесіндегі алып пирамидаларды бүгінге дейін жасырып келген. Қазір Қытайлықтар ол өлкені жабық аудан есебінде, ешкімге көрсетпей, сырт көзден құпия ұстап отыр.

Бұл түсінікті де. Себебі, біз қазір Қытай атап жүрген ханзу халқының тарихы б.д.д бірнеше ғасырдан ғана басталады. Қытай тарихының атасы атанған Си-ма Чиян Қытай мемлекеттігінің басталу мерзімін б.д.д 697 жыл



деп көрсетеді. Ал ұлы философ Кун-Фу-Зы б.д.д. 357 жылдан бастайды.

Қытай тарихшылары өз елінің ең ежелгі тарихын былай бастайды: «Сиуңнулардың атасы Шун Ви есімді кісі – Шиа Хиушы әулетінің ұрпағы болатын» (54-б.) [5].

Қытайдың дәстүрлі астарлап сөйлеу мәнерінен турасына аударсақ бұл былай болып шығады: «Қытайлармен алғашқы байланысқа түскен Сиуңнулар мен қытайдың алғашқы билеуші әулеті бір әулеттен болатын». Немесе қысқаша айтқанда «Қытайлардың алғашқы билеуші әулеті көшпенділер әулетінен шыққан» деген сөз.

Қытайдың алғашқы билеуші әулеті де, көне қытайдағы бірнеше княздіктің басын біріктіріп, «Аспан асты империясын» құрған Ши Хуанди патша да көшпенділер әулетінің өкілдері.

Осы жерде көне өркениеттердің тарихымен терең айналысқан атақты француз ғалымы Рене Груссенің «Дала империялары» атты еңбегінен үзінді келтіре кетейік: «Тюрки и монголы, будучи умными, уравновешенными, практичными людьми, обученными грубой реальностью их окружения, были, тем не менее, созданы для правления. Когда оседлые и часто упадочные общества становились объектом их нападения, кочевники входили в город и в течение первых часов боя, без всяких особых трудностей занимали место правителей, которых они только что разбили. Не растерявшись, кочевник восседал на освященных временем благородных престолах, как великий каган Китая, царь Персии, император Индии, или султан Рума и впитывал в себя все, что его окружало. В Пекине он стал наполовину китайцем, в Исфагане или Раи-иранцем.

Непоколебимые безжалостные законы человеческой географии продолжали действовать. Если окитаизиро-



ванный или иранизированный хан не был смещен какой-либо естественной реакцией, в любой момент из дебрей степей новые и голодные орды могли показаться на его границах, которые видели в выскочках-родственниках просто другого таджика или табгача-персидского или китайского. Они повторяли это действие-приключение в ущерб предыдущему. Как случилось, что захват был всегда успешным, и что один и тот же ритм повторялся в течение тринадцати веков? Ответ заключается в том, что кочевник, хотя и тормозил развитие материальной культуры, всегда владел огромной военной властью. Он был стрелком в седле. Техническим оружием, которое давало ему великое превосходство над оседлыми народами, как артиллерия современной Европы для остального мира, была невероятно мобильная конница опытных стрелков. Это правда, что ни китайцы, ни иранцы не имели такого оружия.

С III века до н.э. китайцы адаптировали на себе их одежду для верховой езды. И Персия со времен парфян знала цену дождя стрел, посланных отступающими всадниками. Но китайцы, иранцы, русские, поляки или венгры не могли уподобиться монголам в этой области. Наученные с детства догонять оленя на скаку на широких просторах степей, привыкшие к упорному преследованию и ко всем хитростям охоты, от которой зависела их еда – основа жизни-они были непобедимы» (8-9-б.) [12].

Осы жерде түрік императорлары өздерін «Көктің ұлы», «Тәңір құт» деп атағанын айта кеткен жөн. Түріктердің ұстанатын діні – Тәңір діні десек, түріктер Тәңір құдайдың мекені аспанда, зеңгіркөкте деп есептеген. Ал өздерін тәңірдің жердегі өкілі – Көктің ұлы деп атаған. Сондықтан да олар құрған империя Көктің ұлы империясы Аспан асты елі деп аталған.



Қанша ерте дамыған дегенмен қазіргі ғылымға белгілі қытай жазба тарихы б.д.д бірнеше ғасырдан ғана осылай басталады. Ал Шенси өлкесіндегі пирамидалардың салынғанына 5 000 жыл болған дейді ғалымдар. Ал Фушиан Ху көліндегі пирамидалардың жасы 15 000 жылға кетеді. Демек, бұл пирамидаларды салуға ханзу халқының еш қатысы жоқ.

Ал алдыңғы Азияда ең алғашқы тарихы белгілі хатқа түскен өркениеттің негізін қалаған Шумерлер де, Кіші Азия жерінде алғашқы өркениеттің негізін қалаған Хаттар да, Еуропадағы ең алғашқы өркениеттің негізін қалаған (б.д.д. 1500 ж) этрускілер де түрік тектес халықтар екені қазір дәлелденген шындық.

Мысыр еліне бірнеше ғасыр билік жүргізген көшпенді халық – гиксостар туралы дерек тарихта бар.

Ежелгі еврейлердің қасиетті кітабында пайғамбар өз үмбеттеріне *«Мен сендерге, Израил шаңырағына, сонау алыстағы халықты, аса күшті халықты, ертеден жасап келе жатқан халықты жіберемін. Олардың барлығы да шетінен ержүрек. Олар сендердің құлдарың мен қыздарыңды құрбан етеді. Сен сеніп отырған қамал мен қоршаған қалаларыңды күл-талқан етеді»* деп қорқытады. Ал осы «ертеден жасап келе жатқан халық» дегені көшпенділер өкілдері Кемерлер мен Скифтер болатын.

Осы жерде түрік әлемінің алтын бесігі атанған Алтайды жан-жақты зерттеген академик А.П. Окладников бастаған ғалымдар Алтай тұрғындары жасап, пайдаланған тас құралдардың жасын 200 мың жыл деп анықтапты.

Осы жерде тағы да бағзы замандарда Қиыр Шығыстағы Беринг жер мойнағын басып өтіп, Америкаға қоныс аударған Американың байырғы тұрғындарының



тарихы туралы профессор Әділ Ахметов: *«Азиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін-дүркін болғандығын, яғни бірінші рет 40-35 мың жыл бұрын, екінші рет 28-25 мың жыл бұрын және үшінші рет 14-10 мың жыл бұрын қоныстанғанын аңғаруға болады»* [1], – деп көрсетеді. Осы Американың байырғы тұрғындарының түрік нәсілдес екені сырт пішінінен де тілдерінен де дәлелденген. Бұл осы мәселемен жан-жақты айналысқан Америка ғалымдарының дерегі.

Ал көне өркениеттер тарихын жан-жақты зерттеген атақты француз ғалымы Рене Груссе өзінің *«Дала империялары»* [12] атты еңбегінде былай дейді:

«Стрелки на седлах из степей правила над Евразией ...до XVI-го века».

«...Тюрки будучи умными, уравновешенными, практичными людьми, были, тем не менее созданы для правления».

«С появлением артиллерий эти лучники перестали быть завоевателями мира».

Еуроцентризмді ту қып ұстанған бұл ғалым алғашқы от қару шыққанға дейін көшпенділерге соғыс өнерінде тең келетін халық болмағанын мойындай тұра, түркілерді жабайы, надан етіп көрсеткісі келеді.

Бірақ қазір Еуропаның ақсүйекшіз деп жүрген халықтарынан түріктер жазу-сызуды бұрын игергені дәлелденген шындық.

Ең алғашқы жазуды игерген еуропалықтар да емес, қытай, үнді, еврейлер де емес, түрік тектес шумер, хаттар болатын.

XX ғасырдың басында Югославия, Болгария жерінде Винча өркениеті табылғанда еуропалықтар қандай қуанды дейсіз. Себебі, Винча жазуы бұған дейін әлемдегі белгілі ежелгі жеті жазудың ішіндегі ең көнесі шу-



мер жазуынан (3100 ж. б.д.д) төрт ғасырға жуық (б.д.д 3470 ж. Винча жазуы пайда болған) көне болатын. Бірақ, тексере келгенде бұл жазу еуропалықтарға емес, түркі тектес этруск халқының жазуының бастапқы кезеңі екені дәлелденді.

Этруск әліппесі 26 әріптен тұрады, оның 5-еуі дауысты. Б.д.д. IV-V ғасырда өмір сүрген сақтар да, б.д.д I ғасырда өмір сүрген қаңлылар да, б.з. VII ғасырындағы түріктер де осындай әліппені қолданған.

Ал енді осы әлемнің түкпір-түкпірінде салынған пирамидаларға ұқсас, түркілердің атақонысында – Орталық Азияда не бар?

Орталық Азияда түріктер тастан пирамидалар салмаса да, атақты патшаларына биік қорғандар салып, оны өте қастерлеген.

1963 жылы Есіктегі су тасқынынан шайылған қорғаннан кездейсоқ алтынға малынған асыл бекзаданың мүрдесі табылды. Ғалымдар 16-18 жастардағы бекзада б.д.д. IV-V ғасырларда жерленген дейді. Қазір Қазақстанның тәуелсіздігінің символына айналған бұл тарихи жәдігер бір қорғанның астында екі тұлға жерленуі арқасында ғана тоналмай аман қалған дейді ғалымдар. Ауданы 60x60, биіктігі 6 м болатын қорғанның ортасына қарт көсем жерленсе, көсемнің мүрдесінен 15 метрдей жерде, қорғанның шетіне таман жас ханзада жерленген. Осы маңайдағы 40-тан астам қорғандардың тоналмай аман қалғаны жоқ. Соларды тонаған тонаушылар ортадағы ұлы тұлғаны да тонаған. Тек тонаушылар бір қорғанның астында екі тұлға жатқанын білмегендіктен ғана жас ханзаданың мүрдесі тоналмай аман қалған.

Ал археолог З. Самашев ашқан, ішінен екі бекзадамен (бірі еркек, бірі әйел) бірге алтын әбзелді он үш аттың сүйектері қоса табылған Алтайдағы Берел қорғандар



шоғыры – «Түркі әлемінің алтын бесігі» атанған Алтайға жерленген бабалардан қалған тарихи ескерткіштер.

Батыс Қазақстан облысындағы мұнайлы Қарашығанақ жерінде «Қырық оба» деп аталатын қорғандар шоғыры бар. «Патшалар қорғаны» деп аталатын үш үлкен қорғанның ең үлкенінің биіктігі 20 метр, диаметрі 150 метрге тең.

Осындай қорғандар ертеде Еуразия даласында, оның ішінде, әсіресе түркі халықтары мекен еткен Сібірде, Қазақстанда өте көп болған.

«Команы (қыпшақтар) насыпают большой холм над усопшим и воздвигают ему статую, обращенную лицом к востоку и держашую у себя в руках перед пупком чащу», – деп жазыпты Вильгелм Рубрук [13]

Ал Э. Хуршудян, Д. Муканова секілді ғалымдар «Из истории армяно-казахстанских отношении» атты еңбектерінде былай деп жазады: «Эти изваяния воздвигались в память умерших и являлись важнейшим атрибутом господствовавшего у кипчаков культа предков. Десятки тысяч статуи стоял на курганах и майданах, на перекрестках степных дорог и рек».

Осындай қорғандар тек Еуразия даласында ғана емес, солтүстік және орталық Америка жерінде де ертеде өте көп болған. Ғалымдардың есебінше бұл қорғандар шамамен б.д.д. 1500 жылдардан б.з. 1700 жылдары аралығында 4000 жыл бойы үздіксіз салынумен болған.

1800 жылдардан кейін Еуропадан қоныс аударып келгендер қорғандарды тонап, тегістеп жіберген.

«Накопление археологических материалов началось с конца XIX в. Массовые раскопки кочевнических курганов, предпринятые генерал-лейтенантом Н.Е. Бранденбургом на Черкасщине (в Поросье) и одним из самих деятельных русских археологов В.А. Городцовым на

берегах Северного Донца и Дона, заложили основу коллекции кочевнических древностей Восточной Европы» (5-б.) [13].

Қорғандарды тонау түріктердің басынан бағы тайған соңғы ғасырлардың сорақы әрекеттері. Ал түріктер өз күшінде тұрған орта ғасырлар мен ерте замандарда қорғанды бұзу, мүрдені ашу, аруақтарды мазалау өте үлкен қылмыс, елді қорлау деп есептеліп, өте қатаң жазаланатын болған.

Бұған тарихта мысалдар көп:

1) Б.д.д. 512 жылы еркін сақтарды жаулап алмақ болып, 700 мың әскермен аттанған парсы патшасы Дарий ұстатпай қойған сақтарды соғысуға мәжбүрлеу үшін сақтардың қорғандарын бұзып, мүрделерді ашқызады. Мұны естіген сақтар шегінгенді қойып, өздері жойқын шабуылға шығады. Ақырында сасқан Дарий сақтарды жауламақ түгілі қанша әскерінен айырылып, жаралы және әлсіз әскерлерін құрбандыққа шалып, өзі әзер қашып құтылады. Содан қайтып парсылар Ұлы Далаға қарай аяқтарын аттап баспайды.

2) Ғұндардың басынан бағы тайып, әбден әлсіреген кезінде баяғы Мөде төңірікүт талқандайтын дунхулардың бір бұтағы Ухуан аталып, әбден көбейіп, күшейсе керек. Олар қалайда ғұндардан баяғы кеткен кегін алғысы келеді. Ухуанның бір ақымақ бегі соғысқа сылтау табу үшін ғұндардың бабалары жерленген қорғанды бұзып, мүрделерді шашып тастайды. Мұны естіген ғұндардың еңбектеген баладан еңкейген кәрісіне дейін түгел атқа қонып, ухуандарға жойқын шабуыл жасайды. Осылайша ақымақ бектің ойланбай істеген әрекетінің кесірінен ухуан халқы жер бетінен жойылады.

Қазақстан жеріндегі осындай қорған обалардан қазір қанша патшалар мен патшайымдардың алтындаған

бұйымдары табылды. Бұл құнды жәдігерлер біздің ата-бабаларымыздың сол көне заманның өзінде өркениеттің жоғарғы сатысына жеткенін көрсетеді.

Жақында Моңғолия жерінен осыдан 1300 жыл бұрын салынған көк түріктердің жерасты мазарын тапты. «Жер бетінен 8 м тереңдікте жатқан қорымның үстіңгі көмбесінің биіктігі 4 м. Ал есікке бастайтын дәлізінің ұзындығы 40 м. Дәліздегі қос қабырғаның бір жерінде бос орын жоқ. Барлығына сурет салынған», – деп хабарлайды түріктанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы.

Ал жақында Германия жерінде құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан неміс жұмысшылары жерастынан б.д.д. 1300 жылдары жасалған өте қымбат алтын мен асыл тастардан жасалған қазына тауып алған. Қазынаны жан-жақты зерттеген неміс ғалымдары бұл заттардың бұдан 3300 жыл бұрын Қазақстан жерінде жасалғанын даусыз дәлелдеп берді.

Әлем ғалымдарын қызықтырып отырған Қазақстанның солтүстігіндегі Торғай даласында жатқан «Үштоғай төрттағаны» мен «Торғай свастикасы» деп аталатын тарихи ғимарат. Бұл ғимараттар ғарыштан қарағанда көрінеді екен Дүниежүзі археологтарын таңқалдырған бұл нысандардың көлемі Париждегі Елисей алаңы мен Мәскеудегі Қызыл алаңнан да үлкен. Ғалымдар бұл геоглифтерді б.д.д. 7-9 мыңжылдықтарда салынған, Мысырдағы Гиза пирамидаларынан да екі мың жыл бұрын салынған эпикалық ғимарат дейді. Қазір ғалымдар зерттеп жатыр.

«Егер бұл ғимараттардың Гиза пирамидаларынан «көрі» екені дәлелденсе, бүкіл адамзаттың тарихы Қазақстан жерінен басталатын болмақ», – деп хабарлайды «Айқын» газеті.

Ерте дүние

құрылысшыларының құпиясы

Ал енді осы, ең кіші тасы 2,5 тонна, ал үлкені 80 тоннаға жететін алып пирамидаларды қалай тұрғызған?

Бұған дейін, бұл туралы талай жорамалдар да айтылды. Бұлардың ішіндегі ең көп зерттелгені Мысыр пирамидалары болатын.

Мысыр пирамидаларын таудың тасынан қашап алып, блок-блоктан құрастырған деген ой көбірек айтылатын. «Бірақ мұнша ауыр тастарды қалай көтерген» деген сұраққа ешкім де жауап бере алмады.

Мысыр пирамидаларының қалай салынғаны туралы ең көңілге қонымды ойды алғаш рет айтқан, қазақтың біртуар ұлы, өнертапқыш Сейілбек Қышқашов болатын.

1980 жылы ғалымдар Хефрен пирамидасының ішіндегі қазынаға апаратын жолдан, тас қабырғадан елеусіз ғана шығып тұрған адамның шашын байқайды.

Бұл «тасты таудан қашап алған» деген ойдың қате екенін, қайта «пирамида кірпіштерін бетон сияқты құйған» деген ойға жетелейді Сейілбек ағамызды. Бұл шаш бетон құйған құрылысшылардан кездейсоқ қалып қойса керек.

Пирамидалардың жанынан балшық айдайтын қырманға ұқсас, өте үлкен бассейндер табылған. Оның не үшін екенін ешкім де айтып бере алмайды. «Менің ойымша бұл тас ерітетін бассейндер», – дейді Сейілбек Қышқашов.

Мына деректі қараңыз: «Ұлы пирамидалардың тұрғызылғанынан екі мың жылдан кейін грек тарихшысы Геродотқа Хеопс пен Хефрен перғауындардың бұкіл халықты кезектесіп пирамида құрылысында еңбек етуге мәжбүрлегенін айтады. Олардың бір тобы



тасты тас майдалайтын жерден өзенге, ал екінші тобы өзеннен пирамида төбесіне тасығанын айтады. Бұл әңгіме қате болатын. Себебі пирамида қаланған тастар өзеннің арғы бетінен емес, жергілікті, жақын жердегі тас карьерінен алынған болатын» (17-б.) [16].

Бұл жерде ғалымдар, ертедегі Египет жазуы суретпен бейнелеп жазу (пиктографиялық) болғандықтан, «бассейн» деген белгіні «өзен» деп қате оқып, қатты жаңылысқан сияқты.

С. Қышқашев 1993 жылы көптеген тәжірибелерден соң, бие сүтінен жасалған еріткішпен қызыл гранит тастарды ерітіп, бетон сияқты қайта құю технологиясын игерген болатын.

Бұл тек пирамиданы зерттеген ғалымдарға ғана емес, медицина үшін де теңдесі жоқ жаңалық болатын. Бұл еріткіш организмдегі өт, бүйрек, ас қорыту жүйесіндегі тастарды тазалауға таптырмайтын әдіс еді.

Ең өкініштісі сол, қазақ халқының абыройын көтеретін, дарынды өнертапқыштың осы жаңалығына шенеуніктер патент бермек түгілі, мазақ қылып қайтарып жіберіпті.

Ал арада жиырма жыл өткенде қазақтың ұлттық тағамы қымызды немістер патенттеп алды.

Ал осы пирамидаларды ұзақ жылдар зерттеген мысырлық ғалымдар жақында, Сейілбек Қышқашовтан 20 жылдан кейін, бұл пирамидалардың кірпіштері қолдан құйылған деген қорытынды жасапты. Әрине, бұл жаңалықты ашушы болып қазақ өнертапқышы емес, Мысыр және АҚШ ғалымдары тіркелді. Кірпішке химиялық талдау жүргізген мамандар тастың тау жынысының ұсақталып, үгінді күйінде келетінін, содан соң арнайы қоспалар қосылып, ағаш қалыпқа құйылғанын анықтаған.



Виктория университетінің профессоры Кен Маккензи: «Жердің ежелгі тұрғындары қазіргі заманның бетоннынан сапасы асып түсетін табиғи бетон жасай алған», – дейді.

Әлемнің атақты, қасқа бас ғалымдары енді ғана білген бұл жаңалықты қазақтың қарапайым өнертапқышы бұдан 20 жыл бұрын ашып қойғанын олар қайдан білсін. Олар әлі де біле алмай жүрген еріткішті Сейілбек Қышқашов бұдан 20 жыл бұрын тауып, көзге көрсетіп, қолға ұстатып та қойған.

Сейілбек Қышқашовтың «Жер бетінде бірде-бір өсімдік синтездей алмайтын уқусты жылқының сүт бездері ғана синтездей алады екен. Бие қымызынан қызыл гранитті еріте алатын ерткіш жасап шықтым. Пирамида тастары осылай ерітіліп, қалыпқа құйылған» деген сөзі дәлелденсе, пирамида құрылысына жылқының көптеп пайдаланылғаны дәлелденбек. Демек бұл, пирамидаларды салған көшпенді түріктер деген сөз.

09.12.2012 жыл



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы М. Тәжинге хат

Құрметті Марат Мұхамбетқазыұлы!

Мен жоғары білімді болғаныммен, дипломды кәсіби тарихшы емеспін. Бірақ бала күнімнен ата-бабаларымыздың тарихына қатысты ашылған әрбір жаңалықты қалт жібермей қадағалап оқып, жадыма тоқып жүремін.

Осы тұрғыдан келгенде Сіздің 5 маусым 2013 жылы «Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында» жасаған баяндамаңыз және осы отырыста еліміздің тарихшы мамандарының алдына қойған тапсырмаларыңыз өте уақтылы және орынды болды деп есептеймін.

Әсіресе, соңғы кездері әрқайсысы әр жаққа бұра тартып, рушылдыққа салынып берекесі кеткен тарихшысымақтарға тосқауыл қойып, елді біріктіретін ұлттық идеяны ұсынып, ел болашағының дүниетанымдық жаңа моделін жасап, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау туралы берген тапсырмаңыз қазіргі тойыншылықтың арқасында не істерін білмей, дарақылыққа салынып, түрлі теріс жолдарға кетіп бара жатқан жастар үшін ең дұрыс бағыт беретін шешім болды деп ойлаймын.

Осы жерде 1559 жылы болашақ Лондон епископы Дж. Эймердің жасаған мәлімдемесін айта кеткім келеді. Ол құдайдың өзін ағылшын деп жариялап, отандастарына француз, итальян, неміс емес, ағылшын болып дүниеге келгендері үшін құдайға күніне әлденеше рет алғыс айтуға шақырыпты.



Әрине, қазіргі жас бала да сенбейтін осы қулық шынымен-ақ ағылшындардың рухын көтеріп, ұлтты біріктіруге үлкен қызмет еткен сияқты. Тіпті моралдық тұрғыдан санағанда азғындық жолда дейтін теңіз қарақшылығының өзі тапқан табысын еліне тасып, «королева үшін» дегенде ештеңе аямайтын патриоттарға айналған. Ақырғы нәтиже қазір бәрімізге белгілі.

Осы жерде тағы да тарихты тереңнен талдап, көнеден бастау және бұған дейін біз пайдаланып келген орыс және Еуропа тарихшыларының мәліметтеріне сыни көзбен қарап, електен өткізу туралы тапсырмаңыз нағыз даналық болды.

Осы жерде мен өзім байқаған мына бір деректерді тарихшылардың талдауына ұсынсаңыз, маман тарихшылар өз пікірлерін білдірсе деймін.

Мен бала күнімнен Египеттегі пирамидалар туралы көп оқыдым. Бір таң қаларлығы, бұл пирамидалар Египет жерінде тұрғанымен, оларды египеттіктер біз салдық деп айта алмайды екен. Тіпті қалай салғанын да білмейді. Ғалымдар бұл пирамидаларды тұрғызған «Атланттар» дегенді айтады. Бірақ бұл атланттар дегендер кімдер, ондай халық жер бетінде шынында да болған ба деген сұрақтарға жауап жоқ. Осы уақытқа дейін бірде-бір халық «Атланттар» деген біздің бабаларымыз деп еге бола алмайды екен.

Кейін білгеніміздей пирамидалар тек Египетте ғана емес, Америка құрлығында да бар болып шықты. Оларды салған Майя деп аталатын қазір де бар халық және майялар түрік текті халық екен. Ең қызығы, ғалымдардың айтуынша майялар түрік тілінің қыпшақ диалектінде (қазақ та қыпшақ диалектінде сөйлейді) сөйлейді дейді.

Сол сияқты пирамидалар Қырымнан да табылды.



Ал пирамидалардың ең көп жері Қытай мен Тибетте екен. Бірақ қытайлықтар бұл пирамидаларды құпия, шетелдіктерден жасырын ұстайды екен. Не себепті деп ойлана келе мен бұл пирамидаларды салған қытайлар емес екеніне көз жеткіздім. Себебі Қытайдағы алғашқы княздіктердің пайда болған кезі ең ары кеткенде б.д.д. 2000 жылға ғана барады. Ал Қытай мен Тибет жеріндегі пирамидалардың жасы ең кемі 5000 жыл, ал ең көрілері 12000 жыл бұрын салынған. Сонда оларды салған кім деп ойлана келе мен бұл пирамидаларды салған түріктер екенін аңғардым. Мен өз ойымды «Пирамидаларды салған кім?» деген мақаламда жаздым.

Ал египеттіктер мен гректер айтып жүрген «Атланттар» дегендер кімдер екенін тексере келе бұдан 10-12 мың жыл бұрын Орталық Азиядан Америка құрлығына дейін жеткен түрік тектес халық екенін аңғардым.

Тек бұл мәліметті орыстар мен қытайлар, еуропалықтар түріктерден құпия ұстаған.

Бір қарағанда сену қиын, Орталық Азиядағы түріктердің қара шаңырағындағы біз – қазақтар Даңқты Атланттардың ұрпақтарымыз дегенге. Бірақ тарихи фактілер, қазіргі ғалымдар ашып жатқан жаңалықтар соны дәлелдейді. Мен өз ойымды «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» атты еңбегімде келтірдім.

Тағы бір қызығы, мен осы мақаламды жазып бітіріп, газеттерге жіберген соң көп ұзамай газеттерде неміс ғалымдары ашқан жаңалық жарияланды. Онда неміс ғалымдары «Еуропаны ең алғашқы қоныстанған халықтың (менің ойымша атланттар) қазіргі еуропалықтарға ДНК-сы сәйкес келмейді» дейді. Керісінше олардың түріктерге жататынын анықтаған. Бұл менің ойымды нақты дәлелдеген есепті болды.



Және жақында ғана «Орхон-Енисей» руникалық жазбаларын зерттеген ғалымдар «ежелгі түрік қағанатының мемлекеттік тілі қыпшақ тілі болғанын, олардың қыпшақ диалектісінде сөйлегенін анықтады», – дейді қазақ ғалымы Қаржаубай Сартқожаұлы.

Ежелгі Хазар мемлекетін зерттеген ғалымдар да «Хазар қағанатының мемлекеттік тілі қыпшақ тілі болғанын, ондағы еврей мәтіндері қыпшақ тілінде жазылғанын» айтып жүр. Хазарлардың ежелгі ғұндардың мұрагері екенін ескерсек, ежелгі ғұндар да қыпшақ диалектісінде сөйлеген болып шығады.

Және бір айта кететінім, «біздің бабаларымыздың ертеде өте жоғары мәдениетке қол жеткізіп, әлемге өркениеттің негізін таратқан халық екенін және түріктердің әлемдегі ең көне халықтардың бірі екенін» менен бұрын Әнес Сарай ағамыз өзінің «Көнеліктер» атты еңбегінде айтып кеткен болатын. Тек ол кісі өз еңбегін Орталық Азия, Шумер, Үнді еліндегі Хараппа мәдениеттері аумағында ғана қарастырыпты.

Ал мен Әнес Сарай ағамыздың бұл ойын одан әрі дамытып, Еуропа, Африка, Америка құрлықтарын қамти дәлелдедім.

Осы мәліметтердің қазақ халқының тарихын қайта жазуға қажетті баға жетпес мағлұматтар екенін ескере келіп, егер Сіз осы мәліметтерді талдау-тексеру үшін маман тарихшылардың басын қоссаңыз, өз ойымды дәлелдеп шығуға дайынмын.

Мен келтірген мәліметтермен толық танысқан соң, біздің тарихшы ғалымдар мені толық қолдап, бұл жаңалықты әлем мамандарының алдында бірге дәлелдеуге атсалысады деп ойлаймын.

Және бұл жаңалық қазақ халқының Ұлы Тарихын әлемге паш етіп, халқымыздың Рухын көтеруге, елді



рухани бірлікке келтіріп, мемлекетіміздің абыройын асқақтатуға зор үлес қосады деп сенемін.

«Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ», «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген болатын Елбасымыз Н. Назарбаев «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында.

«Нағыз ұлттық қадір-қасиет нағыз ұлттық тарихтан басталады» дей келе Елбасы тапсырмасына сәйкес, Сіз жасаған «Тарих толқынындағы халық» атты тарихи зерттеу бағдарламасы қазақ халқының, қала берді бүкіл түркі халықтарының тарихи санасын қайта жаңғыртып, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосады деп сенемін.

**Қазақ халқының тарихы – түркі әлемінің тарихы.
Ол тарих – ең ұлы, ең көне тарих!**

Адамзаттың өркениеті Қазақстан жерінен бастау алады!

Бейсенбай Бекжан Кәленұлы.

ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, С. Романов көшесі 8-үй.

Тел. 8-777-560-29-19

2013 жылғы 3 шілде



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қ., Есіл ауд., Орынбор ж., 8-йй, 11-к.
Тел. 8 (7172) 74-19-05

010000, г. Астана, Есильский р-он, ул. Орынбор, д. 8, п. 11
Тел. 8 (7172) 74-19-05

2013 ж. 06.08. № 962/ЖТ-Б-7569

№

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Отырар ауданы,
Шауілдір ауылы
С. Романов көшесі, 8
Б.Бейсенбайға

Құрметті Бекжан Кәленұлы!

Сіздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы М.М. Тәжинге жолдаған хатыңызды тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен қарастырып, келесіні хабарлаймыз.

Елімізде ұлттық тарихты зерделеу мәселесі көтеріліп жатқанда, әлемді қызықтыратын, жұмбақты мәселелерді көтергеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

Египеттегі пирамидалар, Атлантида және де басқа тарихты зерттеуге қатысты көтеріп отырған мәселелеріңіз қазіргі таңда өзекті болып табылады және тиісті мамандардың қатысуымен әлі де қосымша зерттеулерді талап етеді.

Қазіргі таңда тарих мәселелерін кеңінен талқылау мақсатында ҚР Мемлекеттік хатшысы М.М. Тәжиннің төрағалығымен және отандық тарихшылармен бірге ұлттық тарихты зерделеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының бірнеше кеңейтілген отырыстары өткізілген болатын. Сондай-ақ ұлттық тарихты зерделеуге қатысты қазіргі уақытта шетел мұрағаттарындағы қазақ тарихын зерттеу мақсатында отандық ғалымдар мақсатты жұмыстар жүргізуде.

Өз тарихымызда әлі де болса нақты ғылыми бағасын алмаған, зерттейтін тұстары көп тақырыптарымыз баршылық. Сондықтан өз еңбектеріңізді Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының мамандарымен талқылауды жөн деп санаймыз.

Төраға міндетін атқарушы

А.Толешев

Турсумбаева, 742093

006333



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әділ Ахметов. Түбі түркі өркениет. – Алматы: Арыс, 2009.
2. Адил Ахметов. Код Евразии. На пороге пятой цивилизации. – Астана: Деловой Мир Астана, 2011.
3. Қойшығара Салғараұлы. Түрік әлемі. (Тарихты қайта пайымдау). – Астана: Елорда, 2000.
4. Қойшығара Салғараұлы. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008.
5. Қойшығара Салғараұлы. Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғыс. Алматы: Үш Қиян, 2013.
6. Әнес Сарай. Көнеліктер. (Қазақ топырағының көмескі беттері). – Алматы: Санат, 2008.
7. Олжас Сүлейменов. Аз и Я. Ізгі ниетті оқырман кітабы. – Алматы: Жазушы, 1992.
8. Н.Я. Бичурин (Иакинф). Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы. – Астана, Фолиант, 2011.
9. Сейдахмет Куттыкадам. Дао Алтай. – Алматы: «Библиотека Олжаса», 2013.
10. Л.Н. Гумилев. Тысячелетие вокруг Каспия. – Москва: АЙРИС-пресс, 2013.
11. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә. Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: Атамұра, 2008.
12. Рене Груссе. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). – Алматы: Санат, 2003.
13. С.А.Плетнева. Половцы. – Москва: Наука, 1990.
14. Мифы народов мира. Энциклопедия. 1-том А-К. – Москва: Советская Энциклопедия, 1991.



15. Мифы народов мира. Энциклопедия. 2-том К-Я. – Москва: Советская Энциклопедия, 1992.

• Всемирная история. Академия наук СССР. 1-том. – Москва: Гос. изд. полит. литературы, 1955.

• Большая Советская Энциклопедия. 2том. Москва: Советская Энциклопедия, 1970.

• Өнес Сарай. Ноғайлы. – Алматы: Арыс, 2009.

• Тұрсын Жұртбаев. Дулыға. 1-том. Алматы: Жалын, 1994.

• Тұрсын Жұртбаев. Дулыға. 2-том. Алматы: Жалын, 1994.

Кітаптағы карталар мен суреттер алынған дереккөздері:

• Всемирная история. Академия наук СССР. 1 том. – Москва, Гос. изд. полит. литературы, 1955.

• Артықбаев Ж.О., Пірманов Ө.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: Атамұра, 2008.

• Адил Ахметов. Код Евразии. На пороге пятой цивилизации. – Астана, Деловой Мир Астана, 2011.

• Интернеттен алынған материалдар.



Екінші бөлім

БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР



15. Мифы народов мира. Энциклопедия. 2-том К.-И. – Москва: Советская Энциклопедия, 1992.

• Всемирная история. Академия наук СССР. 1-том. – Москва: Гос. изд. полит. литературы, 1955.

• Большая Советская Энциклопедия. 2-том. Москва: Советская Энциклопедия, 1970.

• Эле Саре С. Номайлы. – Алматы: Арыс, 2009.

• Тұрсын Жұртбай. Дулыға. 1-том. Алматы: Жалын, 1994.

• Тұрсын Жұртбай. Дулыға. 2-том. Алматы: Жалын, 1994.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, ЕЖІМДІК ЖӘНЕ
СҰРАСТЫРУ АКАДЕМИЯСЫ

МАҚАЛАЛАР



• Всемирная история. Академия наук СССР. 1-том. – Москва: Гос. изд. полит. литературы, 1955.

• Алматының Жылдары. Алматы: Атамұра, 2009.

• Әділ Ахметов. Қад Бөркент. Нәлдерге құдай қанықпаған. – Астана: Делозой Миа Астана, 2011.

• Интернеттен алынған материалдар.

16. Мифы народов мира. Энциклопедия. 2-том К.-И. – Москва: Советская Энциклопедия, 1992.

• Всемирная история. Академия наук СССР. 1-том. – Москва: Гос. изд. полит. литературы, 1955.

• Большая Советская Энциклопедия. 2-том. Москва: Советская Энциклопедия, 1970.

• Эле Саре С. Номайлы. – Алматы: Арыс, 2009.

• Тұрсын Жұртбай. Дулыға. 1-том. Алматы: Жалын, 1994.

• Тұрсын Жұртбай. Дулыға. 2-том. Алматы: Жалын, 1994.

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ

Көшкіншілер дегеніміз – белгілі бір өңірді тұрақты мекен етіп, сол иелігіндегі жердің табиғи бедерінің ыңғайына қарай суы мен жайылымын жыл мерзімінің өзгермелі райына сәйкестіре төртке бөліп пайдаланып, кезегімен қоныс аударып,көшіп отыру арқылы шаруашылықтың бір саласын жүйелі қалыпқа түсірген және соған сай өзіндік рухани-материалдық мәдениетті тудырған, бағдар, мақсаты айқын мал өсіруші халықтың жиынтық атауы.

Қ. Салғараұлы. «Түрік әлемі»

Осы көшпелілердің негізгі мекені солтүстікте Сібірдің қалың ормандарынан оңтүстікте биік тау жоталына дейін, шығысында Хинган тау шоқыларынан батысында Орал тауы, Жайық, Сырдария өзенімен шектеседі.

Бұл, әрине, ылғи да осылай болмаған. Көшпелілер иелігінің Солтүстік батысы Дунайдан да ары асып, Оңтүстік батыста Әмудария өзенінен да ары өтіп мемлекет құрған кездері, оңтүстікте қазіргі Қытай жерлеріне дейін қоныстанған кездері болған.

Ал негізгі шекара Орал, Жайық, Сырдария шегі маңдаған жылдар бойы көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің басты шекарасы болып, осы шекараның шығыс беті Ұлы Дала деп аталады.

Осы Ұлы Даланың негізгі иесі түріктер десек, түрік әлемінің алтын бесігі атанған Алтайды жан-жақты



зерттеген академик А.П. Окладников бастаған ғалымдар Алтай тұрғындары жасап пайдаланған тас құралдардың жасын екі жүз мың жыл деп анықтапты.

Осы екі жүз мың жыл ішінде Ұлы Дала перзенттері ақыл-ой, қабілеті дамуымен қатар сан жағынан да өсіп-өніп көбейе беріпті.

Көк аспанның еркесі құстар десек, осы құстардың асыл тектілері, қабілеттері жыл мезгіліне қарай қоныс аударып, табиғаттың ерекшеліктерін тиімді пайдалана білген. Қыста климаты жылы, азық табуға қолайлы оңтүстікте мекендесе, жазда суы таза, ауа райы мамыражай солтүстікке ұшып келіп, балапан өсіріп, көбейе берген. Ұрпағын жазда оңтүстіктің аптап ыстығына, қыста солтүстіктің сарышұнақ аязына ұрындырмай, суы таза, жемі мол жерлерді мезгілімен пайдаланса әрі табиғат берген ерекше қасиет көк жүзінде самғап ұшуды, сол арқылы қабілетін шыңдай түсуді, жетілдіре беруді ұрпақтан ұрпаққа үйретіп отырған.

Әрине, құстардың бәрі бірдей бұлай өмір сүрмейді. Не болса соны қорек ететін қарға, құзғын, жыртқыш құстар мен қабілетін жоғалтқан үй құстары қанша қопандаса да оларға ілесе алмайтыны айтпаса да түсінікті.

Сол сияқты Ұлы Даланың ерке ұлдары – көшпенділер де табиғат ерекшеліктерін тиімді пайдаланып, ұрпағын мықты әрі төзімді, шымыр етіп өсіріп, қабілеттерін жылдан-жылға дамыта берген. Он мыңдаған жылдар бойы көшпенділер өзінің ақыл-ойы, қабілеті, білімімен адамзат өркениетінің алдыңғы қатарында болды.

Өздерін ақсүйек санайтын Еуропа елдері – Ари әулетіне жататын француз, неміс, италиялықтарда әлі жазу-сызу болмай тұрғанда, орыс, славяндықтар әлі де қауымдық дәуірде өмір сүріп жатқанда Ұлы Далада түркілердің жазуы, жоғары мәдениеті болғаны қазір дәлелденген шындық.



Ал түркілердің төл жазуы қашан пайда болғаны әлі анықталған жоқ. Шумерлер мен хаттардың, майялықтардың өркениетін есепке алсақ, түрік халықтарының өркениетінің басы б.д.д. мыңдаған жылдарға кетеді.

Көшпенділер алғашқы болып металл өңдеуді, темір қорытуды игерді.

Көшпенділердің қолынан шыққан теңдесі жоқ асыл бұйымдар кейіннен «скифтердің аң стилі» деген ерекше атауға ие болып, әлем халықтарын таңдандырумен келеді.

Олардың байлығы, сән-салтанаты ұстанған бұйымдары мен киген киімдерінен де көрінетін.

Орта ғасырлардағы ата-бабаларымыздың ұлттық киімдері мен басқа отырықшы халық өкілдерінің ұлттық есімдерін салыстырып көрсеңіз, кімнің қалай өмір сүргенін көресіз.

«Қарға сүйеді баласын аппағым деп» демекші, әркім өздерін мақтап, басқалардан жоғары қойғысы келетіні табиғи нәрсе. Сонда да болса жазба тарихы, шығармалары біз сияқты жойылып кетпей, сақталып қалған отырықшы халық өкілдерінің еңбектерін оқып отырсаңыз, қанша жерден «варвар», «жабайы» деп отырса да, арасынан шындықты мойындаған көптеген мөліметтер кездеседі.

«Геродот пен Фукидиттің замандасы Лесбостан шыққан Гелланик «Скифтер» атты еңбегінде «Темірді ойлап тапқан скифтер» деп көрсетеді. Алғашқылардың бірі боп скифтердің дәстүрі мен тұрмыс салтын үлгі тұтып, мадақтаған да осы адам», – деп көрсетеді Б.Н. Греков.

Грек тарихшысы Геродот өзінің атақты «Тарихында» былай дейді:



«Сонымен өмірге қажеттінің бәрі скифтерде бар. ...Барлық халықтардың ішінде тек скифтер ғана қажетті өнерге ие. Олар еліне шабуыл жасаған бір-де бір жауды тірі жібермейді, егер өздері мүмкіндік бермесе, оларды ешкім де қуып жете алмайды. Скифтердің не қалалары не бекіністері жоқ қой, өздерінің үйлерін өздерімен алып жүреді. Барлығы атты садақшылар, жер жыртумен емес, мал шаруашылығымен айналысады, олардың үйі киіз. Бұл елге қалайша берілмей болмасқа?»

Атақты грек географы Страбон өзінің «География» атты еңбегінде:

«Қымыздан ішімдік жасайтын скифтер әділетті. ...Шынында да біз скифтерді ең ақкөңіл, айлакерліктен неғұрлым алыстау, сонымен қатар неғұрлым үнемшіл және бізге қарағанда неғұрлым тәуелсіз деп есептейміз», – деп сүйсінеді.

Сонымен қатар Страбон: *«скифтердің бірбеткейлігі туралы үнділерде, вавилондықтарда, парсылардың хабарламалары мен египеттердің ертегі, нақылдарында жеткілікті айтылған»,* – деп көрсетеді. *«– Олар бір-біріне сарандық көрсетпейді, жақсы дәстүрді сақтайды, өйткені оларда бәрі ортақ, тіпті әйелдері балалары және бүкіл отбасы және жат жерліктерге оларды жеңу мүмкін емес».*

Ұлы Дала перзенттерінен гректердің арасында болған екі-ақ адам туралы тарихта мәлімет бар. Олардың біріншісі – Тоқсары.

Тоқсары шамамен б.д.д. VII ғасырдың басында дүниеден өткен. Тоқсары Грек еліне келгенде жасы отыздар шамасында жас жігіт болатын.

«Тоқсары Скифияға қайтып оралмаған, ол Афинада қайтыс болды, кейіннен ұлттық қаһарман ретінде танылды. Элладалықтар оған жат елден келген Балгер



әулие ретінде жыл сайын құрбандық шалады», – деп жазады Лукиян «Скиф және қонақ» атты шығармасында.

Лукиянның «Тоқсары мен достық» атты еңбегінде: *«Біз жақсы адамдарға арнап құрбандық шаламыз. Солардың құрметіне орай ас беріп, той жасаймыз. Себебі, өлі разы болмай, тірі жарымайды. Әрине, мәселе тек оларда ғана емес, біз өлген адамдарға құрмет ете отырып, тірілерге олардың жақсылықтарын уағыздаймыз. Сондықтан да тірі жүргендердің көпшілігі соларға ұқсап артына жақсы сөз, өшпейтін із қалдырғысы келеді»,* – дейді Тоқсары әулие.

Тоқсарының жұрттан асқан емші, әулие екендігін белгілі ғалым Т. Жұртбай «Дулыға» атты шығармасында да жазады: *«Оның өлген кісіні тірілтетін балгерлігі туралы аңыз көп. Бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Гректердің Балгер әулие ретінде мінажат етуінің өзі Тоқсарының асқан емші болғандығын толық дәлелдейді».*

Тарихтан бізге жеткен, эллада еліне екінші болып аяқ басқан көшпенділер өкілі – Анақарыс данышпан.

Анақарыс шамамен б.д.д. 620-555 жылдары өмір сүрген.

«Анақарыс – аңызға айналған скиф, өзінің Грекияға жасаған саяхаты кезінде даналығымен даңққа бөленді және Солонның ықпалымен өмірін философия ғылымына арнады», – дейді Платон.

Д. Лаэртскийдің айтуынша, *«ол скифтер мен эллиндіктердің дәстүрін, өмірді жеңілдетудің жолдары туралы жазды және әскери айла-тәсіл жөнінде сегіз жүз өлең шығарды. Ерекше шешендігімен көзге түсті, «скифтік сөйлеу мәнері» деген мәтел оның осы қасиетіне байланысты қалыптасқан».*

Геродот пен Страбон «жеті ғұламаның бірі» деп мойындаған Анақарыс туралы Диоген «кеменің зөкірі мен



дөңгелекті ойлап тапқан – Анақарыс» деп мойында-са, Страбон өзінің әйгілі «География» атты еңбегінде: «Эфор Анахарсисті данышпан деп атайды, ол өзінің шексіз адалдығымен, тазалығымен және ақылдылығымен жеті данышпанның бірі болды», – дейді. Ол Анахарсис ұста көрігін, екі табаны бар зәкірді және құмыра жа-сауға арналған дөңгелек жозыны ойлап тапқан дегенді айтады», – дейді.

Бұлардан көрініп тұрғандай сол кездері Еуропаның ең дамыған елі атанған гректерді көшпенділерден бар-ған екі-ақ адамның өзі бірі балгерлік ілімімен мойын-датса, екіншісі шешендігімен, ақылымен таң қалды-рыпты.

Гректер Анақарысты дөңгелекті, кемеңіз зәкірін, ұста көрігін және құмыра жасауға арналған дөңгелек жозыны ойлап тапқан дегенді айтады. Ал шын мәнісін-де Анақарыс оларды ойлап тапқан жоқ. Бұл бұйым-дарды Ұлы Дала ұлдары одан әлдеқашан бұрын ойлап тауып пайдаланып жүрген. Анақарыс тек соларды гректерге үйретуші болды.

Анақарысты туған еліне қайтып оралғаннан кейін жақын бауыры патша Савлийдің атып өлтіргенін, грек-тер Анақарыстың ата-баба дәстүрін, дінін өзгерткеніне байланысты деп түсіндіреді.

Ол да дұрыс шығар. Оған қоса Анақарыс ғұламаның гректерге скиф елінің ғылым-білім, өнердегі жетістік-терін, әсіресе скифтердің әскери айла тәсілі жөнінде-гі құпияларын (сегіз жүз өлеңмен жазылған) нағашы жұртына (Анақарыстың шешесі грек қызы болған) үйретуін «сатқындық» деп бағалауы да мүмкін-ау де-ген ой келеді. Гректердің арасына келген екі-ақ скиф гректерді мұнша таң қалдырса нағыз ортасы бұл кезде қандай деңгейде еді.



Гректер ұста көрігін енді көріп жатса, бұл кезде Алтайда болат қорытатын пештерді ойлап тауып, бо-латты күнделікті өмірде қолданып жатқан болатын.

Қытай ғалымы Цзя-и-дың «Синь-шу» атты еңбегінде: «*Ғұндардың әрбір үш адамының бірі сарбаз, тіпті ада-мы да, ат көлігі де «сауытты»*» деген дерек бар.

Хуань Куаньның «Темір мен тұз туралы ой» атты ең-бегінде б.д.д. 81 жылы Қытай ханының ордасында Ғұн мен Қытай арасындағы сауда-саттық, темір, тұз сияқ-ты шикі затты қалай тасымалдау жайы талас болғанын айтады.

Болат қару-жарақ, тұрмыстық заттар көшпелілер-ге басқа халықтар алдында көптеген артықшылықтар берді.

Болат ауыздық даланың қайсар тағасы жылқыны қолға үйретуге түрікке мүмкіндік берсе, темір үзеңгі түрік жауынгерлеріне ат үстінде ұршықша үйірілуіне мүмкіндік берді.

Табиғаттың тұнығын кешіп өскен түрік жауынгері-нің бұла күші, ақылы, өз заманында теңдесі жоқ болат қару-жарақ, астындағы желдей жүйрік тұлпар түрік әскерін өз заманында теңдесі жоқ күшке айналдырды.

Олардан қорғану үшін қытайлар сан мыңдаған адам-ның өмірін азапқа сала отырып, мыңдаған шақырым-ға созылған «Ұлы Қытай қорғанын» салды, ал шығыс Рим империясы Константинопольді айналдыра жаңа Феодосия қорғанын соқты.

Бірақ, бәрібір ол да көмектеспеді, қорған бола алма-ды.

Ақырында, бәрінің ойлап тапқан ең тиімді тәсілі, аң-ғал көшпенділерді іштен ірітіп, шеттеп шыққанын өзіне тартып, сатып алып қызметке ала бастады. Оларға бар жағдайды жасап, дүниені аямай үйіп-төкті. Ақырында



оларды өз бауырларына қарсы айдап салып отырды. Қытайлардың да, орыстардың да, Рим империясының да қолданған тәсілі осыған келіп тіреледі.

Осы Ұлы Даланың ондаған мыңжылдық тарихында халқының өсіп-өніп, көбейіп, кемерінен тасып төгілген, жекелеген бөліктерінің басқа өлкеге қоныс аударған кездері өте көп болыпты. Бірақ от қару пайда болып көшпенділер өз артықшылықтарынан айырылғанға дейін бірде-бір бөтен ел басқыншысын Ұлы Далаға енгізбепті.

Ұлы Дала перзенттерінің осы қоныс аударуларын ұлы қоныс аударулар деп атапты ғалымдар.

Ұлы қоныс аударулар

1. Осы қоныс аударулардың қазіргі ғылымға белгілі басы бағзы замандарда Қиыр Шығыстағы Беринг жер мойнағын басып өтіп, кейін Америка құрлығы атанған құрлықты бағындырғаннан басталады екен. Профессор Әділ Ахметов: *«Азиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін-дүркін болғандығын, яғни бірінші рет 40-35 мың жыл бұрын, екінші рет 28-25 мың жыл бұрын және үшінші рет 14-10 мың жыл бұрын қоныстанғанын аңғаруға болады»*, – дейді.

«Осы Американың байырғы тұрғындарының түрік нәсілдес екенін олардың қайратты тұзу қара шаштары, сақал-мұрттары мен денеге бітетін түктерінің бір шама сирек болатындығынан, қоңырқай түстерінен, қоңыр көздерінен, шығыңқы жақ сүйектерінен және күрек тістерінен анық байқауға болады. Сосын Азияда да, Америкада да жергілікті халықтардың жас нәрестелерінің жамбастарында ғылымда «моңғол дағы»



деп аталатын көкшіл дақ болады. Бұл дақ басқа халықтарда жоқ».

Осы америкалық майя, кечуа, сиу секілді бірнеше тайпаның кезінде көне қыпшақ диалектісінде сөйлегенін ғалымдар дәлелдеп берді. Осы түрік тектес америкалық үндістердің Еуропадан қоныс аударушылар барып, Американы жаулап алғанға дейін жасаған өркениеті таң қаларлық. Олар салған ғажайып құрылыстар мен майялықтардың математика, астрономия, астрология саласындағы жеткен жетістіктерін түсіну қазіргі заманның компьютерлерін пайдаланатын ғалымдарға да ауыр тиіп отыр.

«Еуропа орта ғасырларда қара түнек замандарды басынан кешіріп жатқанда майялар адамзат өркениетінің керемет үлгісін жасап үлгеріпті», – деп жазады Джордж Стюарт.

2. Ұлы Дала перзенттерінің қоныс аударуларының екінші бағыты б.з.д. VI-V мыңжылдықта Солтүстіктің (Сібірдің) қалың ормандарының күнгей бетін жиектей өтіп, Азиядан Еуропаға қоныс аударыпты.

Кейін угор, фин, лит, эст, венед, кельт, викинг деп аталған халықтар Скандинавия түбегі, Балтық бойы, Шығыс Еуропа елдері халықтарының негізін құруға қатысқаны, ал кельттердің б.д.д. I мыңжылдықтың ортасында бүкіл Галлияны иемденіп, VI-III ғасырларда қазіргі Испания, Британия, Солтүстік Италия, Оңтүстік Германия, Чехия және Венгрияның бір бөлігіне қожалық жүргізгені тарихтан белгілі.

2.1. Шығыстан Батысқа, Жайық-Еділ арқылы Еуропаға қоныс аударуды түркі нәсілдес ғұндар жалғастырды.

Бір кезде мұқым Азияны дүр сілкіндірген ғұндар ақыры төртке бөлініп тынды.



1) Сәнбиліктерден ойсырай жеңілген ғұндардың бір бөлігі сәнбилерге бағынып, олармен араласып, нәтижесінде сәнбилердің тілі түріктеніп кетті.

2) Екінші топ «Ұлы Қытай қорғанының» екі жағында орналасып, Қытаймен араласқа түсті.

3) Неғұрлым қатты шабындыға ұшыраған тобы Тарбағатайға қоныс аударып, Жетісуда мекендеп, кейін өзінің ерлікке толы жорықтарымен бүкіл Азияны таң қалдырды.

4) Ғұндардың ең ержүрек жаугер тобы Қазақстанның кең даласын көктей өтіп, жаңа қоныс іздеп, Еділ мен Жайықтың арасына беттеді. Б.д.д. 36 жылы Талас жерінде ғұндардың ең соңғы тәңір құты Шөже қайтыс болғаннан кейін ғұндардың Батыс тобы өздерінің жолындағы ауарларды жылы орнынан үдере көшірді. Қарсы алдындағы угрлар мен сарматтарды ығыстырып, болгарлармен келісіп, ақыры Еділ мен Жайықтың арасына сыналай кірді. Осы арада орнығып, күш жинаған ғұндар 200 жылдан соң нағыз құдыретті күшке айналды.

Ғұндар туралы алғашқы дерек б.з.д. 160 жылы жазылған. Дионис Перигет: «Ғұндар Каспий теңізінің айналасындағы скифтердің жерін қоныстанған, Арал теңізінің маңында көшіп жүреді», – деп жазады. Ал Птоломей (175-182 жылдар арасында): «Ғұндар Қаратеңіздің жағалауындағы бастарнамдер мен роксолондар арасында тұрады», – деп көрсетеді.

Осы кезде ғұндар жергілікті халықтармен (әсіресе угрлармен) араласқа түсті, угрларға кең тараған сармат мәдениетін қабылдады, сөйтіп болгарлар мен хазарлардың ата-бабасының тілі қалыптасты. Мұны чуваш тілінен де көруге болады», – делінген М.И. Артомоновтың «Хазар тарихы» тарихы атты еңбегінде.



IV ғасырдың 70 жылдарында ғұндардың батысқа жорығы басталады. Бұл кезде Каспий жағалауы мен Дон өзенінің арасын аландар мекен ететін. Ал Дон мен Дунайдың арасын, мұқым Украина жерін готтар мекен етіп отырған. Олардың алғашқы құрбандығы Азау жағалауындағы аландар болды. Аландардың тек бір бөлігі ғана (осетиндердің ата-бабалары) Солтүстік Кавказ тауына тығылды.

Баламер бастаған ғұндардың алғашқы шабуылынан (371 жылы) соң-ақ готтар ыдырап, кейбіреулері ғұндар жаққа өтті, біразы 376 жылы Шығыс Рим империясының шекарасына қарай босты.

Готтар көршісі анттарды талқандады. Бірақ бір жылдан соң Баламер готтарды қайта талқандап, осыдан бастап готтар ғұндардың қарамағына көшті, Аттила өлгенше ғұндарға адал қызмет етті.

Бұдан кейін ғұндар Қаратеңіз жағалауы, Босфор патшалығының бай қалалары, Сирия мен Кападокияны, Кавказ тауының айналасын бағындырды.

Ғұндар шығыс Рим империясына жиі-жиі шабуылдап барымталап тұратын. Олардан қорғану үшін 413 жылы Константинопольді айналдыра жаңа Феодосия қорғанын соқты, сөйтіп Дунайдағы бекінісін нығайтты. 430 жылы Византия ғұндарға алым-салық төлеуге мәжбүр болды және оның мөлшері жыл сайын өсе берді. Ақыры Рим императоры Паннония провинциясын халқымен қосып Руғилаға (ғұн патшасы) бодандыққа берді. Бұл кейін Хунгария-Венгрия мемлекетінің құрылуына негіз болды. Руғила 433 жылы қайтыс болды. 447 жылы Аттила бастаған ғұндар Византияға жаңа шабуыл жасады. Балқан түбегін талқандап, астанаға қатер төнді. 448 жылы келісім бойынша теңіз жағалауындағы Дакия түгелімен, ғұндардың иелігіне көшті. Дунайдың



орта ағысына қоныстанған гүндер Орталық және Шығыс Еуропадағы ұлан-байтақ империя құрды. Ғұндар Римнің қос империясы бірдей есептесуге мәжбүр болған қуатты әскери саяси күшке айналды. Гүндер мен Батыс Рим империясының арасындағы соғыс Херсонес қаласының жанында өтті. Аттила Рим әскерін тас-талқан етті.

Қалада жұқпалы індет бар дегенді естіген Аттила Римге кірмей қаланы айналып өтті.

Амалы таусылған римдіктер 448 жылы елші жіберіп, ғұндардан алым-салық төлеп құтылмақ болды. Әрі Еділге у беріп өлтіруді ойластырады. Бірақ бұл ойлары іске аспайды.

451 жылы соғыс қайта тұтанды. Аттила бастаған ғұндар Рим империясының әскерін Каталаун жазығында талқанын шығарды. Тарихи ұлы шайқаста өлгендердің саны 165 мың адамға жетті. Ғұндар солтүстік Италияның бірнеше қалаларын тонап, талқандап кетеді. Бірақ та Апеннин түбегінен ғұндардың өзі кетті, себебі бұл кезде ол жерде аштық пен індет жайлай бастаған еді.

Кей тарихшылар Еділге Рим епископы келіп, қалаға кірмеуін сұранды деген де дерек келтіріледі.

Осымен Рим империясы құлады. Қаншама халықтар еркіндік алды.

Ғұн мемлекетінің «құдай патшасы» Еділ батыр 453 жылы таңсәріде әйелдің қолынан қаза тапты. Аңғал батыр ақыры аярлықтың құрбаны болды. Еділден кейін Ғұн державасы екіге бөлінді. Шығысы Хазар хандығы, ал батысы Хунгария (Паннония мен Қара теңіз жағалауы) орталығы Рим қаласы болатын Уархан қағанаты деп аталатын екі мемлекет пайда болды.

Уархан қағанаты IX ғасырға дейін өмір сүрді. Кейін Византия империясын алым-салық төлеп тұруға мәжбүр етті. Әсіресе, Баян ханның тұсында қайта дәуірледі.



Уархан қағанаты құрамындағы герман тайпалары Франк королі Ұлы Карлдің қол астына жасырын өтіп кетуге тырысты. Содан барып 791 жылы Франк пен Уархан әскері кескілескен шайқасқа шықты. Ғұн қағанаты ойсырай жеңілді де, бірте-бірте тарих қатпарына сіңіп кетті.

Хунгария (Венгрия), Түркия мемлекеті мен бұлғарлар, ауарлар, ғағауыздар ғана түркі тілін сақтап қалды. Олардың біразы батыс Түрік қағанаты мен Шығысханның тұсында солардың әскеріне қосылып, Еділ бойына қайтып оралды.

3. Ұлы Дала перзенттерінің қоныс аударуының үшінші бағыты оңтүстік батыс арқылы Азияға бағытталады.

Орман халықтары аталатын фин-угор тайпалары солтүстік бағытпен Еуропаға өтсе, дәл осы кезде оңтүстік бағытпен батысқа қарай қозғалғандардың көшін бастап, атақты шумерлер Кіші Азияға енеді. Олар сол бетімен тарихқа танымал талай оқиғаның куәсі болған өйгілі екі өзен Ефрат пен Тигрдің арасына барып қоныс тебеді. Осылайша шумерліктер кейін Алдыңғы Азия өркениетінің негізін қалайтын мемлекет құрды.

3.2. Түрік тектес халықтардың Кіші Азияға қоныстануы мұнымен аяқталған жоқ.

Грек не Грекия деген атау атымен жоқ, б.д.д. IV-III мыңжылдықта Кіші Азия, яғни қазіргі Түркия жері экономикасы мен мәдениеті шарықтап гүлденген өлке болды. Осы кезеңде бұл топырақта хат атты халық жасады. Олар алтын, күміс, қола, мыс өндіруді өзгелерден көп бұрын игерді. Хаттар ежелгі заман иероглиф жазуын қолданып, кейін аккад жазуына көшеді. Патшалықтың астанасы Хаттустан табылған жазба құжаттар арасында хаттардың ежелгі мифтарының сақталуы айрықша маңызды болды. Олар прототүрік тілінің



кавказдық бұтағы абхаз-адық тіліне өте жақын болып шықты.

Тарихы б.д.д. IV-III мыңжылдықтарға кететін алғашқы хаттар туралы археологиялық айғақтан аз болмағанымен, жазба деректер шектеулі.

Есесіне осы топырақта б.д.д. XVIII-XVI ғасырларда пайда болған алғашқы, XV ғасырға жататын ортаңғы XV-XIII ғасырларды қамтитын соңғы хетт патшалықтарының тарихы біршама жақсы түзілген.

Олар құрған прототүрік мемлекеті «Хатти» деп аталады. Хаттар өздерінің өркендеген кездерінде Сирияны, Вавилонды (1595 жылы), Ефраттың оң жағалауы мен терістік Месопотамия хурриттерін тізе бүктіреді.

Алайда, сыртқы жаулардың дамылсыз шабуылынан 1200 жылдар шамасында әлеуетті хатти ыдырап мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты.

3.3. Кейін гректеніп кеткен прототүріктік эолий тайпасының ұлы ақыны Гомер жырлаған «Илиада» эпосына негіз болған Троя кесапаты тап осы кезеңге тура келіп, Ұлы Хатт-хетт патшалығының жойылуына тап болды.

1180 жылдар гректер қамал қала – Трояны жаулап алған. Шаһар қабырғалары құлап, өртке шалдыққан. Троя ерлері ерлікпен қаза тауып, әйелдері ахей мен данай гректеріне құл болып, Приам патшалығы күйрейді.

Асылы, бұл – гректердің Кіші Азияға алғаш аяқ басы. Бірақ жаңа өлке оларға баянды болмады. 1100 жылдар шамасында солтүстік батыстан баса-көктеп енген жабайы дорий тайпасы микен өркениетін тып-типыл етіп, гректерді 400 жылға кері шегеріп тастады. Жазу-сызуды ұмытқан қараңғы ғасыр басталды. Осы кезде Троя қаласы екінші рет өртеніп, 400 жылдай құлазыған елсіз мекенге айналды.



3.4. Орыс археологтары б.д.д. 3000 жылдары Арал теңізі мен Еділ аралығында Қима мәдени ошағын қалыптастырып, киммер, қимақ деген халық жасағанын айтады. Олар біртіндеп Кіші Азияға ауған. Олардың Кіші Азияға келген уақытын ғалымдар б.д.д. 2000 жылдардың арғы жағы деп жобалайды. Өйткені Иордания арабтарының негізін салған химиярлар – Қима жұрты. Ибрагим пайғамбар заманында (б.д.д. 2000 жыл) химиярлар билеген Хақтан әулеті өте әйгілі болды. Олар патшаларын тоба деп атады.

Қималармен бірге Алдыңғы Азияға ас, ала (алаш), ад, сард, дан, этруск сияқты прототүрік тайпалары келгені байқалады.

Арал, Каспий теңіздері мен Еділ, Жайықта су кәсібіне жаттыққан қималармен бірге келген алаштар біртіндеп Кипр, Крит аралдарына қоныстанған. XIII ғасырда дорий тайпасының жойқын шапқыншылығынан орталық Грекиядан айырылған ахейлер Крит, Кипр, Родос аралдарына қоныс аударып, алаштармен аралас қоныстанып олардың гректенуіне әсер етті. Алаштардың (эолийлердің) Кипрден Кіші Азия құрлығына шығуы б.д.д. X ғасырдан басталып, VIII ғасырда аяқталды. Алаштар кіші Азияға эолий есімді грек тайпасы ретінде енді. Жерорта теңізі аралдары Крит, Кипр, Грекия құрамындағы Феста, Кнос, Мелостан табылған көне жазулар екі тілде, грек және прототүрік тілдерінде жазылғанын ғалымдар ашқан. Эолийлерде поэзияның аэд жанры мейлінше шарықтап дамыған. Оның басты тақырыбы – өткен замандардағы халық ерлігі, батырлар қаһармандығы, қазақ жыраулық дәстүрінен мүлде айырмасы жоқ.

Ежелгі Грекиядағы аты-заты күмәнсіз белгілі бірден-бір ірі тұлға – Гесиод. Оның өмір сүрген кезін ға-



лымдар б.д.д. VII ғасырға жатқызады. Атышулы әйгілі поэтикалық мұрасы деп «Теогония» мен «Еңбек пен күндерді» айтады. Ғалымдардың пікірінше, Гесиодтың эолилерше аталуы Айсидод екен, «жыршы», «жырау» дегенді білдірген.

Гректердің атақты ақыны, «Илиада» мен «Одиссеяның» авторы Гомер де осы гректенген эолий тайпасының өкілі дейді ғалымдар. «Гомер есімі Кіші Азия халықтарының сөзінен шыққан. Грек тіліне ауысқанда ол «соқыр» деген мағынаға ие болған», – деп жазады Қ.П. Яйленко. «Гректерде мұндай кісі аты жоқ, гректер оның мағынасын мүлде ұқпайды. Сондықтан «тұтқын», «соқыр» деп түсіндіруге тырысады... Ұлы ақын грек болмай, жастайынан грек тілін меңгерген «варвар» болуы да ғажап емес», – деп тұжырым жасайды (Яйленко, Зайцев).

«Гомар (Гомер) – киммер тайпасының көсемі» деген Иосиф Флавийдің пікірін және еске түсіріңіз.

Страбонның мәліметінше «эолиліктердің қаласы Смирнада (Измирде): төрт бұрышты айлақта Гомер храмы және ағаштан ойылған Гомер мүсіні бар. Гомерді меншіктеуге олардың дәлелі жеткілікті. Гомарик аталған мыс ақша шығарған да осылар», – дейді.

Ғажабы сол, Гесиод пен Гомердің айтысқаны туралы дерек сақталған. Екі ұлы ақын шақырумен Евбейге барып, Халкидон патшасы Амфидамантты жерлеу кезінде айтысқан. Оны Плутарх жазып кеткен. Амфидаманттың інісі Паниданың шешімімен жеңіс соғыс пен жаугершілікті жырлаған Гомерге емес, еңбек пен диханшылыққа дәріптеген Гесиодқа берілген.

«Кессарилік Прокофий бір емес, қайта-қайта ежелгі замандарда Меотиданың шығысын мекендеген киммерлер тарихын өзі өмір сүрген заманда утигур,



кутригур аталған ғұн тайпасы екендігін айтудан жалықпайды», – деп жазады Ю.Н. Дроздов.

Ал аталған бұл екі ғұн тайпасының кейін Азаулы өңірінде «Ұлы Бұлғария» мемлекетінің іргесін қалағаны тарихтан белгіл. Сонда ежелгі киммерлеріміз кейінгі бұлғарлар болып шығады.

3.5. Түрік ғалымы Адиля Айда б.д.д. I мыңжылдықта Апеннин жарты аралының терістік батыс бөлігінде Римге дейінгі өркениетті өмірге келтірген этрускілердің тегі түрік екенін дәлелдейді. Б.д.д. 753 жылы Рим қаласының негізін қалаған этруск королінің немересі Ромулус болатын. Сондықтан қала Рим (Ром) деп аталады. Ал Рим қаласының символы «Капитолий қаншығы» деп аталатын қаншық қасқырдың мүсіні Римде әлі тұр. Ескерткіштің авторы Вулка есімді этруск (тұрсақ). Ал түрік халықтарының шығу тегін Алтай тауындағы қаншық қасқырмен байланыстыратын аңызды ескерсек, «Ұлын Ұрымға, қызын Қырымға қондырған» деген көне мәтелдің қайдан шыққаны түсінікті болады.

3.6. Оңтүстік батысқа бағытталған қоныс аударулардың бірі Геодоттың «Тарихында» баяндалады: «Көшпелі скиф тайпалары Азияда мекендеген. Әскери күшімен массагеттер оларды қуып шыққанда скифтер Аракстен өтіп, киммерия жеріне келген. Қазір скифтер мекендейтін ел көне замандардан киммериялықтар иелігінде болған. Скифтер жақындағаннан киммериялықтар қалың қолды жау әскеріне не істейтіндері туралы кеңес құрған. Кеңесте пікірлер екіге бөлінді. Екі жағы да өздерінің айтқандарында тұрғанымен, патшалар жағы жеңді. Халық қалың қолмен соғыспай, кейін шегінбек болды. Патшалар, керісінше, шабуылшыларға табандық көрсетіп, қарсы шықпақ болды. Ақыры киммериялықтар екіге бөлінді де, бір-бірімен соғыса



бастады. Ағайындылар арасындағы соғыста өлгендерді киммериялықтар Тирас өзенінің жағасына көмді. Содан кейін киммериялықтар жерлерін тастап кетті. Ал келген скифтер елсіз қалған жерге ие болды».

Бұл баяндауда Ұлы Даланың батысын мекендеген үш тайпаның аты аталады. Олардың ең мықтысы масагеттер болса, ең әлсізі кемерліктер екен. Осы кемерліктердің өзара соғыстан аман қалған бір бөлігі Кавказ арқылы Кіші Азияға өтеді. Бұл кезде Алдыңғы Азияда екі ірі империя қатар өмір сүріп жатқан болатын. Оның бірі атақты Ассирия империясы болса, екіншісі Урарту мемлекеті еді. Солтүстіктен баса-көктеп келген кемерліктерге Урарту патшасы Рус-1 бар әскерімен қарсы шықты. Бірақ Алдыңғы Азияның үлкен мемлекеті саналған Урарту әскерін Ұлы Даланың ең әлсіз тайпасының бір бөлігінің өзі-ақ тас-талқанын шығарды. Одан әрі олар Фригияға, Лидияға шабуыл жасады. Көп ұзамай кемерліктер Кіші Азияда шешуші күшке ие болды.

Арада жарты ғасыр өткенде кемерліктердің ескі қонысына орналасқан скифтер Ишпақай патшаның басшылығымен Алдыңғы Азияға жорыққа шықты. Иса пайғамбардан бес ғасыр бұрын өмір сүрген грек тарихшысы Фукидид: «Скифтермен бәсекелесетін патшалық бүкіл Еуропада жоқ, сонымен бірге егер де олардың ауыз бірлігі болса, онда тіпті мұқым Азияда скифтермен бетпе-бет келіп, оларға қарсы шыға қоятандай халық табылмайды», – деп жазыпты. Алдыңғы Азияның ең ірі империясы Ассирияның патшалары Ассархадон мен Ашурбанипалдың кемерлер мен скифтерге қарсы жанталасқан шайқасы Таяу Шығысқа үрей әкелгені сондай, көшпелі халықты құдайдың жіберген зауалы есебінде қабылдайды. Ежелгі еврейлердің қасиетті кі-



табында Пайғамбар өз үмбеттеріне: «Мен сендерге, Израиль шаңырағына, сонау алыстағы халықты, аса күшті халықты, ертеден жасап келе жатқан халықты, сен тілін білмейтін және олардың өзара не деп сөйлескенін ешқашан ұқпайтын халықты жіберемін», – дейді Жаратқан Ием. «Олардың барлығы да шетінен ержүрек. Олар сенің егісінді отап, сенің наныңды жейді, сенің ұлдарың мен қыздарыңды құрбан етеді. Сен сеніп отырған қамал мен қоршалған қалаларыңды құл-талқан етеді», – деп жар салыпты.

Б.д.д. VII ғасырдың жетпісінші жылдары скифтер Ассирияға алғаш рет үлкен жорық жасады. Осы соғыста скиф патшасы Ишпақай қаза табады. Алайда ассириялықтар мен скифтердің қақтығысы жалғаса береді. Ақырында скифтер ассириялықтарға қарсы көтеріліске шыққан мидиялықтарды қолдайды. Амалы қалмаған Ассирия патшасы Ассархадон скиф патшасы Партагуаға қызын беріп, келісімге келіп, скифтерді одақтасы етеді.

Б.д.д. VII ғасырдың елуінші жылдары Партагуаның баласы Мәди ассирияның айдап салуымен киммерлерге жойқын шабуыл жасап, олардың тас-талқанын шығарады. Бұл жерде де отырықшы халық өкілдерінің өз шамасы жетпегенсін, қытайлықтар қолданатын «жабайыны» «жабайыға» айдап салу әдісі қолданылған.

Осыдан кейін скифтер бұл өңірде көне шығыс патшалықтарының бірде-біреуі теңесе алмас үлкен саяси күшке айналады. Көп ұзамай Мәди жаңадан құрылған Мидия патшалығын өзіне бағындырады. Алайда бұл көшпелі елдерге тән, жыл сайын алым-салық төлеп тұруға мәжбүр ететін бағындырыс қана еді. Бұл бағыныс Мидия елін күшті көршілерінен (мысылы, Ассирия империясынан) қорғап қана қоймай, көршілерін



өлсірету арқылы Мидияның тез қуатты патшалыққа айналуына жағдай туғызды.

Б.д.д. 633 жылы Ассирия патшасы Ашурбанипал қайтыс болды. Осымен Ассирия империясының ыдырауы басталады. Халдейлер Вавилонияны, скифтер Ассирияға қарасты Сирия мен Палестина бастаған біраз аймағын, мидиялықтар өздеріне жақын үлкен аймақты өздеріне қаратып алды.

Мәди патша қолбасылық еткен скиф әскерлері жеңістен жеңіске жетіп, атағы исі Таяу Шығысты, Египетті шарлап кетті.

Бұл жайында Геродот: *«Содан кейін скифтер Египетке бет алды. Палестиналық Сирияға барар жолда оларды Египет патшасы Псамметих (Нехо перғауын) мол сыйлықпен қарсы алып, шапқыншыларға бұдан әрі бармауын қиыла өтінді де, ақыры көндірді. Азияны скифтер 28 жыл билеп, өктемдік жүргізді. Өзінің содырлығы мен лаңдығының нәтижесінде ондағылардың зәре-құтын ұшырды. Олар әр халықтан жинаған алым-салықтарына қоса, скифтер елді аралап, көзіне көрінгеннің бәрін жымқыра берді»*, – деп жазады.

Скифтерге бағыныштылық арқылы үлкен елге арқа сүйеген мидиялықтар, Ассирия империясының үлкен бөлігін өзіне қосып алып, күшейіп алды. Енді олар скифтерден қалай құтылуды ойластыра бастады. Мидия патшасы Қиақсар оны тапты да. *«Бірде Қиақсар мен мидиялықтар өзара келісіп ап, мұқым скифті қонаққа шақырып, есінен тандыра шарапқа сылқита тойғызды да, мас болған соң олардың бірін қалдырмай қырып тастайды»*.

Сөйтіп, мұқым Алдыңғы және Кіші Азияны алақанайында ұстаған Мәди патша оқыстан опат болды. «Батыр аңқау» дегенді осындайда айтса керек. Түбіне аңғал



дығы, дастарханға деген құрметі жетті. Қиақсардың айласы бүтін бір халықты, кешегі қожайындарын өзіне кіріптар, бодан етті. Қайтіп бұл өңірде скифтердің шайқалған шаңырағы қайта көтерілер тірек таппады.

«Мидия патшасы Кейхусрау (Қиақсар) б.д.д. 626 жылы Урмия көлінің бір құйылысында той жасап, айламен Мәди патша бастаған скифтерді қырып тастайды. Түріктерге Алып Ер Тұңға және Афрасиаб деген атпен мәлім патшаның өліміне қатты қуанып, ирандықтар жыл сайын «Сақа байрамы» немесе «Сақалардан құтылған күн» деген атпен той жасауды әдетке айналдырыпты» (Ш. Сефероглы, А. Мүдәрисоглы. «Түрік дәулеттері тарихында»)

4. Оңтүстік шығыста Ұлы Дала перзенттерінің негізгі көршілері Қытай мен Тибет халықтары болды. Бұл бағытта қозғалған Ұлы Дала ұландары тау бөктерлей көліп, алдымен таулық тибеттіктермен, содан кейін көне қытайлықтармен байланысқа түсті. Бұлар қытайдың көне жазба тарихында шәнжуң, шиәниуң, шиунжу деген атаумен енген халықтардың арғы бабалары жүнди мен дилар еді (ди – далалықтар).

«Көшпелілердің арғы дәуірлерде орныққан қаласы, тұрақты орталығы, тіпті темір қорытып, алтын аптап, күміс күштеген қолөнері де болды. Б.д.д. қытай жылнамаларында ғұндардың шапса қылыш, атса оқ отпейтін киім-кешек, сауыттарын бұлар да жасап алу жөнінде У-ди хан өз тұсында жарлық шығарғанын жазады», – деп

Ислам Қабышұлының «Тұран әлемі» еңбегінде

«Алтайда (түріктер) жас баладан кәріге дейін бәрі де ат құлағында ойнайтын шабандоз болатын. Олар жаяу жүруді ұят деп санады. Олардың бар өмірі атпен бірге



өтті. Сондықтан да шалбар, өкшесі бар етік алдымен көшпенді халықтарда – түріктерде пайда болды.

Темір үзеңгісі бар ер, болат қылыш, болат қанжар, өте күшті садақ пен жебе де ең алдымен атты әскер түріктерде пайда болды.

Археологтар Алтай қорғандарынан болаттан жасалған қылыш пен қанжар, үзеңгі мен қалқан, дулыға мен сауыт тапты. Жер бетінде бірде-бір халықта мұндай қару болған жоқ. Тек түріктерде ғана. Міне, сондықтан да олар қытайдың орасан көп армиясын оп-оңай талқандап кете беретін.

Б.д.д. IV ғасырда қытайлықтар түріктердің киімін қабылдап, олар да шалбар кие бастады. Одан соң олар атқа мінуді үйрене бастады.

Темір орақ пен балта, шойын соқа, жылы үй, әсем сарайлар мен жеңіл үйлер, жүк таситын дөңгелекті арба, жеңіл көлік арбасы, т.б. еңбекқор түрік халқы адамзатқа сыйлады».

«Арабтар жүгін түйемен таситын, үнділер пілмен, қытайлар буйволмен, парсылар есекпен. Ал түрікте ат болды. Ат түрікке көп артықшылық әперді», – деп жазады. Мурад Аджи, «Қыпшақтар» атты шығармасында.

Ұлы Дала перзенттері алғашқыда тибеттіктерді де, қытайлықтарды да бауыр басқан жерінен ығыстырып, оларды Вій өзенінің оңтүстік бетіне өтуге мәжбүр етті. Тибеттіктердің бір бөлігі ішкі Қытайға қоныс аударып, жергілікті халықпен араласып, отырықшылыққа дең қойса, қалған бөлігі сырттан келген көшпелілермен арпалыса жүріп, солардың салт-дәстүрін, соғыс өнерін үйреніп, бірде одақтасып, бірде жауласып дегендей мазасыз тірлік кешеді.



Ежелгі, түріктер келгенге дейінгі тибеттіктердің ата мекендері Вій өзенінің бас жағындағы таулы аймақпен шектелетін.

Ежелгі тау басында қой жайған «қойшы тибеттіктер» шәнжұндармен (түріктермен) бірігуі нәтижесінде кейін тарихқа әйгілі таңғұт халқы пайда болды. Көне замандарда таңғұттар айтарлықтай кең аумаққа иелік еткен.

Шыңғысханның қанды қырғынынан кейін қазір олардың ұрпағы Көкнор көлінің маңын ғана мекендейді.

Отырықшы тибеттердің дәуірлеуі кейін Тибет мемлекетінің негізін қалаушы атақты Сронцзан-Гамбоның (650 жылы өлді) тұсында болды. Олар VII ғасырдың екінші жартысында қытай жерінің біраз бөлігін өздеріне қаратып алды.

Әуелдегі Қытай мәдениеті шағын бір өңірде, азғантай тайпалардың жасаған мәдениеті болатын. Жалпы «қытай» деп X-XII ғасырларда қытайдың теріскей бөлігін билеген моңғол тілдес халықтарды ғана атаған. Кейін Орта Азия халықтары бұл атауды қытайлықтарға ортақтастырып жіберді. Ал Батыс Еуропа және Таяу Шығыс елдері қытайлықтарды әлі күнге «Чин» деп атайды (б.д.д. III ғасырда көне қытайлық бірнеше мемлекетті біріктірген Ши-Хуан-ди патша негізін қалаған Чин патшалығы атынан шыққан). Қытайлықтар өз елдерін әр кезде патшалық құрған әулет аттарымен Иау, Жау, Шыу, Чин, Хән, Вей, т.б. деп атаған. Ал ортақ атауы «Жұң го» (Орталық мемлекет) (Аспан астындағы ел).

Көне қытайлықтар көшпенділерді жалпы атаумен «Гүйфаң» – «Сайтандар немесе жын перілер жағы» деп атайды.



«Түрік әлемі» атты еңбегінде Қ. Салғараұлы былай деп жазады: «Көне қытайлықтардың көшпенділермен қашан, қалай кездескені бұлыңғыр. Көне қытайлықтар «дилардың» кезінің өзінде әлі іргелі ел болып бірікпеген, бір-бірімен соғысып жатқан жекелеген кінәздіктер болатын. Осы алғашқы қытай әулеттері көшпелі тайпалардың шабуылдары салдарынан құлаған.

«Қытай әулетінің тарихы олардың әр кезде «шиән-иун», «шиун-жыу», «сиун-ну» деп ат берген далалықтардың кейінгі ұрпақтарымен үнемі арпалыста күн өткізіп, көп ретте олардан жеңіліс тауып отырғаны анық аңғарылады.

Мысалы, Грумм-Гржымайло сол кездегі қытай императорларының сұңғақ бойлы, орақ мұрын, қаба сақалды болып келетінін айтады.

Сол секілді қытайдың «Үш патшалық» кезіндегі батырларының бейнесі де осы кейіпте суреттеледі. Сондай-ақ «жыудан» бастап «Вей», «Иән», «Дай» тәріздес патшалықтардың негізін қалаушылардың да далалықтар болғаны көне деректер мойындаған шындық».

Қытай мемлекетінің басталу мерзімін «Қытай тарихының Геродоты» атанған Сы-ла-Чиән б.д.д. 697 жылы деп көрсетеді.

Ал қытай халқының ұлы перзенті, атақты философ Кун-фу-зы (Конфуций) б.д.д. 357 жылдан, Иау әулетінің билік құрған кезінен бастайды.

Қытайлықтар қанша жерден жамандап «жабайылар» дегенімен көне Қытай тарихына далалықтардың ықпалы зор болды.

Олардың күтпеген жерден пайда болып, құйындай жүйіткіп, әп-сәтте жайпап кететіні көне қытайларға



амалсыз атқа мінуді үйретіп, атты әскер жасақтауға мәжбүр еткені байырғы дереккөздерінен белгілі.

У-ди, Ву Лиң, Шы Хуан-ди секілді патшалардың жасаған әскери реформалары осы айтқанымыздың айғағы.

Тынымсыз қақтығыс, көшпелілердің күшейуі, келе-келе өзара дұрдараз жеке кінәздықтардың бірігуіне, сөйтіп тұтас іргелі мемлекет болуына ықпал етті.

Осы үш халықтың (тибет, қытай, түрік) ұрпақтарының мыңдаған жылдар бойы араласуы соғыс тұтқыны, қыз алысу, қашқындардың қарсы жаққа өтуі, бір-біріне бағыныштылық, т.б. әсерінен түріктенген тибеттіктер мен қытайлар, тибеттенген, қытайланған түріктер көп болды.

Осылайша көшпелілер мәдениеті мен отырықшы елдер мәдениетінің араласып, бірін-бірі байытуы әсерінен кейінгі қытайлық үлкен мәдениет өмірге келді.

5. Ұлы Дала перзенттерінің қоныс аударуының үлкен бір бағыты оңтүстік батысқа – Орта Азия арқылы Алдыңғы Азия, Таяу Шығыс елдеріне бағытталады.

5.1. Кейбір тарихшылар кейіннен парсы-иран, солтүстік үнді халықтары мен Еуропадағы Герман тайпаларының түп атасы саналатын арийлер есте жоқ ерте замандарда қазіргі Қазақстанның оңтүстік батыс жағы – Жетісу маңы мен Қырғызстанның Ыстықкөл маңын мекендеген дейді.

Кейіннен белгісіз себептермен Орта Азия арқылы Алдыңғы Азияға өтіп одан көбейе келе Солтүстік Үнді жері мен Еуропаға дейін таралған дейді. «Авеста» мифологиясында аждаһаны жеңуші Трайтаонаның («Шаһ-намада» Фаридун) үш ұлы болады. Ол өзіне қарайтын әлемді осы үш ұлына бөліп береді: Сәлімге Рум мен батыстағы жерлер, Тұрға Шын (Шығыс Түркістан) мен



Тұран, Ирожда Иран мен Арабстан. Олар өсе келе өзара араздасып, Сәлім мен Тұр бірлесіп Ирожды өлтіреді. Сөйтіп Иран мен Тұран бітіспес жауларға айналады.

Парсы халқының ұлы ақыны Әбілқасым Фирдоусидың «Шахнамасындағы» оқиғалар негізінен Иран-Тұран соғысына арналады. Ирандықтардың ата жауы болып Афрасиаб патша басқаратын тұрандықтар аталады. «Шахнама» бойынша Сәлім мен Тұрдың кенже інілеріне жасаған қастандығы бірдей. Тіпті Ирожды қидалап өлтірген Румды билеген Сәлім болса да «Шахнаманың» желісі бойынша бүкіл өштік, ата кек Тұранның әміршісі Турдың сыбағасына тиеді. Фирдоуси да кейінгі тарихшылар да Тұран жұртын зұлымдықтың ошағы деп қарайды, румдық Сәлім ұмыт қалады.

Тұрдың ұлы – Пашанг. Оның ұлы – Афрасиаб. Иран мен Тұранның арасындағы өштік Афрасиабтың тұсында тұтанып барып басылады. Иран патшасы Зов пен Тұран патшасы Афрасиаб екі ел арасындағы ғасырлық өшпенділікке тоқтау салып, келісімге келеді. Иран мен Тұран арасындағы шекара Жайхун өзенінің аңғары арқылы өтеді.

Осы және басқа тарихи шежіре аңыздарға қарағанда арийлердің Ұлы Даладан батысқа қоныс аударуы тұрандардың (Түріктердің) ығыстыруынан деп түсінген дұрыс сияқты.

5.2. Ұлы Даладан оңтүстік батысқа қоныс аударудың нақты белгілісі, б.д.д. II ғасырда ғұндардың Мөде төңірікұтынан жеңілген қытайша аталуы Юечжи (Жиужу) халқының ата мекенін тастап шығуынан басталады. Ал олардың өз кезегінде сақтарды ығыстарғаны белгілі. Жиужу-жилардың бір бөлігі Сырдария өзенінің бойында қалып қойып, сонда кейін қаңлы аталып, Қаңлы мемлекетін құрады да, негізгі бөлігі бүгінгі Тәжікстан жеріне келіп атақты Кушан мемлекетін құрады.



Ғұндардың ауыр соққысынан шашыраған жиужу халқының қалдығының өзі Сыр өзенінің батысындағы отырықшы халыққа қаһарлы күш болды. Өздеріне қылышпенен жол ашқан жиужу-жилар Тәжікстан жеріне орнығып алғаннан кейін, Кушан атты мемлекет құрып үш ғасыр өмір сүрді.

Кушан мемлекеті дәірлеген кезінде бүткүл Орта Азия мен Үнді жеріне дейін жететін үлкен империяға айналды.

5.3. Орта Азия арқылы батысқа беттеген көш бұлармен шектеліп қалмайды.

Бұлардан кейінгі көшті тохарлар, әфталиттер, ақ ғұндар (хиониттер), кердерілер (кидариттер) жалғастырады. Кердерілердің Тоқаристанды иеленгені және Арал теңізінің кезінде Кердері теңізі атанғаны, солардан қалған ұрпақтың бір бөлігінің кейін сол Кердері деген атпен Қазақ хандығының құрамына енген тайпалардың бірі болғаны тарихта мәлім.

5.4. Еділ патша өліп, ғұн қағанаты құлағаннан кейін ғұн қағанаты екіге бөлінді. Батысында Уархан қағанаты пайда болды.

5.4.1. Ал шығысында гүндердің орнын VI ғасырда тарихқа аты әйгілі аварлар басады. Қазақстан тарихшылары оларды Орталық Азияда түріктерге дейін билік құрған атақты жужандардың ұрпағы дегенді айтып жүр.

5.4.2. Арада екі ғасыр өткенде бұл жерді көшпелі түрік тайпасы – хазарлар иеленді. Бірақ олар да бұл өңірге түпкілікті ие болып қала алмады.

5.4.3. Хазарлардың жанталаса қарсыласқанына қарамастан IX ғасырдың басында Оңтүстік Орал бойынан бұл далаға (Қаратеңіз жағалауының далалық алқабына) угрлар (мадиярлар) өңмеңдей кіреді.



5.4.4 IX ғасырдың соңында келген печенегтердің ығыстыруымен угрлардың бір бөлігі Персияға, енді бір бөлігі Днепр мен Дунайдың төменгі ағысы аралығындағы Атель-құз деген жерге ауады. Мадиярлар жалпы Қара теңіз бойындағы даланы шамамен 830 және 892 жылдардың арасында мекен еткен.

Ал бұл кез алғашқы орыс кінәздерінің қалыптаса бастаған кезі болатын. 892 жылы мадиярлар Византияның шақыруымен болгарларға қарсы аттанғанда, артта қалған елін печенегтер жаулап алады. Печенектермен соғысуға шамасы жоқ мадиярлар амалсыз жаңа қоныс іздеп Дунайдың төменгі ағысы маңына барып, сонда өз мемлекетін құрады.

Жалпы печенегтер Орта Азия даласындағы қаңлы (кангюй) тайпалар бірлестігінен бөлініп шыққан өте ірі тайпа болатын. Бұлардың бұрынғы сармат тайпалары иеленген жерді жаулап алуы жаңа печенег тайпалар бірлестігінің құрылуына негіз қалайды. Сөйтіп бұл бірлестіктің құрамына бұрынғы қаңлылық печенегтер, оларға бағынған сармат тайпалары, ормандық фин-угор тайпаларының кейбір бөлшектері кіреді.

5.4.5. Ал IX ғасырдың соңында печенектерді Еділ мен Жайық арасынан оғыздар айдап шығып, батысқа қарай көшуге мәжбүр етті.

1019 жылы орыс кінәздарының ішкі ісіне араласқан печенегтер мен оғыздар тағы да соғысып, бірнеше соғыстан кейін оғыздар печенегтерді біржола талқандап, аман қалғандарын Днепрден аса қуып тастайды.

Онсыз да тоз-тозы шыққан печенегтерді хандарының арасындағы қырқыс үшке бөліп тастайды. Ақырында жеңілген Кеген хан соңына ерген екі тайпа елімен (дерек бойынша 20 000 адам) Византия жеріне өтіп, өзінің Византияға бағынатынын білдіреді. Византия



императоры оларға жер бөліп беріп, Византия шекарасын өзімен туыстас тайпалардан қорғауды міндеттейді.

5.4.6. X ғасырдың ортасында шығыстан келген көшпенділердің өте күшті жаңа толқыны оғыздарды батысқа қарай ығыстырды. Олар еуропалықтар командар, орыстар далалықтар (половцы) деп атаған қыпшақтар болатын.

Қыпшақтар бұған дейін Қимақ қағанатының құрамындағы тайпа болатын. Қимақ – «кай» моңғол тілінен аударғанда «жылан» жеті тайпадан құралған тайпа болатын. «Жеті басты айдаһар» деген аңыз осыдан шығатын сияқты.

Қимақ бірлестігі Ертіс бойында пайда болып, кейін Арал теңізіне дейін жетті. Қыпшақтар осы бірлестіктің батысындағы тайпа болатын. Қыпшақтар солтүстігінде Сібір ормандарына, батысында башқұрттардың бұрынғы ата-бабалары жеріне дейін, оңтүстік батысында қысқа қарай оғыздар жеріне – Арал теңізіне дейін келетін. Әл-Марвазидің жазуында былай дейді: *«Кайлар (жыландар) мен күндер сарыларды ығыстырды, ал сарышаштылар (қыпшақтар) өз кезегінде түркімен, оғыздарды және печенегтердің жерін тартып алды, ал оғыздар мен печенегтер Византияға шабуыл жасады».*

5.4.7. Осы кезеңде Сыр бойы мен Арал теңізі маңындағы далада көшіп жүрген оғыздар арасында Салжұқтар қозғалысы басталды. Олар Орта Азия арқылы өтіп Алдыңғы Азияға басып кірді де, Салжұқ түрік империясын құрды.

Ал солтүстікте, Еділ мен Жайық арасындағы оғыздар батысқа қарай – Византия империясына аттанды. Бұл кезде Орта Азия арқылы кеткен оғыздар Византия империясын оңтүстіктен қыспаққа алып жатқан болатын. Оғыздардың солтүстік бөлігі жолай печенегтерді



де қоса алып, орыстармен соғыса жүріп батысқа кетті. Олардың орнын жаңадан келген қыпшақтар басты.

Оңтүстік арқылы аттанған салжұқтар Жент қаласын астана деп жариялап, жаңа мемлекет құрды. Бұл мемлекет кейін Азияның айбынды күшіне айналды. Кейін Тоғрылдың кезінде салжұқтар Иранды, Хорасанды, Әзірбайжанды, Күрдстанды, Иракты өзіне бағындырды. Бағдат дінбасылары ресми түрде оның сұлтандық лауазымын ақ батасын беріп бекітті де, халифаттың әміршісі ретінде мойындады.

Бұл кезеңде Орта Азия мен Хорасан аймағы толықтай түрік қауымының ата қонысына айналды.

5.4.8. Сонау б.д.д. үш мыңжылдықтан хеттер патшалығынан бастап көшпелі елдің Кіші Азияға қоныстануы бір толастаған жоқ.

Бірақ заман өзгеріп, үстемдіктен айырылып, өздері жергілікті тайпаларға сіңісіп, бодандыққа түсіп отырған кездері де болған.

Хеттардан кейінгі гректенген (мысалы, эолий тайпасы) түріктер, кемерлер мен скифтерден кейінгі римдіктердің отарлауы уақытша бағыныштылық болатын. Баламер бастаған көшпелілер көші Қаратеңіздің терістік жағалауына ілінген соң-ақ, түріктер Кіші Азияны қайтадан қолға алды.

Көшпелілердің жаңа толқынының Кіші Азияға келуін Ю.А. Петросян өзінің «Осман империясы» атты еңбегінде былай деп баяндайды: «Түрік тайпалары Кіші Азияға IV ғасырдан бастап қоныстана бастады. Олар әр түрлі жолмен – Кавказ бен Иран, Қаратеңіз бен Балқан арқылы келді. Әйтеуір Қытайдан бастап, Византияға, Иранға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты билеген түркі қағанаты тұсында Византия оларға елші жібергенде,



олардың ішінде жүзден астам константинополдық түріктер бар еді. Түркі тайпаларының көсемдері өздерін бұл өлкеде жеке мемлекеттің басшысы ретінде емін-еркін ұстады.

X ғасырда түріктердің жаңа легі Кіші Азияға лықси қотарылды. Ғасырдың басында Аралдың маңынан өзінің қандас түркілерімен соғысуының нәтижесінде қоныс аударған бірнеше ірі-ірі түрік тайпалары келіп қоныстанды. Дәл сол кезде түркілер Балқан тауы жағынан да Кіші Азияға қарай ағылды. Олардың көбі печенектер мен қыпшақтар, оғыздар еді. Олардың көпшілігі Византия императорының әскері қызметіне орналасты. Сөйтіп, әр түрлі тағдырдың талқысына түскен түрік тайпалары Анатолияға қоныс тепті», – деп жазды.

1063 жылы Тоғырылбектің орнына сұлтан боп сайланған Алып Арыслан Византия империясының туын жығып, бүгінгі түрік елінің – Түркияның мемлекеттік негізін қалады.

1071 жылдың 19 тамызы күні Кіші Азияның шығысындағы Маназкерт қамалының алдына екі ұлы күштің ең таңдаулы әскерлері жиналды. Қалың қолдың бірін Византия императоры Роман-IV, ал екіншісін салжұқ сұлтаны Алып Арыслан басқарды. Бұл екі тектің ғана емес, екі діни сенімнің, Айсә пайғамбар мен Мұхаммед пайғамбар ұмбеттерінің жолдары найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен тоғысқан шақ еді. Осыған дейін де бұл екі әмірші екі жыл бойы арпалысып, жеңісе алмай келе жатқан болатын. Дәл осы жолы кім жеңсе, сол Кіші Азияның тізгінін қолына ұстайтын. Византиялықтардың саны 80 мың еді. Олардың дені жалдамалы әскерлер болатын. Римдіктер де, гректер



де, орыстар да бар болатын. Роман-IV жан алып, жан беріп аянбай айқасты. Алайда Алып Арыслан да тегін сұлтан болмағандығын танытты. Ол ретін тауып, Роман-IV-ті қоршап алды да, тұтқынға түсірді. Византиялықтардың берекесі қашып шегінді, қолға түсті, Алып Арысланға өз еріктерімен берілді. Әйтеуір жеңіліп тынды. Қайтып византиялықтар қарсылық көрсете алмады. Бұл соғыстың нәтижесінде Кіші Азия салжұқ түріктердің қолына көшті.

Жаңа сұлтанат тез дәуірлей көтерілді. Алып Арысланның мұрагері Мәлік шахтың тұсында салжұқтардың жері Сырдария мен Нілдің, Каспийдің жағасынан бастап Жерорта теңізінің арасын алып жатты. Рум сұлтанаты Ұлы Салжұқ қағанатының ең жоғары билік иесі екенін мойындады».

5.4.8. Бұдан кейінгі тарих сахынасына Шыңғыс хан бастаған моңғолдар мен Ақсақ Темірдің қанды жорықтары шығады.

Шыңғыс ұрпақтарының бұл жорықтары нәтижесінде кейбір халықтар, мысалы, қыпшақтар Венгрияға, Прибалтика жеріне, тіпті кейбір топтары Алдыңғы Азияға өтіп, Мысырға дейін жеткенімен, бұл тарихи оқиғаларды Ұлы қоныс аударулар дегеннен гөрі жаулап алу, тонұшылық соғыстары дегенге келеді. Себебі, бұл соғыстардың нәтижесінде Ұлы Даладағы қаншама қалалар мен елді мекендер тып-типыл етіп қиратылып, түрік өркениеті кері кетті. Қаншама мыңдаған жылдар бойы адамзат өркениетінің алдыңғы сапында болған Ұлы Дала перзенттері өркениеттің соңында қалып қойды. Осының нәтижесінде мыңдаған жылдар бойы көшпелілердің шабуылына ұшырап, олардан қорғану үшін мыңдаған шақырымға созылған Ұлы Қытай қорғанын салған қытайлықтар XV ғасырда өздері Ұлы Далаға аяқ басты.



Ал өз қандастарынан қашып, орыс кінәздарының қолтығына кірген кейбір түрік топтары орыс мемлекетін күшейтіп, арада бірнеше ғасыр өткенде Жармақ бастаған орыстанған түріктер – казактардың алғашқы тобы Ұлы Далаға атанды.

Осылайша Ұлы Даланың бөлшектеліп отарлануына түріктердің өздері себепкер болды.

Ал Ұлы Далаға қытайлар алғаш аяқ басқан XV ғасырға дейін тарихта бірде-бір рет шет ел жаулаушысының жеңіске жеткені болған емес.

Ұлы Далаға қарсы жасалған жорықтар

Енді осы Ұлы Далаға қарсы жасалған жорықтарды баяндап көрейік.

1. Ұлы Даланы бағындырмақ болып алғашқы жорыққа шыққан парсы патшалығының негізін қалаған Кир патша болатын. Ол бұған дейін Алдыңғы Азияда билік құрған барлық империяларды, Ассирияның, Урартудың, Мидияның, Лидияның, Вавилонның, т.б. Алдыңғы және Кіші Азия мемлекетінің жерлерін қаратып алып, бұған дейін тарихта болып көрмеген үлкен империя құрды.

Геродот былай дейді:

«Вавилонды бағындырысымен Кир массагеттерді өзіне қаратуды ойластырды. Массагеттер өте көп өрі жауынгер ел екен. Олар тура күн шығыстағы Аракс (Сырдария) өзенінің арғы бетінде, исседондарға қалталдаса мекен етеді...

Кирдің бұл жорыққа аттануына көптеген себеп әсер етті. Соның ең бастысы – өзін тумысынан «қасиетті адаммын, нағашымның түсіндегі аян берген әмірші – менмін, дүниені билеуім керек» деген астамшылық пиғылы.



Екіншісі – барлық соғыстарда жеңіске жетіп келе жатқан ақжолтайлығы еді. Өйткені Кирдің көзінің қиығы түскен халықтың бірде-біреуі оған қарсы тұра алмай, тізе бүккен еді», – деп түсіндіреді.

Ал бұл кезде Ұлы Даланың батыс бөлігінде, Сыр өзенінің бойында бұған дейін осында тұрып келген скифтерді ығыстырып, қонысын күшпен тартып алған массагет тайпасы тұратын. Ал массагеттерді қайтыс болған күйеуінің орнына Томирис патшайым басқаратын.

Алғашқыда Кир Томириске құда түсуге елшілігін жібереді. Бірақ парсы патшасының түпкі ойын түсінген Томирис патшайым бұдан бас тартады. Сонда Кир айламен мақсатына жете алмағандықтан, массагеттерге ашық түрде соғысқа аттанады.

Аракс өзенінен өту үшін көпір жасауға бұйрық береді. Мұны көрген Томирис патшайым Кирге бейбітшілікті бұзбауға шақырады. «Ал шын соғысқың келсе өзеннен өтіп соғысайық. Не сен үш күншілік жерге шегін, өзеннен мен өтемін, не мен үш күншілік жерге шегінемін, өзеннен сен өт», – деген ұсыныс жасайды.

Ақыры келісім бойынша массагеттер кейін шегініп, парсылар өзеннен өтеді.

Алғашқыда парсылар қулықпен массагеттердің үштен бір бөлігін, шолғыншы жасақты, алдап қолға түсіріп қырып тастайды. Қолға түскендердің ішінде жасақ басшысы, Томирис патшайымның ұлы жас Спаргапис те бар болатын.

Мына зауалды хабарды естіген Томирис ханым елші жіберіп, сәлем айтты:

«Мидия патшасы, қанішер Кир! Сен мына болмашы жеңісіңе масаттанба. Сендер бұл жолы адал айқаста үстем түскен жоқсындар. Менің ұлымды жыңды сула-



рыңмен суарып, алдап тұтқындадыңдар. Сен енді менің ақылымды тыңда. Тұтқынға түскен ұлымды өзіме қайтіп бер де, аман-есенінде табаныңды жалтырат. Массагеттер әскерінің үштен бірін алдап, арандатқаның да жетеді. Егер сен мұны істемесең, күн құдайымен ант етемін, сен қанша тойымсыз болсаң да, қанға тойдырамын», – дейді.

Бірақ Кир бұл сөзге құлақ аспайды. Ал Спаргапис ханзада мастығынан айыққан соң, өзінің жағдайын түсініп, қолын босатуын Кирден сұрайды. Ханзада босана салысымен өзін-өзі өлтіреді.

Кирдің кеңеске құлақ аспағанын білген Томирис барлық әскерімен парсыларға шабуыл жасайды. «Бұл соғыс варварлар арасындағы ең қанды қырғын болды. Ол туралы мен мынаны білдім. Айтулары бойынша, қарсыластар бір-біріне алыста тұрып садақтап атады. Содан оқтары таусылғасын, қанжар мен найзаласуға көшеді. Ешкім шегінгісі келмей ұзақ соғысады. Ақыры массагеттер жеңеді. Барлық дерлік парсы әскері соғыс даласында қырылады. Кирдің өзі де өледі. Ол толық 29 жыл патшалық құрған. Ал Томирис қырылғандардың арасынан Кирдің денесін таптырып, шарап құятын тері ыдысын адам қанына толтырып, өлі Кирдің басын қан толтырған ыдысқа тығып тұрып: – Іздегенің қан еді гой, ал іш, ендеше! – депті Томирис патшайым».

Бұл оқиға б.д.д. 530-529 жылдары болған.

Парсы әскері мен массагеттер алғашқыда Сырдарияның екі жағында, Отырар маңында жолығады да, келісім бойынша массагеттер үш күндік жерге кейін шегініп шайқас Талас даласына өтеді.

2. Ұлы Далаға екінші болып жорыққа аттанған парсы патшасы Дарий болатын. Кирдің өлімінен кейін үш жыл ішінде Ахемен әулетінің сегізін жеңіп Дарий Кирдің орнына таққа отырады.



Таққа отырғаннан кейін бес-алты жыл ішінде Кир құрған парсы патшалығын одан да ұлғайтып шекарасын Еуропадан Африкаға дейін кеңейтеді. «Жеңілмейтін әскер, әлем әміршісі, мәңгілік патшалық» деп мадақталған парсы патшалығы үшін кесілген Кирдің басы мен қырылған парсылардың өлімі сүйегіне басылған таңба, бетіне түскен шіркеу еді.

Сондықтан да «әлем әміршісі» аталған Дарий патша б.д.д. 518-517 жылы сақтарға аттанды. Бұл жорық асқан дайындықпен жүзеге асырылды. Алдын ала шолғыншы жасақ жіберіп, бір кездегі Кирден қалған Сырдариядағы өткелді қалпына келтіртті. Дарий бұл жорыққа әбден дайындалған 300 мың әскермен аттанды дейді тарихшылар. Мұндай әскерге қарсы тұрар күш бұл кезде жоқ еді. Тарихшылар сақтардың арасында Дарийдың тыңшылары болды, олар бұған дейін Дарий жаулап алған мұрғабтық сақтар еді дегенді айтады.

Полиэннің мәліметінше, бұл кезде сақтардың құрамы үшке бөлінген екен де, үшеуінде үш адам патшалық құрыпты. Олар – Омар, Тамир, Сакесфар.

Тағы да сақтар аңғалдықпен арандатуға ұшырапты, «өздері сағарий деп атаған айбалта ұстайтын сақтар» қапыда қалыпты (Геродот).

Дарий патша әскерін Сырдариядан өткізісімен сақтардың үшке бөлінгенін естіген ол алдымен кезіккен шолғыншы жасақты (сақтардың үштен бір бөлігін) атты әскермен қоршап алады. Парсылардан мұндай күрт қимылды күтпеген Скуһна патша саны аз әскермен қапыда қолға түсіп қалады. Дарий тосын шабуылды әрі қарай жалғастырады. Ол қолға түскен және қаза тапқан сақ сарбаздарының киімдерін үстерінен сыпырып алып, өз әскеріне кигізеді.



Содан соң оларды бұл жағдайдан еш хабарсыз бейкам жатқан сақтардың екінші жасағына тосын шабуыл жасатып, қапыда қырып тастайды.

Бар әскерінің үштен екісінен аңғалдықпен айырылған сақтар қисапсыз парсы әскерінің алдында шарасыз күйге түседі. 300 мың парсы әскерімен қоян-қолтық шайқасуға қалған әскері өте аздық етеді. Оның үстіне парсы әскерінде де атты әскер жеткілікті.

Не істерін білмей сасқан патшаларға Шырақ атты жылқышы ұсыныс айтады:

– Дарий әскері өкшемізді басып қуып келеді. Бұлай қуа берсе, көшпен ерген елді қызыл қанға батырары сөзсіз. Мен бір амалын табайын. Тек балаларыма қорған болыңыздар, – дейді Шырақ.

Үсті-басын аяусыз тілгілеген Шырақ қан-жоса болып парсылардың алдынан шығады. Ол парсыларға «сақтардан кек алғысы келетінін, оның артынан ерсе ол парсыларды сақтардың көшінің дәл үстінен түсіретін жолды білетінін» айтып сендіреді. Парсыларға «сақтар көшінің соңынан ергенше, олардың алдынан шығатын жолды білемін», – деп алдаған ол Бетпақдалаға бастап кіреді. Ақырында парсылар төрт жағы бірдей жеті күндік шөл дала болатын Бетпақдаланың дәл ортасына сілесі қатып жетеді. Аштық пен шөлден әскер қырыла бастайды. Осы кезде Шырақтың мұнда алдап әкелгенін өз аузынан естіген парсы әскербасы Шырақты өлтіріп тастайды. Ал парсылар үшін сақтарды жаулап алмақ түгілі, өз бастарын шөлден аман алып шығудың өзі мұң болады. Қатты күйінген Дарий патша қырға шауып шығып Тәңірден жалбарынып көмек сұрайды. «Осыдан аман қалсам, енді қайтіп сақтың жерін аттап баспаймын», – деп жалынады. Сол сәтте тәңірі иіп, жаңбыр себелеп қоя береді. Осы жаңбырдың арқасында бар



әскерінің тең жартысынан айырылып, құр сұлдерін өзер сүйретіп еліне қайтады.

Осылайша өз өмірін құрбандыққа шалған қарапайым сақ жылқышысы ерлігінің арқасында бүтін бір халық аман қалады.

3. Ұлы Далаға үшінші жорық жасаған тағы да осы парсы патшасы Дарий болатын.

Ол бірінші сәтсіз жорығынан бар-жоғы бес-ақ жыл өткен соң, тағы да Ұлы Далаға жорыққа дайындалды. Кирдің кегін қуамын деп барып, жеңіп тұрып, масқара болып қайтқанын, Бетпақдалада шөлден әскерінің жартысынан айырылып, өзі құр сұлдері қайтқанын ұмытпаған еді. Сондықтан да бұл жолы көшпенділерді аяусыз жазаламақ болды.

Дарий өзіне бағынышты барлық халықтарға жарлық беріп, соғысқа қатаң дайындалады. Африкадан Еуропаға дейін бұл соғысқа тартылды. Тарихшылар бұл жолы Дарийдің әскері аттылы және жаяу 700 мың және 600 кеме, онда шамамен 100 мың әскер, барлығы 800 мың әскер тартылды деп санайды. Бұл соғысқа көптеген гректердің де қатысқаны белгілі.

Парсылардың үлкен әскермен келе жатқанын естіген скифтер өздерінің ашық соғысуға шамасы жетпесін сезіп, көршілерінен көмек сұрайды. Кеңеске қатысқан тайпа басшыларынан: Геон, Будин, Савромат тайпалары скифтерге көмек бермек болады. Ал Агафирс, Невр, Андропак, Миланхлен және Тавр патшалары көмектесуден бас тартады. Скифтермен одақ құрған төрт тайпа басшылары ақылдаса келіп, парсылардың 700 мыңдық әскерімен ашық соғысқа шықпайтын болып келіседі. Әйелдер мен балаларды киіз үйлермен, асқа қажетті малдан басқасын солтүстікке ұзатып жібереді. Ең жақсы атты садақшылар жасағын Дарийдің әскерінің алды



нан жібереді де, қалған екі бөлігі Иданбарыс патшаның басшылығымен біркүндік жерде алда жүріп отырады. Скифтер барлық өсімдіктерді өртеп, құдықтарды көміп кетіп отырады. Осылайша аттылы скифтердің соңынан аттылы-жаяу 700 мыңдық әскерімен салпақтап әбден титықтаған Дарий скиф патшасы Иданбарысқа «күшің жетсе менімен соғыс немесе келісімге келіп маған бағын» деген ұсыныс айтады. Бұған Иданбарыс мазақ қылған жауап жібереді.

Аштықтан, шөлден, ұзақ жолдан әбден әлсіреген парсыларды ақырында скифтер қыспаққа түсіреді. Скиф патшалары Дарийге сыйлыққа құс, тышқан, құрбақа мен бес оқ беріп жібереді.

Бұл «сендер – парсылар, құс сияқты аспанға ұшып кетпесеңдер, тышқан сияқты інге кіріп кетпесеңдер, бақа сияқты батпаққа батып кетпесеңдер, біздің жеберімізден қашып құтыла алмайсындар», – дегенді білдіретін.

Осыдан кейін парсылар да, скифтер де соғысуға дайындалып шеп құрады. Осы кезде скифтерді бақылап тұрған Дарий скифтердің шебі бұзылып ию-қию болып кеткенін байқайды. Мұны түсінбеген ол адамын жіберіп не болғанын сұрағанда, ол «скифтердің арасынан қоян қашқанын, қазір скифтердің қоянды қуалап ойнап жүргенін» айтып келеді. Сонда Дарий: *«Біз бұларды жаулап аламыз деп жүрсек, олар бізді тіпті қаперіне де іліп тұрған жоқ қой. Өткенде бұлардың жіберген сыйлығының мағынасы енді түсінікті болды. Рас екен. Енді бұдан қалай аман қалуды ойластырайық»,* – дейді. Ақырында парсылар түнде көп қылып от жағып, тұрағында әлсіз және жаралы жауынгерлер мен есектерді қалдырады да, өздері қашып кетеді.

Бұдан кейін парсылар Ұлы Далаға қарай қайтып аяғын аттап баспайды.



4. Ұлы Даланы бағындырмақ болып арыстандай атылған келесі «жиһангер» – «Азияның билеушісі», «Амон құдайдың сүйікті ұлы» атанған Ескендір Зұлқарнайын болатын. Ол Кир құрған парсы патшалығының соңғы патшасы Дарий Кодоманнан Еуропадан Үндістанға дейін батыста Египетке дейін созылған кеңбайтақ империяны тартып алғаннан кейін бұған дейін ешкім бағындыра алмаған еркін сақтарды бағындырмақ болады. Ол Сырдария өзенінің жағасына өзінің Шеткі Александрия (Александрия Асхата) қаласын салдырып болған соң, салменен әскерін арғы бетке өткізіп, сапқа тұрғызады.

Александрдің скифтерге жіберген әскерінің алғашқы бөлігін скифтер қоршап алып қырып тастайды.

Александр енді атты әскерлері мен садақшыларын араластыра бар әскерімен шабуылға шығады. Бұл жолы сақтар қаша соғысу әдісін қолданады. Александрдың темірдей төртіппен шеп құрған әскерін, қаша жүріп, садақпен атқылап, қатарын селдіретеді де, ақырында жаяу садақшылар артта қалып қойып, атты әскер ұзақ бөлініп шыққан кезде жалт бұрылып қайта тарпа бас салып қырғынға ұшыратады. Александр өзі бінеше жерінен жарақат алып, қорғаушыларының жанкешті әрекетінің арқасында ғана әзер деп қашып құтылады. Осыдан кейін қайтіп Сырдарияның шығыс жағына аяғын аттап баспайды.

Көп ұзамай Александр сақ көсемдерімен келісімге келеді де, оңтүстікке – Үндістанға қарай жорыққа кетеді.

5. Ұлы Даланы күшпен бағындырмақ болған келесі империя арабтар болды.

Араб сахабалары ғазуат жорығына аттанып, ислам дінін қылыштың жүзімен насихаттауға кірісті. Оларға



еш тоқтау болмай бүкіл Алдыңғы Азия және солтүстік Африка халифаттың құрамына кірді. VII ғасырдың аяғында, VIII ғасырдың басында олар Орта Азияға аяқ басты. Орта Азиялықтар басқыншыларға бірігіп тойтарыс бере алмай жеке-жеке жем болды. Осы кезде Ұлы Даланың батыс бойы түргештерге қарайтын. Оларды Сұлушор атты ақылды да талантты хан басқаратын.

Орта Азияны жаулап алған араб әскерінің басшысы Кутейба соғысты өте қатыгездікпен жүргізді. Сұлушор бауырлас Соғдияна халқына әскери көмек беріп тұрды. Бірақ бұл соғды халқына көмектесе алмады. Бүкіл Соғдияна арабтардың қолына көшті.

Ақырында Сұлушордың күшіне арқаланған соғдалықтар Дибаштың бастауымен көтеріліске шықты. Арабтар жанын сала жаншуға тырысқанымен, Сұлушордың әскері дер кезінде келіп жетіп, араб әскерінің быт-шытын шығарды. Соғдияна арабтардан уақытша азат етілді.

Осындай қарсы шабуылды жиі жасағаны үшін арабтар Сұлушорды «Муззахим» (сүзеген) деп атады.

Бұған дейін ешкімнен беті қайтіп көрмеген арабтарды түріктер кері қуып тастады.

Бірақ қарудың күшімен ендіре алмаған ислам дінін арабтар кейіннен үгіт насихатпен, сопылардың көмегімен түркілерге ендірді.

5.2. Арабтардың түріктерден беті қайтқан екінші оқиға Кавказда орын алды.

X ғасырдың ортасында қыпшақтардың ығыстыруымен батысқа кеткен оғыздар Орта Азия арқылы Алдыңғы Азияға басып кіріп, Салжұқ түрік империясын құрады. Бұл мемлекет кейін күшейе келе Азияның айбынды күшіне айналады. Олар Иранды, Хорасанды, Күрдістанды, Иракты өзіне бағындырды. Бағдат дін



басылары ресми түрде Салжұқ сұлтанының сұлтандық лауазымын ақ батасын беріп бекітті де, халифаттың әміршісі ретінде мойындады. Салжұқ түрік әскері ислам дінінің алмас қылышына айналды.

1122 жылы арабтар мен салжұқтардың біріккен әскері Кавказға жетіп, грузиндердің басындағы ең ауыр кезең басталды. Жиһангерлер Кутаиси мен Тбилисидің тұрғындарын жаппай мұсылмандандырады. Бас тартқандардың басын шауып, ой шұңқырды қанға толтырады. Елін жауға алдырған грузин патшасы Давид IV одақтастар іздеп қыпшақтарға келеді. Ол кезде қыпшақтар үшке бөлініп, үшеуін үш хан басқаратын. Ол қыпшақтардың бір бөлігінің ханы Артықпен келісімге келіп, қызын алып, күйеу болады. Кейін елін азат ету үшін қайын атасынан көмек сұрайды.

Соның нәтижесінде 1125 жылы Тбилиси жанындағы Дидгори жазығында 300 мыңдық араб-салжұқ әскеріне қарсы Давид 60 мыңдық әскерімен қарсы соғысты. Бұл әскердің басында Артық ханның 45 мыңдық қыпшақ әскері тұрса, қалған 15 мыңы грузин, армян, осетин, аландардан құралған болатын.

Осы қыпшақтардың арқасында жаудың бетін қайырып, елін азат еткен грузин патшасы кейін «Дәуіт құрылысшы» деп дәріптелді.

Осылайша түріктер арабтарды екі рет, біріншісінің VIII ғасырда Орта Азияда тоқтатса, екіншісінде XII ғасырда Кавказда бетін қайтарып тастады.

Қыпшақтардың арқасында елін азат етіп, тағына қайта отырған Давид патша, барын аямай үйіп-төгіп, жағдайын жасап қыпшақтарды еліне жібермеуге тырысты.

Артта қалған ағайындары қанша адам жіберіп елге шақырса да, Артық хан еліне қайтпай қояды. Сонда



келесі келген елшілер қулыққа салып, өздерімен бірге бір құшақ жусанды ала келеді. Сонда жусанның жұпар иісі көңілін босатқан Артық хан көзіне жас келіп, елін есіне түсіреді де, еліне тартып отырған екен дейді.

6. Батыстан шығысқа қарай Ұлы Далаға беттеп Сырдариядан өткен «Әлем әміршілерінің» ең соңғысы Ақсақ Темір болыпты.

Ол астанасын Самарқанд қаласы етіп, бұған дейін тарихта болмаған өте үлкен империя құрды. Ол Орта Азиядан бастап бүкіл Алдыңғы және Кіші Азияны, солтүстік Африканы, Үндістаннан батыс Еуропаға дейін қолына қаратты.

Бұл кезең түрік қаруының жарқылы күннің көзін шағылыстырып тұрған кез еді.

Шығыс Еуропада Тоқтамыс хан Алтын Орданы қайта қалпына келтіріп, 1380 жылы Мамайды жеңдік деп дандайсып жүрген орыстарды 1382 жылы тас-талқанын шығарып, қайтадан бодан етіп, шығыс Еуропа елдерін қалтыратып тұрса, батыста түрік сұлтаны Баязит Ілдерім Еуропа елдерін бірінен кейін бірін жаулап алып жатқан болатын. Бұл түркі билеушілерінің үштігі Ақсақ Темір-Тоқтамыс-Баязит Ілдерімнің қай-қайсысы болсын сол заман мемлекеттері үшін өте айбарлы күш еді. Осы үш түрік көкжалы ақыры бір-бірімен соғысып, ақырында Тоқтамыс пен Баязит Ілдерімнің әскерін Ақсақ Темір талқандайды.

Кіші Азия жерінде Ақсақ Темір мен Баязит Ілдерімнің арасындағы соғысты сырттай бақылаған Еуропа елдері «екі аждаһаның соғысы» деп атапты.

Ақырында Еуропа, Африка, Батыс Азияда өзімен қару айқастыра алар ешкім қалмаған соң, Ақсақ Темір Қиыр шығыс Азияда жатқан Қытай елін жаулап алмақ болады.



Бұған дейін екі ғасырға жуық моңғолдардың қол астында болған қытайлар моңғолдарға қарсы жаппай көтеріліске шығып, қытай жеріндегі моңғол атаулыны өлтіргенін өлтіріп, тірі қалғанын қытайдан қуып шығып, өздерінің таза қытайлық Мин династиясын құрған болатын.

Осы Қытай патшалығын жаулап алмақ болып, Ақсақ Темір үлкен дайындық жасап, 400 мыңдық әскер шығарады. Бұған дейінгі бірде-бір соғыста 200 мыңнан артық әскер шығармаған Ақсақ Темірдің бұл жолғы дайындығы ерекше еді. Тарихшылар Ақсақ Темір әскерінің алды Қаратау асуына жеткенде, соңы Самарқандтан енді қозғалған болатын дегенді айтады. Қаншама ғасырларға созылған бодандықтан енді ғана босанып, егемен ел болған Қытайдың бағы ма, Ақсақ Темір әскерінің алды тау асуына жеткенде асуды қар басып қалып, әскер тоқтап қалады. Әскерінің бел ортасында келе жатқан Ақсақ Темір Отырарда өкпесіне суық тиіп қайтыс болады. Жорық тоқтатылып, әскер кері қайтарылады.

Осылайша Ұлы Даланың табиғи шекарасы болған Сырдария өзені арқылы шығысқа жорыққа шыққан «әлем әміршілерінің» ең соңғысы алтыншы болып беті қайтарылыпты.

Көк Тәңірі құп көрмесе, не шара?!

Ескендір мен Шу батыр

Көнеден қалған жол жатыр,

Бабалар салған ізі бар.

Тарих та терең қатпарлы:

Көктемі, жазы, күзі бар.



Бабалар өскен жерұйық

Ұлы Дала аталған.

Болмаған кенде Құт Қоныс,

Кең жайлау, байтақ шаһардан.

Досқа адал, жауға қаһарлы,

Жауынгер халық аталған.

Тарихта қалған қаншама,

Елі үшін туған қаһарман.

Автор

Біз бұған дейін көне тарихымызды жазба деректері сақталған грек, парсы, қытай деректеріне сүйеніп айттып жүрсек, өз халқымыздың да бірлі-жарым сақталып қалған деректері бар екен.

Солардың бірі – еркін сақтар мен Ескендір Зұлқарнайынның соғысын баяндайтын «Шу» дастаны. Бұл дастанның толық мәтіні бізге жетпеген. Бұл дастан туралы мәліметтер Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Әбу Райхан әл-Бирунидің еңбектерінде, ал ең негізгісі Түркия ғалымдарының еңбектерінде көбірек кездеседі екен. Әбу Райхан әл-Бирунидің «Сувар-и акалим» (Әлем климатының суреті) атты еңбегіндегі деректер бойынша Тұран елінің атақты билеушісі Алып Ер Тоңға (парсыша аталуы – Афрасиаб) көптеген ғажайып қалалар салдырған. Солардың біріншісі, Тұран елінің басты астанасы Афрасиаб (Самарқанд) қаласы болса, екіншісі Ханбалық (Баласағұн) қаласы. Қаланың Ханбалық (патша қаласы) аталуына қарағанда бұл қала Алып Ер Тоңға патшаның жазғы тұрағы болса керек.

Алып Ер Тоңғаның басты жауы – парсылар, парсы патшалығы. Ал «Шу» дастанында осы парсы патшалығын жаулап алған атақты грек қолбасшысы Ескендір Зұлқарнайын мен еркін сақтардың соғысын



баяндайды. «Шу» дастанының басты кейіпкері – сақтардың жас батыры Шу батыр.

Шу батыр – еңсегей бойлы, қақпақ жауырынды, өткір көзді, түсі суық, шашы ұзын, білектерінде бұлшық еті ойнаған, сақал-мұрты енді ғана тебіндеп келе жатқан бала жігіт ретінде бейнеленеді.

Шу батырдың мекені Шу өзенінің жағасына орналасқан әрі байырғы астана Баласағұн қаласының маңына жаңадан салдырған Шу қала-қамалы.

Кейбір тарихшылар Шу батырды ел билеушісі, қаған деп атайды. Бірақ жырда «Шу батыр» деп атайды. Әрі ол астана қала Баласағұнда емес, шағын қала-қамалда тұрады.

Грек тарихшысы Арриан өзінің «Александр жорығы» атты кітабында мынандай дерек келтіреді: *«Жуық арада Александрға сақ патшасынан кешірім сұрап елшілер келді. Бұл – бүкіл сақ халқы емес, бір топ қарақшылар мен тонаушылардың әрекеті. Патша болса Александрдың айтқанын орындауға дайын еді. Александр оған сыпайы жауап беріп, оған сенетінін айтты».*

Бұдан көріп отырғанымыздай, Ескендірмен соғысқан сақ патшасының әскері емес, жалындаған жас батырлардан құралған ерікті жасақ. Басшысы жас ханзада Шу батыр. Ал нағыз сақ билеушісі Ескендірді қауіпті жау санамаса керек, бұл соғысқа қатыспаған да.

Себебі б.д.д. 331 жылы Гавгамель қыстағы жанындағы Ескендір мен Дарийдің соғысына, парсы патшасының өтініші бойынша екі мың сақ сарбазы қатысқан. Осы соғыста гректердің 60 мың әскеріне қарсы Дарий бірнеше есе көп әскермен соғысады. Рим тарихшысы Квинт Курций Руф «Александр Македонский тарихы» атты еңбегінде осы соғыста парсы патшасы Дарийдың 200 мың жаяу және 45 мың атты әскері және 200 әскери орақты күймесі қатысты дейді.



Ал грек тарихшысы Аррианның мәліметі бойынша Дарийде 1 миллион жаяу әскер, 40 мың атты әскер, 200 орақты күйме және 15 соғыс пілі қатысқан.

Бар жоғы 60-ақ мың Ескендірдің әскеріне қарсы, осыншама көп әскермен соғысқан Дарийдың жағында 8 мың бактриялық атты әскермен бірге сақтардан көмекке келген екі-ақ мың сақ сарбазы соғысады. Осы 2 мың сақ сарбазы 8 мың бактриялық атты әскердің қолдауымен, Ескендір әскерінің оң қанатының тасталқанын шығарады. Ескендір оң қанатқа сақтарға қарсы қанша әскер төксе де, олар сақтарды тоқтата алмай, қырғынға ұшырайды. Руф бұл жайлы: *«...Қарсы ұмтылған қаба сақал, ұйпа-тұйпа шашты, ұзын тұра, әрі денесі шымыр скифтер мен бактриялықтар көзге түседі. Жауынгерлер (македондықтар) болса байсалдылықтан гөрі сәл себептерден үрейленеді»*, – деп бейнелейді.

Ал Арриан: *«...Кескілескен атты әскер шайқасы басталды. Александр әскерінің қатары көбірек сирей бастады, өйткені варварлар санының көптігімен қыспағын күшейтті, оның үстіне скифтердің өздері де, олардың аттары да темір қалқанмен мұқият қорғалған болатын»*, – деп сылап-сипайды.

Сақтар Ескендір әскерінің тылына өтіп кетіп, тұтқындарды босатып жібереді. Олар жаппай қаруланып, грек әскерлерін қыра бастайды. Сақтар одан әрі Ескендір әскерінің азық-түлік, қару-жарақ тиелген керуендерінің талқанын шығарып, патша қазынасын талан-таражға түсіреді. Бұған дейінгі екі соғыста (Граникте және Иссыдағы соғыстарда) парсы әскерін оп-оңай ойсырата жеңген Ескендірдің жағдайы тым қиындап бара жатты. Дарий жеңістің аз-ақ алдында еді. Ескендірді мұндай қиын жағдайдан өзінің көзсіз батырлығы мен Дарий патшаның қорқақтығы құтқарды.



Жағдайының тым қиындап бара жатқанын сезген Ескендір, оң қанатты тастай сала, өзінің таңдаулы гвардиясымен Дарийдің тура өзіне ұмтылады. Себебі, бұдан бұрынғы Иссыдағы соғыста да Дарий соғыс аяқталмай жатып, Ескендірдің тура өзіне жасаған шабуылынан қорқып, бар әскерін тастап қашып кеткен болатын. Бұл жолғы Ескендірмен үшінші соғысқа (әрі ең соңғы соғысына) Дарийдің дайындығы қапысыз еді. Қаншама көп әскер жиналған болатын. Екі-ақ мың сақ сарбазының кесірінен, өзінің жағдайы өте қиыңға айналғанын түсінген Ескендір, таңдаулы гвардиясын өзі бастап, жанын сала Дарийдің тура өзіне ұмтылады. Дарийдің қорғаушылары мен «өлімге бас тіккендері» қанша жанталасқандарымен, Ескендір гвардиясының екпінін тоқтата алмайды. Тура өзіне жанталаса ұмтылып, жолындағысын өрттей жапырып келе жатқан Ескендір гвардиясының екпінінен шошынған Дарий, әлі соғысқа да қатыспаған қанша әскерінің бар екеніне қарамастан, қорғаушыларымен ұрыс даласын тастай қашады. Бұдан кейін де ұрыс біразға созылады. Ақырында патшасы қашып кеткен үлкен әскер бет-бетіне тарап кетеді. Кейбіреулері Ескендірге қосылады. Ал сақтар Ескендір Зұлқарнайынның керуенін талап, еліне қайтып кетеді.

Жүздеген мың әскердің арасындағы екі-ақ мың сақ әскері гректерге осынша ойран салғанын Ескендір еш уақытта ұмытпайды.

Әрине, бұл Гавгамель қыстағы қасындағы соғыстың жай-жапсары, Қосмүйіз атанған жаулап алушының әскерінің жауынгерлік қабілеті қандай екенін, осы соғысқа қатысқан екі мың сарбаздан сақ билеушісі естіп-білгені анық. Сондықтан да, Ескендір әскерімен ерікті жасақтарымен жас ханзада ғана соғысқан.



Ескендірдің еркін сақтармен соғысқысы келмегенін, Еуропа тарихшыларының өзі де мойындайды. Ескендір алғашқыда, Сырдария өзенінің жағалауына өз атынан бір бекініс қала салдырып, шекараны нығайтып, оңтүстікке қарай аттанып кетпек те болады. Бірақ еркін сақтарға арқа сүйеген соғдалықтар, қайта-қайта көтеріліске шыға берген соң, ыза болған Ескендір амалы таусылып, өзеннен өтіп сақтарды талқандамақ болады.

Бұл уақытта Сырдария өзенінің оң жағалауына көптеген сақ еріктілері жиналып қалған болатын.

Арриан былай дейді: *«Ескендір өзеннен өтпек болғанда, бұған дейін көрсетпеген мінез көрсетіп, қорқатынын білдіріп алды. Ол екі рет сәуегейге бал аштырады. Екеуінде де сәуегей Арриандр бұл өзеннен өтпеуге кеңес береді. «Бұл өзеннен өтіп, сақтармен соғыссаң бір бәлеге тап боласың. Бұл жауынгер сақтарды ешкім де жеңіп көрген емес. Оны Гавгамель түбіндегі ұрыста өзің де көрдің ғой» деп Ескендірді тоқтатқысы келеді».*

Бірақ Ескендір «бүкіл Азияны бағындырып келіп, сақтарға Ксеркстің әкесі Дарийдің мазақ болғанындай, оның да мазақ болғанынан гөрі өлгенінің артық екенін айтып» соғысуға бел буады.

Ескендір он екі мың сал жасатып және көптеген мес байлатып әскерін Сырдарияның бер жағына өткізіп, сапқа тұрғызады.

Одан ары македондықтар мен сақтардың соғысын Арриан былай деп баяндайды: *«Ол алдымен сақтарға қарсы бөтен елдік әскерлердің бір гиппархиясын және сариспен (жеті метрден асатын ұзын найзамен) қаруланған төрт ил әскерін жібереді. Сақтар оларды қоршап алып қырып тастайды».*



Енді Ескендір атты әскерінің арасына жаяу садақшыларын араластырып, бар әскерімен шабуылға шығады. Сансыз көп парсы әскерін үш рет жеңген Ескендірдің әскері көп болса керек. Оның үстіне сақтар жағында бұл соғысқа барлық патша әскері емес, аз ғана ерікті жасақ қатысқан.

Сақтар бұл жолы өздерінің сүйікті төсілі қаша соғысу әдісін қолданады. Алысқа ұшатын ауыр садақ-арбалетпен қаруланған Ескендірдің жаяу әскері артта қалып, Ескендірдің өзі басқаратын атты әскер ұзап шыққан кезде, сақтар кілт бұрылып, қайта тарпа бас салып, грек әскерін қырғынға ұшыратады. Ескендірдің өзі бірнеше жерінен ауыр жарақат алып, қорғаушыларының жанкешті әрекетінің арқасында ғана өзер деп қашып құтылады. Сол күйінде өзеннен қайтып өтіп кетеді.

Еуропа тарихшылары бұл масқара жеңілісті жасыру үшін түрлі сылтаулар ойлап табады. Грек тарихшысы Арриан: *«Ескендір патша соғыс кезінде жаман су ішіп қойып, содан «іші өтіп» ауыр жағдайда қайтып оралды»*, – десе, Рим тарихшысы Руф: *«Ескендірдің ескі жарақаты қатты ауырып, соғысқа жарамады. Сондықтан ол бар әлінен айырылып, күші кетіп лагерге қайтып оралды»*, – дейді. Қалай болған күнде де, бұл соғыста Ескендір сақтарды жеңбек түгілі, өз жағдайы өте ауыр күйде оралғаны даусыз. Бұдан кейін Сырдың бергі бетіне аяғын қайтып баспайды.

Ал дәл осы оқиғаны түріктердің «Шу» дастанында былай баяндайды:

«Шу» дастанында алдымен оқиға болып отырған өңірдің көз тартатын ғажайып табиғат көріністері, бау-бақшалар, егістік жерлер, айдынында аққу құстар қиқу салған көлдер, өзен бойында қалың болып өскен қамыс-



құрақтар суреттеледі. Кең жазық далада ойнақ салған сансыз көп арқар, бөкен, барыс, арыстан сияқты аңдар суреттеледі.

*Шу дариясы береке,
Қаз-үйрегі қаптаған,
Арқар, киік сусындап
Жағалауда ойнаған.
Аққу құстар қалықтап,
Дегелектер ойнаған.
Қалың қамыс ішінде
Жолбарыс жатыр жол аңдып,
Арыстан жатыр аң аңдып.*

Байырғы Баласағұн шаһарының маңайынан жас өмірші Шу батыр жаңадан салдырған Шу қала-қамалы суреттеледі. Шу батыр әрдайым, қысы-жазы көктемнің күніндей жайқалып тұратын, өзінің ғажайып бау-бақшасы ішінен, айналасы ат шаптырым, аса үлкен күміс хауыз салдырады. Ол хауызда көптеген үйрек-қаздар, аққулар қысы-жазы жүзіп жүреді екен. Ал Шу батыр қолы босаған сәттерде осы хауызға келіп, ондағы құстарға қарап, терең ойларға шомады. Дастанда Шу батыр осы киелі құстардың қимыл-әрекетіне қарап отырып өз елінің болашағын болжап біледі. Мысалы, дастанда Шу батыр сақтар еліне қалың қолды бастап Ескендір Зұлқарнайын келе жатқанын хауыздағы суға қарап отырып күні бұрын біледі. Алайда жұртты дүрліктірмеу үшін өзінің болжамын ешкімге айтпайды. Ескендірдің әскері Ходжент (Сырдария) өзенінен өтті деген хабар келгенде ғана, Шу батыр, оған қарсы өзінің қырық нөкерін жұмсайды. Жарты өлемді жаулап алып, талай қанды қырғынды басынан өткізген Ескендір,



сақтардың майданға қырық жігітті шығарғанын көріп, өзі де ең таңдаулы қырық нөкерін шығарады.

Шайқастың басында, жекпе-жекке шыққан Ескендірдің бір сарбазын, Шу батырдың бір нөкері қас-қағымда, қақ белінен қылышпен шауып тастайды. Сонда өлген гректің кесіліп кеткен былғары белбеуінен, бір уыс алтын жерге шашылып кетеді де, оған әлгі нөкердің қаны шашырап кетеді. Сонда нөкерлер «Алтын қан болды!» деп айқайлайды. Содан сол соғыс болған жер «Алтынқан» деп аталып кетеді.

Сонымен кең жазира жазықта қым қиғаш қанды майдан басталып кетеді.

Ашуланды Көк Тәңірі

Бетін бұлтпен бүркеді,

Қаһарлы даусы гүрлдеп,

Жарқ-жүрқ етіп от шашты.

Көлде жүзген қаз, үйрек

Пана таппай шуласты,

Бөкен, арқар, киіктер

Жалтақ-жалтақ қарасты.

Жолбарыс пен арыстан

Сүңгіді қалың қамысты.

Шайқасқа шықты Шу батыр

Бермеу үшін намысты.

Лек-лек жасақ тоғысты,

Аспан мен жер қағысты.

Ал дастанда Ескендір патша өзінің ең таңдаулы қырық нөкерінің жеңілгенін мойындап, Шу батырмен бейбіт келісім жасайды. Тіпті екеуі достасып кетеді.

Айналага от жағып,

Қараңғыны қашырдық.

Кеше шайқас кезінде



«Қан ішетін» қорқақты

Биік таудан асырдық.

Көктен тілеп құш-қуат,

Тәңірі бізді қолдады.

Тізе бұкпей тік тұрды

Көк бөрінің ұлдары!

Дастанда Шу батырдың алуан түсті жібекпен сәнделген, төбесі көкпен тілдескен, он екі қанат көк ордасы-көк жібек шатыры бейнеленеді. Бұл көк орданың айналасындағы, саф алтынмен апталған биік діңгектер ұшына іліп қойылған әшекейлі құмыра ішіндегі хош иісті май, қараңғы түсісімен лаулап жанып, айналасын жап-жарық етіп тұрады. Шу батырдың он екі қанат көк ордасын он екі салт атты батыр күндіз-түні күзетеді.

Осы Шу батыр салдырған қаланың кейінгі атауын ғалымдар Суяб қаласы дейді. Суяб (Суң+йаб) чуң суы дегенді білдіреді дейді.

Бұл дастаннан біз бірнеше маңызды деректерді табамыз.

1. Бұрын мал баққаннан басқаны білмеген, қала салмаған, мал соңында көшіп жүрген деген сақтардың, сол көне дәуірдің өзінде қала салып, бау-бақша өсіріп, егіс өккенін білдік.

Шу батырдың салдырған Суяб қаласы Ескендір заманында (б.д.д. IV ғасыр) салынған десек, Баласағұн қаласы одан да әріде салынған, Самарқанд қаласымен жасы шамалас болып шығады. Себебі екі қаланы да салдырған Афрасиаб патша делінеді.

2. Еуропалықтар сонша дәріптеген Ескендір Зұлқарнайынды сақтардың ерікті жасағының өзі масқара қылып жеңгенін Шу дастаны да, грек тарихшысы Арриан да мойындап тұр. Және жасақты басқарған батырдың атын да білдік. Ол – Шу батыр.

24. 12. 2012 жыл



Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірбаянына қатысты күмәнді деректер

Даңқты жерлесіміз, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби туралы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейінде былай деп жазылыпты:

«Алғашқы сауатын туған жерінде, өз тілінде ашқан ол 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп, «Байт әл-Хәкма» атты ғалымдар үйі мен бай кітапханасы бар Бағдатқа барады».

Байқап отырсаңыздар, ұлы ғұламаның білім іздеп аттанды деген уақытының өзі бұлыңғыр. Не 12, не 16 емес, 12-16 шамасында деп бұлғақтайды.

Әл-Фарабидің рухани мұрасын көрнекті зерттеушілердің бірі өзбек ғалымы М.М. Хайруллаев: *«Орта Азиядан кетпей тұрғанда, әл-Фараби Шаш пен Самарқандқа соғып, біраз уақыт Бұхарада оқып жұмыс істегені туралы әдебиетте деректер бар»*, – деп жазады.

Ол әл-Фарабидің өзбек қалаларында білім алуы мүмкін деген жорамалмен, сол кездері Мәуереннахр аймағындағы мәдени орталықтардың бәрін тізіп шығып, осы қалаларда оқып, білім алғаны, жұмыс істегені туралы деректер бар деп жалпылама сілтей салады. Бірақ, дәл қай қалада, қай кезде оқығаны туралы дереккөзді атап көрсетпейді.

Әл-Фараби туралы деректер тек Таяу Шығыс, Үнді, Мысыр, Африка елдерінде, Еуропа елдерінде, тіпті Америка құрлығындағы елдерде сақталған. Ал өз отаны Қазақстан жерінде, Орта Азияда әл-Фараби туралы бірде-бір дерек жоқ.

Шыңғысханның сойқанды жорығы мен оның ұрпақтарының үздіксіз соғыстарының кесірінен Қазақстан



аумағында бір кездері болған жоғары ғылым-білім мен мәдениеттің ізі де қалмаған.

Қазіргі қолда бар деректер бойынша, әл-Фарабидің елу жасқа дейінгі өмірі белгісіз, еш дерек жоқ. Ұлы ғұламаның өзі де өмірбаянын жазбапты, шәкірттері де оның елу жасқа дейінгі өмірі туралы ештеңе қалдырмаған.

Енді біз қолда бар деректерді салыстыра отырып, данышпан туралы кейбір деректердің қате екенін дәлелдейміз.

1. Әбу Насыр әл-Фараби ғылым-білім іздеп бала кезден Таяу Шығыс елдеріне аттанды деген дерек.

2. Ұлы Ғұламаның ғылым-білімді өз отаны Қазақстан жерінде емес Бағдат пен Алеппода алды деген деректер.

Кейбіреулер, осы уақытқа дейін ұлы ғалымның өмірін зерттеген көптеген ғалымдар, әсіресе, бар ғұмырын ұлы бабасының өмірін зерттеп, еңбектерін жинауға арнаған академик Ақжан әл-Машанидің қателескені ме деп тулауы да мүмкін.

Ақжан әл-Машани аға әл-Фарабидің орасан зор мол мұрасының оның туған топырағына қайта оралуына өлшеусіз мол еңбек сіңірді.

Әл-Фараби мұрасын зерттеп танудың қиындығы тек оның мың жылдық тарих тереңінде жатқандығында ғана емес еді. Советтік дәуірдің елуінші-алпысыншы жылдары «мың жылдық мәдени мұрамыз бар» деудің өзі қаншама қатерлі екендігі белгілі еді.

*«Түріктің кім білмейді музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын»*, –

деп жырлаған Мағжанның «халық жауы» атанып, атылып кеткендігінен хабардар Ақжан ағаның екінші



ұстаз атанған әл-Фарабидің Отырарда кіндік қаны тамғандығын дәлелдеп шығуының өзі үлкен ерлік еді.

Осының өзінде «*коммунист Машанов мешітке барады, намаз оқиды*» деп әуре сарсаңға салған еді. Егер әлем мойындаған ұлы ғұламаның бұған дейін «ғылым-білімнен мақұрым, жазу-сызуы болмаған надан халық» деп келген қазақ жерінде білім алған деп дәлелдемек болса, «ұлы» орыстық шовинизмді қатаң ұстанатын екіжүзді коммунистік идеология машинасы аман қалдырмасы сөзсіз еді. Себебі бұл орта ғасырларда қазақ жерінде орыстардан, тіпті Еуропадан әлдеқайда жоғары ғылым-білім, мәдениет болған деген сөз еді. Мұны ашық айту «ұлы» орыстық шовинизмнің күл-талқанын шығару деген сөз еді.

Сондықтан да, бар мүмкіндікті таразылай келе, Фарабитанудың негізін қалап, дұрыс бағыт сілтеген әл-Машани аға оны әрі қарай дамытуды келер ұрпаққа қалдырғаны нағыз көрегендік деп білемін.

Енді жоғарыда көрсетілген екі деректің қате екендігін дәлелдеп көрейік.

Бірінші дерек туралы

Әбу Насыр әл-Фараби Бағдат қаласына елу жастар шамасында келген. Оған дейінгі өмірбаяны туралы еш дерек жоқ.

Егер де ол 12-16 жасында ғылым іздеп Бағдатқа аттанса отыз бес жыл бойы қайда жүрген?

Ұлы Ғұлама жайлы замандастары мынандай деректер қалдырыпты. «Әл-Фарабидің бойы орташадан төмен, ылғи да түрік киім киіп жүреді екен. Ол мықты, күшті және ержүрек болған. Ол жебені жақсы тартқан, атқан оғы нысанаға дәл тиетін деседі».



Бұл деректерден бірнеше қорытынды жасауға болады.

Біріншіден, бала кезінен ғылым іздеп басқа елге кеткен бала, елу жасқа жеткенше, сол елдің салт-дәстүріне бейімделіп, сол елдің адамдарынша киінер еді.

Бірақ, әл-Фараби туралы жазған адамдардың бәрі оның үстінен түрік киімін тастамағанын айтады. Бұл оның түріктің салт-дәстүрін қатаң ұстаған ортада есейгенін, білім іздеп келді дейтін арабтарға оның тіпті де еліктемегендігін көрсетеді.

Екіншіден, ол түрікке тән жауынгерлік өнерді өте жақсы меңгерген. Жас кезінен ғылым-білімге есі ауып, елін тастап кеткен балаға ұқсамайды.

Үшіншіден, ол нағыз түрікке тән мінез қалыптастырған, мықты және ержүректігімен көзге түскен. Ұлы ғұлама туралы мынандай аңыз әңгіме бар:

«*Әл-Фараби Сирия билеушісі Сайф ад-Дауланың сарайына кіргенде, патша оған жайғасуын сұрайды. Ғалым: «Өзімнің дәрежеме сай отырайын ба, әлде сенің мәртебеңе сай ма?» – деп сұрапты. Патша оған: «Өзіңнің дәрежеңе сай»-деп жауап беріпті. Фараби барлық әмірлерден өтіп, патшаның өзін ығыстырып таққа отырған екен. Сайф ад-Даула санаулы адамдар ғана білетін құпия тілде оққағарларына: «Мына шейх әдептілік ережелерін аяқ асты етті. Қазір оның білімін тексеріп көрейік, егер ол жауаптарымен мені қанағаттандырмаса, онда сендерге белгі беремін, сендер оны жазалайсыңдар», – дейді. Фараби бұл сөзді естіп, сол тілде «Уа, патша, аз ғана сабыр етіңіз. Істің ақырына қарап, баға берер болар», – деп айтады. Кейін патшаның алдында жиналған түрлі білімнің шебер мамандарымен ғылыми пікірталасқа түсіп, нәтижесінде олардың барлығын мойындатыпты».*



Бұл нағыз түрікке тән өркөкірек мінез. Мұндай мінез нағыз түріктер арасында өмір сүріп, ер жеткен, түріктік салт-дәстүрді әбден бойына сіңіріп өскен адамдарға тән мінез.

Енді ұлы ғұламаның толық аты-жөнін талдап көрейік.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-Түрки.

Жасы кішісінен үлкеніне қарай берілетін бұл атаудан мыналарды білеміз:

1. ат-Турки – шыққан тегі түрік дегенді білдіреді.

2. әл-Фараби – Фараб қаласынан шыққан деген сөз.

3-5. ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ – ұлы ғұлама Мұхаммедтің баласы, ол өз кезегінде Тарханның баласы, ол Ұзлақтың баласы деген сөз.

Басқаша түсіндірсек ғалымның әкесінің аты Мұхаммед, атасының аты Тархан, бабасының аты Ұзлақ.

6. Данышпанның азан шақырып қойған өз аты – Мұхаммед.

7. Әбу Насыр Насырдың әкесі дегенді білдіреді. Орыс халқында біреуді құрметпен атағысы келсе оның атына әкесінің атын қосып атайды. Мысалы: Иван Петрович, Егор Сергеевич, т.б. Ал арабтарда керісінше. Арабтар баласы жоқ адамды мүсәпір деп есептеген. Сондықтан бірінші баласы дүниеге келгенде, енді құрметті адам болды деп, адамның өз атына баласының атын қосып атау, құрметтеудің белгісі деп есептеген. Мысалы Әбу Әли ибн-Сина, Әбу Башр, т.б.

Бұдан шығатын қорытынды: ұлы ғұламаның Насыр деген баласы, демек жанұясы болған деген сөз.

Бірақ бізге белгілі ешбір еңбекте оның баласы, жанұясы туралы айтылмайды. Демек ол Араб елдеріне келгенге дейін, елу жасқа дейін үйленген, баласы болған деген сөз. Бірақ ол туралы мәлімет жоқ..



Әл-Фараби «Музыка өнеріне кіріспе» атты кітабында «Шаһруд» аспабы туралы былай дейді: «Ол біздің заманымызда жасалып, бұрын танымал болмаған. Мұны бірінші болып тауып жасаған Самарқандтық Сағди Хуләйс ибн Ауас есімді адам болған. Ол бұл аспапты хижра жылымен 306 жылы (918-919 жж.) тау бөктеріндегі әл-Мах елінде жасаған. Кейін ол оны Согд қаласына алып келеді.

Согд қаласының шығысы мен батысында орналасқан ел тұрғындарының ешқайсысына «Шаһруд» аспабы жат болмай, Месопотамияға алып келінді. Бұл кезде елдерді арабтардың ұлы басшылары басқаратын еді. Сосын Бағдатқа келді. Бұл қала да оның дыбысын естіді, кейін Египет пен көрші елдерге өтті. Алжир мен Сирияға жетті. Бұл аспапта осы алуан түрлі елдерде өмір сүрген халықтардың жаңа-ескі әуендері сылдырлап, аспап дыбыстарының ешбірі олардың құлақтарына жат келмеді».

Бұл баяндаудан байқағанымыз «Шаһруд» аспабының таралу жолы ұлы ғұламаның жолымен дәл келеді. Бұл аспаптың Месопотамияға келуін «алып келді», «алып келген» демейді немесе мақтаншақтарша «мен алып келдім» демейді, мәдениетті, сыпайы түрде «алып келінді» дейді. «Шаһруд» аспабын Орта Азиядан өзі алып келгенін, онымен Араб елдерін қалай табыстырғанын қысқаша осылай баяндайды.

Біз үшін ең негізгісі аспаптың жасалынған жылы. Хижраша 306 жылы (қазірше 918-919 жж.) жасалған аспап Бағдатқа сол жылы немесе одан кейін келуі мүмкін. Одан бұрын келуі мүмкін емес. Демек, «Шаһруд» аспабын Месопотамияға алып келген ғұлама Бағдатқа 306 жылдан кейін, демек 50 жас шамасында ғана келген деген сөз.



2009 жылы шыққан «Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар» кітабында мынадай дерек келтірілген: «А. Абнан XV ғасырдағы Мулла Лутфидің «Кашф әз-Зунун» кітабына сүйеніп, Фараби өз отаны – Түркістанда жүргенде Семанид Мансур ибн Нухтың өтінішімен «Әт-Тағлим әс-Сани» (екінші тәлім) еңбегін жазғанын айтады. Фарабидің Аристотельден кейінгі «Мұғалли әс-Сәни», яғни (екінші ұстаз) атануы дәл осы жағдаймен байланыстырылады. «Әт-Тағлим әс-Сани» кітабы Исфаһанның «Сиуан әл-Хикма» кітапханасында сақталған. Ибн-Сина философия мәселелерін осы кітаптан оқыған. Осындай мәліметтер ертеректегі түрік (XII ғасыр) Ташкупри заде Ахмед Афандидің жұмысында да кездеседі». Рас, көпшілік ғалымдар бұл кітап ұлы ғұламаның, халифтің тапсырмасымен Орта Азияда болып қайтқан кезінде жазылған деп есептейді. Бірақ әл-Фараби, халифтің бұл тапсырмасын қалай орындағаны белгісіз. Себебі, әл-Фараби бұдан кейін, Бағдатқа қайтып оралмаған. Ол Сирия, Мысыр елдерінде қалған өмірін өткізген. Тіпті ұлы ғұламаның Орта Азияға барған-бармағаны да белгісіз. Сондықтан ұлы ғұлама бұл кітабын елу жасына дейін, яғни Бағдатқа келгенге дейін жазған деуге болады.

Осы көрсетілген мәліметтерді қорытындылай келе «әл-Фараби бала кезінде білім іздеп Бағдатқа аттанды» деген деректің қате екенін, «ол Бағдатқа білімі, ақылы толығып елу жасқа келгенде ғана келген» деген пікірді дұрыс деп есептеймін.

Екінші дерек туралы

Өзбек ғалымы М.М. Хайруллаев «Орта Азиядан кетпей тұрғанда, әл-Фараби Шаш пен Самарқанға соғып, біраз уақыт Бұхарада оқып, жұмыс істегені туралы



әдебиетте деректер бар. Ол Бағдатқа барар жолда Иранның көптеген қалаларында: Исфахан, Хамадан, Рей (Тегеран), т.б. болады. Фарабидің саяхатқа шығып, Бағдатқа келген уақыты белгісіз. Кейбір деректерде ол, Бағдатқа Халиф әл-Мұхтадирдің тұсында (908-932 жылдары) келгені туралы айтылады» десе, 1977 ж шыққан «Үлкен Совет Энциклопедиясында» мұндай әлем мойындаған ғалымның қазақ жерінде ғана емес, тіпті Орта Азияда мұндай білім алуы мүмкін емес деп қызғанғандай:

«Фараби ғылыми білімді Халеб (Алеппо) пен Бағдатта алды», – деп бір-ақ кесіпті.

Кез келген көзі ашық адамға түсінікті бір жай бар. Адам ғылым-білімді жас балалық шағынан бастап жастық шағында үйренеді. Адам жиырма жасқа дейін, отыз жасқа дейін, әрі кетсе қырық жасқа дейін білім алуы мүмкін. Адам баласының физиологиялық қабілеті сондай, адам жас шағында ақпаратты көбірек қабылдап, ғылым-білімді жақсы қабылдайды. Нағыз ғалым болатын адам сәби кезінен соған бейімділік танытып, жас шағында өз болашағына қажетті білім қорын жинап үлгеруі қажет.

Ал, жас ұлғайған сайын, адамның ғылым-білімді игеру қабілеті баяулай беретіні баршаға аян. Ал, жас ұлғайған кезде жас кезінде алған білімін өмірде пайдаланып, басқаға үйретіп немесе қабілетіне қарай ары қарай өз бетінше қорытып дамыта береді.

Ал, Әбу Насыр әл-Фараби Бағдатқа келген кезде елу жаста, демек ғылым-білім үйренетін емес, осы уақытқа дейін алған білімін ойда қорытып, басқаға үйрететін жаста болатын.

Енді ұлы ғұламаның араб-парсы елдерінде кімнен не үйренгені туралы жазылған деректерді саралап көрейік



Бір мәліметтер әл-Фараби Бағдатқа келгенде араб тілін білмеген деп көрсетеді. Ал енді біреулері әл-Фарабидің 70 тіл білгендігін айтады. Ал нақтысы ұлы ғұлама өте сирек қолданылатын, кейде тіпті құпиялық үшін қолданатын тілдерде де өте жақсы білген. Араб жеріне келгеннен кейінгі отыз жыл ішінде 164 трактат жазып қалдырған. Оның жазып қалдырған еңбектерін Әбу Әли ибн-Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Әбу әл-Уаха, ибн Бадж, ибн Туфайл, ибн Рушд, Омар Хайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар Роджер, Бекон, Леонардо да Винчи, т.б. Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған.

Тіпті әл-Фарабидің ашқан кейбір жаңалықтары Еуропа ғылымына XVII ғасырда ғана мәлім болған. Және ең негізгісі ұлы ғұлама бұл еңбектерінің барлығын тек араб тілінде жазған. Себебі араб халифаты бұл кезде Азия, Африка, Еуропаның өте көп жерін алып жатқан. Араб тілі көп қолданылатын тіл болатын.

Сонда әл-Фараби араб тілін білмеген деген дерек қайдан шыққан?

70 тіл білген делінетін ғалымның араб тілін білмеуі мүмкін бе?

Әл-Фараби дүниеге келгеннен 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылман ислам діні ғылымымен шұғылдандуды парыз еткен. Әл-Фарабидің араб тілді ғалымдар санатына қосылуы сол кезден бастау алады.

Айта кететін нәрсе, ғалымның атасы Тархан ислам дініне шын берілген адам болса керек, баласына Мұхаммед деп ат қойыпты. Ал Мұхаммед өз кезегінде өз баласына да азан шақырып, Мұхаммед деп ат қойыпты. Бұдан бұл әулеттің исламға таза берілгенін, ғұламаның



жастайынан ислам іліміне бейімделіп өскенін, араб тілін игеруді жастай бастағанын түсінуге болады.

Әл-Фараби Бағдатқа келген соң дәріс алған деп үш ғалымның аты аталады.

• Қарт христиан дәрігері, логиканың білгірі Әбу Бишр Матта ибн Юнустан логикадан дәріс алады, кейін ұстазынан асып түседі.

• Лингвистикалық ғылымдарды жетік меңгеруді қалаған әл-Фараби грамматика саласының маманы Әбу Бәкір ибн әс Сирадждан грамматикадан дәріс алады.

• Әли Юхан ибн Хайланнан да логика саласынан дәріс алады. Әл-Фараби «Дәлелдеме» кітабымен осы Хайлан үйінде танысқанын айтқан.

Әл-Фарабидің бұл ұстаздары Иса пағамбарды «құдайдың баласы» демей, «пайғамбар» деп таныған несториандық христиандар болған. Олардың ата-бабалары Византиядан қудаланған соң Таяу Шығыс пен Орта Азияны паналаған. Араб елі бұларға зор құрмет көрсетіп, ғылым жасауға пайдаланған. Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан осылар еді.

Әл-Фараби бұл грекиялық ғалымдардан логика мен грамматикадан дәріс алғаннан кейін ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін өз бетінше оқып, талдап, түсіндірмелер жазып, ары қарай дамытқан, трактаттар жазған.

Ол шамамен Аристотельдің барлық кітаптарына түсініктеме берген.

Ол Птоломейдің «Алмагесіне» және Порфирийдің «Эйсогесіне» түсініктеме жазды. Эвклидтің геометрия жайындағы кітаптарын терең зерттеп, Платонның күллі кітаптарын оқиды.

Бұған қоса әл-Фарабидің логика, философия, т.б. салаларға қатысты жазған өзінің еңбектері де көп.



Байқап отырсаңыздар, ғұлама грек ғалымдарынан дәріс алғаннан кейін ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін зерттеумен шұғылданыпты.

1988 жылы шығарылған «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» әл-Фараби туралы мынадай мәлімет берілті:

«Әл-Фарабидің Бағдатқа баруының мынандай екі сыры бар:

Біріншіден, сол кездері Бағдат халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған.

Екіншіден, Бағдат шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта «Байт әл-Хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен».

«Бағдатта әл-Фарабидің достары, шәкірттері көп болды. Оның музыкалық мектебі бүкіл араб еліне әйгілі болды».

Ол астрономия, сәулет, музыка – осы үш саланы бірдей бір әдіспен зерттеу негізін қалады.

Ол алхимия, физика, медицина салаларына зерттеулер жүргізген.

Оны Бағдат дәрігерлері өздерінің басшы адамы деп санайды.

Сайф ад-Дауланың тапсырмасы бойынша «Китаб аль-Музыка аль-Кабир» (Музыканың үлкен кітабы) жазады. Себебі, Сайф ад-Даула сарайында әл-Фараби өзінің музыка саласында асқан шебер, талант екенін көрсетеді» (Әл-Фараби және Абай. Ақжан әл-Машани).



Әл-Фарабидің музыкалық дарыны туралы араб елдерінде түрлі аңыздар таралған.

Каир қаласында шыққан «Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап» атты кітаптың кіріспесінде «Екінші Ұстаз атанған әл-Фараби ұшқыр ойлы болған.

Ол – үлкен мұсылман ойшылы және музыка өнеріндегі ең көрнекті теоретик.

Әл-Фараби бала кезінен-ақ музыкалық аспапта ойнап, өлең айта білген деседі», – деген мәлімет беріліпті.

Расында әл-Фараби шығыс халықтарының музыкасының үлкен білгірі болған.

Арабтар оның музыкалық шығармаларын күні бүгінге дейін пайдалануда.

Әл-Фараби ертеде цитраға ұқсас құрал шығарған дейді, ол оның үстіне интервал бөлімдерін өлшеп, әуендердің кемел түрін анықтайтын кескіндері бар сызғыш қойыпты.

«Даусыз, әл-Фараби музыка өнерінің қолданбалы саласының жетік білгірі әрі осы өнердің теориялық негіздерінің барлық мәліметтерін білген. Оның осы ғылымдағы кітабы үлкен салмаққа ие болды, себебі ислам әлемі орнағалы бері араб дүниесінде мұндай орасан еңбек бұрын да, кейін де жазылмаған», – деп мойындайды еуропа ғалымдары да.

«Расында да музыка саласында әл-Фарабиге теңдес адам бұрын да, онан кейін де болмаса керек» (Француз бароны Барон де Эрланже).

Араб музыкасының жалпы тарихын жазған белгілі ғалым Г. Фармер былай дейді: «Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби «екінші ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, ол әл-Фараби бір өзі ғана бас король болып табылады. Басқаша айтқанда музыка саласын-



да әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған».

Әл-Фараби Бағдатқа халиф әл-Мұхтадирдің (908-932 жылдары) тұсында келеді, (шамамен 920 жылдары). Халиф әль-Мұхтадир шыққан тегі түрік, данышпан ойшыл Әбу Насыр Мұхаммедті өзінің досы деп атады.

Ал Сирия билеушісі Сайф ад-Дауланың Фарабиге құрметі ерекше болған. Ол ғалым үшін сарайда барлық жағдай жасауға әзір тұрған, бірақ Фараби қанағатшыл және барына шүкір ететін жан еді. Сондықтан патшадан күніне төрт дихрамды құрайтын жалақыны ғана қабыл алған.

Кейін, ұлы ғұлама қайтыс болғанда, оның жаназасына қасына он бес нөкерін ерткен Дамаск әміршісі Сайф ад-Дауланың өзі қатысады.

Осының бәрін қорытындылай келе, ұлы ғұлама Таяу Шығыс елдерінде білім алған оқушы, шәкірт ретінде емес, керісінше ғылым-білімді үйреткен Ұстаз қызметін атқарған деген қорытындыға келеміз.

Бағдатқа алғаш келген кезінде ежелгі грек ғылымын оқып, зерттеу үшін грек оқымыстыларынан логика мен грамматикадан аздап дәріс алғанынан басқа, ұлы ғұламаға ғылым үйреткен дейтін бірде-бір адам табылмайды.

1. Музыка саласында теңдесі жоқ ұстаз.

2. Медицина саласында Бағдат дәрігерлері оны өздерінің басшысы деп санаса, кейін медицинаның атасы атанған Әбу Әли ибн-Сина (Авиценна) өзін оның шәкіртімін деп есептеген. Ибн-Синаның «Арылу кітабы» (Книга исцеления) әл-Фарабидің «Екінші ілім» деп аталатын энциклопедиялық еңбегінің қысқартылып, өңделген нұсқасы болып табылады, – дейді ғалымдар.

3. Әл-Фараби әлемдік философия ойының дамуына терең із қалдырды. Оның философиялық идеяларының



мағыналық мазмұны, исламдық Шығысты ғана емес, христиандық Батысты да таңдай қақтырды. Күні бүгінге дейін әл-Фарабидің іргелі үлесін қоспай философия тарихын елестету мүмкін емес.

4. Әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеу жүйесі, азаматтық ғылымға қатысты еңбектері, физика-математика, астрономия, химия-биология саласындағы еңбектері, адамзат ақыл ойының дамуына, ғылым-білімнің ілгерілеуіне зор үлес қосты.

Ұлы ғұламаның ерекше дарыны мен асқан білімін таныған Сирия билеушісі оны өзіне арнайы шақырып, ерекше құрметтесе, жарты әлемнің билігін қолында ұстап тұрған Бағдат халифі әл-Мұхтадир оны өзімен теңестіріп, досым деп атады.

Сонда ұлы ғұлама халифаттың ғылым-білім орталықтары болған Бағдат пен Сирия ғалымдары мен билеушілерін бас идірген ғылым-білімді қайдан және қашан алған?

Әрине жас кезінде, елу жасқа дейін, Бағдатқа келгенге дейін, туып өскен Отырар өлкесінде, одан қалса Орта Азия аумағында.

Орта Азия о бастан түрлі мәдениеттер тоғысатын және байланыс жасайтын өркениет орталығы болатын. Төңіректің төрт бұрышынан келіп-кетіп жататын керуендер Отырар мен Орта Азия қалаларына соқпай кете алмайтын.

Бір жағы Бағдат, Мысыр, Шамнан; екінші жағы Шын, Машын, Қытайдан; үшінші жағы Ауған, Үндіден; төртінші жағы Хазар, Еділ, Бұлғардан; бесінші жағы Грек, Рум елдерінен шыққан керуендер Орта Азия мен Отырар өлкесінде тоғысатын. Кейін «Ұлы Жібек жолы» деп аталған сауда керуен жолының бұл орталығы, бір кездері дін таратушылар жолының да маңызды орталы-



ғы болған. Бір кездері зороастра дінінің уағызшылары, будда монахтары, христиан дінінің түрлі тармақтарын тарататын өкілдер, мұсылман сопылары мен дәруіштері Орта Азия мен Отырарда жолығатын. Олар өздерімен бірге діни және басқа ілімдер туралы түрлі кітаптарды жеткізіп жатты.

Қожа Ахмет Иассауиды тәрбиелеген ұстазы Арыстан баб әулие 32 діннің негіздерін білген деген аңыз тегін болмаса керек.

«Отырар – бір кездері атақты астана, толып жатқан керуен жолының торабы, әйгілі мәдениет, сауда орталығы. X-XV ғасыр Сырдария жағасында мұнан үлкен қала болмаған», – дейді Әлкей Марғұлан.

«Ислам діні тарамай тұрған кезде Отырар өлкесі, жалпы алғанда Тұранның, Сарматтың көне мәдениеті едәуір жоғары дәрежеде болған. Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті қала, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болып табылады, осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орынды алады деп жазған Алаксендария ғалымы Птоломей (I ғасырда). Отырар сол Птоломей картасында бар», – дейді Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде.

Сыр бойында сақтардан кейінгі өз бірлестігін құрған Қаңлы мемлекеті туралы деректер б.д.д. II ғасырдағы Қытай деректерінде айтылады. Қаңлы ханының ордасы Отырар (ол кезде Кангу Тарбан деп аталған) қаласында орналасқан.

Отырар қаласында барлық керуен жолдары түйісіп, Еуразия елдерінің саудагерлері, зиялы адамдары бас қосып, кеңес құрып отырған. Қалада керуен сарайлар, базарлар, мәдениет орындары, қоры өте бай кітапханасы болған.



Қаңлы елінің ғажайып музыкасы мен мың бұралған бишілері туралы Қытай тарихшылары тамсана жазған.

Арада мың жыл өткенде осы өлкенің түлегі әл-Фараби өзінің музыкалық қабілетімен және білімімен Таяу Шығыс және Еуропа елдерін таңдай қақтырды.

IX-XI ғасырларда Орта Азияда ғылым-білім, философияның гүлденген уақыты болды. Сол кезеңдегі ортаазиялық ғалымдар әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Хорезми, әл-Бируни, т.б. көне дәуірдің ғылыми мұрасы мен философиясын жинақтап, жаңа деңгейге көтерді.

Олар Орта Азия халықтары тарихи байланыста болған барлық ұлы өркениет көздеріне үңілді. Бұлар көне грек ғалымдарының еңбектері мен көне үнді жазбаларының сырларын, Орта Азия халықтарына белгілі мұралары арқылы көне Қытай ілімін зерттеді және пайдаланды.

Бұл кезеңде Батыс христиандары ортаазиялық ғалымдар әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Бируни, ибн-Рушдпен салыстыратындай бірде-бір ғалым шығара алмады.

Бұл кезеңде Орта Азия ғылымы әлемдегі алдыңғы орынға шықты. Бағдат халифаты мұсылман әлемінің түрлі тарапынан, әсіресе Персия мен Орта Азиядан ғалымдарды орталыққа жинады.

Осы мақсатта халиф әл-Мамун Бағдатта «Байт ал-Хакма» атты ғалымдар үйін ашты және әлемдегі ең бай кітапхана қорын жинақтады. Бұл ғалымдар үйі ғылым мен өнер адамдарына қақпасын кең ашты.

Алғашқы кезде Бағдат ғылымын атақты ортаазиялық математик Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми басқарды.

Әл-Фарабидің кезінде Бағдат халифі әл-Мұхтадирдің ең сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған (Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 1998 жыл).



Жасы елуге келгенде Бағдатқа келген ұлы ғұламаны білім іздеген шәкірт деп емес, осы ғалымдар үйіне шақыртумен келген ұстаз деп қараған дұрыс сияқты.

Әбу Насыр әл-Фарабидің шынайы өмірбаяны

Біз «Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірбаянына қатысты күмәнді деректер» атты мақаламызда, екінші ұстаз атанған ұлы ғұламаның өмірбаянының Совет Одағы идеологтарының ықпалымен бұрмаланған деректері жайында жазған болатынбыз. Енді сол мақаланың жазылуына не себеп болды және Ғұламаның өмірінің қазірге белгілі деректерді пайдаланып, жобамен өмірбаянын қалпына келтірсек дейміз.

Бәрі де ұлы ғұламаның кіндік қаны тамған жері Отырардағы мемлекеттік археологиялық қорық музейінен басталды. Музейде әл-Фарабиге арналған бөлме бар екен. Онда *«Алғашқы сауатын туған жерінде өз тілінде ашқан ол 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп «Байт әл-Хакма» атты ғалымдар үйі мен бай кітапханасы бар Бағдатқа барады»*, – деп жазылыпты. Мен қайран қалдым. Себебі, мен бұрын оқыған Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты тарихи романында Әбу Насыр 24 жасқа келгенде әкесі қастандықпен өлтіріледі. Осыдан жобамен екі жыл өткенде, 26 жастар шамасында, Бағдат халифын қорғайтын таңдаулы түріктерден құралған гвардияға, Отырардан іріктеліп жүз жігіт алынып, Әбу Насыр осы жүз жігітке басшы болып, Бағдатқа аттанады.

Ұлы ғұламаның туған жеріндегі музейдің деректері мен оның өмірін баяндайтын тарихи романның деректері тіптен қарама-қайшы.



Мен өз көзіме өзім сенбей аудандық кітапханаға келіп, кітапханашы қыздан Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романын сұрадым. Менің қазақша да, орысша да оқи беретінімді білетін кітапханашы қыз маған осы романның орысшасын әкеліп берді. «Возвращение учителя» Алматы қаласындағы «Қазығұрт» баспасынан 2010 жылы шығарылған.

Мен үшін қазақша-орысшасы бәрібір. Мен кітапты парақтап, керекті бетті тез-ақ тауып алдым. Бірақ, оғажап. Кітаптың 66 бетінде *«...к тому времени Абу Насру уже минуло восемнадцать лет...»* деп жазылып тұр.

Мен кітапханашы қыздан енді осы романның қазақшасын тауып беруін сұрадым. Аздан кейін ол да табылды. 1981 жылы Алматы қаласында жарық көрген жазушы Ә. Әлімжановтің «Ұстаздың оралуы» романының 56-бетінде *«...бұл кезде (әкесі өлер кезде) Әбу Насыр болса 24-ке толған...»* деп жазылып тұр. Мен бұдан отыз жыл бұрын оқыған романдағы деректің есімде жақсы сақталғанына риза болсам да, осы романның орысша аудармасы мен ұлы ғұламаның туған жеріндегі музейдегі мәліметтерге түсінбей қайран қалдым. Бүкіл әлем мойындаған ғалымның өміріне қатысты үш түрлі дерек шықты.

Рас Әнуар Әлімжанов ағамыз романды қорытындылай келе, *«...Ұстаздың өзі де, замандастары да оның өмірі жайлы еш дерек қалдырмапты»* деп ескертіп кетіпті.

Сонда романдағы орысшасында *«18 жасында...»*, қазақшасында *«...24 жасында әкесі қастандықпен өлтірілді...»* деген дерек жазушының қиялынан шыққан болып шығады.

Ұлы ғұлама туралы шындыққа неғұрлым жақын, көңілге неғұрлым қонымды ой айтқан, өз ағамыз өзбек ғалымдары болыпты. Мұзаффар Хайруллаев бастаған



өзбек ғалымдары, қазақ ғалымдарының салғырттығын пайдаланып, әл-Фарабиді өзбек қылып алмақ та болады. Тек Ақжан Машановтың бұлтартпас дәлелінен соң ғана ұлы ұстаздың қазақ жерінің тумасы екенін мойындауға мәжбүр болған.

Әл-Фарабиді өзбектер де, Иран да, «араб ғалымы» деп арабтар да иеленді. Тек белгілі ғалым-географ Ибн-Хаукалдың «Китаб Мусалик уа мамалик» атты еңбегіндегі деректен кейін ғана әл-Фарабидің Отырардың тумасы екендігі мойындалды. Дәлелдеген Ақжан Машанов.

Ибн Хаукал осы еңбегінде Түркістан аймағын сипаттап, картаға түсіреді. «Бұл жер атақты ғұлама дәрежесіне жеткен философ әл-Фарабидің туған жері» деп жазады. Ибн Хаукал әл-Фарабиден шамалы кіші болғанымен, әл-Фарабимен бір заманда өмір сүрген және бірге ғылыми еңбек жазған.

Өзбек ғалымдары жазған деректер шындыққа әлдеқайда жақын. М. Хайруллаев былай деп жазады: «Орта Азиядан кетпей тұрғанда әл-Фараби Шаш пен Самарқандқа соғып, біраз уақыт Бұхарада оқып, жұмыс істегені туралы әдебиетте деректер бар. Ол Бағдатқа барар жолда Иранның көптеген қалаларында: Исфахан, Хамадан, Рей (Тегеран), т.б. болады. Фараби саяхатқа шығып, Бағдатқа келген уақыты белгісіз. Кейбір дереккөздерде ол Бағдатқа халиф әл-Мұхтадирдің тұсында келгені туралы айтылады». Ал әл-Мұхтадирдің халифтік құрған уақыты 908 жылдан 932 жылға дейін. Өзбек ғалымдарының дерегі бойынша ұлы ұстаз Бағдатқа ең ерте дегенде 908-870=38 жасында, ал ең кеш дегенде 932-870=62 жасында келген болып шығады.

Ал 1988 жылы шыққан Қазақ совет энциклопедиясы мен 1998 жылы шыққан «Қазақстан» Ұлттық



энциклопедиясында (қазірше соңғы шығарылым) жазылғандарды түсіну мүмкін емес. Онда алдымен 12-16 жасында керуенге ілесіп, Бағдатқа кеткен дей келе, кейіннен тағы да өзбек ғалымы Хайруллаевтың пікірін жазып қойыпты. 12-16 жасында Бағдатқа кетіп қалған әл-Фарабидің қай уақытта Шаш, Самарқанд, Бұхара қалаларында оқып, жұмыс істеп жүргенін енді түсініп көріңіз.

Ал 1977 жылы шыққан Үлкен Совет энциклопедиясында: «Әл-Фараби ғылыми білімді Халеб (Алеппо) және Бағдат қалаларынан алды» деп бір-ақ кесіпті.

Бұның бәрі Совет Одағы идеологтарының «бұрын түріктердің жазу-сызуы болмаған. Мал соңынан көшіп жүріп, мал баққаннан басқа ештеңе білмеген, надан халық болған» деген «ұлы» орыстық шовинистік теориясымағына ыңғайланып жазылған бұрмалаулар болатын.

Енді осыдан кейін «қазіргі жастар кітап оқымайды, қазіргі жастар сауатсыз» деп кінәлаудың қаншалықты орынсыз екенін өзіңіз де түсіне берерсіз.

Оның үстіне қазіргі жазғышбектердің, бар әлемнің тарихы өз руынан басталғандай қылып, көпіртіп жазған еңбектерін қоссаңыз, қазіргі жастарға кітап оқып, миды ашыту қажет пе деген де ой туады.

Осы жерде 2013 жылы 5 маусымда Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында тарихты қайта зерделеу туралы Қазақстан тарихшыларына берілген тапсырма еліміздің болашағы үшін, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, отаншылдық рухта тәрбиелеу жолында жасалған нақты дұрыс қадам болды.



Түрлі измдермен уланып, бұрмаланған деректерге сыни көзбен қарап, електерден өткізіп, қазіргі ашылып жатқан жаңалықтармен толықтырып, ұлттық тарихты қайта жазып шығу туралы тапсырма егемендік алғаннан 22 жыл өткенде емес, бұдан 22 жыл бұрын қолға алынуға тиісті, егеменді мемлекетіміз үшін өте маңызды шара еді. Әлі де кеш емес.

Әсіресе рушылдыққа бой алдырып, лағып бара жатқан жазғышбектерге тыйым салып, мемлекет басшысы «Бүкіл қазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс» деп көрсеткендей елді біріктіретін ұлттық тарих жазу еліміз үшін өзекті мәселе.

XIX ғасырдағы Ресей діни қызметкері Клапрот қазақ жерін аралап көріп, былай деп жазыпты: «Мен қазақтың ұлы жүзін де араладым, орта жүзін де, кіші жүзін де араладым. Бір таңқаларлығы, олардың арасында ешқандай айырма, диалект, наречия деген атымен жоқ. Бәрі таза бір ғана тілде сөйлейді».

Қазақтар – Еуразияның ең байырғы автохтонды халықтарының бірі. «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді. Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті», – деп Елбасымыз атап көрсеткендей, қазақ халқының тарихы теңдесі жоқ Ұлы Тарих.

Бұған дейін біз пайдаланып жүрген тарих «қазақ халқы мал баққаннан басқаны білмеген надан халық» деген далбаса «ұлы» орыстық шовинизммен уланған



советтік идеологтардың ойдан шығарған өтірігі болатын. Шын мәнісінде исі түріктің қара шаңырағында орналасқан қазақ халқының орыстар түгілі, өздерін ақсүйекпіз деп жүрген еуропалықтардан да әлдеқайда бұрын өзінің төл жазу-сызуы, жоғары өркениеті болғаны, басқа халықтарға өркениетті үйреткен халық болғаны қазір дәлелденген шындық.

Сол түріктердің жоғары өркениетінің, ғылым-білімінің, қазіргі тарихта белгілі, әлем мойындаған дара тұлғасы – Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз.

Әрине, түріктер тарихында бізге жетпей еңбектері жойылып, аты-жөні ұмытылып, тарих тереңіне кеткен небір ұлы ғұламалардың өткені даусыз. Әбу Насыр әл-Фараби мен Арыстан баб әулиелер оқып, білім нәрінен сусындаған Отырардың теңдесі жоқ кітапханасы аспаннан түскен жоқ қой. Бұл қаншама ғалымдардың жүздеген жылдық еңбегінің жемісі екені даусыз. Біздің дәуіріміздің I ғасырының өзінде алыстағы Египет ғалымы Птоломей жазғандай әлемдегі ең үлкен кітапхананың бірі болған Отырар кітапханасы Әбу Насыр әл-Фараби мен Арыстан баб заманында, Шыңғысхан шапқыншылығына дейін қаншама ғалымдарды тәрбиелеп шығарып, қаншама ғалымдар тер төккен ғылым-білімнің үлкен ордасы болғаны сөзсіз.

Ең өкініштісі сол, мыңдаған жылдар бойғы түріктер өркениетінің, ғылым-білімінің алтын қоры сақталған осы қасиетті білім ордасы, надан Шыңғысханның қолымен жойылып, ондағы ғылым-білімнің қорларымен қоса, сол түрік ғылымына еңбек сіңірген небір данышпандардың аты да мәңгілікке жойылды.

Алыстағы араб-парсы елдерінде деректер сақталып қалуы арқасында ғана бізге белгілі болып отырған ұлы ұстаз қазіргі белгілі түрік ғылымы өкілдерінің ішіндегі



ең бетке ұстар туы іспетті ірі тұлға. Бірақ сондай әлем мойындаған ғалым туралы туған жеріндегі музей мен Қазақстан Ұлттық энциклопедиясындағы көрсетілген деректер егемендік алғанына 22 жыл болған Қазақстан мемлекетінің тарихшы ғалымдары үшін сын көтермейтін ұят іс.

Сондықтан да, қазіргі жинақталған мәліметтерді зерделей келе, ұлы тұлғаның өмірбаянын қалпына келтіруге тырыстық. Ол шамамен былай болып шығады:

Ғұламаның толық мұсылманша аты – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Түрки.

Ат-Түрки атауы ғұламаның тегі түрік екенін білдіреді. Ол заманда қазақ, өзбек, ноғай, татар деген ұлт аттары атымен болмаған. Бұл атаулар Шыңғыс ұрпақтарының таққа таласының нәтижесінде, бүтін бір халықты бөлшектеуден кейін пайда болған атаулар. Сондықтан ұлы ғұламаны ұлтқа, руға бөлмей-ақ бүкіл түріктің мақтанышы деген орынды болады.

Ал кіндік қаны тамған жері – Фараб қаласы.

Жалпы түріктер мекен еткен Орта Азия аймағында үш Фараб атауы тарихта сақталыпты. Оның біріншісі қазіргі Түрікменстан жерінде, Чарджоудың қарсы бетінде, Әмударияның қарама-қарсы жағалауында; екіншісі қазіргі Өзбекстан жерінде, Самарқандтың оңтүстік-шығысында орналасқан; ал үшіншісі Қазақстанда, Отырар шұратындағы Фараб қаласы.

М. Хайруллаев бастаған өзбек ғалымдары ұлы ұстазды өзбек етіп меншіктеп кетпек болғанда, оның қазақстандық Фарабтың тумасы екенін дәлелдеп шыққан, жатқан жерің жайлы болғыр Ақжан әл-Машани ағамыз болатын. Ол кісі күншілдердің түрлі аяқтан шалу, қастандық әрекеттеріне қарамастан әл-Фараби ғұла-



маны елге оралту, қазаққа таныту, әлемге мойындату жолында көп еңбек сіңірді.

Осы жерде айта кететін бір нәрсе, осы күнге дейін Әбу Насыр әл-Фараби деп біз көрсетіп жүрген суреттер мен мүсіндер өзбек ғалымдарының Әбу Насырды өзбек етіп меншіктеп алмақ болып, ертерек қамданып, алдын ала жариялап жіберген суреті болса керек. Ал нағыз ұлы ғұлама туралы замандастары мынандай дерек қалдырыпты: «Әл-Фарабидің бойы орташадан төмен, ылғи да түрік киімін киіп жүреді екен. Ол мықты, күшті және ержүрек болған. Жібені жақсы тартқан, атқан оғы нысанаға дәл тиетін деседі».

Кезінде Ақжан ағамыз ұлы ғұламаның замандастары салған суретін тауып, жариялағанда болатын. Ол суретте ғұлама дөңгелек жүзді, басына қазақы бөрік, үстіне қазақы шапан киіп, белін кемер белдікпен буынған нағыз қазақ дерсің. Бірақ бұған назар аударып, қателікті түзетпек болған ешкім де болмапты. Өзбек ғалымдары алдын ала жариялап жіберген, өзбекке ұқсас сурет сол күйі қалып қойыпты.

Сонымен ұлы ғұламаның кіндік қаны тамған жері Отырар шұратындағы Фараб қаласы. Қазір ол қаланың (Уасижд) орнында Оқсыз деп аталатын төбе бар.

Ғұламаның азан шақырып қойған аты – Мұхаммед. Әкесінің де аты Мұхаммед. Атасының аты – Тархан. Бабасының аты – Узлағ.

Ғұламаның да, әкесінің де аттары Мұхаммед болып келуіне қарағанда бұл әулет ислам дініне нағыз берілген әулет болса керек. Ғұламаның өз замандастары жазып қалдырған деректерге қарағанда, ол әскери өнерге өте мығым, атқан оғын нысанаға дәл тигізетін болған деседі. Бұл ұстаздың жастайынан ат құлағында ойнап, аң аулап, садақ атып, әскери өнерге бейімделіп өсетін нағыз түркілердің арасында өсіп, ер жеткенін көрсетсе керек.



Ғұлама алғашқыда қазы (сот) болып жұмыс істеген, кейіннен ғылымға қатты ден қойып, бұл жұмысты тастап кеткен дейді бір деректер. Ал қазы болып жұмыс істеу үшін өте жоғары білімді, тиісті қорытынды жасап, шешім шығару үшін алғыр да зерек болып, тиесілі заң ережелерін мүлтіксіз білуге тиіс. Осыған қарап ғалымның жас кезінен-ақ ерекше білімге алғырлығымен, ақылдылығымен көзге түскенін байқаймыз. Алғыр да дарынды жасты күніге дау-жанжалды тыңдап, өтірік пен шынды, ақ пен қараны ажырату үшін, күнде неше түрлі адамдарды тыңдап, шешім шығару мезі етсе керек, ақырында бұл жұмысты тастап, біржолата ғылымға ден қойыпты.

Дарынды жастың ғылымға деген құштарлығын ол кезде әлемде теңдесі жоқ Отырардың ұлы кітапханасы аша түскен сияқты. Осыдан бастап ұлы ғұламаның табылатын орны Отырар кітапханасы болса, араласатын, пікірлесетін ортасы осы кітапханада бас қосатын ғұлама-данышпандар болса керек. Осы ғалымдардың арасында жас Мұхаммедке ғылым-білімді үйреткен көптеген ұстаздардың да болғаны даусыз. Олардың арасында тіптен ұлы ғұламадан да жоғары, терең білімді ғалымдардың болуы да мүмкін. Бірақ олардың еңбектері де, аттары да Шыңғыс шапқыншылығы кезінде мәңгілікке жойылған. Енді оларды біз ешуақытта біле алмайтынымыз өкінішті.

Ол заманда Отырар-Фараб қаласының ғылымының өте жоғары деңгейде болғанын Бағдат халифтерінің сенімді уәзірлері осы Фарабтан болғаны дәлелдеп тұрса керек. Халифке ақыл қосатын уәзірлердің терең білімді адамдардан таңдалатыны даусыз. Бір өкініштісі осы уәзірлердің де аты-жөндері сақталмапты.

Ұлы ғұлама Отырарда жүріп-ақ өзінің терең білімімен атағы кеңге жайылса керек. Олай дейтін себебіміз,



Түркістанның Саманидтік билеушісі Мансур ибн Нух ғұламадан кітап жазуын өтініпті. Сол өтініш бойынша Ғұлама «өт-Тағлим ас-Сани» (Екінші ілім) деп атаған еңбегін жазып шығыпты. Бұл кітап бүгінгі күнге жетпеген дейді ғалымдар. Бірақ кезінде көптеген ғалымдар бұл еңбекті оқып, көп білім алғанын, бұл еңбектің өте құнды, ғылымға қосқан үлесі өте зор болғанын айтады. Өзін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкіртімін деген, кейін бүкіл әлем мойындап, медицинаның атасы атанған Әбу Әли ибн-Сина (Авиценна) осы «өт-Тағлим ас-Сани» еңбегін Иранның Исфаһан қаласындағы «Сиуан ал-Хикма» атты кітапханадағы көшірмесінен оқыған екен. Фарабитанушы Әнел Әзімхан деген ғалым «Ибн Синаның «Арылу кітабы» (Книга исцеления) әл-Фарабидің осы «Екінші ілім» деген энциклопедиялық еңбегінің қысқартылып, өңделген нұсқасы болып табылады» дейді. Ибн-Сина ұлы ұстазды «Шейх Фараби» деп атаса, кейінгі кездегі Шығыс ғалымдары оларды бөліп-жармай «Қос Фараби» деп атапты.

Ұлы ғұламаның «екінші ұстаз» атануы осы еңбегіне байланысты берілген атау дейді замандастары. Әл-Фараби дүниеге келерден бір ғасырдан астам бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылман баласы ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Әбу Насыр әл-Фарабидің де араб тілді ғалымдар санатына қосылуы осы кезден бастау алады. Қасиетті Құран Кәрім тек діни қағидалар жинағы ғана емес, сонымен қатар талай ілімнің құпия кілтін бойына бүккен ғаламдық кітап болғандықтан, Әбу Насыр әл-Фараби бүкіл ислам ғалымдарына парыз болған – иджтихат (ойлау қабілетінің шыңына жету үшін беріле еңбек ету) және муджтахит (иджтихатпен



шұғылданған адамдардың өз жаңалықтарын Құран Кәрім мен Хадис Шариф-парыз-сүннет амалдарына негіздеп отыруы) жолына түскен. Әл-Фараби мен Ибн-Сина нағыз шынайы дінді философия деп санаған және философияны діннің жүрегі деп есептеген. Ибн-Сина философия мен оның әдістемесін діни қағидаларды талдау мен түсіндіруге пайдаланған және философия сопылық ілімнің негізі болып табылады деп есептеген. Әл-Фараби Құрандағы болмыс, Алланың заты, сипаты, саналар әлемі, мемлекеттік жүйе, кемел адам мен кемел қоғамның мәнін рухани арылуға және рухтың дамуына негіздейді. Ибн-Сина да Құрандағы рухани хал-ахуалды сөз еткен.

Ұлы ғұламаның екінші ұстаз атануы осы еңбегіне байлаңысты және бұл атау ғалымға Орта Азиядан кетпей тұрғанда берілгенін ескерсек, қазіргі ғалымдардың әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атап жүргені, еуроцентристердің қалайда түркі текті мұсылман ғалымының алдындағы бірінші орынға еуропалықты тықпалап жүрген жалғандық сияқты. Бұл кезде әл-Фараби әлі грек ғылымымен түпкілікті айналыса қоймаған болатын.

Ал шын мәнісінде бұл еңбектің «Екінші ілім» аталуы ислам дінінің қасиетті кітабы Құран Кәрімнен кейінгі «екінші кітап» деп берілген атау сияқты.

Құранда дүниенің жаратылуы, Алла мен адамдардың байланысы, пайғамбарлар өмірінен ғибраттар, адалдық, әділдік, иман мен қанағат, рухани байлық туралы түсіндірсе, әл-Фараби бұл еңбегінде кемел адам мен кемел қоғамның мәнін рухани арылуға және рухтың дамуына негіздей отырып түсіндірген сияқты. Алла көрсеткен тура жол-ислам дінін адамдарға жеткізіп, үйретуші «бірінші ұстаз» Мұхаммед пайғамбар десек,



Құран Кәрімнің қағидаларына сай адамдарды жаны мен тәнін қоса рухани арылуға, кемелденуге үйрететін ілім деп осы әл-Фарабидің «Екінші ілім» атты кітабын мойындаған сияқты.

Ортағасырлық фарабитанушылар Отырардан шыққан ұлы философты: «**Әл-Фараби – нағыз мұсылман философы.** Ол бұл пән бойынша күллі мұсылман философтарын қуып жетті. ...Ол Алла тағаланың рахымы түсіп, кемеліне келген философ, мейірімді имам, мұсылман құқығының нағыз білгірі ретінде танылады. **Әл-Фараби – ислам дінінің ғұламасы, данышпаны,**» – деп құрметтейді.

Көріп отырғанымыздай ортағасырлық фарабитанушылар грек ғалымы Аристотель туралы сөз айтпайды.

Сондықтан да ұлы ғалымды мұсылман ойшылдары Мұхаммед пайғамбардан кейінгі «екінші ұстаз» деп атаған деп ойлаймын.

Ұлы ғұламаның пайғамбармен атының да сәйкес келуі, бірінші Мұхаммед-пайғамбар, екінші Мұхаммед-ұстаз атануына себеп болған сияқты.

Осы жерде айта кететін бір мысал: Отырардан шыққан тағы бір ғұлама, Қожа Ахмет Иассаuidің ұстазы Арыстан бабты араб, парсы деп шатастырып жүр. Бұл да кезінде орыс идеологтарының «қазақтарда бұрын жазу-сызу болмаған, надан халық болған» деген жалған теориясының біздің қанымызға әбден сіңіп кеткенінің әсері болса керек.

- Арыстан бабтың Мұхаммед пайғамбардың сахабасы болуы мүмкін емес, себебі арада 400 жыл жатыр.

- Пайғамбардың аманатын жеткізу деген, қолдан қолға зат жеткізу емес, пайғамбардың ілімін жеткізу деген мағынада айтылған.

- Мұхаммед пайғамбардың жанында 33 діннің негіздерін білетіндей өте жоғары білімді адамның болға-



ны туралы дерек кездеспейді. Мұндай жоғары білімді адам қаншама ғасырлар бойы Шығыс пен Батыстың күре тамырында орналасып, әлемнің түрлі елдерінің ілім-білімін жинақтаған Отырар кітапханасының білім нәрінен сусындаған адам ғана болуы мүмкін.

• Қожа Ахмет Иассаuidің өз еңбектерін таза түрік тілінде жазғанынан, оның ұстазы Арыстан баб та түрік тілінде тәрбиелеген деп есептейміз.

• Арыстан деген атаудың өзі – таза түрік сөзі.

• Арыстан бабтың жанында жерленген Қарға баб, Лашын баб атаулары да бұлардың таза түріктік атаулар екенін білдіріп тұр.

Сондықтан да Арыстан баб та ешқандай да арабтан немесе парсыдан келген сахаба емес, таза түріктік ғұлама сопысы деп есептеймін.

Ұлы ғұламаның исламдық дәстүрге сай Әбу Насыр атануынан оның Отырарда жүргенде үйленіп, жанұялы болғанын, оның бір баласының аты Насыр болғанын білеміз. Ғұламаның Насырдан да басқа ұл-қыздары болуы мүмкін. Бірақ олар туралы дерек бізге жетпеген.

Ұлы ғұламаны замандастары 70 тіл білген дейді. Бұл жерде 70 деген нақты санды емес, ол кездің әсірелеу үрдісіне сай өте көп тілді білген деген мағынаны білдірсе керек.

Отырарға әлемнің түкпір-түкпірінен жиналатын саудагерлер мен дін уағызшылары, кезбе саяхатшы ғалымдармен пікір таластырып өскен, Отырар кітапханасында жинақталған әлем ғылым-білімінің інжу-маржандарын оқып білім нәрінен сусындаған ғалымның өте көп тіл білгені араб ғалымдарын таң қалдырыпты.

Әл-Фараби бала кезінен-ақ музыкалық аспапта ойнап, өлең айта білген. Бағдатқа алғаш келгенде ұлы ғұлама өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытады. Әсі-



ресе ол өзінің музыка саласында асқан шебер, талант екенін көрсетеді. Оның музыкалық дарыны туралы араб елдерінде түрлі аңыздар таралған. Әсіресе, оның Бағдатқа барар жолда Орта Азияның Соғд қаласынан ала барған «Шаһруд» деп аталатын музыкалық аспабымен орындаған өндері мен күйлері арабтарды тәнті етеді.

М. Хайруллаев айтқандай ғұлама өзі туып-өскен өлкеден шығып Бағдатқа келгенге дейінгі жолда Мәуераннахрдың, Месопотамияның көптеген қалаларында болған сияқты. Мысалы: ұлы ғұлама «музыка өнеріне кіріспе» атты кітабында «Шаһруд» аспабы туралы былай дейді: *«Ол біздің заманымызда жасалып, бұрын танымал болмаған. Мұны бірінші болып тауып жасаған самарқандтық Сағди Хулайс ибн Ауас есімді адам болған. Ол бұл аспапты хижра жылымен 306 жылы (918-919 жж.) тау бөктеріндегі әл-Мах елінде жасаған. Кейін ол оны Соғд қаласына алып келеді»*. Осы Соғд қаласында ғұлама Хулайс ибн Ауаспен жолығып, бұл аспапты өзімен бірге араб еліне ала келеді.

Сол сияқты, Әбу Әли ибн-Сина Исфаһан қаласында ұлы ғұламаның өз қолымен жазылған бірнеше шығармалары мен каллиграфтар көшірген көптеген туындыларын тауып оқығанын жазады. Ол «Екінші ілім» еңбегін де осында оқып, үйренген.

Жалпы ұлы ғұлама өз еңбектерін жазған жерлерінде шәкірттеріне тастап кете беретінін, өзімен бірге алып жүрмегенін замандастары айтады. Соған қарағанда ұстаз Иранның Исфаһан қаласында да біраз болып, тұрақтап еңбектер жазған сияқты.

М. Хайруллаев әл-Фарабиді Бағдат қаласына халиф әл-Мұхтадирдің кезінде (908-932 жж.) келген дейді.

Әбу Насырдың өзі жазған «Музыка өнеріне кіріспе» атты кітабындағы дерек бойынша хижраша 306 жылы



(918-919 жж.) жасалған «Шаһруд» аспабын өзімен бірге ала келгенін ескерсек, Бағдатқа жобамен 919 жылдан кейін келген болып шығады.

Бағдат халифы әл-Мұхтадир ұлы ұстазды қатты қадірлеп «Досым» деп атапты. Жарты әлемнің билігін уысында ұстаған билеуші жалғыз басты ғұламаны өзімен теңестіріп «досым» дегенде, басқа қарапайым араб халқы оның музыкалық өнері мен теңдесі жоқ біліміне қайран қалып, Ұлы Ғұлама туралы небір таңғажайып аңыз таратқан.

Бір аңыздар бойынша ұстаз 70 тіл білген десе, енді бір аңызда ғұлама өз тыңдаушыларын музыкамен елітіп ұйықтатып, кетіп қалған дейді.

Енді бір аңыз бойынша ғұламаның өзіне-өзі сенімді болғаны сонша Алеппоға келген кезде, Сирия билеушісі Сайф ад-Дауланың өзін тақтан ығыстырып, тағына отырған екен. Бұған ашуланып жазаламақ болған билеушіге ғұлама өз білімін мойындатып, сарайдағы ғалымдардың бәрін жеңіп шығыпты. Содан бастап Сирия билеушісі Саиф ад-Дауланың Фарабиге құрметі ерекше болған. Ол ғалым үшін сарайда барлық жағдайды жасауға әзір болған. Бірақ ғұлама патша сарайынан өзінің еркіндігін артық санаған сияқты, бұл ұсыныстан бас тартыпты. Сайф ад-Дауланың өтініші бойынша ғұлама «Музыканың үлкен кітабын» жазып шығыпты.

Ұлы Ғұламаның араб елдеріне келгеннен кейінгі өмірі туралы жеткілікті жазылғандықтан біз оларды қайталамай-ақ қойғанды жөн көрдік.

Екінші ұстаз атанған ғұлама осы Сирия жерінде, Шаш (қазіргі Дамаск) шаһарында қайтыс болады. Жазназасына қасына он бес нөкерін ерткен Сирия билеушісі Саиф ад-Дауланың өзі қатысып, ғұлама ғалымды өз қолымен Баб ас-Сағир зиратына жерлейді. Мысырды



билеген Бейбарыс бабамыз өзінің әлемге әйгілі ғұлама бабасы, жерлесі, бауыры Әбу Насыр әл-Фарабидің зираты жанына кесене-мешіт, кітапхана салдырып, өз өсиеті бойынша осында жерленген екен.

Тағы да бір айтпай кетуге болмайтын дерек: Қазір ұлы ғұлама 870 жылы дүниеге келіп, 80 жас жасап, 950 жылы қайтыс болған деп жазылып жүр. Ал бірақ, ұлы бабаның зиратында болып қайтқан кісілер ғұламаның құлпытасында:

«Фатиха

**Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын,
Бұл зират мұсылман ғалымы және философы әрі әдебиетшісі, музыканты.**

**Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ
Мәшһүр (танылған есімі) Әбу Насыр әл-Фарабидікі
Хижраның 260 жылы Фарабта туды және
Хижраның 329 жылы Дамаскіде опат болды», – деп жазылған дейді.**

Мұндағы хижраша 260 жыл григориянша күнтізбемен 874 жыл, ал 329 жыл 941 жыл болып шығады. Демек ғұлама құлпытасындағы жазу бойынша 67 жасында қайтыс болған болып шығады.

Ғұламаның құлпытасындағы туған жылы туралы дерек қате болуы мүмкін десек те, қайтыс болған жылы туралы дерек қате болуы мүмкін емес. Сонда ғұлама 80 жас жасап 950 жылы қайтыс болған деген дерек тағы да қате болып шығады.

Ұлы ғұламаның тосын өлімі туралы «ғұлама жол торыған қарақшылардың қолынан, тосыннан, қайтыс болды» деген де дерек бар. Әсілі, осы дерек дұрыс сияқты. Себебі, Ұлы Ғұламаның қартайып не қатты ауырғаны туралы ешқандай дерек жоқ. «Алыстасың туған жер» деп сағынышты жыр жазған ұстаз қимайтындай не



жанұясы жоқ, не жақын ағайын туғаны жоқ жат жер, жат елде қалып қоюды ойламаған сияқты. Ешкімге тәуелді емес, өз билігі өзінде, жүрген жерінде беделді бола тұра жат жерде қалып қою тосын оқиганың кесірі сияқты.

Сөз соңында айтарым: 2006 жылы наурыз айында сол кездегі еліміздің бас муфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі бастаған делегация қасиетті Отырар жерінен бір уыс топырақ алып, Дамаскіге барып қайтты. Құрамында республикаға белгілі ғалым, жазушы, телевидение және музей өкілдері болған бұл делегацияны Сирия елінің өкілдері құрметпен қарсы алғаны, кезінде телевидениеден, газеттерден жарыса беріліп жатты.

Әбу Насыр әл-Фараби мен Сұлтан Бейбарыс бабаларымыздың қабірлеріне туған жерінен жеткізілген топырақ салынып, ол жақтан бір-бір уыс топырақ әкелініп, Арыстан баб кесенесінің жанына арулап қойылған болатын. Сол кезде осы қасиетті бабалардың рухы сіңген топырақтар қойылған жерге кесене орнатамыз деп уәде берілген болатын.

Содан бері 7 жыл өтсе де, сол аруақтарға берілген уәде әлі орындалған жоқ. Қазір ұмытылған сияқты. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дегенді естен шығармаған жөн-ау.

16.08.2013 жыл

МАЗМҰНЫ

Ізденіс түбі – ізгілік. Қ. Салғараұлы	3
Автордан	9

Бірінші бөлім

Атланттар туралы аңыз бен ақиқат

Бірінші тарау	
Атланттар туралы аңыз бен ақиқат	27
Аңыздардан шығатын қорытынды	38
Қазіргі заман ғылымының деректері	44
Атланттардың ұрпақтары	55
Жерорта теңізі жағалауындағы елдер	59
Жерорта теңізі аумағындағы елдердің тегі мен тілі	85
Аңызға негіздеме	88
Атланттардың Жерорта теңізі аумағына келуі	90
Көне Таргесс туралы деректер	94
Шежіреге сөз берсек	95
Атланттардың ұрпақтарының өркениетінің құлдырауы	98

Екінші тарау

Атланттар тақырыбына қосымша	111
Генетик ғалымдардың деректері	113
Археолог ғалымдардың деректері	118
Пирамидалардың таралуы	126
Офтальмологтардың зерттеуі	129

Үшінші тарау

Пирамидаларды салған кім?	134
Жұмбақ құрылысшылар	137
Ерте дүние құрылысшыларының құпиясы	148
Қазақстан Республикасының	150
Мемлекеттік хатшысы М. Төжинге хат	151
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:	157

Екінші бөлім

Баспасөзде жарияланған мақалалар

Ұлы Дала тарихы	161
Ұлы қоныс аударулар	168
Ұлы Далаға қарсы жасалған жорықтар	193
Ескендір мен Шу батыр	204
Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірбаянына қатысты күмөнді деректер	214
Әбу Насыр әл-Фарабидің шынайы өмірбаяны	230

Осы еңбекті дайындау барысында ақыл-кеңес беріп, қажетті деректерді табуға көмектескен, рухани қолдау көрсеткен ғалым ағалар:

Белгілі ғалым-жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және «Күлтегін» сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Қойшығара Салғараұлына;**

Белгілі қоғам қайраткері, дипломат, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жоғары мектеп ғылымы академиясының академигі **Ахметов Әділ Құрманжанұлына;**

Кітапты шығару туралы бастама көтеріп, рухани өрі қаржылық демеушілік көрсеткен, қолы ашық, жаны жомарт азамат, техника ғылымдарының докторы **Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына;**

Осы кітапты дайындау барысында көп кеңес берген, кеңпейіл азамат «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ-ның вице-президенті **Еркін Қыдыр Сағындықұлына** шексіз алғысымды білдіремін.

Автор

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ

АТЛАНТТАР

туралы аңыз бен ақиқат

Редакторы Заңғар Кәрімхан

Техникалық редакторы Эльмира Заманбек

Корректоры Шолпан Оразбаева

Дизайнері Жеңіс Қазанқапов

Компьютерде беттеген Ұлжан Бердібекова

Басуға 17.03.2014 қол қойылған.

Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 15,5 Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №58

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қ., Ш. Айманов көшесі, 13